



С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің ғылыми журналы
Научный журнал Павлодарского государственного
университета имени С. Торайғырова

1997 ж. құрылған
Основан в 1997 г.



Ї Ì Ó
ÕÀÁÀÐØ ÛÑÛ
ÂÃÑÒÍ ÈÊ Ì ÃÓ

ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

3 2014

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации
№ 14210-Ж

выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан
4 марта 2014 года

Сарбалаев Ж. Т., к.ф.н., профессор (главный редактор)
Шаймарданова С. К., к.ф.н., доцент (зам. гл. редактора)
Демесинова Г. Х., к.ф.н., доцент (отв. секретарь)

Редакционная коллегия:

Брицын В. М., д.ф.н., профессор (Украина);
Дементьев В. В., д.ф.н., профессор (Россия);
Еспенбетов А. С., д.ф.н., профессор;
Жусип К. П., д.ф.н., профессор;
Жусупов Н. К., д.ф.н., профессор;
Казиминова И. А., ст. науч. сотр. Института украинского языка
НАН, Украина;
Маслова В. А., д.ф.н., профессор (Белоруссия);
Пименова М. В., д.ф.н., профессор (Россия);
Ыскак Д., д.ф.н., профессор;
Хасанулы Б., д.ф.н., профессор;
Нургожина Б. В. (тех. редактор).

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.
Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.
Рукописи и дискеты не возвращаются.
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна.

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----|
| Абдуллаева Қ. М. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы адамтану мәселелері | 12 |
| Әбікенова Г. Т. Көркем мәтін түзуші фоносемантикалық факторлар | 20 |
| Әбішева К. М., Князова К. Адамның жас мөлшерін сипаттаудағы соматикалық кодтық рөлі | 24 |
| Әміренов Ә. Д. Қадырғали Жалайырдың «Жәмиғат тауарихындағы» «Чишбек» антропонимі: тілдік-тарихи қолданыс | 30 |
| Баратова М. Н., Мукушева Қ. Сұлтанмахмұт Торайғыров шеберлігі | 37 |
| Баратова М. Н., Жүсіпов Н. Қ. С.Торайғыров өлеңдеріндегі «күн», «нұр», «таң», «жарық» ұғымдарының ерекшелігі | 44 |
| Демесинова Г. Х. Ф. Гюттингердің теориялық концепциясы | 48 |
| Емельянов Е. В. Аудармашыларды дайындаудағы түпнұсқа мәтіннің лингвомәдени ерекшеліктері | 53 |
| Енсебаев М. Е. Қызықсыз кино – Голливудтың жаңа идеологиясы | 60 |
| Ергалиев Қ. С., Асанбаева Е. Б. Публицистикалық тақырыпаттарға қойылатын талаптар | 69 |
| Жақупова Ш. С. Француз тілінен енген сөздердің ассимиляциясы | 80 |
| Жұмағазина Р. Қ. БАҚ тілі және қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар | 86 |
| Жұмағұлов С. Б., Ағалиева Н. Б. Шәңгерей Бөкеев | 93 |
| Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н. Мәшһүр Жүсіп – қазақ фольклорының жинаушысы | 101 |
| Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н. Шәкәрімнің тұспал өлеңдері | 106 |
| Зейнулина А. Ф. Асқар Сүлейменов шығармашылығындағы адамтанудың көркемдік иірімдері | 111 |
| Зейнулина А. Ф. Телен Әбдіков шығармашылығындағы психологизм | 118 |
| Зейнулина А. Ф., Ибраева Ә. Т. Қабдеш Жұмаділов шығармашылығындағы суреткерлік таным | 126 |

| | |
|---|-----|
| Ибраева А. Б. | |
| Қазақ және поляк халықтарының тілдік мәдени тұрғысынан әрекеттестігіндегі түркі тілдерінің ролі | 134 |
| Қадыров Ж. Т., Таласпаева Ж. С. | |
| Поэтикалық мәтіндегі «өмір» концептісінің танымдық табиғаты | 144 |
| Қуразова К. И., Әбішева К. М. | |
| Түр-түсті білдіретін сөздердің символикалық мәні | 150 |
| Мажит З., Сарсембаева А. Б. | |
| Қазақстандық аударматану және аударматану мамандарын даярлау мәселелеріне қатысты | 156 |
| Мерғалиев Д. М. | |
| Музыкалық халық аспаптары мен қазақтың фольклорлық - мифологиялық мұрасы | 163 |
| Рақымжанов Қ. Х., Ақошева М. Қ. | |
| Тілдік тұлғалар-мәдени билингвизм иеленушілерінің аударма ісіндегі фразеологиялық калькілеу | 167 |
| Рахымов Б. С. | |
| Қазақ фольклорындағы Баянауыл туралы аңыз бен ақиқат | 174 |
| Сафарғалиева А. Ы. | |
| Орыс тіліндегі мағыналас атрибутивтік конструкциялардың грамматикасы жайлы | 180 |
| Сарбалаев Ж. Т. | |
| Қазақ тіліндегі конверсия мен адъективация мәселесі | 184 |
| Сарбалаев Ж. Т. | |
| Сынданған зат есімдер туралы | 191 |
| Сизов Д. В., Жакупова Ш. С., Бурмистрова В. А. | |
| Ағылшын тіліндегі әлем көрінісінде «жан» концептісінің құрылымын зерттеу | 203 |
| Тлеубердина Г. Т., Батырғалиева Г. Т. | |
| Қазақ және орыс тағам атауларының тілдік сипаты | 211 |
| Тоқсамбаева А. О. | |
| Түркі фольклоры және Мәшһүр Жүсіп | 216 |
| Шахметова Н. А., Нукенов К. К. | |
| Қазақ және орыс тілдеріндегі «Жылқы» / «Лошадь» лексико-семантикалық құрылымы | 222 |
| Шахметова Н. А., Шамшиден Н. А. | |
| Жалқы зат есімдер мәдени мәтін ретінде | 228 |
| Шахметова Н. А., Шинагулова Д. Н. | |
| Қазақ дүниетанымындағы «тау» концептісі | 233 |
| Шоманова Г. К. | |
| Дуаналық және постмодернистік демифологизациясы / Вен. Ерофеевтың Ленинианасындағы деконструкциясы: оксюморон, лебіз, түсінік мәдениеттік субмәтіннің құрамының бөлігі сияқты | 240 |
| Рахымов Б. С. | |
| Кеңістіктің тарихи жырлардағы көркем берілісі | 250 |

| | |
|--|-----|
| Сүйінова Г. С. | |
| Этникааралық қарым-қатынастағы деструкциялы көріністер | 263 |
| Қадырова Б. М., Кәріпжанова Г. Т., Кәріпжанова А. О. | |
| М. Әуезовтің «Абай Жолы» роман-эпопеясындағы ұлттық кинемалар сипаты | 270 |
| Қадырова Б. М., Кәріпжанова А. О., Кәріпжанова Г. Т. | |
| Тұрысбек Сәукетаевтың «Ай қараңғысы» романы: тарихи шындық пен көркемдік шешім | 277 |
| Біздің авторлар | 284 |
| Авторлар үшін ереже | 289 |

СОДЕРЖАНИЕ

| | |
|--|-----|
| Абдуллаева К. М. Проблемы человековедения в произведениях Машхура Жусупа Копейулы | 12 |
| Абикенова Г. Т. Фоносемантические факторы художественного образующего текста | 20 |
| Абишева К. М., Князова К. Роль соматического кода в представлении понятия «возраст человека» .. | 24 |
| Амренов А. Д. Антропоним «Чишбек» в сочинениях Кадыргали Жалаири «Жамигат тауарих»: лингвистико-историческое применение | 30 |
| Баратова М. Н., Мукушева К. Мастерство Султанмахмута Торайгырова | 37 |
| Баратова М. Н., Жусупов Н. К. Особенности понятий «солнце», «луч», «рассвет», «свет» в стихотворениях С. Торайгырова | 44 |
| Демесинова Г. Х. Теоретическая концепция Ф. Гюттингера | 48 |
| Емельянова Е. В. Учет лингвокультурологических особенностей аутентичного текста в процессе подготовки переводчиков | 53 |
| Енсебаев М. Е. Скучное кино – новая идеология Голливуда | 60 |
| Ергалиев К. С., Асанбаева Е. Б. Требования к публицистическому заголовку | 69 |
| Жакупова Ш. С., Сизов Д. В. Ассимиляция французских заимствований | 80 |
| Жумагазина Р. К. Общественно-социальные условия в языке СМИ | 86 |
| Жумагулов С. Б., Агалиева Н. Б. Шангерей Букеев | 93 |
| Жусупов Н. К., Баратова М. Н. Машхур Жусип – собиратель казахского фольклора | 101 |
| Жусупов Н. К., Баратова М. Н. Иносказательное стихотворение Шакарима | 106 |
| Зейнулина А. Ф. Художественные особенности познания внутреннего мира человека в творчестве Аскара Сулейменова | 111 |
| Зейнулина А. Ф. Психологизм в творчестве Толена Абдикова | 118 |
| Зейнулина А. Ф., Ибраева А. Т. Художественное познание в творчестве Кабдеша Жумадилова | 126 |

| | |
|---|-----|
| Ибраева А. Б. Роль тюркизмов во взаимодействии лингвокультур казахского и польского народов | 134 |
| Кадыров Ж. Т., Таласпаева Ж. С. Природа познания концепта «Жизнь» в поэтическом тексте | 144 |
| Куразова К. И., Абишева К. М. Символическое значение слов, выражающих значение цвета | 150 |
| Мажит З., Сарсембаева А. Б. О проблемах казахстанского переводоведения и подготовки специалистов по переводческому делу | 156 |
| Мергалиев Д. М. Казахское фольклорно-мифологическое наследие и народные музыкальные инструменты | 163 |
| Рахимжанов К. Х., Акишева М. К. Фразеологическое калькирование в переводческой деятельности языковых личностей – носителей культурного билингвизма | 167 |
| Рахимов Б. С. Легенда и реальность о Баянауле в казахском фольклоре | 174 |
| Сафаргалиева А. Ы. О грамматике синонимичных атрибутивных конструкций в русском языке | 180 |
| Сарбалаев Ж. Т. К вопросу конверсии и адъективации в казахском языке | 184 |
| Сарбалаев Ж. Т. Адъективация имен существительных в казахском языке | 191 |
| Сизов Д. В., Жакупова Ш. С., Бурмистрова В. А. Изучение структуры концепта «душа» в английской языковой картине мира | 203 |
| Тлеубердина Г. Т., Батыргалиева Г. Т. Языковое описание казахских и русских наименований блюд | 211 |
| Токсамбаева А. О. Машхур Жусуп Копеев и тюркский фольклор | 216 |
| Шахметова Н. А., Нукенов К. К. Лексико-семантическое поле «Жылқы» / «Лошадь» в казахском и русском языках | 222 |
| Шахметова Н. А., Шамшиден Н. А. Культурная память имен собственных | 228 |
| Шахметова Н. А., Шинагулова Д. Н. Концепт «Тау» в казахской ментальности | 233 |
| Шоманова Г. К. Юродство и постмодернистская демифологизация/деконструкция в Лениниане Вен. Ерофеева: оксюморон, намёк, оговорка как составные культурного субтекста | 240 |
| Рахимов Б. С. Художественное отражение пространственности в исторических поэмах | 250 |

| | |
|--|-----|
| Суюнова Г. С. | |
| Деструктивные явления в межатнической коммуникации | 263 |
| Кадырова Б. М., Карипжанова Г. Т., Карипжанова А. О. | |
| Национальные свойства кинем в романе-эпопее | |
| М. Ауэзова «Путь Абая» | 270 |
| Кадырова Б. М., Карипжанова А. О., Карипжанова Г. Т. | |
| Роман Турысбека Саукетаева «Лунная тьма»: историческая правда и художественное решение | 277 |
| | |
| Наши авторы | 284 |
| Правила для авторов | 289 |

CONTENT

| | |
|--|-----|
| Abdullayeva K. M. | |
| The problems of human being in Mashkhur Zhusup Kopeyuly's writings | 12 |
| Abikenova G. T. | |
| Phonosemantic factors of the art forming text | 20 |
| Abisheva K. M., Knyazova K. | |
| Role of a somatic code in representation of the concept «age of the person» | 24 |
| Amrenov A. D. | |
| Anthroponym «Chishbek» in Kadyrgali Zhalairi's compositions «Zhamigat Tauarikh»: linguistic-historical application | 30 |
| Baratova M. N., Mukusheva K. | |
| The skill of Sultanmakmut Toraigrov | 37 |
| Baratova M. N., Zhusupov N. K. | |
| Features of the concept of «sun», «beam», «dawn», «light» in the poems of S. Toraigrov | 44 |
| Demessinova G. | |
| The theoretical conception of F. Güttinger | 48 |
| Jemeljanova Je. V. | |
| Viewing linguo-cultural features of authentic text in the process of interpreters' training | 53 |
| Yensebayev M. E. | |
| Boring movie – new ideology of Hollywood | 60 |
| Yergaliyev K. S., Asanbayeva Y. B. | |
| The requirements for journalistic headlines | 69 |
| Zhakupova S. S., Sizov D. V. | |
| Assimilation of French borrowings | 80 |
| Zhumagazina R. K. | |
| Public-social conditions in the mass media language | 86 |
| Zumagulov S. B., Agaliyeva N. B. | |
| Shangerei Bokei | 93 |
| Zhusupov N. K., Baratova M. N. | |
| Mashkhur-Zhusip – the collector of Kazakh folklore | 101 |
| Zhusupov N. K., Baratova M. N. | |
| Allegorical poems of Shakarim | 106 |
| Zeinulina A. F. | |
| Artistic features in the cognition of the inner world of man in the works of Askar Suleimenov | 111 |
| Zeinulina A. F. | |
| Psychology in the works of Tolain Abdikov | 118 |
| Zeinulina A. F., Ibrayeva A. T. | |
| Artistic cognition in the works of Kabdesh Zhumadilov | 126 |

| | |
|--|-----|
| Ibrayeva A. B. The role of turkisms in a linguo-cultural interaction of the Kazakh and Polish people | 134 |
| Kadirov Zh. T., Talaspayeva Zh. S. The nature of cognition of the concept of «Life» in the poetic text | 144 |
| Kurazova K. I., Abisheva K. M. The symbolical word meaning, expressing value of color | 150 |
| Mazhit Z., Sarsembayeva A. Of the issues concerning Kazakhstan translation study and translation specialists training | 156 |
| Mergaliev D. M. Kazakh folklore and mythological heritage and national musical instruments | 163 |
| Rakhimzhanov K. H., Akosheva M. K. Phraseological tracing in translation activity of language persons – carriers of a cultural bilingualism | 167 |
| Rakhimov B. S. Legend and reality of Bayanaul in Kazakh folklore | 174 |
| Safargaliev A. Y. About grammar of synonymic attributive constructions in Russian language | 180 |
| Sarbalayev Zh. T. On conversion and adjectivization in the Kazakh language | 184 |
| Sarbalayev Zh. T. Adjectivization of nouns in the Kazakh language | 191 |
| Sizov D. V., Zhakupova Sh. S., Burmistrova V. A. The study of concept «soul» structure in the English language picture of the world | 203 |
| Tleuberdina G. T., Batirgalieva G. T. Language description of the Kazakh and Russian names of dishes | 211 |
| Toksambayeva A. O. Mashhur Zhusup Kopeev and Turkic folklore | 216 |
| Shakhmetova N. A., Nukenov K. K. The lexical-semantic field «Жылқы» / «Лошадь» in Kazakh and Russian languages | 222 |
| Shakhmetova N. A., Shamshiden N. A. Propernames' cultural memory | 228 |
| Shakhmetova N. A., Shinagulova D. N. Concept of «Tay» in Kazakh mentality | 233 |
| Shomanova G. K. Craziness and postmodernistic demythologization/deconstruction in Venedict Yerofeyev's Leniniana: oximoron, hint, slip of the tongue as components of cultural subtext | 240 |
| Rakhimov B. S. Artistic reflection of spaciousness in the historical poems | 250 |
| Suyunova G. S. Destructive phenomena in interethnic communication | 263 |

| | |
|--|-----|
| Kadyrova B. M., Karipzhanova G. T., Karipzhanova A. O. National properties of kinemas in the novel-epopee by M. Auezov «The path of Abai» | 270 |
| Kadyrova B. M., Karipzhanova A. O., Karipzhanova G. T. Novel by Turysbek Sauketaev «Moonlit darkness»: historical truth and artistic solution | 277 |
| Our authors..... | 284 |
| Rules for authors | 289 |

Қ. М. Абдуллаева

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының адамтану мәселесін көтерген туындылары зерттеу нысанына алынып, адамзаттың жаратылысы, олардың жақсы-жаман мінездері қарастырылды. Абай Құнанбайұлы мен Мәшһүр Жүсіптің адамтанудағы ой-толғамдарының ерекшелігі салыстырылды.

Жалпы адамтану мәселесі - күрделі құбылыс. Осыған байланысты қоғамдағы көзқарас та сан түрлі. Мәселен, XIX ғасыр ғылымы «адам маймылдан жаралған» деген мәлімдеме жасаған. Нақтыласақ, «швед ғалымы К. Линней маймылдар мен адамдарды бір топқа жатқызып, «саналы адам» десе, француз биологі Ж. Б. Ламарк адамдардың арғы тегі тікелей адамтекес маймылдар деп жазды. Ал ағылшын зерттеушісі Ч. Дарвин адамдар маймылдардан шыққан [1,16 б.] деп тұжырымдаған. Бұл пікірлер әлі де жалғасуда. Зерделесек, қазіргі жаңа ғылымда осы түсінікті қолдайтын секілді. Биолог ғалымдар: «Дриопитектер – адамтекес маймылдар мен адамдардың жалпы арғы тегі болып саналады», - [1, 17 б.] деген тұжырымды ұстанып отыр. Сөйтіп, биология ғылымы маймылдың танауын зерттеп, тартанаулы маймылдарды горилла, шимпанзе деп бөліп, шимпанзені адамға теліп отырса, тарих ғылымы сол маймылдардың миының көлемін зерттеп әлек.

Ал М. Ж. Көпейұлының адамтанудағы тұжырымдары мүлдем басқаша. Ақын адамды Құдай топырақтан жаратқан деген салмақты ой, түйінді сөз айтады. Ол «Алла құдіреті» атты шығармасында: «Айдай әлемді, жанды-жансыз мақұлықтарды Құдай алты күнде түгел жасап шығарған. Адам ата, Хауа анаы Құдай жаратты. «Жұма күні жаратылған адам» дегеніміз сол ғой», - [2, 127 б.] деп ойын нақтылай түседі.

М. Ж. Көпейұлының адамтанудағы негізгі қайнары – Ислам діні және Құран Кәрім. Адамның жаратылуы туралы ойларын Құран аяттары мен Хадис сүрелеріне сүйене отырып баяндайды. Мұндай әрекет күллі түркі халықтарына ортақ сипат екені мәлім, алайда, ақынның басты ерекшелігі – Құран аяттары мен Хадис сүрелерін көркем шығармада орынды пайдалана білуінде. Бұл ретте ақын не айтса да құр сөзге ауыз былғамай, хадис, аяттармен нақтылап, дәлел келтіріп, ойын Құранмен түйіндеп отырады.

М. Ж. Көпейұлы көзқарасының түпкі өзегі – Алла Тағала. Ұлт санасына тән өзекті мәселелерді сөз еткенде, аузына бірінші Алланы алады. «Мен

Құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенімім күшті», - деп, Алланың барлығына, бірлігіне сенеді. Ақын шығармаларын оқығанда Аллаға деген сезімі, ерекше сүйіспеншілігі айқын сезіліп тұрады.

М. Ж. Көпейұлының пайымдауынша: «Көкті, жерді, айды, күнді, жұлдыздарды, тауды, тасты, отты, суды, желді, топырақты – бәрін Құдай жаратты. Алтыншы күн – жұма күн – Адамды жаратты», [2, 122 б.]. Бұл айтқандарының қалай жаратылғандығы төмендегі шығармаларында толығымен баяндалады. «Құдайым жексенбі күн жер жаратты» өлеңінде:

Құдайым жексенбі күн Жер жаратты,

Жер-суды әуел бастан бір жаратты.

Тау мен тас, ағаш пен шөп, көл мен өзен

Түріндей текеметтің түр жаратты.

Аспан – биік, жер – төмен, тау, тас – қатты,

Ат аяқты болғанда, құс қанатты.

Заһардан – бал, тікеннен – гүл шығарып,

Жұма күні жаратты адамазатты.

Қүдіретпен он сегіз мың ғалам болды,

Бәрі-қабық, маңызы адам болды.

Құдайдың құдайлықпен қылған ісі,

Жаралып алты күнде тәмам болды - [3, 23 б.]

деп, Алланың жаратқан нәрселерін ерекше ықыласпен жырлайды. Ақынның ойынша: «Осы жоғары жақта айтылғандардың бәрі – Құдайдан басқа жасап шығара алмай тұғын нәрселер» [2,122 б.].

М. Ж. Көпеевтің «Адам атаның жаралып, дүниеге келуі» атты шығармасындағы:

Бір достым бар, жаратсам керек, соны,

Жер жүзінде болады мекен жөні.

Шығындар, періштелер, бұ дүниеден,

Жаратсам керек Адам қылып оны.

Жүрген жоқ: періштелер «Кетеміз!», - дер,

-Иа, Раббы, біз не жаздық, паруардігер

-Шығындар, періштелер, тілімді алып,

Ғажаппен болған тағат күйер жанып.

-Топырақтан жаратам Адам! - дейді,

-Жебірейіл бұйырамын саған! - дейді.

Бар дағы Мағрип, Машрих ортасынан,

Бір уыс топырақ ап кел маған! - дейді, [2, 119 б.]

деп келетін өлең жолдары Алланың адамды неден жаратқаны туралы бейнелі түрде жеткізіп тұр. Мұны кім қалай ойласа да өз еркінде, алайда, ақынның адамды Алланың топырақтан жаратқанын нақты айтып тұрғаны анық. Бұл

ақынның діни сауаттылығын көрсетеді. Ақынның айтқан бұл ойлары Ислам қағидаларымен үндес. Құран-Кәрімде «Бақара» сүресінің 29-шы аятында: “Алла Адамды топырақтан жаратып оған жан салды” делінген [5, 6 б.]. Бұл алынған дәйектеме жоғарыда айтқан пікірімізді дәлелдесе керек.

М. Ж. Көпейұлы Ислам дінін мойындап, Аллаға шүбәсіз сенген адам. Ол Алланың бар екенін танытатын шығармалар мен хикметтер жаза отырып, Пайғамбарлар мен сахабалардың уағыз-насихаттарын саралай келе, халқының санасына жетерлік салмақты ой айтады. «Құдай туралы» жазбасында: «Әй, адам баласы! Құдіретті Ақыл мен Киелі рухтың Иесі - Құдайды жалғыз жаратушы да жасаушы жарылқаушымыз деп ұғайық та, бұған кәміл сенейік! Бұл – Ұлы ақиқат! Өйткені Жиһандағы ұлылы-кішілі, қарапайым-күрделі жасалыстар мен құбылыстардың бәрі Құдай барлығының айқын дәлелі», - деп, осы айтқандарының бәрі жалғыз Аллаға ғана тән екенін ескертеді.

М. Ж. Көпейұлы өзінің шығармаларында имандылық жолын іздеп Аллаға иман келтіру адамзат баласының парызы екенін айтып, шын көңілмен, көркем мінезбен мұсылман болуға шақырады. Қандай ой, түйінді сөз айтса да шарифат шеңберінен аспай, «Ата-тегіміз маймыл» деп, Дарвинизмнің жетегінде кеткен ұрпағының санасын емдеуге бар күшін салады. Ақиқаттан ауытқып, надандықтың құрсауында қалған халқын адамдықтың ақ жолына жетелейді.

Ақынның Ислам дінін насихаттауы, халықты Аллаға құлшылық етуге үгіттеуі – дінді ғана емес, сонымен бірге жақсы адам болудың, жалпы ұлттық болмысты сақтаудың ең пәрменді құралы болғанын аңғару қиын емес.

Ақынның мақсаты – адамды жөндеу, қоғамды түзету, адамды нағыз адам қылу. Бұл мәселені көптеген туындыларына арқау етеді. «Табиғат ғибраты» деген шығармасында: «Адам қалай қылғанда адам болады? деген сұрақ қойып, оған өзі былайша жауап береді: «Ұшқан құс, жүгірген аңнан ғибрат алып, солардың мінезіменен мінезденбесе, аш арыстан жүректі болып келсе, палуан жолбарыс білекті болып келсе, досы көп болып, дұспаны жоқ адамнан осы екеуінің жүрегі, білегі табылады», - деп, әрі қарай ақын: «Жігіт адамның қырағылығы бұркіттей болсын. Зеректігі байғыздай болсын. Жүрісі маймылдай болсын. Он екі қырлы, бір сырлы, отыз аяқты болсын. Орнына қарай мінез қылсын. Сонда адам болып, адам қатарына кіреді”, - деген ой түйеді [2, 81 б.]. Осы айтылған нәрселерден ғибрат, үлгі алуға үндейді.

М. Ж. Көпейұлы адам жақсы болу үшін алдымен жаман әдеттен тыйылу керек деп білді. Сөйтіп өзі өмір сүрген дәуір шындығын ақтара зерттеп, ішкі-сыртқы сырларына, елдің әлеуметтік жайына, тұрмысына үңілді. Қоғамға сын көзбен қарап, барлық қайшылықтарды көре отырып, елдің берекесін алып, дау-жанжалды қоздырып, бүліктен пайда тауып жүрген қулардың зұлымдық бетін ашып, қатты сынға алады. Ақын:

“Халықтың жақсысының өнері - зорлық, жаманының өнері - ұрлық. Бұл екеуі қолынан келмейтінінің өнері өтірік болып, қара пұл үшін жанын сатып, тірінің түгін қоймай, жұлып алып, өліктен кебін дәметіп, жақсы арын сатып, жаман жарын сатып, шешен сөзін сатып, ата-ана ұл мен қызын сатып, ишандар - Құдайға қылған құлшылығын ғауамлардың нәзіріне сатып, молдалар білген ғылымын дүниеге сатып (жүр).

«Ал», «Бер» - деген екі ағайынды: «ал» - деген сөз өліп, «бер» деген сөз тірі қалып жүр. «Бар», «жоқ» - деген екі ағайынды еді. «Бар» - деген сөз өліп, «жоқ» - деген сөз тірі қалып, жыртақой мысалды хәкімдер қасқыр болып, екі даугер - шарылдаған бақа сықылды. Оны жыландай билер сорып жатыр. Бар малынан айырылып, жоқ жанынан айырылып, біреу қасқырдай жан-жағындағысын талап, біреу иттей көрінгенге көзін сүзіп, біреу түлкідей құйрығын бұландатып, біреу маймылдай әркімге бір еліктеп, біреу жыландай сыртынан жылтырап, ішінен зәрін төгіп (жүр). Кейбіреу қабыршығы жоқ балықтай, қолға тұрмай желпілдеп; біреу қарғадай бір боқтан бір боққа ұшып, қонып; біреу сауысқандай шықылықтап, өсек ғылымына маһыр (әуес) болып, сау жылқының арқасын тесіп, қанатып; біреу күйкентайдай тышқанға төніп жүр (жүр).

Кейбіреу тауықтың қоразындай тұмсығындағысын - «тәж» - деп мақтанып; Кейбіреу тырна сықылды: «Басқаныма жер ойылып кетеді», - деп, өзін-өзі әлдеқандай ауыр көріп», кейбіреу оқпантайдай: «Күндіз үшсам, көз тиеді», - деп, өзін-өзі түнекке жасырып жүр. Кейбіреу өгіз шағаладай: «Ішкеніме көл таусылып қалады», - деп, дүниені ішпей-жемей жинап; кейбіреу көк кептердей дән үшін көрінгенге құл болып жүр. Кейбіреу шыбындай біресе қантқа, біресе мәжасатқа қонып; кейбіреу келемеж қоңыздай тезек жинап әуре борлып; кейбіреу кекілікше өз атын өзі шақырып, ақымақ болып жүр», - деп әшкерелейді [2, 82 б.].

Байқап отырсақ, ақын адам бойындағы жағымсыз әрекеттерді әшкерелеу арқылы бүкіл қоғамның шынайы келбетін, ащы шындықты танытып отыр. Тіпті оқып отырып ақынны тап қазір жаныңызда тұр ма деп те қаласыз. Бұл ақынның көрегендігін танытса керек. Ақынның ойы - адамды жаман әдеттерден арылту арқылы бүкіл қоғамды түзуе.

М. Ж. Көпейұлы «Адам екі түрлі» деген өлеңінде жоғарыдағы айтқан ойларын саралай келе адам баласын істеген ісіне қарай екіге бөледі:

Мысалы адамзаттың ағаштай-ды,
Қу ағаш мәуесі (миуасы) жоқ, жараспайды...
Терек қанша аспанмен таласқанмен,
Бұлттан биік болып, бойы аспайды.

...Мәуесі басқа ағаштан көп болғаннан,
Көтермес үзім ағаш жерден басын.
Қайырсыз болсам бәхил, болдың терек,
Басқаға бір отыннан қылмас керек..., -

деген жолдармен жақсы адамды мәуелі жеміс ағашына, жаман адамды отын болудан басқаға жарамайтын терекке теңеу арқылы бейнелейді. Яғни жақсы мен жаманның парқын халқына пайдасы тиетін азамат пен қоғамға зияннан басқа берері жоқ наданмен салыстыра отырып түсіндіреді. Олардың адамгершілік деңгейінің бірдей еместігін сипаттап, адамгершілікті байқататын басты ерекшелікті «кісілік» ұғымы арқылы көрсетеді:

Жақсылық, қайыр, ихсан қылған кісі,
Адамның қымбат баға сол жұмысы.
Табылмас көзге тотия - ем дәрідей,
Қолынан әр жақсылық келген кісі, - [3, 148 б.]

деп «кісілік» мағынасын жақсылық жасау арқылы, яғни қолынан іс келетін, біреуге көмек беруге дайын адамды сипаттау арқылы ашады. «Пайдасы көпке тисе әне – кісі» деп, ал «Қолынан келер іске болыспаса, Болмайды одан асар жаман кісі» деп, қарабасынан басқаны ойламайтын адамдарды суреттейді.

Ал, «Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» өлеңі ақынның өзі айтып отырған адамды кісілікке жетелейтін өсиет секілді. Мұнда ақын адамды жақсы, жайдары, жұмсақ мінезді болуға, кек сақтамай көпшіл болуға, кісілігі жоғары адамдармен дос болуға шақырады:

Жүрерсің жайлы болсаң, жұртпен тату,
Жұмсақ бол, жұғымды бол, болма қату.
Кісілігі жоқ жанмен үйір болма,
Жолдас болсаң, жолдас бол кісіменен.
Мақтаулы жұрт алдына болам десең,
Біреудің ауызға алма жамандығын.
Дос, жолдас қылым десең, қауым көпті,
Бойыңа үйір қылма өкпе, кекті.

Жамандыққа жақсылық мінез қылып,
Бола бер бәріне де ыңғайлы, епті [6, 10 б.].

Ақын бұл жерде кісілікке жетудің негізгі жолдарын анық көрсетіп отыр. Бұл ойын әрі қарай «Бес қымбат» өлеңінде жалғастырады: «Ең әуелі керек нәрсе иман. Егер жүректе иман болмаса, «Құдай кешірет» дегенмен іс бітпейді; Екінші керек нәрсе – ғақыл. Ғақылсыз адам дінін бұзады; Үшіншісі – сабыр. Сабырлы адам мұратына жетеді; Төртіншісі – шүкіршілік. Бесіншісі – әдеп. Әдеп бар жерде иман бар» [6, 69 б.] деген толғамдардан халқы үшін тереңнен толғап сыр тартқан сыршыл да сыншыл ақын тұлғасын көреміз.

Қарап отырсақ, М.Ж.Көпейұлы адам және оның қоғамдағы орны, олардың жақсы-жаман істері жайлы ой толғағанда, «жақсы адам деп кімді айтамыз, жаман адам деп кімді айтамыз?» деген, бір қарағанда жеңіл көрінгенімен, шын мәнісінде ауыр сұраққа жауап іздейді. Жақсы мен жаманның ара жігін ажыратып, адам бойындағы жағымсыз мінездерді әшкереліп, жақсы адам болудың жолдарын насихаттайды. Бұл ретте,

жалпы қазақ әдебиетінде ақындардың көбісі аталмыш мәселе турасында философиялық-діни ой, жыр толғағаны белгілі. Солардың бірі - Абай Құнанбайұлы.

Негізінен, ақындарды толғандырған мәселе – адамның барлық жағынан жетіліп, нағыз адам болуы. Мұны Ұлы Абай «Толық адам» десе, М. Ж. Көпейұлы «Түгел адам» деп қарастырады. Бұл сөзінің мағынасын «Төрт асыл, бес береке» өлеңінде ашып беруге тырысады:

Бірі – төрт, бірі – бесеу – болсын тоғыз,
Ат тезегін әуре боп жинар қоңыз,
Тоғызын түгендемей ұстағанды
Обалсыз, адам демей, деуге - доңыз.
Бірі – тілде, біреуі – көңіл-ойда,
Енді бірі теп-тегіс түгел бойда.
Бұл үшеуін жүргізсе, қара жолмен,
Бәйге алады жарқырап үлкен тойда.
«Құдай-бір, жоқ, - деп басқа!»- айтса тілің,
Шын білсе, тіліндегін-жан-ділің.
Дініңмен (денеңмен) аянбастан қылып ғамал,
Пайғамбар сүннетімен өтсе күнің!
Төрт асыл – анық осы бойындағы,
Орнына келе бермес ойындағы.
Түгендеп бұл төртеуін қыла алмасаң,
Жүре бер тамағыңды тойын-дағы.

Мұндағы төрт асылы – Хақты тану, көңіл, тән, тіл тазалығын сақтау. Ақын Құдайдан безген заманда адамға алдымен керегі осы деп біледі. Бұған қоса әрі қарай:

Береке – өз қарақан басындағы,
Әдетің (ғадетің) – ұзын өмір жасындағы.
Оқылған уақытымен бес намазың -
Болатын көрде жолдас қасындағы!..
Бұл басты әр нәрсеге бастайтын көз,
Оңбаймыз көзден, тілден тыйылмай біз.
Бойыңа келер мұнан бір береке,
Аузыңнан шығармасаң несие сөз.
...Бұ да адамның басының берекесі,
Берілсе – қайыр, ықсан, зекет – малдан!
...Адамға келер мұнан мол береке,
Екі аяқ арасына ие болса!
...Уағда айтқан жерден сөз табылып,
Ұстаған жерден қолы тұрса кетпей!..
Береке мұнымен болады бес,

Түсерсің енді сөзге, болмасаң кес!

Дап-даяр бұлар ойда болмағаны,

Хабары болмағаны Құраннан еш! -

деп, айтқан сөз, уәдеде тұруды, көз, тіл, нәпсіге берік болуды қатаң ескертіп, бес уақыт намаз оқу мен жетімдерге қайыр-садақа беруді міндеттейді. Осыларды санамалай келе, бес берекеге жатқызады:

...Төрт асыл, бес береке, бір бойынан,

Табылса түгел болып әне кісі!, - [7,157 б.]

деп «Түгел адам» мәнісін осылайша түсіндіріп береді. М. Ж. Көпейұлы осыларды бойында жинаған адамды «Түгел адам» десе, Абай Құнанбайұлы өзі айтқан «Толық адам» сипатын «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рахым ойлап қой –

Бес асыл іс, көнсеңіз, - [8,31]

деп бес асылды, ал «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде:

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек.

Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.

Токтаулық, талапты, шыдамдылық –

Бұл қайраттан шығады білсең керек, - [9,95]

деп үш қасиетті сипаттап, осы сегізін бір бойына жинаған адамды «Толық адам» деп есептейді.

Абай Құнанбайұлы әрі қарай 38-ші қара сөзінде: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады» - [10,124 б.] десе, жоғарыда айтылған үш қасиет туралы түйінді ойларын 17-ші қарасөзінде қайрат, ақыл, жүректің өзара диалог-айтыс ретінде беріп, қарапайым тілмен оқырманға ұсынады. Алдымен қасиеттерге сипаттама беріп, толық адам болу үшін бірінші орынға жүректі қояды. Себебі қайрат пен ақыл кейде жақсылықты, кейде жамандықты берік ұстап кетеді. Ал жүрек жамандыққа баспай, тек жақсылық, ізгілік, әділет жолына тартады. “Толық адам болу үшін осы үшеуінің басын қос, оны жүрекке билет... - осы үшеуі бір кісіден табылса «толық адам» - деп көрсетеді [10,103 б.].

А. Құнанбайұлы өзінің ойын: “Сен малды сарып қылып, ғылым табуың керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қаж ешбір ғибадат орнына бармайды”, - деп [10 124 б.] түйсе, М. Ж. Көпейұлы: “Ғылым-білім немен болады? Ең алды құдайды, құдайтағаланы танымақ. Ол құдайды қайтсе таниды? Әркім өзін таныса, сонда тәңірісін таниды. Ғылым-білімге талап қылушылар алдымен өзін тануын мақсат қылу керек”, - дейді. [7, 75 б.].

Мұндағы ақындардың ой-толғамдары бір-бірімен үндес. Алайда екі ақынның насихатында бірінші орынға қойылған түйінді ойлары екі түрлі болғаныменен, мақсаттары - біреу. Ол - нағыз адам болу, Алланы ұлықтау, адаспай адал, хақ жолында жүріп, дұрыс ғұмыр кешу.

Қорыта келгенде, М. Ж. Көпейұлы мұрасының түп қазығы ақыл иесі – түзу адамды қалыптастыру. Әдебиеттің ежелден бергі нысаны адам болмысы, адамды түзету болса, ақын бұл тұрғыда қазақ қоғамының азаматын тәрбиелеудің үлгісін сомдап, жеке адамды, қоғамды түзету мәселесін қозғайды. Адам баласының өмір сүру жолында ізденіп, өзін-өзі жетілдіре білсе ғана тіршілікте үйлесімдік боларын шеберлікпен жеткізе біледі.

Мәшһүр Жүсіп тағылымы бүгінгі күннің басты тақырыбына айналып отырған адамның өзін-өзі тану мәселесін насихаттаумен құнды. Бүгінгі ХХІ ғасырда ақынның адамтану мәселелері қамтылған шығармалары мектеп оқулықтары мен жоғары оқу үрдісіне енгізіліп, кеңінен оқытылса, бүгінгі ұрпақтың өзге діннің жетегінде кетуне бірден-бір тосқауыл болары анық, ұлт құндылығы сақталары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Биолог анықтамалығы. Алматы. - 2014ж.
- 2 **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.** Шығармалары. 13 том. - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. - 385 б.
- 3 **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.** Шығармалары. 1 том. - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. - 436 б.
- 4 **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.** Шығармалары. 2 том. - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. - 320 б.
- 5 **Халифа Алтай.** Құран Кәрім қазақша мағына түсінігі. Сауд Арабиясының Уақыфтар министрлігі, Ніжри 1412, Мілади 1991 ж.
- 6 **Көпеев, М. Ж.** Екі томдық. 1 т. - Алматы, Ғылым, 1992 ж.
- 7 **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.** Шығармалары. 4 том. - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. - 400 б.
- 8 **Абай.** Қалың елім, қазағым... Өлеңдер. - Алматы: Атамұра, 2002. - 224 б.
- 9 **Абай Құнанбайұлы.** Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Алматы: Жазушы. - Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. - 2005 - 296 б.
- 10 **Абай Құнанбайұлы.** Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Алматы: Жазушы. - Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. - 2005 - 296 б.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 04.08.14 редакцияға түсті.

К. М. Абдуллаева

Проблемы человековедения в произведениях Машхура Жусупа Копейулы

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 04.08.14.

K. M. Abdullayeva

The problems of human being in Mashkhur Zhusup Kopeyuly's writings

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 04.08.14.

Объектом данной статьи является исследование произведений Машхура Жусупа Копейулы, в которых проанализированы проблемы человековедения. В этой статье рассмотрены вопросы создания человечества, плохие и хорошие черты характеров людей, были сравнены высказывания Абая Кунанбайулы и Машхура Жусупа.

The object of this article is research of the works of Mashkhur Zhusup Kopeyuly, where are analyzed the problems of human being. This article describes how was created humanity, good and bad traits of human characters, were compared Abay Kunanbayuly's and Mashkhur Zhusup's statements about human.

ӨЖ 882.151.212.2

Г. Т. Әбікенова

**КӨРКЕМ МӘТІНТҮЗУШІ ФОНОСЕМАНТИКАЛЫҚ
ФАКТОРЛАР**

Мақалада көркем мәтін түзуші фоносемантикалық факторлар анықталады. Автор фоносемантикалық факторлардың түрлі қызметін, дыбыс бейнелеуші сөздер мен дыбыстық символикалық сөздердің тұтас мәтінді түзудегі орнын анықтайды.

Тілдегі сөздердің дыбыстық тұлғасы мен олардың мағынасы арасындағы байланыс мәселесі өте ерте заманнан бері зерттеушілердің назарын аударып келе жатқаны белгілі. Фоносемантика бағыты тіл білімінде ХХ ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап қалыптаса бастады. Бұл

бағытта зерттеулер С. В. Ворониннің еңбектерінен бастау алады. С. В. Воронин ұсынған фоносемантикалық талдау, сараптау әдісі түрлі тілдер негізінде К. Ш. Хұсайын, А. Ю. Афанасьев, Е. И. Кузнецова, И. В. Братусь, О. А. Казакевич, Т. Х. Койбаева, Э. А. Вельди, И. А. Мазанаев, Л. Ф. Лихоманова және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде жалғасын тапты.

Дыбыстық еліктеуіш сөздер туралы қазақ тіл білімінде зерттеу жүргізген ғалымдар А. И. Ысқақов, Ш. Ш. Сарыбаев, А. Т. Қайдар, Б. Ш. Қатембаева, С. Р. Ибраев дыбыс еліктеуіш сөздерді лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан сөз тобы ретінде қарастырады.

Дыбыстық бейнелеуіш (дыбыс еліктеуіш) сөздердің зерттелу тарихының екінші кезеңі К. Ш. Хұсайынның зерттеулерінде бүгінгі тіл білімінің жаңа талаптарына сай, озық әдістемелер негізінде жаңа қырынан зерттелінді. Қазақ тілінің бейнелеуіш сөздері фоносемантиканың теориялық қағидалары мен әдістемелері негізінде 9500-ден астам бейнелеуіш түбір және негіз дериватив сөздердің, қырықтан астам туыс және туыс емес тілдердің (түркі, тұңғыс-манчжур, үндіеуропалық, семиттік тілдер) негізінде олардың экстралингвистикалық сипаты ескеріле отырып, салыстырмалы-типологиялық түрде зерделенген. Қазіргі уақытта қазақ тіл біліміндегі фоносемантика теориясы саласындағы зерттеулер қатарында С. А. Өткелбаева, М. Жұбанова, Б. Жонкешов еңбектерін атауға болады.

А. М. Газов-Гинзберг өзінің «Был ли язык изобразителен в своих истоках?» [1] атты монографиясында, сондай-ақ басқа да ғылыми еңбектерінде семит тілдерінің туыс емес төрт тілдік семьяларындағы дыбыс бейнелеуіш түбірлерді салыстыра келе, тілдің пайда болуындағы дыбыс пен мағынаның байланыстылығын көрсеткен. Г. Е. Корнилов идеофон және имитативтер символикалық түрде дыбыс бола тұра, жанды немесе жансыз объектілерді бейнелей алады деген пікір білдіреді [2, 14]. Дыбыс бейнелеуіш сөздер фоносемантика теориясы бойынша екі түрге бөлінеді: дыбысқа еліктеуіш сөздер (звукоподражательные слова), екінші түрі – дыбыстық символикалық сөздер (звуко-символические слова).

Дыбыс бейнелеуіш сөздердің фоносемантикалық сипаты, әсіресе, дыбыс еліктеуіш сөздерде айқын көрінеді. Дыбыс символикалы сөздердің фоносемантикалық табиғатын анықтаудың өз қиыншылықтары бар, себебі аталған сөздердегі дыбыстар табиғи нысандардың дыбыстарына емес, дыбыстан бөтен түрлі сипаттарға еліктеуден пайда болған. Дыбыс еліктеуіш сөздер өзара екі түрге бөлінуі мүмкін: 1. Жанды нысандар шығаратын дыбыстарға еліктейтін сөздер. 2. Жансыз табиғи нысандар дыбыстарына еліктейтін сөздер.

Дыбыс бейнелеуіш сөздер мен дыбыстық символикалық сөздердің тұтас мәтінді түзудегі орны - бүгінгі таңда тереңірек зерттеуді қажет ететін мәселе.

Көркем мәтіндегі дыбысқа еліктеу сөздердің микромәтіндердегі ойды дамыту қызметін атқаруы кездеседі:

1-ші микромәтін:

*Тырма **сықырлай** орынан қозғалған. Аттың аяқ алысы байсалды. Тырма доңғалағы қиыршық тас аралас топырақты **шықырлата** дөңгелеп келеді. Он, он бес, жиырма қадам жүрді. Тыныштық.*

2-ші микромәтін:

*...Жиырма қадам... Жиырма бес қадам... Отыз... Тырманың бір жасақ доңғалағы жол үстінде жатқан тасқа соғылды. Қужауырын қалт тоқтады. Құлағын тікпейте мойнын артқа бұрды. Мертік жауырыны мүлде күдірейіп кеткендей. Едіге де демін ішіне тартып тына қалды. Бірақ Қужауырын делбе қағылмаса да жүгін алға тартты. Тырма жұдырықтай гана сопақша тастың үстінен аттап өтті. Аттап секіргендей болды. Тырманың алып тарақтың жүзіндей қатар-қатар тізілген темір тырнауыштары **сыңғыр-сыңғыр, салдыр-салдыр** етіп, біріне-бірі соғылды. Қужауырын үрейлене көкке шапшыды да ала жөнелді (М. Мағауин).*

1-ші микромәтіндегі **сықырлай, шықырлай** деген дыбысқа еліктеу сөздер 2-ші микромәтінде **сыңғыр-сыңғыр, сылдыр-сылдыр** деген дыбысқа еліктеу сөздерге ұласады. Яғни алдыңғы микромәтіндегі еліктеу сөз келесі микромәтінде ойды дамыту мақсатында, ой жалғастығы үшін қолданылған.

Сол сияқты **сарылдау, сылдырлау, сырылдау, шарылдау, шұрылдау** т.б. құрамындағы **сар/шар/шұр/шор** деген түбірлер судың сарылдап, шарылдап, сорылдап, шорылдап, яғни қатты немесе баяу екпінмен қуыс, тар жермен ағуына еліктеу түрінде сипатталады.

*Өзен түбі таза құмайт, қатқыл керіш болғандықтан, су айнадай мәлдір болып сырғиды. Күзгі шөптің сәл сарғыш, буалдыр бойын жағалап, кейде майда жасыл шалғынды ақырын сілкіте тербетіп бауырлай **сылдырлайды** (М. Әуезов).*

Зерттеушілердің пікірінше, С дыбысы судың жылжитын, ағатын, сылдырайтын, сырғайтын, сорғалайтын, жылтылдайтын, жалтылдайтын т.б. сипаттарын бейнелеген.

Кей жағдайда дыбысқа еліктеу сөздер бір микромәтін бойында бірнеше рет қайталанып келеді.

*Қимылдаса болды — аяғындағы құрым етігі **сықыр-сықыр** сарнап қоя береді. **Сықыр-сықыр, сықыр-сықыр.** Қойбағардың құлағына сол бір жексұрын үн майдай жаға ма... қойқаң-қойқаң етіп, байыз тауып отыра алмағаны. **Сықыр-сықыр...** Қойбағар ыргала басып сыртқа шықты. **Сықыр-сықыр...** Қойбағар хан ордадан ұзап барады. **Сықыр-сықыр»** (Ә. Кекілбаев)*

Мұндағы **сықыр-сықыр** дыбыстық еліктеу сөзі мәтіндегі астарлы ойды білдіреді. Үзіндіде автордың айтайын деген негізгі ойын символдық мағынада жұмсалған сықыр-сықыр сөзі өзіне жасырып тұр. Сол арқылы

мәтін семантикасына қызмет етеді. Мәтін құрылымындағы дыбыс еліктеуіш сөздер мәтін семантикасына қызмет етеді. Олар микромәтіндегі негізгі ойға екпін түсіру мақсатында, мәтіндегі ойды дамыту үшін қолданылады.

Т / д дүрсілдейтін, дүңкілдейтін, тарс – тұрс ететін, тарсылдайтын, такылдайтын, соғу, қағу әрекеттерінен туындайтын кешенді табиғи дыбыстар шығаратын нысандарды символдайтын сөздерде кездеседі.

Дауыссыздар дыбысталғанда түрлі кезендерден (тіл, тіс, ерін, т.б.) өтеді, яғни “қатты” денотаттарды символикалық түрде бейнелей алады. Әсіресе, шұғыл дауыссыздар (**к, т, п т.б.**) “қатты” кедергілерді, яки нысандарды атау құбылысында жиі қолданылады.

Бұл төре Абай сияқты, Қаракесек Бошанның жиені болатын. «Бөлем» дегенде, соны еске алып айтқаны. Өлеңнің аяғын ұйқастыра алмай, «өлер ме еді» деген сөзді әдейі «өле ме еді» деп айтқанын, өзінің ерен тапқырлығындай танытты.

*Сол бір олақ сөзді, әсіресе қатты даурығып айтып, елден бұрын өзі **тарқылдап** күлген- ді (М. Әуезов).*

Осы үзіндіде келген **тарқылдау, қарқылдау** деген сөздер микромәтіндегі ой жүйесіне өзіндік әсер етеді. Жиылған топтың сылқылдап немесе сылдырай күлмей, тарқылдап, қарқылдап күлуінің өзі, күлкінің қатқылдығын, дарақылдықты сездіріп тұрғандай. Сонымен қатар бұл жерде автордың жақтырмаушылық көзқарасы да сезіледі. Көркем мәтінде тарқылдау – тырқылдау (күлу); қарқылдап күлу - күркілдеп күлу т.б. дыбысқа еліктеуден туған сөздер кездеседі.

Қорыта келе, дыбысқа еліктеуіш сөздер мен дыбыстық символикалық сөздердің мәтінтүзімінің фоносемантикалық бірліктері ретіндегі қызметін былайша саралап көрсетуге болады:

1 дыбысқа еліктеу сөздер және дыбыстық символикалық сөздер мәтіннің композициялық құрылымын түзуге қатысады;

2 дыбыстық символикалық сөздер мәтін семантикасына да қызмет етеді;

3 микромәтіндерді байланыстыру қызметін атқарады.

4 мәтіндік үзінділерде жұмсалған дыбыстық еліктеу сөздер мәтіндегі астарлы ойды беру үшін жұмсалады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Газов-Гинзберг, А. Был ли язык изобразителен в своих истоках? - М., 1965.

2 Корнилов, Г. Е. Имитативы в чувашском языке. – Чебоксары, 1984.

Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қ.
Материал 13.08.14 редакцияға түсті.

Г. Т. Абикенова

Фоносемантические факторы художественного образующего текста

Казахский гуманитарно-юридический
инновационный университет, г. Семипалатинск.
Материал поступил в редакцию 13.08.14.

G. T. Abikenova

Phonosemantic factors of the art forming text

Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey.
Material received on 13.08.14.

В статье определяются фоносемантические факторы художественного образующего текста. Автор статьи рассматривает функциональные виды фоносемантических факторов, определяет звуковые символические слова образующего текста.

In the article there were determined phonosemantic factors of artistic formative text. The author of the article considers the functional types of the phonosemantic factors, determines the sound symbolic words of formative text.

ӨЖ 372.416.2:310.3[807]

К. М. Әбішева, К. Князова

АДАМНЫҢ ЖАС МӨЛШЕРІН СИПАТТАУДАҒЫ СОМАТИКАЛЫҚ КОДТЫҚ РӨЛІ

Мақалада мәдениеттің соматикалық коды «Адамның жасы» ұғымын білдірудің тиімді тәсілі ретінде қарастырылады.

Соматикалық код – мәдениеттің негізгі кодтарының бірі. А. И. Кравченко «мәдениеттің кодын тілдік белгілердің (символикалық) жиынтығы және белгілі ережелердің жиынтығы» - деп қарастырады. Ғалымның пікірінше, осындай символдар арқылы бір нәрсені сипаттап, бейнелі түрде көрсетуге, мінездеуге болады [1,24].

О. И. Быкова мәдениеттің он алты кодына қысқа сипаттама беріп, негізгілерін көрсетеді: мифонимдер, прагматонимдер. Солардың ішінде мәдениеттің базалық кодына заттық, семантикалық, зооморфтық, антропоморфтық, одорогиялық, хроматикалық, сандық кодтарды жатқызады.

Соматикалық код бірсыпыра тілдерде әмбебаптық код ретінде қолданылады, себебі адам үшін оның денесі өмір сүргенінің бірінші күнінен бастап бақылаудың нысаны болып табылады, адам қоршаған ортаның заттарын өзінің денесінің мүшелерімен салыстыру арқылы танып, сол заттар туралы ұғымдарды құрастырады, сондай-ақ дененің мүшелері адамның қоршаған ортадағы бағдарын да белгілеуге себін тигізеді [2]. Сондықтан да соматизмдердің адам семантикалық микроеңістікке қатысы бар, өйткені олар адамның ойлау қабілетін, эмоцияларын, психикалық және физикалық хал-ахуалын, мінез-кұлқын, іс-әрекетін сипаттайды.

Соматикалық код арқылы адамның жас мөлшері туралы түсінікті беруге болады. «Адамның жас мөлшері» қазақ тіл білімінде этнолингвистикалық тұғырда жан-жақты зерттелінген. Қ. Ә. Жақатаевтың еңбегінде адамның жас ерекшелігіне, жынысына байланысты атаулар мен тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық мән-мағыналары толық айқындалды.

Адамның «жас мөлшеріне» сай бөлінген фразеологизмдер жұмыста үлкен төрт топқа жіктелінді: 1) жас адамдар (15-25); 2) орта жастағы адамдар (25-40); 3) егде жастағы адамдар (40-55); 4) «қарт» адамдар (56-70); 5) «қария» (70-90). Жас адамдар тобы келесі фразеологиялық соматизмдер арқылы белгіленеді: *ернінде сүт те кепкен жоқ; сарыауыз балапан; шікі өкпе, шөп желке, шүйке бас*, қараңыз, олардың көркем әдебиеттегі қолданысын: «Ал, енді әлгі баласының бір күні ігірі де жоқ, мігірі де жоқ, білегінен жетектеп әкеп кіргізетін шүйке басы қайда?» (Ә. Кекілбаев. Құсқанаты, 83 б.); «Әке шешесі қартайып барады. Шай-суларын дайындайтын бір шүйке бас алып бермей ме?» (І. Есенберлин. Маңғыстау майданы, 110 б.); «Қарасур сұсты Ақпе-аңға ұстамдылық жетпей:-Әй, давай, қозғал. Сенімен тәжікелесуге уақыт аз маған, абзалы, ылғи ескерту жасауыңды қой, - деді. Ондай *шікі өкпелерді* тәртіпке шақыруға менің әлі де құзырылығым мол» (М. Сундетов. Бітуаж, 231 б.). «Жас адам» ұғымы құрамында соматикалық компоненттері бар теңеулер арқылы да көрініс береді, қараңыз: алғын тәй-тәй басып жүк жағалаған баладай; баладай *ернін малшақтату; баланың басындай; баланың көзіндей; жас баланың білегіндей; бас баланың жүрегіндей;*

Үлкендікті білдіретін ұғымдарға «үлкен», «шал», «кемпір» «қартаң» сөздерді жатқызуға болады. «Үлкен» деген фразеологиялық концептіде «үлкендік» ұғымы соматикалық код арқылы да беріледі, қараңыз, «кәрі құлақ». «Кәрі буын». «Кәрілік» ұғымы зоонимдік, фитонимдік, гастрономиялық кодтар арқылы да бейнелейді, қараңыз: кәрі *қойдың жасындай жасы қалды, кәрі түлкі*, т.б. білдіретін фразеологизм мен мақал-мәтелдерді талдау нәтижесінде, осы ұғымды білдіретін төрт топты атауға болады: бірінші топқа белгілі тәжірибеге ие адамдарды жатқызуға болады. «Тәжірибе» ұғымын тұлғаның өзі бойына сіңіріп, тоқыған білімдердің жиынтығы деп қарастыруға болады. Осындай тәжірибенің анықтамасын Н. Абрамовтың

сөздігіне кездестіреміз, қараңыз: «тәжірибелік», яғни, дағдыларды білу, ептігін көрсету, бір нәрсе туралы білімді болу [3]. Тәжірибелі адамның бейнесі келесі фразеологизмдерде, мақал-мәтелдерде көрініс береді: *старый воробей*, *pears of wisdom кәрі тарлан*, *old bird*, *стремляный воробей*, *тертый калач*, *искушенный человек*, например, “*Alter Fuchs Kommt nicht zweimal ius Garn*”. Приобретение некоторого опыта требует времени, наживается годами “*Erfarnurng ist, lin langer weg, fur den Alten fritzen, ein alter, Hase, der alte Herr, ein alter Knabe*”, ср. в контексте: «Баяғы етжеңді қыз сарықарын бәйбіше болды» (К. Найманбаев. От пен ойын, 284б.); «Жас болсаң бір сәрі. Отыздың ортасынан астың. Қырыққа келген сарқарын әйел болдың» (М. Қосшығұлов. Бұғалылық, 190б.); «Шәкір шал Әділгереймен туыс болып келді: *Несібелі ескі көз, кәрі жеңгелерінің бірі*» (К. Жұмадилов, Сәйгүліктер, 131б.); «Бізде кейін кезде жастар жағы молайып, тәжірибелі *тіс қаққан жігіттер* сиреп кетіп еді» (К. Жұмадилов, Сәйгүліктер, 311б.). *Old friends and old wine are best* (старые друзья старое вино - наилучшие), *old birds are not to be caught with chaff* (старого воробья на мякине не проведешь), *кәрі торғай топанға алданбас, кәрі қақпас қақпанға түспес, Тіс қаққан сабазды сырғыта алмассың, жырынды болған құды алдай алмассың, Alte Krähen sind schwer zu Fangen, alter Fuchs geht nicht zweimal ins Carn* и др.

Тәжірибені жинау үшін ұзақ уақыт, мерзім керек. Кәрі адамның кейбіреуі қателеседі, қараңыз: *Alt genug und doch night klug*, “*A good*” *marksman my miss* (конь о четырех ногах и то спотыкается), *Адам қатесіз болмас, көл бақасыз болмас*, ср. также: «Алыпқашты өсек-өтірікші деген осындайдан шығады-ау. Бала емес, сақалды бастарымен, сонша үрікпесе несі кетеді екен?» [4]; Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық (Абай).

Екінші, «кәрілік» ұғымын білдіретін тіпқа адамның физикалық хал-ахуалын білдіретін фразеологизмдер жатады: *Физическое состояние возраста: Das alter ist ein schweres last, be over the hill* (*быть уже старым для какой-то работы*), *have seen better days* (быть старым и в плохом состоянии), *old bird, an odd fish, a queer bird* (человек со странностями), *old quard* (старая гвардия).

Үшінші топқа, кәрі адамның жасын, мінез-сипатын білдіретін сөздерді жатқызуға болады. Кәрі адамның қалыптасқан қылықтарына да атау қажет: *den Baum muß man biegen, weil er noch jang ist, old habits die hard* (старые привычки держатся долго), *live and learn* (век живи, век учись), *old habits die hard* (привычка – вторая натура), Ауру қалса да, әдет қалмайды, *Der mensch ist ein Gewohnheit stier, Gewonheit ist die andere Natur*. Төртінші топтың сөздеріне кәрі адамдардың кәрілік кезіндегі мінез-сипатын көрсетеді, қараңыз: *жасында тырысқан – қартайғанда қуанады* (М. Қашқари); *Сараң – дүниенің малын жиса да тоймайды* (А. Үйгінеки); *Берместің қолы бермеске берік келер* (А. Үйгінеки); *Сен дүние – малға сұқтанасың, Өлім саған сұқтанады* (Ю. Баласағұни); *Жүкті нар көтерер, қайғыны ер көтерер; curiosity killed and*

cat (любопытство до добра не доведет); *every man has a fool in his sleeve* (конь на четырех ногах споткнется); *everything is good in its season* (всякому овощу свое время); *experience keeps a dear school but fools learn in no other* (опыт достается дорогой ценой, но дураков ничто не научит); *fussy as a hen with on chick* (крайне суевликий); *Get the cat out of the bag to* (разболтать, выдать секрет, проговориться); *My silly head will never save my jingers* (задурный головой и ногам непокой); *Can call again yesterday* (не ищи вчерашний день); *No man is so old, but things he may yet live another year* (как бы ни был стар человек, ему все же не хочется умирать); *No wisdomlike silence* (молчание - золото) *Old dog cannot alter his way of barking an* (в старости поздно переучиваться); *old ox will find a shelter for himself an* (старый человек в совете не нуждается); *pretty bis makes an ugly sow a* (и из хорошенького поросенка выходит плохая свинья); *proof of the padding is in the eating the* (качество пудинга определяется тем, что его съедают); *wary as cat* (очень осторожный).

«Жас» концептінің концептуальдық анализ негізінде талдап көрсек, біз оның бас компонентін сипаттай аламыз: ұғымның компонент. Ол «жастық» мағынасын синонимдік (жас, тәжірибесіз, сарыауыз балапан, жасы кәмелетке жетпеген), антонимдік қатарларда (кәрі тіс қаққан, кәрі шөңке – жас, сары тіс – уыздай жас) көрсетеді.

Үшінші компонент – бейнелі қабат. Осы қабатта «жас адам» ұғымы метафоралық, метонимиялық қолданыстар арқылы бейнелі, ауыспалы мағынада қолданады, қараңыз: *зеленый, сары ауыз балапан, ат құлағында ойнау* (ловкий), *быть золотым ребенком, очень послушным* (be as good as gold), *беззаботный* (be free as the) *быть свободным как птица* (be free as the air), *быть свежим, полным сил, как огурчик* (be fresh as a dais, to be fresh as paint), *мечтатель, фантазер* (be out to lunch), *be up in the clouds* (витать в облаках), *мякотелый, bock* (be wax in smb’s hands) *быть воском в чьих-то руках*, *беззаботный, ведущий легкую счастливую жизнь* (bed of roses), *развлечения, оплошное удовольствие находить в развлечениях* (beer and skittes), *дерзкий* (bite smb’s head off), *хулиган, паршивая овца* (black sheep), *хвастун* (blow one’s own trumpet) и др. «Жас» компонентінің мәдени-менталдық компонентінде «жас» ұғымы халықтың көзқарасын білдіретін, оны дүниетанымын көрсететін бейнелі мағыналар жүзеге асырылады. Солардың ішінде келесі мағыналар іске асады: 1) киелі, халықтың менталитетімен байланысты: *атқа мінер* (рудың басшысы болатын адам), *еркек кіндікті* (мужчина), *бел бала* (өзінің әкесінің ұлы, азамат, ол халықтың қамын ойлайды), *ат байлар* – эвфемизм. Ол «ер адам» деген ұғымды тұспалдап айтуға мүмкіншілік береді. «сары жілік», сары тіс бұлар да эвфемизмдер. Олар ер адамға көз тимеу үшін оны басқаша атайды;

2) «Өте жас, буыны қатпаған» деген мағынаны іске асырады: *көк өрім, көген көз* (балалық шағы, буыны қатпаған), *боз бала* (юноша, который увлекается охотой), *habe in arms* (өте жас, аузындағы сүті әлі кетпеген), *be wet*

behaving as vater in one's shoes (быть молодым и неопытным), *смотреть на мир через розовые очки*, make a mental note of smth (мотать себе на ус, учиться), slings and arrows of life (удары судьбы), small fry (мелюзга), spend money like fater (транжирить, сорить деньгами), strain at the leash (рваться к выполнению к какой-либо деятельности, не имея навыков), succeed in doing smth. By a whisker (едва не потерпеть неудачу), swallow hook, line and sinker (поверить какой то лжи); 3) тәжірибесі жоқ: *жұдырықтай бала, жас өспірім*. A horse that has four legs stumbles (конь о четырех ногах, да спотыкается), екі аяқты түгіл, төрт аяқты тұлпар да сүрінеді, шүйке, бас, желторотый птенец, one's salag days (юные годы когда человек еще неопытен); put one's faith in smb (доверять, верить кому-то), one's neck on the line (рисковать репутацией или деньгами), put the cart before the horse (делать что в неправильном порядке), reinvent the wheel (изобретать велосипед), reclive seef in the foot (рубить под собой сук) и др.. shoot one; 4) Жас адамның түр-түсін сипаттайтын фразеологизмдер. Олар жас адамның бет-әлпетін, пішінін сипаттайды: *ақ жарқын, бидай жүзді, кровь с молоком, аришын төс, бет ажары айдай, жас жауқазын сарымсақтай*. A good fase is a letter of recommendation (хорошее лицо, все равно что рекомендательное письмо), das Gesicld, lught nicht, A fair fase may. Hide a foul heart (за красивой внешностью - низкая душа), *жүзіктің көзінен өткендей*, Der vater ist Reichtum das Bruder ist Trost und der Freund ist die beide – Raichtumund Trost. Зерен жүзді, be ugly as sin (быть некрасивым, как смертный грех), *алма мойын*, be white as snow (кожа была белой, как снег); Beauty is only skin deer (красота лишь внешне приятна); 5) Жас адамның физикалық хал-ахуалын көрсету, дене бітімін, тұлғасын суреттейді: *бес биенің сабасындай* (богатырское сложение), *белі нәзік, талып тұр* (хрупкая, нежная) *алты батпан* (богатырь), *алтамсадай азамат* (жігіт), *балтыры бесіктей, атжеңді адам*, nothing but skin and bones (кожа до кости), skin and bones (кожа до кости), *басы қазандай, жауырыны қақпақтай*;

б) Келесі мағына халықтың санасында қалыптасқан құндылықты, бағдарларды білдірумен байланысты: *артық ауыз бала* (жұмсайтын, қолдаяққа жарайтын бала), *балигага толды* (достиг зрелости), *бас болу* (в передних рядах), *бауырын жарып шыққан* (о детях, которые рождаются в семье единственными), *білегін сыбанды* (приняться за работу энергично), *егіз қозыдай* (неразлучные друзья), *ел ауызындағы жігіт* (на устах народа), *жан себіл* (выдержанный парень), be up to the mark (быть хорошего качества), be good enough for smb / smth (быть хорошим), carve a niche for oneself (найти свою нишу на рынке), clear head (светлая голова), come in hundy (оказаться полезным), come into one's own (занять подобающее место), lizz, height one's cogner (твердо отстаивать свое мнение); жылы жүрек и др.

Сөйтіп, мәдениеттің соматикалық коды «Адамның жасы» ұғымын білдірудің тиімді тәсілі болып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Кравченко, А. И.** Культурология. Словарь. – М. : Академический проект, 2001.

2 **Кравченко, А. В.** Язык и восприятие. Когнитивные аспекты языковой категоризации. – Иркутск, 1996.

3 **Абрамов, Н.** Словарь русских синонимов и сходных по смыслу выражений. – М. : Русские словари, 1994.

4 **Кенесбаев, С.** Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы : Ғылым, 1977.

«Тұран-Астана» университеті, Астана қ.
Материал 03.09.14 редакцияға түсті.

К. М. Абишева, К. Князова

Роль соматического кода в представлении понятия «возраст человека»

Университет «Тұран-Астана», г. Астана.
Материал поступил в редакцию 03.09.14.

К. М. Abisheva, K. Knyazova

Role of a somatic code in representation of the concept «age of the person»

«Turan-Astana» University, Astana.
Material received on 03.09.14.

В статье соматический код культуры рассматривается как один из эффективных способов образного представления понятия «возраст человека».

In the article the somatic code of culture is considered as one of effective ways of figurative representation of the concept «age of the person».

Ә. Д. Әміренов

ҚАДЫРҒАЛИ ЖАЛАЙЫРДЫҢ «ЖӘМИҒАТ ТАУАРИХЫНДАҒЫ» «ЧИШБЕК» АНТРОПОНИМИ: ТІЛДІК-ТАРИХИ ҚОЛДАНЫС

Мақалада ортағасырдағы жалпытүркілік жазба ескерткіш «Жәмиғат тауарихтағы» араб тілді антропонимнің қазақ тіліне бейімделуінің фонетикалық ерекшеліктері қарастырылады. Антропонимнің қазақ ата тек-шежірелеріндегі қолданысы тілдік-тарихи тұрғыдан сарапталады.

Кейінгі жылдары өткен тарихымызды қайта қарап, ақтаңдақтарын саралап, тәуелсіз санада жаңаша пайымдап таразылауға кірістік. Осы тұрғыдан келгенде ұмыт бола бастаған ауызша тарих - ата-тек мәселесіне, жалпы қазақ шежіресіне назар аударыла бастады. Қазақтың үш жүзіне тиесілі ру-тайпалардың шежіресі жазылып, ғылыми айналысқа түсті. Тарихымыздың олқылықтарын осы шежірелер толықтырды.

Ата-тек шежірелер негізінен халық арасында ауызша да, жазбаша да таралды. Ауызша таралған шежірелерді айтпағанның өзінде, жазбаша сақталғандары да біршама. Олар: Әбілғазының «Түрік шежіресі», Хайдар Дулатидің «Тарихи рашиди», Қадырғали Жалайырдың «Жәмиғат тауарихы», Захириддин Бабырдың «Бабырнама», Шоқан Уәлихановтың «Ұлы жүз шежіресі», Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы», Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз-қазақ хәм ханлар шежіресі», Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ түбі», «Қазақ шежіресі», М.Тынышбаевтың «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» сияқты басқа шежірелер қазақ хандығы құрылғаннан бастап ХХ ғасырдың басына дейінгі кеңістікті қамтиды.

Осылардың ішінде қазақ тарихында өзіндік орны бар, баға жетпес құнды қазынаның бірі – Жалайыр Қадырғалидің «Жәмиғат тауарих» атты қолжазба шежіресі, 1602 жылы Ресейде сол кездегі орта түркілік араб қадим жазуымен жазылған. Тарихи еңбектің композициялық құрылымын былай бөлуге болады:

1. Ресей патшасы Борис Федорович Годуновқа марапат.
2. Рашид-ад-диннің парсы тілінде жазылған «Жәмиғат тауарих» еңбегі негізінде жазылған тарихи мағлұматтар.
3. Ұрыс ханнан Ораз-Мұхаммед сұлтанға дейінгі Шыңғыс әулетінің шежіресі.

Қадырғали Жалайырдың шежірені жазудағы басты мақсаты Ондан сұлтан ұлы Ораз-Мұхаммедтің ата-тегін түгендеп, тарихи негізде жазу. Жәдігерліктің мазмұнының Шыңғыс хан әулетінің шежіресі, тарихтың әр кезінде билік ұстаған хандардың генеалогиясы, елдің ішкі, сыртқы жағдайы, саяси-әлеуметтік оқиғалар айтылады.

Қолжазбаны алғаш жариялап, зерттеген орыс шығыстанушысы И. Н. Березин болды. Ол 1851 жылы «Московитянин» журналының № 24 санында «Татарский летописец, современник Бориса Федоровича Годунова» атты мақаласында, жәдігерліктің құндылығына тоқталып, ғылыми тұрғыдан зерттеу керектігін айтады. Екінші қолға алған оранталист ғалым В. В. Вельяминов-Зернов «Исследование о касимовских царях и царевичах» еңбегінде «Жәмиғат тауарихты» тарихи тұрғыдан саралайды, құнды тұжырымдар жасайды. Жәдігерлікпен И. Н. Березин арқылы Ш. Уәлиханов та танысады, «Извлечения «Жамиат тауарих»» атты шағын зерттеуінде шежіренің тілі, стилі, орфографиясына қатысты сөз қозғайды. Шоқаннан кейін қазақтардан бұған Ә. Марғұлан, Р. Сыздықова және т.б. ғалымдар назар аударды. «Жәмиғат тауарихты» зерттеген басқа да түркітанушы ғалымдар баршылық. Олардың бәрін тізіп шығу мақсат емес. Біздің нысан етіп отырғанымыз осы «Жәмиғат тауарихтағы» қазақтың ата-тек, шежірелік тарихына қатысы бар антропоним төңірегінде болмақ.

Қадырғали Жалайырдың «Жалпы тарихында» (араб тіліндегі «Жәмиғат тауарихты» осылай қазақшалауға болады. - Ә. Ә.) «Дастан Оразмұхаммед хан бин Ондан сұлтан» (қазіргі қазақшасы: Ондан сұлтанның баласы Оразмұхаммед хан туралы дастан) тарауындағы хан тағының суретінде тақтың сол жағында (*майсара* (араб) – сол жақ, немесе *дәст чәб* (парсы) – сол қол. Ә. Ә.) отырған бектің (би, уәзір Ә. Ә.) бірі – Оразмұхаммед ханның төрт бегінің бірі болған Арғын Чиш бектің есімі жазылған.

Жазба жәдігерліктегі осы есім түркітанушылар тарпынан әр түрлі аталып жүр. В. В. Вельяминов-Зернов зерттеуінде Оразмұхаммедтің сол қол уәзірі Арғын Чешь- бикъ [1,403], Шоқан Уәлиханов зерттеуінде арғынец Чиш-бек [2,158], Рәбиға Сыздықова зерттеуінде Шаш бек [3,239], Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романында Шәш бек [4,108] және Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтениязовтардың аудармаларында Арғын Чаш бек [5,124] деп әртүрлі дыбыстық өзгерістермен (Чешь, Чиш, Шаш, Шәш, Чаш) аталады. Енді осының анық-қанығын тілдік (лингвистикалық) сараптамалар арқылы дәлелдеп көрейік.

Зерттеулердегі антропонимнің Чаш нұсқасына келсек (қазіргі қазақ тілінде «шаш») көне түркілік қолданыста «саш», «сач» болып әр түрлі жазылған. Мәселен: Енесей құлыптасында (ҮІІ ғ) – **Қара сач** (кіс есімі), «Диуани луғатта...» (ХІ ғ) – **ер сачланды**, «Оғыз қағанда (ҮІІІ-ІХ ғ) – **Сачлары, қашлары қара ерділер**, «Ат-тухафа әз-зәкияда...» (ХҮІІІ ғ) –

саш, орта түркілік (X-XV ғғ.) және жаңа түркілік (XV-XX ғасыр аралығы) жазбаларда, «Ахуал Чингиз хан уа Ақсақ Темурде» (XVI-XVII ғ) – «шач» چاش немесе «сач» - چاسد – *Шачын тараса інжу төкүлүп.*

В. В. Вельяминов-Зерновтың жоғарыдағы еңбегінде Қасым хандығының орталығы болған Кермен қаласындағы қорымдар басындағы жазбаларды зерттегенде, солардың бірінде Сайын Болат ханның өз анасы Алтыншашқа орнатқан ескерткішіндегі антропонимді چاش - نونلا - Алтунсач деп оқиды [1,11].

Яғни араб таңбалы қадим жазуындағы түркілік төл сөздің дауыссыз, дауысты дыбыстарының барлығы жазылғанын көреміз. Сонымен қатар мысалдардан байқап отырғанымыздай қазіргі қазақ тіліндегі «шаш» сөзі көне және орта түркілік жазба ескерткіштерінде сөз басында (анлаутта) «ч» дыбысынан басталмайды. Ал Жалайыр Қадырғали шежіресіндегі сөз «ч» әрпімен басталып тек дауыссыз дыбыстармен چش - **ЧШ** таңбаланған, яғни дауысты дыбыстар жазылмаған.

Оның өзіндік себебі бар. Алдымен жәдігер Орта түркілік жазба ескерткішке жатады. Орта түркілік араб қадим жазулы ескерткіштерде жазу тәртібі болған (орфографиялық заңдылық деуге келмейді). Атап айтқанда жалғалмалы (аглютинативті) тіл болғандықтан түркілік төл сөздердің дауысты, дауыссыз дыбыстары толығымен таңбалануға түссе, қопармалы (флективті) тілдік заңдылыққа бағынатын араб-парсылық кірме сөздердің дауыссыз дыбыстан тұратын түбір қаңқасы ғана жазылып, қысқа дауысты дыбыстар харакаттар арқылы белгіленген. Харакаттар (қысқа дауысты дыбыстар) тек қасиетті жазбаларды қатесіз дұрыс оқу үшін дауыссыз дыбысты таңбалайтын әріптің асты, үстіне қысқа дауысты дыбыстарды белгілейтін диакретикалық белгілер қойылады, яғни Құран және Хадис сөздерінде ғана жазылған, ал басқа жазбаларда харакат қойылмайды. Орта түркілік жазбалардағы араб-парсылық кірме сөздердің де харакаттары жоқ. Сондықтан Қадырғали Жалайыр жазбасындағы антропоним харакатсыз жазылған таза арабтық есім болғандықтан оны «чаш», «чиш», «чеш», «чш», «чыш», «чуш», «чүш», «чөш», «чош» деп қысқа дауыстыларды қойып әртүрлі сөзформада оқуға болады. Зерттеушілердің жәдігерліктегі есімнің бірде «Чаш» енді бірде «Чеш» деп оқуының мәнісі де осында.

Ал енді тілші ғалым Р. Сыздықова, тарихшылар Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов, жазушы М. Мағауиндердің жазып жүргеніндей қазіргі қазақ тіліндегі «шаш», «шәш» немесе соның сол кездегі орта түркілік варианты «чаш» болса онда жоғарыда В. В. Вельяминов-Зерновтың қорымдағы жазуларды оқығандай چاش - «чаш» болып барлық дыбыстар, соның ішінде даусты а дыбысы да таңбаланып, оқылуы керек еді. Алайда жоғарыда айтып өткеніміздей «Жәмиғат тауарихтағы» антропонимнің жазылуы тек екі дауыссыз дыбыс چش - **ЧШ** пен ғана таңбаланған. Яғни «чаш» болып оқылуға ешқандай негіз жоқ. Сондықтан Шоқан Уәлихановтың оқуындағы Чиш бек

атауы дұрыс деп қабылдаған жөн. Өйткені мәтіндегі араб тілінен енген кірме сөз - антропоним сол тұстағы орта түркілік қадим жазу заңдылығын сақтап таңбаланған. Ал В. В. Вельяминов-Зерновтың Чеш (басқалардай Чаш емес) деп оқуында да Шоқан нұсқасындағы Чишке жақын дыбысталады. Себебі бұл есім сөйлеу нұсқасында Чис (арабтық) немесе Чес (орта түркілік, қазіргі анадолы түріктерінің тіліне де тән) болып әр түрлі айтыла береді.

Қадырғали Жалайырдың еңбегіндегі сөз болып отырған осы антропоним қазақтың тарихи-рулық шежіресінде де кездеседі. Атап айтқанда Арғын тайпасының ішіндегі қазіргі Қанжығалы руының арғы аталары Шиш бек есімімен аталады. Бұған байланысты Қанжығалы Саққұлақ бидің «Шежіре тарихында» мынандай дерек бар: «Арғын бабамыздың немерелері Толыбай жиырмаға, Маябоз он сегізге келген тұсында, Ақсопы екі баласын түркімендерге, оның ханы Көроғлы ханға қызмет етуге жібереді. Хан Толыбайды өзіне атбегі етіп қабылдайды да, Маябозды теке-жәуміт (ахалтеке) жылқысын бағуға жібереді.

Толыбай түркімен қызына үйленеді. Оның жүкті кезінде Көроғлы хан Хорасанға жорық жасап, Хорасанның орталығы Раушан қаласын өзіне қаратады. Еліне қайтып келе жатқан жолда, көңілінің тасығандығынан болар, хан басындағы жығасын Толыбайға кигізеді. Елге оралғанда жұрт: Хан Толыбайға жығасын сыйлапты, «ханның жығасын» киген Толыбай, деп шуласады. Ақыры «хан жығасы» Толыбайдың екінші лақап есіміне айналып «Ханжығалы» (айтылым бойынша Қанжығалы) атанып кетіпті.

Қанжығалы Хорасан жорығынан оралғанда әйелі ұл табады. Көроғлы хан жеңіп алған Раушан шаһары құрметіне Қанжығалы баласына Раушан бек деп ат қояды. Одан кейін туған ұлына Шиш пайғамбардың есімін беріп Шиш бек деп атаған. Қанжығалылар мұны қысқаша Ішпек деп атайды» [6,53]. Шежіре ауызша тарих, ішінде аңыз араласып келсе де, түбінде ақиқат бар. Сондықтан Қадырғали Жалайырдың «Жәмиғат тауарихындағы» Арғын Чиш бекті шежірешілер өздерінің аталарына жатқызып жүргені де негізсіз емес.

Ең алдымен, Түркі жұртының Орта ғасырларда Ислам дініне кіріп мұсылмандана бастауына байланысты көптеген түркілік антропонимдер де мұсылмандық атауға бейімделді. Әсіресе Ислам дінімен байланысты пайғамбарлардың, әулиелердің, сахабалардың есімдері түркі антропонимдерінде кеңінен қолданысқа түсті. Соның бірі Шис (ауызекі тілде кейде Чит деп те атайды) пайғамбардың есімі. Шис Адам атаның Әбілдің өлімінен кейін көрген үшінші ұлы. Әбіл өлгенде Адам ата қатты қайғырған болатын, сол себепті Аллаһ тағала өзінің сүйікті құлы Адамға Шисті берді. «Шис Адам атадан білім алып көп нәрсе үйренген ғұлама еді. Ол адамдарға өнеркәсіпті, күн мен түнді өлшеуді үйретті және ол уақыттарда қалай ғибадат жасауды көрсетті», - дейді ислам ғұламасы Ибн Исхак. Бұл мұсылман түркілерінің арасында кең тараған діни аңыз болатын. «Шис»

сөзінің мағанасы – Аллаһтың сыйы, нығметі дегенді білдіреді [7,42]. Шис пайғамбарға Аллаһ тарапынан түскен самауи кітаптардың ішінен қасиетті сөздер (сухуфтар) түскен. «Аллаһу та’ала жіберген сухуфтардың саны жүз, ал кітаптары төртеу. Он сухуф – Адам алейһиссаламға, елу сухуф Шит (Шис) алейһиссаламға, отыз сухуф Идрис алейһиссаламға, он сухуф Ибраһим алейһиссаламға жіберілген. “Сухуф” – парактың бір беті дегенді білдірмейді. Шағын кітап, рисала деген сөз» [8,40]. Сондықтан Шис есімі орта түркілік жазба ескерткіштерде көп кездеседі.

2. Дыбыстық құбылыстарға байланысты Шис атауы кейде Чис, Чиш/Шиш, Шейш болып та аталынады. Мәселен «Шаджарату түркіменде» (XVII ғ) – *Адам өлер болды ерсе, Шейш атлы оғлыға айтады кім: «Менің соң сен менің орнумға олтуруп галанларымға баш болғул»*. Яғни жазба тілде де «Шейш» деп жазылған.

Сөздің абсолют басында «ч» аффрикат дыбысының қолдануы араб тіліне тән емес, ал көне және орта түркі тілінде бұл аффрикат сөз басында (анлауттта) жиі қолданыста болған. Көненің көзі реликт ретінде бұл дыбыс қазіргі қазақ тілінің Оңтүстік, Шығыс, Маңғыстау, Алтай қазақтарының диалектілерінде сақталынып, актив қолданылады (шай-чай, шын-чын, шыны-чыны, шәш –чәш. шөп-чөп т.б.).

Сондықтан орта түркілік жазба ескерткішіндегі араб негізді Шис атауының анлауыттағы **ш~ч** дыбыстық алмасуға түсуі таза тілдік құбылысқа тән. Сөздің соңындағы (бір ерекшелігі көне, орта түркі жазбаларындағы «шаш» сөзінің осы позициясында «ч» аффрикаты қолданылмаған) **с~ш** алмасуын да осындай құбылыс деп қарау керек. Сонда араб тілі арқылы енген Шис есімінің орта ғасырлық түркілік сөйленісте (дыбыстық құбылыстар, дыбыстық алмасулар тек ауызша тілде болады) **Чис, Чиш, Шиш, Шейш** болып әртүрлі аталуы заңды нәрсе.

3. Орта түркілік **Чиш бек** антропонимдік лауазымның (бек – лауазым атауы болғандықтан жазба ескерткіште бөлек жазылған) қазіргі қазақ тілінде **Ішбек** болып өзгеріске түсуі де осы тілдік заңдылыққа, яғни протезаға байланысты. Кірме сөздің алдынан басы артық дыбыстың қосылуы – протезалық құбылыс. Протеза кірме сөзді енген тілге икемдеп айтуға жеңілдету үшін қажет. Қазақ тілінде протезалық дыбыстар негізінен қысаң (ы, і, ұ, ү) дауыстылар: стакан-ыстақан; стол- үстел; шкаф-ышқап т.б. Сонда араб тілінен енген **Шис**, орта түркілік жазба ескерткіште сөз басында (анлауыттық) **ш~ч** және сөз соңы (аулауыттық) **с~ш** дыбыс алмасуына түсіп **Чиш**, кейін жаңа түркілік қазақ тіліне бейімделіп (протезалық құбылыс) **Іш** болған. Негізінен тарихи даму тұрғысынан алғанда орта түркілік жазбалардағы «ч» мен «ш» бір дыбыс болып саналады, кейде екеуі бірінің орнына бірі алмасып қолданыла береді. Қазіргі қазақ тіліндегі аймақтық сөйленістер осыны айғақтайды. Қазақ тілінің диалектикалық сөздігінде

сөз басында «ч» дыбысымен дыбысталатын 200-дей сөз бар [9,40]. Сонда араб тілдік дауыссыз дыбыстарға негізделген (консонанттық) түбірдің құрамындағы **ЧШ** дауыссыздары бір ғана **Ш** дауыссыз дыбысына айналған, яғни **чш ~ ш** болып өзгерген де кейін протезалық құбылыс арқылы **Іш** болып қалыптасқан.

Ал **бек** лауазымы қазіргі қазақ тілінде есіммен бірігіп кеткен. Яғни **Чис бек** есімді лауазым біріккен сөзге айналып **Ішбек/ Ішпек** антропониміне айналған. Бұл жерде дыбыс үндестігіне орай сөз соңындағы қатаң «ш» дыбысы екінші кіріккен сөз басындағы ұяң «б» дыбысын өзіне икемдеп қатаң «п» дыбысына айналдырған. Яғни, **Ішбек** ілгерінді ықпалдың әсерімен **Ішпек** болып өзгеріске түскен.

Сонда антропонимдік өзгерісті жүйелейтін болсақ, **Шис бек ~ Чис бек ~ Чиш/Шиш бек** (кейде **Шейш бек**) ~ **Ішбек ~ Ішпек** тізбегін құрайды. Барлығы тілдік заңдылыққа бағынып сатылай өзгеріске түскен. Бұл тілдік сараптама негізіндегі дәлеліміз.

Түйіндейтін болсақ, енді осы арғын Чиш бекті ары қарай шежірелік, тарихи деректерге сүйеніп, тарихи-салыстырмалы, ата тектік, ұрпақ жалғастығы тұрғысынан зерттеп, оның тарихи тұлғасын ашу үшін қосымша архив құжаттарын қарастырған жөн. Ә. Марғұланның деректеріне сүйенсек, Оразмұхаммедтің қолжазбалары, кітаптары, хаттары сақталған «күміс сандық» сұлтан өлген соң Патша архивіне өткізіліп, XVII-XVIII ғасырларда сонда сақталған, кейін XIX ғасырдың ортасына дейін Ресей Ғылым Академиясының Азия музейінде болған [10]. Сонда бір дерек болуы да мүмкін.

Басты мақсат - Арғын Чиш бек туралы ауызша, жазбаша деректерді жинастырып, оны бүкіл қазақтың тарихи тұлғасы ретінде танғанымыз орынды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Вельяминов-Зернов, В. В.** Изследование о касимовскихъ царяхъ и царевичахъ. Часть вторая. Санктпетербургъ, 1864. - 525 с.
- 2 **Уәлиханов, Ш.** Бес томдық шығармалар жинағы, 1-том. – Алматы, 1961. - 777 б.
- 3 **Сыздыкова, Р. Г.** Язык «Жами’ат- тауарих» Жалайри. – Алма-Ата, 1989. - 243 с.
- 4 **Мағауин, М.** Аласапыран. – Алматы, 1986. – 408 б.
- 5 **Қадырғали Жалайыр.** Шежірелер жинағы. Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. – Алматы, 1997. – 128 б.
- 6 **Еңсебаев, Т. А.** Қанжығалы шежіресі. Павлодар, 2004. - 494 б.

7 Пайғамбарлар қиссасы. Құрастырғандар. А. Қадыров, Ж. Жакипов, Қ. Қыдыралыұлы. – Алматы, 2008. – 268 б.

8 Ислам діні және өзгертілген діндер мен топтар (секталар). – Алматы : «Euro Print» ЖШС. 2011 – 312 б.

9 Диалектикалық сөздік. – Алматы, 2007. – 800 б.

10 **Марғұлан, Ә.** Күміс сандық құпиясы // Қазақ әдебиеті. 1981 ж., 1 январь

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.
Материал 19.08.14 редакцияға түсті.

A. D. Amrenov

Антропоним «Чишбек» в сочинениях Кадыргали Жалаири «Жамигат тауарих»: лингвистико-историческое применение

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 19.08.14.

A. D. Amrenov

Anthroponym «Chishbek» in Kadyrgali Zhalairi's compositions «Zhamigat Tauarikh»: linguistic-historical application

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.
Material received on 19.08.14.

В статье рассматриваются фонетические особенности адаптации казахского языка арабоязычного антропонима в среднетюркской письменности «Жамигат тауарих». Применение антропонима в казахской генеологии – шежире анализируется в лингвистическо-историческом аспекте.

The article deals with the adaptation of phonetic features of the Kazakh language in the Arabic-speaking anthroponym of the middleturkic writing «Zhamigat Tauarikh». Application of the anthroponym in Kazakh genealogy - shezhire was analyzed in a linguistic-historical aspect.

ӘОЖ 398.224(574)

М. Н. Баратова, Қ. Мукушева

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ ШЕБЕРЛІГІ

Мақалада Султанмахмұт Торайғыров шеберлігін талдайды.

Лирикалық қаһарманның жеке жағдайын бөліп өрнектеу, әсіресе, «Тұрмысқа» өлеңінен кең көрінеді. Шығарманың алғашқы түйдегі: «Тек аурудан тыс қылшы!», екіншісі: «Тек денімді сау қылшы!» – деп тамамдалуына көңіл бөлеміз. Осы соңғы тармақтарда лирикалық қаһарманның басты тілегі, аурудан айығуды қалауы, анық дәйектелген. Осы ниетті әспеттеу, дәлелдеу үшін ақын лирикалық қаһарманның қазіргі сырқат халін тәптіштеп қазбалауға бармайды. Ақын үшін ең бастысы: ауру күйді айқындап, соған аяныш тудыру емес; сондай жағдайға түссе де, лирикалық қаһарманның қаншалық мойымағанын жарқыратып ашу. Сондықтан да лирикалық қаһарманның қаншалық, қалай дерттенгенін, қаңтарылуын, жүдеуін елестетуді ақын міндет етпейді. Оның есесіне лирикалық қаһарманның қандай бөгет душар болса да, айқасуға дайын екенін әйгілеуге ден қояды:

Өмірімнің өрлерін
Жазы шықпас қыс қылшы!
Жылы шырай бер десем,
Аждаһадай ысқыршы!
...Алтын, күміс – асыл ма
Баға бермей мыс қылшы! [1, 91-92 б.].

Келтірілген үзіндіде: «қыс» ауыстыруы (метафорасы) қиындықты бейнелейтін дайын белгі ретінде алынса, алтын, күміс пен мысты салыстыру да – дәстүрлі баламаға жүгіну үлгісі. «Аждаһа» бейнесі – ауыз әдебиетінде де, сол кездегі жазба әдебиетте де зұлымдылық, қуаттылық белгісі екені мәлім. Сөйткен қорқынышты аждаһаның ысқыруын» тілеу де лирикалық қаһарманның не азап, қауіпке әзір екенін шегелей түседі.

Өлеңде одан әрі дамыту, әсірелеу де: «Тұрмыс, маған от шашып, // Бар дүниені лау қылшы!»; дерексізді заттандырумен қатар қарыштату: «Түйдектеп үйіп қайғыңды, // Абылай аспас тау қылшы!» орынды қолданылады. Ал, «Сөндірі ай мен күнінді» жолынан әсірелеудің өрби келе қаншалық шығандағанын, әрі шарттылықты батыл да шебер пайдалануды (тура ұғынып, шынымен Ай мен Күнді сөндіруді тілеп тұр дей алмаймыз ғой) көреміз.

Қазақта «күлі көкке ұшты» тұрақты тіркесі бар: ол быт-шыты шықты, құрыды ұғымын береді. Ал, тағдырдың күлі көкке ұшуы – Сұлтанмахмұттың дәстүрлі тіркесті өзінше мандытып, игере білуі жемісі: «Ден сау болса, тағдырдың // Көкке ұшырам күлдерін». «Тағдыр» көзге шалынбайтын дерексіз ұғым болса, күлі ұшқанына қарағанда, жануы мүмкін зат тәрізді әсер беріп, лирикалық қаһарман қайратын еселеуге бастайды (күлін көкке ұшырса, әбден қаусатқаны ғой). Шығарма басында өзіне бейнет тудырушыға лирикалық қаһарман: «аждаһадай ысқыршы» – деп, соған дайын екенін мәлімдесе, енді сонша кесек ауыртпалықтардың бәріне төтеп беретініне иландырғаннан кейін, өзі де қаһарлы күшке айналады: «Қоям ба екен сүлдерін // Ажаһадай ақырып». Әрі аждаһа бола алса, әрі ақырса, оның алапат күштің иесіне айналғаны. Ол аз болса, шеккен жапа, ауыртпалықтың тұрақты белгісі «түнді» пайдаланып, соны жай ысырмай, серпуі де («Серпіп тастап түндерін, // Туғызамын күндерін») лирикалық қаһарманның ала-бөле сипатын, бір іске құлшына кіріскенін, жошындық, жанкештілігін жарқырата түседі. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы үшін, асауға құрық салу үйреншікті, таныс іс. Бұл – жігіт қайратын аңыстайтын, тексеретін машықты әдет. Демек тағы да дерексіз ұғым «тұрмыстың» лирикалық қаһарманға құрық салуының (сөзбе-сөз түсіндірсек) жеке өзі дүрбелең салмағын сездіре алады. Соның бәріне мойымау қысымға алынушының қайсарлығын аңдатса, Сұлтанмахмұт қаһарманы жай көнбеумен де шектелмейді, құрықты «бойлап алып» кететініне ұйытады:

Ден сау болса тұрмыстың
Маған салған құрығын
Бойлап алып кетермін! [1, 91-92 б.].

Ал, «Қаңқылдатып қаздарын // Шығарамын жаздарын!» – жолдарына келсек, ақын дәстүрлі балама «жаз» ұғымын жалаң алмауымен көзге түседі. Жаз шығуының өзі жылылық, жайлылық белгісі болса, «қаңқылдатып қаздарын» тіркесі – жаздың белгілі бір әдемі көрінісін бөліп аялау, нақты көрсету, демек реализм маркаюы үлгісі. Соның нәтижесінде лирикалық қаһарманның кеңшілік, рахатты («жаз») аңсайтыны ғана емес, соны туғыза алатын құдіреттілігі де берілген. Сөйтіп, иықтаған қыспақтан қалай арылатынын әйгілеу арқылы лирикалық қаһарманның биік рухы, өр жаны шынайы кестеленген деуге негіз толық. Демек бұл өлеңде лирикалық қаһарман жай-күйін, қалай сырқаттанғанын, нендей күйге түскенін тәптіштемей, қандай зауал болса да, оның мойымайтын қайрат-күшін бөліп әспеттеу көмегімен Сұлтанмахмұт өзінің өзекті ойын негіздеген. Ол – шындықтың әйтеуір бір көшірмесін жасау, әйтеуір бір нақты суреттерді тізбектеу емес, адамдарды жігерлендірер айрықша сипатты асқақтату еді.

Мұның бәрі өмірден жас кетсе де, С. Торайғыровтың қаншалық кемелденіп өскенін, сол арқылы қазақ поэзиясының дамуына қаншалық үлес

қоса алғанын дәлелдей алады. Қорыта айтқанда, С. Торайғыров аз жасаса да, қалыптасқан суреткер ақын ретінде көзге түсті деуге негіз толық.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың азаматтық тақырыпта жазылған өлеңдері де баршылық: «Шәкірт ойы», «Бір балуанға қарап», «Бір адамға» т.б.

Осы өлшеммен бағдарласақ, «Шәкірт ойы» өлеңінде, сырт қарағанда, С. Торайғыров өз ойын ашық білдірген тәрізді:

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда, кім болам?
Мұздаған елдің жүрегін
Жылытуға мен кіремін [1, 88 б.].

Сұлтанмахмұт жоғарыда аталған туындысында елді оқуға тікелей үстірт шақырмайды, ол идеяны өзіндік тәсілмен неғұрлым әсерлі жеткізеді. Мәселен, «қараңғы» сөзінің надандықтың символдық белгісі түрінде, «көк» алмастыруының (метонимиясының) белгілі бір биіктік, үздік жетістік нышаны ретінде алынғанын ескерсек (демек бұл сөздер – дайын нышан-белгілер), сол заңғарға өрмелеп шығу лирикалық қаһарманның қайтпастығын, тынымсыздығын танытуға септігін тигізеді. «Күн» де – жаңалық, жақсылық, білімділік (төңкеріс тұсында ол теңдік, бостандық символын айналды) нышаны десек, Сұлтанмахмұттың «күн болам» деуі лирикалық қаһарманның соншалық мықты екенін айқындаумен бірге, кейінгі өрістемек ойларға тұғыр, тірек қызметін атқарады. Күн болғандықтан да, оның «мұздаған елдің жүрегін «жылытуға» кіруі әсерлі. «Мұздаған» сөзінде құбылыстың жеке бір қырын екшеп анықтау да, заттылық, нақтылыққа иек арту да (дерексіз ұғым емес, тек зат, не жан иесі ғана мұздай алатыны анық) жүзеге асады. «Жылытуға мен кіремін» тармағы да – поэзияда шарттылықты қолдану жемісі. Сөзбе-сөз ұғынсақ, адамның «өрмелеп шығып» күн болмайтыны да, күнге айналғанның өзінде «елдің жүрегін» «жылытуға» кіре алмайтыны да мәлім. Тек осы шарттылық, әсірелеу арқасында лирикалық қаһарманның үздік бітімі қалыптасып, осы биікпен қарау нәтижесінде ғана «қыздырып күннің қарауы» «надандық теңізі» тартылатынына сендіреді. Надандық та не көріп, не ұстауға келмейтін дерексіз ұғым екенін ескерсек, оның қазақ еліне қаншалық ірге тепкенін нақты елестету үшін, автор «надандық теңізі» тіркесін шебер пайдаланған. Теңіз тәрізді далиған аумақты қамтыған надандықтың өзінің жойылу («тартылар») мүмкіндігіне сену лирикалық қаһарман қиялының қаншалық қарымдылығын жайып салады. Демек ақын елді оқуға тікелей үгіттемесе де, лирикалық қаһарман ерекшелігіне, ғажайып иесі екеніне ұйыту арқылы да сол идеяны сәтті жеткізген. Сөйтіп, С. Торайғыров шығармада біршама тұрақты белгі, нышандарды («қараңғы», «күн», «теңіз») кәдеге жаратумен қатар, лирикалық қаһарман сипатын ашарлық мүлде соны детальдарды («өрмелеп шығып» күн болу, ел жүрегін жылыту т.б.)

жіптестіре білген. Ал, өлеңнің: «Сыланған жардың күлкісі // Алдандырмас бірісі» – деп, аяқталуына келсек, бұлай нақты бейнелеу толғаныстың бір қырын екшеп, даралап көрсетуге ден қоя бастауды дәлелдейді.

«Бір балуанға қарап» - акын С. Торайғыровтың 1913 жылы жазған өлеңі. Өлең құрылысы 3 бунақты, 11 буынды, қара өлең ұйқасында жазылған 4 тармақты 4 шумақтан тұрады. Азаматтық тақырыпта жазылған бұл өлеңнің негізгі идеясы С. Торайғыров тікелей жеткізген тәрізді, яғни жастарды өз бақыты, тағдыры үшін күресуге т.б. шақырады:

Жықсаң бәйге аласың алысқанда,
Қару қып, қайратың сап қарысқанда.
Жындылық шаппай бәйге бер деп сұрау,
Озсаң, бәйге бермес жарысқанда.
Тұрымысы бұл дүниенің күреспен тең,
Тәуекел, күреске түс, бар-дағы жең.
Дүниеде барлығыңды кім біледі,
Үйінде ынжықтанып отырсаң сен!

Кім сені бұл дүниеде бар деп айтар,
Кім саған жықпай бәйге ал деп айтар?
Жықпасаң да күресіп талаптансаң,
«Еті тірі, жаужүрек жан» деп айтар.
Жүрген көп; «жығылам» деп үйде бұғып,
Жел болмай, боран болмай бет алды ығып;
Қысқасы, оңдырмаған жасқаншақтық, -
Жасқанба, қылыш шапса, найза сұғып!
(Бір балуанға қарап. 1913) [1, 87 б.].

«Бір адамға» - акын С.Торайғыровтың 1914 жылы шыққан өлеңі. Туынды 3 бунақты, 11 буынды, қара өлең ұйқасында жазылған, 4 тармақтан тұратын 6 шумақты құрайды. «Бір адамға» өлеңінің негізгі тақырыбы – азаматтық тақырып болса, ал акын идеясы – жеке бір болыстың емес, бір кездегі ел билеушілердің өз бастарына берілген тарту, наградаларға (оқа, түйме, сылдырмақ теңге, шекпен т.б.) сатылып, ел қамын ойламағандарды шенеуге құрылады:

Бір үйде жиюлы екен қазына мал,
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:
«Бұрынғы атамызға сыйға берген,
Біздерден мынадай бар, мынадай бар?...»
Ол рас, аталарың шенге алыпты,
Арзан қып, қымбат емес, кемге алыпты.
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын,
Оқа, түйме, сылдырақ теңге алыпты!

Суреттер және көрдім жүзі жарқын,
Ойлады: «Оңдырған-ау, баққан халқын».

Соншама құны толық бұлды түйме,
Артында қалдырмас па жақсы даңқты?
Дедім мен: «Құтты болсын шекпеніңіз,
Артқыға қандай егін еккеніңіз?
Жусақ та денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз».

Көргенде күміс кесе, алтын аяқ,
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп:
«Қай момынның малы бар бұл аяқта?»
Демейінше болмады, қарап жай-ақ!
Отырдым, көрсем жекіп тастар ма деп,
Шал айтты: «Көрсеніздер, жасқанба» деп,
Кесені қолыма алып қарай бердім:
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп.
(Бір адамға. 1914) [1, 107 б.].

Ақын Сұлтанмахмұт махаббат тақырыбында да көптеген өлеңдерін жазғаны белгілі: «Ай сәуле күміс жүзді, құндыз қабак», «Ж...», «М...ға», «Ақ сәуле» т.б. С. Торайғыров көп туындыларында қатардағы пенде ләззатын, пенде махаббатын ұмытпайды. Пенде махаббаты дегенде акын тән сұлулығын әспеттеуге ден қояды. «Ақ сәуле күміс жүзді, құндыз қабак» - өлең. С. Торайғыровтың 1909 жылы жазған өлеңі. Махаббат тақырыбындағы жазылған бұл өлеңнің негізгі идеясы – махаббатты аялаңдар. Өлең құрылымы 3 бунақты, 11 буынды, 4 тармақтан тұратын 4 шумақты, қара өлең ұйқасы негізінде жазылған:

Ақ сәуле күміс жүзді, құндыз қабак,
Сен гүлсің иіс шашқан жарып сабақ.
Болғанда көзің – жақұт, етің – торғын,
Қасың – ай, шашың – жібек, мамық тамақ.
Көзің – нұр, сөзің – алма, аузың – алтын,
Самород, қоспасы жоқ нағыз балқын.
Шомылған сұңқар бойың нақ гауһардай,
Бұрқырап нұр төгілсін, маған талпын?

Бір сенсің дүние көрген көзім нұры,
Жарқырап жаным тартар, көңілім гүлі!
Егілген ер көңілім қол сермейді,
Тартса да аспаннан көп жұмақ хоры.
Жан сәуле, кеуде күйген, жүрек жалын!
Кеудем от, жүрегімнің байқа халін?!
Дауасы ауыр дерттің – жалғыз сенсің,
Қолың бер, кетсін, қайғы, сөнсін жалын! 1, 34 б.].
(Ақ сәуле күміс жүзді, құндыз қабак. 1909)

Қазақ әдебиетінде Абайдан кейінгі ірі ақындардың бірі – С. Торайғыров десек, Сұлтанмахмұттанудың, негізінен алғанда, ол қайтыс болғаннан, яғни 1920 жылдан бастап қолға алына бастағаны белгілі. Портрет жасау шеберлігіне құрылған бұл өлеңнің мақсаты белгілі бір адамның жеке бір сүйіспеншілігінің дәлме-дәл суреттелумен қатар, жалпы махаббат асылдығын, құдіреттілігін әспеттеу болып табылады. С. Торайғыров лирикалық бейнеге деген өзінің ғашықтық сезімін «Күміс жүзді, құндыз қабақ» сөздеріндегі «күміс», «кұндыз» метафоралық эпитеттерді сәтті қолдану арқылы жеткізгенін көреміз. Мұндағы бағалық, асылдық мағыналар қатар лирикалық бейнеге деген ғашықтық, құштарлық сезімдерде әсерлі жеткенін танымыз. Одан әрі ақын лирикалық бейненің тән сұлулығын нақты көз алдымызға елестететін дәстүрлі «жақұт», «торғын», «ай», «жібек», «алма», «алтын» т.с.с. метафоралардан да сәтті қолданумен қатар, лирикалық бейненің жастығын, нәзіктігін, талдырмаш бойын т.б. әспеттейтін «Шомылған сұңқар бойың нақ гауһардай» т.б. тәрізді тосын суреттеулерді де пайдаланғанын көреміз.

«Ж...» - Сұлтанмахмұттың 1915 жылы махаббат тақырыбында жазған өлеңі (көлемі 40 жол):

Қарақат көздің сәулесі,
Жүректі түрткіп тулатат.
Мен сол ойдың әуресі
Түйінін таппай ұлатат.

«Сәулешім» деген бір сөздің,
Есімнен кетпес өмірде.
Серт қылдым берік мен өзім,
Өшпестей жазып көңілге.

Қосылған жүрек, тілек бір,
Дегені бірақ бола алмас,
«Болдырмақ!» десең өзін біл,
Онсыз жаным тына алмас...
(Ж...1915) [1, 125 б.].

Өлең мазмұны сыршылдық, ғашықтық сипатта келіп, ақынның өз ойы мен толғанысын анық көрсетіп береді. Лирикалық кейіпкердің көңілін толқытқан сағыныш сезімі мен баянсыз махаббатты ақын өмір заңдылығы деп қабылдайды. Сол лепесті «Топас күш – тасқын, біз жаңқа, Сен соқса достар айрылар», - деген айшықты образдармен танытса да, мұң-наласын сыртқа шығармай, ішкі тебіренісін байсал болмыспен жеткізеді. Шығарма соңын «Бермесе тәңірі тілекті, Істесін мейлі жалмауын», - деп түйіндеген ақын өр, оптимист қалпын сақтап қалады. Өлең 8 буынды шалыс ұйқаспен жазылған. Шәймерден қолжазбасынан алынып, 1950 жылдан бері ақын жинақтарында жарияланып келеді.

«М...ға» - С. Торайғыровтың 1918 жылы махаббат тақырыбында жазған өлеңі. Шығарма дәстүрлі 3 бунақты, 11 буынды, қара өлең үлгісінде жазылған:

Жұмыр бас, дөңгелек бет, орта бойлы,
Толық шеке сыпаттар терең ойды.
Тік иық, шын бұраң бел, қардай еті,
Сұлу сымбат көркіне көңілім тойды.

Кең біткен, жазық келген ақша маңдай,
Иілген қара сүрме қасы қандай!
Қарақаттай мөлдіреп күлім көзі,
Қараса жанар төгіп жаққан шамдай...

Жібектей майда қара шашы ұзын,
Түр мен сымбат еріткен жүрек сырын.
Оқу, білім, ақыл мен әсем тұлға
Бірдей келген көрдім мен қазақ қызын.
(М...ға) [1, 138 б.].

Портрет жасау шеберлігіне құрылған бұл өлеңде лирикалық бейненің сұлулығын көз алдымызға нақты, дәл елестететін бейнелеу үлгілерін көреміз: «Жұмыр бас, дөңгелек бет, орта бойлы, // Толық шеке сыпаттар терең ойды. // Тік иық, шын бұраң бел, қардай еті, // Сұлу сымбат көркіне көңілім тойды. // Кең біткен, жазық келген ақша маңдай, // Иілген қара сүрме қасы қандай! // Қарақаттай мөлдіреп күлім көзі, // Қараса жанар төгіп жаққан шамдай.» Мұның бәрі лирикалық қаһарманның өзіндік мінез-қылығына сай нанымды кестеленген. Осы арқылы лирикалық қаһарманда болуға тиісті деген ортақ сезімдерді тудырған лирикалық бейненің тән сұлулығы дәріптелінеді.

«Ақ сәуле» - өлең. С. Торайғыровтың 1918 жылы жазған өлеңі:

Назды, нәзік, ақ сәуле,
Көздің жасын исең-ау!
Елжіреп жас жүрегің,
Мендей болып күйсең-ау!

Омырауы ашық ақ көйлек,
Етегі қысқа кисең-ау!
Еркелетіп, бұралтып,
Ерінге ерін тисең-ау!

«Жаным, сәулем, күнім» - деп,
Суырып, сорып сүйсең ау.
Ақ тісінді ақситып,
Махаббатпен күлсең-ау.

Ақ торғынға оранып,
Тау ішіне кірсең-ау.
Арасында гүлдердің,
Қолтықтасып жүрсем-ау...
(Ақ сәуле. 1918) [1, 140-141 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Торайғыров Сұлтанмахмұт. Сарыарқаның жаңбыры. Бірінші кітап.
– Алматы : Жазушы, 1987. – 160 б.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 03.09.14 редакцияға түсті.

М. Н. Баратова, К. Мукушева

Мастерство Султанмахмута Торайғырова

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 03.09.14.

M. N. Baratova, K. Mukusheva

The skill of Sultanmakhmud Toraighyrov

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 03.09.14.

*В статье анализируется мастерство Султанмахмута
Торайғырова.*

The article analyzes the skill of Sultanmakhmud Toraighyrov.

ӘОЖ 821.512.122. +821. 512. 161

М. Н. Баратова, Н. Қ. Жүсіпов

**С. ТОРАЙҒЫРОВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ «КҮН», «НҰР»,
«ТАҢ», «ЖАРЫҚ» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Мақалада С. Торайғыров өлеңдеріндегі «күн», «нұр», «таң»,
«жарық» ұғымдарының ерекшелігі сөз болады.*

С. Торайғыров стилін танытарлық өрнектер дегенде, «ак», «қара»
сөздеріне байланысты кестелер шоғырын диттегеннен кейін, ақынның: «нұр»,
«күн», «таң», «жарық» тәрізді сөздер көмегімен енгізген бояулар үрдісін
арнайы сөз еткіміз келеді.

Алдымен С. Торайғыровқа дейінгі шығыс әдебиетіндегі, оның ішіндегі
қазақ әдебиетіндегі осы бағыттағы мысалдар шоғырына назар аударайық:

1. Егер күн тумаса да, жарық қылғай
Жүзің нұры бұ құлынның сарайын. (1353 ж.)
Хорезмидің «Мұхаббат – наме» дастаны.
2. Жүремін кездесуге әрдайым талаптанып,
Түн қанша ұзақ болса да, [атар]таң бар [1, 89, 97 б.].
3. Көруші едім, Есімхан,
Ханымды күнім, сізді – айымдай.
Жиёмбет Бортоғашұлы.
4. ... Мұнардан шыққан қызыл күн бетгі
Айттырса бермес сұлуын ...
Тегін олжа қылар ма екенбіз?!
Ақтамберді Сарыұлы. [2, 92, 98-99 б.]
5. Шын сүйгеннің көңілі жарық болса,
Ғашық жандар жаратқанға ұшар достар!
XIII ғ. Қожа Ахмет Иассауи [3, 63 б.].

Бұл мысалдардың бәрінде: нұр, күн, таң, жарық ұғымдары бір негізден
өріп қараңғыға қарама-қарсы жарық мағынасын алға тартып, сол арқылы топас,
меніреу, қараңғылық, зұлымдық иелерін жеңер күш басымдығын ишараттауға
қызмет етсе, С. Торайғыров бұл дәстүрді әрі дамытқан деуге негіз толық:

1. Көзің – нұр, сөзің – алма, аузың – алтын,
Самород, қоспасы жоқ нағыз балқын.
Шомылған сұңқар бойың нақ гауһардай,
Бұрқырап нұр төгілсін, маған талпын? [4, 34 б.].
(Ақ сәуле күміс жүзді, құндыз қабак. 1909)
2. Қарақаттай көзі бар, мөлдір біткен,
Жалтандап қарағанда жанар төккен.
Жан азығы болады жас жігітке,
Күлімдеп, қарағанда нұры сепкен [4, 35-36 б.].
(Қ...ға сәлем. 1909)
3. Жазғы кеш, жарық айлы, қоңыр самал,
Рахат таза ауасын жұтқанда бал.
Сұлу жұлдыз жымындап шақырғандай
Көрікті нұр сәулеме көзінді сал [4, 42 б.].
(Жылы кеш. 1910)
4. Тимеді сол себептен жалғыз тамшы
Ғаламға еркіндік нұр тасқанында.
Қарасак басқалардың жастарына
Өнер, ғылым толып тұр бастарында [4, 67 б.].
(Жарлау. 1912)

5. Жаным, тәнім, тілегім – бәрі сізде,
Онан басқа еш нәрсе жоқ қой бізде.
Бір құдай тілегімді қабыл етіп,
Жақсылық нұр жауғызсын, жұртым, сізге [4, 70 б.].
(Алғыс. 1912)
6. Бұл памятым, ал еске:
Жүрегім сізден көшпеске,
Достық жібін шешпеске,
Күннің нұры сөнгенше,
Қараңғылық көмгенше,
Махаббат оты өшпеске [4, 129 б.].
(Бұл памятым, ал еске. 1915)
7. Жарық қол, қара табан, жалақ ерін,
Толтырған кеудесіне қайғы-шерін.
Жеті атасы құлдыққа күн өткізген,
Кірме деп кемітетін ата-тегін [4, 48 б.].
(Сарыбас. 1911)
8. Дін деген – өтірікке нану деген,
Көңілге өнбес қиял алу деген.
Қиямет күн ғарасат майданында
Өлген адам тіріліп бару деген [4, 43 б.].
(Дін. 1910)
9. Күн қайда құтылатын торды бұзып,
Бақырып ызаланды жерді сүзіп,
Даусын танып баяғы тшқан келіп,
Құтқарды торды қиып, тістеп үзіп [4, 62 б.].
(Арыстан мен тышқан. 1912)
10. Мен балаң жарық күнде сәуле қуған,
Алуға күнді барып белді буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толғанайдай балқып туған [4, 74 б.].
(Шығамын тірі болсам адам болып. 1913)
11. Жаз жетіп, қарлар кетті, сулар ағып,
Күн де тұр жарқ-жұрқ етіп нұрын жағып.
Құлпырып, жүз құбылып жердің жүзі
Қуанбас жан-жануар бұған нағып [4, 77 б.].
(Жазғы қайғы. 1913)
12. Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың көгіне
Күн болмағанда, кім болам? [4, 88 б.].
(Шәкірт ойы. 1913)

13. Міне алланың панасы:
Бір жағынан ай туып,
Бір жағынан күн туып,
Жарық көрді алашы! [4, 89 б.].
(Міне, алақай! 1913)
14. Бермек тұрсын өзіме,
Жала жасап дау қылшы!
Сөндірі ай мен күніңді
Тек денімді сау қылшы! [4, 91 б.].
(Тұрмысқа. 1914)
15. Бәрі сенің бір өзің:
Күн, ай, жұлдыз – дәл көзің.
Мың қайтара тәу етем,
Аузыңнан шықса, бір сөзің [4, 121 б.].
(Жан қалқам. 1914)
16. Үсте сәуле алтын күн,
Қоршаған тоғай нансаң-ау,
Сайраған бұлбұл бұтақта,
Құлақ құрыш қансаң-ау!
Неше түрлі гүл иісі
Иіскеп мас боп қалсам-ау.
Кәрілік келмей, жаз өтпей,
Сондай түрде қалсам-ау! [4, 141 б.].
(Ақ сәуле. 1918)

Міне, өзіне дейінгі әріптестері тәрізді С. Торайғыров да «нұр», «күн», «таң», «жарық» сөздерін пайдаланғанда, әрі дәстүрлі білімділік, әділдік, ізгілік, тән сұлулығы, сезім құштарлығы, тіршілік салтанаты т.б. ұғымдарын ту етумен қатар, әрі өзі өмір сүрген дәуірде қазақ халқының еркіндік, бостандығы жоқтығын, соның салдарынан да озбырлық, зорлық, кемсіту, қорлауды т.б. бастан кешіп отырғанын бөліп көрсете алған. Мұның бәрі әрі ақын стилін бағыттаушы кезең стилі әсерін, әрі ақынның осы іспетті ойларына ықпал етуші, жетекші қызмет атқаратын өзекті, басты идеяның да ақын стилінен бастау алып, тұлғаланып отыратынын дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Оғыз-наме. Мұхаббат-наме. – Алматы : Ғылым, 1986. - 208 б.
2 XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы : Ғылым, 1982. – 240 б.
3 Қожа Ахмет Иассауи. Диуани Хикмет. – Алматы : Мұратас, 1993. – 262 б.

reach. The example is the problem of translating an English combination “fish and chips” used as a symbol of petit bourgeois way of life. In the German language, a similar symbol is not fish and chips, but “Wurst und Brot”, i.e. “bread and sausage”. Here, F. Güttinger thinks that the translator can choose one of the five solutions:

1. Just to omit the difficult place, and this, strictly speaking, can not be called translation at all.

2. To give a word-for-word translation with the risk that it will mean nothing for the reader, and thus in its influence is equal to the absence of translation.

3. To translate as “Wurst und Brot” having changed both the designation and the designate, but retaining the initial function.

4. To provide a word-for-word translation with an additional explanation, like “this inevitable fish and chips” in the text or in the note.

5. To do with an explanation, like “one and the same cheap food” without translating the word-combination itself.

In the practice, the translator has to make this or another choice depending on many factors [3].

Especially clear is the necessity to render not only the sense but also the influence on the reader in translation of a pun (play on words). F. Güttinger brings a whole series of examples of unsatisfactory translations, where the play on words has been lost and the translator failed to render not only the influence but also the sense itself.

Things are more complicated with meaningful names that are not infrequently given by the authors of literary works (for example, Shakespearean Aguecheek, Touchstone, Parolles, etc.). In principle, for the retention of the influence on the reader, they must be changed by meaningful names in the language of translation. However, it may become inappropriate if it is clearly indicated in the original the national reference of the character (the Englishman Smith can not be called in the German translation as “Schmidt”).

At the end of this section, F. Güttinger considers two more questions of translation practice connected with the perception of the text of translation by the reader. The first of them involves spelling of English names in German translations. This involves such names that differ only slightly in spelling (the English George and the German Georg). Stating that in both the studies, there are also completely coinciding names (Ральф, Артур, Роберт), F. Güttinger comes to the conclusion that purely English names must be preserved in translation, and those that exist in the German language too, must be given in their German form. The second question is connected with a frequent use of title words before English names “Mr”, “Mrs and “Miss”. Though in the German language, there are corresponding titles F. Güttinger considers that their use often sounds ironically, which effect is absent in the English original. That is why, in most cases, “Mr Graham Green” will be merely “Graham Green” in the German translation.

The third section of the book is devoted to “translator’s friends”, i.e. various sources of information that a translator uses in his work. Here, he considers various types of dictionaries and reference books, as well as the possibility of using fortunate findings and formulations of other translators and authors of original works. The author brings a number of convincing examples showing how vast and at the same time deep the knowledge of a translator of any literary work should be.

Of doubtless practical interest is the fourth section of the book where the author tries to reveal the main causes of mistakes in translation. Here, he is not interested in mistakes that are caused by the insufficient knowledge of the translator, nor in the occasional inaccuracy. His object is the sources of regular mistakes that are made by qualified translators. By a great number of interesting and convincing examples, F. Güttinger demonstrates the mistakes of the translators that are caused by the following: non-use of a dictionary, absence of attention of logical ties between the separate elements in the text of translation, lack of sensitivity to the emotional shades and associations of a word in a particular context, absence of understanding of a transferred use of some word, failure to discriminate between a free choice of the author of the original and the grammatical forms that are imposed on him by the language as compulsory or most commonly used.

A considerable volume in the book is taken by its last, fifth, section where the author studies a great number of concrete problems of creating a full-value text in the TL:

– the use of words that do not have correspondences in the SL (though in the English language there is no word that would correspond in meaning to the German “leise”, this latter should be used in translations as often as in the original German texts);

– the choice of the form of address in accord with actual relations between the interlocutors (translation of the English “you” by the German “du” and “Sie” or omission of the address in ambiguous cases);

– the desire to point to belonging of the original to an old historical epoch can not be reached by the use of archaisms that are not clear to a modern reader and not preserving the influence of the original on its contemporaries;

– preservation in translation of the colloquial style of the original, the more so because many everyday objects have no colloquial names (and translators often have some prejudice against colloquial lexis);

– careful use of loan words, taking into consideration that they play a different role in the German language than in the English language (many loan words belong to colloquial style: “das Telephon”, instead of “der Fernsprecher”);

– substitution of very often used “he said” by a variety of German verbs of speaking;

– omission of territorial dialectal words or substitution of them by common parlance (the same is in rendering the contaminated speech of foreigners);

– rendering of English “strong language words” by the corresponding German words;

– possession of special knowledge for rendering professional dialectal words;
– the use of a natural word order in the German language (without copying the direct word order of English sentences), which may sometimes require also the change of the succession of some phrases;

– preference of shorter variants where possible;

– constant desire to perfection of active use of the native language.

Бұл пікір әлемнің көптеген тілші мамандары тарапынан үлкен сынға алынды. Алайда автордың өзі бұл он тармақтың әрбір публицистикалық тақырыпат үшін міндетті емес екенін ескерткендігін айтып өткен жөн. Мысалы, «газет тақырыпаты мейлінше қысқа болуы керек» деген талапты ол былайша түсіндіреді: көлемді және шағын тақырыпат арасында таңдау мүмкіндігі болса, публицистикада басымдылық екіншісіне беріледі, қалған талаптар бойынша да осылай. Автордың пікіріне сай, жоғарыда аталған он талапқа жауап беретін газет тақырыпатын публицистикада мінсіз деп санауға болады. Дей тұрғанмен, бұл топтамада келісуі қиын бірқатар мәселелер бар. Мысалға, 4-тармақты логикалық тұрғыда бесінші және сегізіншіге кереғар санауға болады. Ал алтыншысы жетіншімен мағыналас. Сонымен қатар публицистикада «анықтылық пен бір мәнділік» және тақырыптың қызықтылығын қатар ұстау қиынның қиыны,

керісінше, қазіргі журналистер тақырыптың екі мәнді табиғатын пайдалана отыра, оқырман көңілін мақаласына аударғысы келуі көп кездеседі.

«Баспасөздік маңызы жоғары есімдер мен түсініктер» дегенде, автор рецепиент үшін көлемді мәнмәтіндік ақпарат жеткізетін адам есімдері, оқиғалар мен құбылыстарды меңзейді. Біз үшін олар прецеденттік мәтіндер (құрылымдар) деген атпен көбірек таныс. Солай бола тұра, публицистикалық тақырыптың құрамында олардың кездесуі міндетті талап болып табылады дегенімен келісу қиын. Бұл мәселе тақырыптың грамматикалық құрылымы яки бейнелілігіне жақынырақ. Онда да автор оларды қолданғысы келе ме, жоқ па, ол оның өз еркінде.

Осындай талаптармен қатар Daniel Dog газет тақырыпаты әдемі қаптама қызметін атқаруды ұмытпауы керек деп санайды. Бұл – жоғарыда атап өткен грамматикалық құрылымның өзі.

Ал Қазақстан ғалымдарының көпшілігі Э. А. Лазарева (1989) ұсынған Ресейдегідей газет тақырыптарына жүктелетін міндеттерді ұстанады. Оның «Заголовок в газете» атты еңбегіне сай, публицистикадағы тақырыпат негізгі үш талапқа жауап беруі тиіс: ақпараттылық; мәтін мазмұнымен сәйкестік; грамматикалық құрылым (немесе бейнелілік) [18].

Жоғарыда аталған шетелдік ғалымдар ұсынған талаптарға қарағанда, бұл еңбекте тақырыптың мәтінмен сәйкес болуы сынды маңызды аспект назардан тыс қалмайды. Шынтуайтқа келгенде, авторлар оқырман көңілін жаулап алатын қызықты тақырыпат құрамын деп, шектен тыс шығып кететін жағдайлар жиі кездеседі. Осылайша «артық қылам деп, тыртық қылғанның» нәтижесінде тақырыптары тек жарым-жартылай не мүлде мәтінмен сәйкес келмейтін «ақаулы» мақала атаулары туындайды. Егер бұрын шамамен барлық газет тақырыптары белгілі принцип бойынша құралатын болса, қазір публицистикада «сөз бостандығымен» қоса, автордың толық еркіндігі заңдары әрекет еткендіктен, журналистер оқырман көңілін өз туындысына мейлінше көп аударуға тырысады да, бейнелілік сарынға көбірек екіпін түсіреді. Осындайда авторлардың көп жіберетін қателіктері – «мәтін мазмұнымен сәйкестік» қырын назардан тыс қалдыруы. Мұндай әрекеттердің салдары ойлаған болжамдарды ақтай бермейді. Егер тілші тақырыпатта бір нәрсені айтып, мақалада мүлде басқа туралы сөз қозғаса, оқырман нақты автордан ғана емес, бүкіл баспадан да көңілі қалып, одан бас тартуы мүмкін.

Газет тақырыпаты көптеген қызмет атқаруы мүмкін. Алайда олардың ішінде баспа орны, оның әрекет ету саласы мен газеттің негізгі тақырыптарына қарамастан, барлық публицистикалық тақырыптарға тән талаптар бар. Сондай-ақ біреулерінде кездесіп, екіншілерінде кездеспейтіндері де жоқ емес.

Осыған байланысты біз газет тақырыптары жауап беруі тиіс міндеттерді бұл қызметтердің маңыздылығына байланысты бірінші реттік (негізгі) және екінші реттік (қосалқы) деп бөлгенді жөн санаймыз.

Бірінші реттік (негізгі) міндеттерге басылым орны, уақыты мен мамандануы және басқа да жанама факторларға қарамастан, барлық публицистикалық тақырыпаттар жауап беруі тиіс талаптар жатады.

Ең бірінші, бұл – ақпараттылық яки мазмұндылық қызметі. Кез келген тақырыпат, ең алдымен, реципиентті мақала мазмұны турасынан жылдам әрі шағын түрде хабардар етуге арналған. Олар осы себептен де қалыптасқан болатын.

Орыс жазушысы Н. А. Ульянов: «Тақырыпат мақала мазмұнын дұрыс ашпағандықтан, шын мәнінде мазмұны қызықты болатын мақала өз оқырманын таба алмай жатады», – дей отыра, қаламгерлердің шығармаларына «есім» берместен бұрын, оның нақтылығына және мағыналылығына ерекше ден салу керектігін айтады [19]. Мұның өзі оқырман көңілін нақты мәтінге аударуда мақала тақырыпатының ақпараттық тұрғыда мағыналы болуының маңызы зор екендігін көрсетеді.

Кез келген тақырыпат қандай да бір деңгейдегі ақпараттылыққа ие. Мақала атауының мазмұндылығы тақырыпатта баяндалатын оқиғаға байланысты емес, мақала мәтініндегі осы оқиға туралы айтылған ақпаратқа байланысты анықталады.

Ақпараттылық түсінігі (ақпарат түсінігіне қарағанда) мәтінде айтылатын фактілермен, сондай-ақ адресатпен де өзара байланысты. Яғни мақала атауының ақпараттылығы ұғымына мәтінде сөз етілетін оқиғалардың тақырыпатта көрініс табуы ғана емес, сонымен қатар әрбір жеке оқырман өзінің біліміне байланысты қабылдайтын ақпарат көлемі де жатады. Әрине, әр адресаттың бастапқы білімі әртүрлі. Сол себепті журналистикада мақаланың атауы реципиенттердің орташа ақпараттылық деңгейіне негізделі отырып құрылады. Ақпаратқа қарағанда тақырыпат ақпараттылығы нақты адресанттың мәтіннен ала алатын ақпарат көлемін білдіреді.

Бүгінгі мерзімді басылым беттеріне үңілетін болсақ, журналистердің өз туындыларын олардың атауларында түрлі деңгейде түйіндейтіндігін байқауға болады. Мысалы: «*Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде немесе тағы бір меморандумға қол қойылды*» («Айғақ», 24.11.2012) және «*Байлықтың басы – денсаулық*» («Түркістан», 13.12.2012). Бұл публицистикалық мақалалардың екеуінде де Оңтүстік Қазақстан облыстық денсаулық сақтау басқармасы және Израильдің «ШИБА» медициналық орталығы денсаулық сақтау қорымен бірлескен медициналық ғылыми-зерттеу қоғамы арасында үш жылдық меморандумға қол қойылғандығы жайлы сөз етіледі. Бірақ салыстырмалы түрде біріншісі мазмұндылық тұрғыдан әлдеқайда салмақты: мұндай мақала атауына кезіккен реципиент онда денсаулық сақтау саласында қандай да бір меморандумға қол қойылғандығы туралы ойша саралап, түсіне алады. Ал екінші тақырыпатқа кезіксе, меморандум жайлы топшылауы екі талай екені сөзсіз, тек мақаланың денсаулыққа қатысты екендігін ұғынуы ықтимал.

Э. А. Лазарева атап көрсеткендей, тақырыпат мәтінің мағыналық құрылымының қандай да бір бөлімінен (тезис, негізгі идея, фондық ақпарат, баяндалатын оқиғаға авторлық баға) сыр шертеді. Аталған мәтін элементтерінің тақырыпатта қалай көрініс табатындығына байланысты біз тақырыпат атауларын толық ақпаратты және толымсыз ақпаратты деп бөлгенді жөн таптық.

Толық ақпаратты тақырыпатта мәтіннің қандай да бір мағыналық бөлімі мейлінше кең қамтылады да, *толымсызда* оның мағынасы тиісті деңгейде ашылмайды.

Толық ақпаратты тақырыпаттар мәтін құрылымының қандай да бір бөлімінен сөз етіп, оқырманға бірқатар ақпарат мөлшерін жеткізеді. Кейде мақала атауында бір мезетте бірнеше мағыналық элемент көрініс табатын кездер болады. Ондай мақала атауларын *кешенді тақырыпаттар* деп бөлген жөн. Аталған тақырыпаттардың мазмұндылығы әлдеқайда жоғары, мәтінмен байланысы да сан алуан. Мақала атауы мағыналық құрылымның екі бөлімінен хабардар етуінің қарапайым әрі қазақ тілді баспасөз беттерінде жиі кездесетін мысалы – бір-бірімен «немесе», «яки», «болмаса» деген сынды шылаулармен байланысқан екі бөлімнен құралған тақырыпаттар. Мысалы: «*Үш есімді иеленген батыр немесе Сыдық қалай Садық, Сыдық атанды?*» («Айғақ», 26.05.2010), «*Дене шынықпай, ми дамымайды болмаса педофилия төңірегіндегі әңгіме*» («Ақиқат» журналы, 2012.- № 7), «*Африка ренессансы немесе қара құрлықтың айы оңынан туар күн жақын*» («Заман-Қазақстан», 08.05.1998).

Толық ақпаратты тақырыпаттардың басты ерекшелігі – оқырман оны оқысымен-ақ мақала не жайлы хабардар ететінін анықтай алады. Ал бейнелілік тұрғысынан қарайтын болсақ, толық ақпаратты тақырыпаттар газет (журнал) тақырыпат жүйесінің бейтарап бөлімі кейпін ұстанады да, олардың аясында басқа экспрессивті мақала атаулары көзге анағұрлым айшықты түседі: «*Бас прокуратура дипломаттарға қатысты іс қозғады*» («Егемен Қазақстан», 17.10.2013) және «*Дипломат-саудагерлер*» («Жас Алаш», 17.10.2013). Екі мақала да бір күні баспа бетін көрген және Қазақстанның Франкфурттегі (Германия) бас консулы Ахат Алпысбаев пен оның көмекшісі темекі контрабандасымен айналысқаны үшін тұтқындалғаны жайлы сөз етіледі. Айырмашылығы – алғашқысында тілші ақпараттылыққа көбірек «салмақ» түсірсе, екіншісінде автор мақалаға атау беру кезінде осындай тосын қолданыс арқылы тақырыпаттың экспрессивтілігін арттырып, соның негізінде мазмұндылық пен бейнелілікті қатар алғанда, басымдықты екіншісіне берген.

Толымсыз ақпаратты тақырыпаттарға келсек, олар мақаланың мағыналық құрылымының қандай да бір бөлімінен хабардар етсе де, мұны жарым-жартылай ғана іске асырады. Яғни осындай мақала атауына тап болған реципиент оны оқығаннан кейін, мақала мазмұны жайлы алғашқы

түсінігі тұспалды түрде қалыптасады да, ақпараттылық «көріністі» толық көріп, қорытынды ой шығару үшін ол мақала мәтініне жүгінуі керек болады. Айталық, «Қару қалай берілген?» («Егемен Қазақстан», 30.05.2013) мақаласы. Оқырман мақала атауына алғаш көзі түскенде, онда мәселе қару жайлы, оның тұспалды түрде қандай да бір азаматқа заңсыз берілгендігі туралы екендігін топшылайды. Бірақ бұл тек болжам екендігін түсініп, өзінің ойы оң-теріс екендігін анықтау үшін мақаланы толық оқиды. Сонда ғана автор Оңтүстік Қазақстан облысында полицияның жүйке аурулары диспансерінде тіркеуде тұрған он тоғыз адамға қару алып жүруге рұқсат бергендігін сынап айтқандығына көз жеткізеді. Бұл ретте тілші риторикалық сұрақ түрінде құрастырған тақырыптың ақпараттылығы толық болмаса да, есесіне экспрессивтілігі айтарлықтай жоғары, соның негізінде оған деген оқырман қызығушылығы да бірқыдыру.

«Қазақ футболындағы құбылыс!» («Жас Алаш», 22.08.2013), «Сенсация: «Селтиктің» сағын сындырдық!» («Егемен Қазақстан», 21.08.2013), «"Шахтерге" "Селтиктің" де шамасы жетпеді» («Алаш Айнасы», 22.08.2013) деген үш мақала шамамен бір күні баспа бетін көрген, үшеуінде де баяндалатын оқиға бір – УЕФА Чемпиондар лигасының плей-офф кезеңіне шыққан қарағандылық «Шахтердің» шотландиялық «Селтик» клубын «2:0» есебімен ұтуы. Бірақ алғашқы тақырыпат толымсыз ақпаратты: оны оқыған адресат тек қазақ футболында бұрын-соңды болмаған оқиғаның орын алғандығын ғана түсінеді, бірақ нақты қандай жағдай болғанын ол тек мақала мәтінін толық оқығаннан кейін ғана біле алады. Мұнда автор осындай экспрессивті тақырыпат көмегімен таң қалдыру әрі оқырманның қызығушылығын ояту сияқты нәтижені күткені анық. Тілшінің бұл әрекеті публицистикалық мақала тақырыпатына қойылатын бірінші талапты сәл кейін шегеріп, бейнелілік, дәлірек айтқанда, оқырман көңілін аудару қызметін алға шығарған. Екінші мақалаға келсек, ол да экспрессивтілік тұрғысында алғашқы мақала атауындай мазмұнға ие, айырмашылығы – мұнда автор кешенді тақырыпат құра отырып, оның бірінші бөлігінде оқырман назарын өз шығармасына мейлінше аударуға тырысса, екіншісі бөлігінде ақпаратты толықтырып, адресатты орын алған оқиғадан хабардар етеді. Сөйтіп, ақпараттылық әрі бейнелілік тізгіндерін қатар ұстай біледі. «"Шахтерге" "Селтиктің" де шамасы жетпеді» мақала атауы мазмұндылық қырынан толық ақпаратты болса да, экспрессивтілік тұрғысында алдыңғы екеуіне қарағанда «осалдау». Әрине, автор мұнда көркемдік бейнелілік аспектісіне мүлде көңіл бөлген жоқ десек, қате болады. Мақала атауында әсірелеу сынды экспрессивтілік амал қолданылған болса да, басым екпінділік ақпараттылық қызметіне түсіп отыр.

Байқағанымыздай, мұндай тақырыпаттар ақпараттылық тұрғыдан «осалдау» болса да, оқырман назарын аударуда айтарлықтай маңызға ие.

Сол себепті қазіргі газет беттерінде толық ақпараттыға қарағанда, толымсыз ақпаратты тақырыпаттар жиі кездеседі.

Газет тақырыпаты жауап беруі тиіс екінші негізгі міндет – *мәтін мазмұнымен сәйкестік*.

Дүкеннен қаптамасында бір нәрсе жазылған, ал үйге келіп ішінен мүлде басқаны анықтауға болатын тауарларды сатып алу қаншалықты жағымсыз болса, публицистикада да дәл солай. Сондықтан реципиент газет не журналды қолына алған кезде онда осындай кереғарлыққа тап болмайтынына сенімді болуы керек.

Негізінен, публицистикада мақала атауы оның мазмұнымен сәйкес келмей жататын қайшылықтар келесі жағдайларда орын алады:

1. Мақала атауы мен оның мәтіні арасындағы байланыс көмескі және оны анықтауға оқырман белгілі деңгейде күш салуы керек. Автордың мақаласына берген атауы мәтіндегі бірнеше сөйлеммен ғана байланысты болса, осындай қателік орын алады.

2. Тақырыптың өзін екі түрлі (не одан да көп) мағынада түсінуге болатын болса, «тақырыпат – мәтін» арасындағы байланыс бұлыңғыр болады. Мақаланы оқығаннан кейін де оқырман автордың осындай тақырыпат арқылы нені айтып жеткізгісі келгенін түсінбей жатуы мүмкін.

3. Тақырыптың мағынасы мәтін мазмұнына кереғар келеді.

4. Мақала тақырыпатында кең мағыналы, көпсалалы, әртүрлі тақырыптағы мәтіндерде кездесе беретін сөздер қолданылса да, осындай стилистикалық қателік орын алуы мүмкін.

5. Мәтін мазмұнына еш жауапсыз, ол туралы жалған болжамға әкелетін тақырыпаттар. Мысалы, «*Бала сүйеге көмектесемін*» («Парасат», 2008. – № 3) деген мақалаға кезіккен оқырман онда не бір ер азаматтың тақырыпатта көрсетілгендей ойы туралы, не болмаса қандай да бір емшінің осындай қызмет көрсететіндігі жайлы жазылған деп болжайды делік. Ал шын мәнінде бұл мақалада «Экомед» медициналық орталығының бас директорымен сұхбат барысында талқыланған экстракорпоральдық ұрықтандыру мәселесі сөз етіледі. Осындайда мақала мазмұны оның тақырыпатын оқығандағы алғашқы тұспал-болжамдарымен сай келмей жатса, оқырман бойында қанағаттанбаушылық сезімі пайда болуы әбден мүмкін.

Екінші реттік (қосалқы) міндеттер. Екінші реттік талаптар біріншілері сияқты міндетті емес, автор оларды өз еркімен тақырыпатына қосқысы келсе, қосады да, алғашқы екеуімен ғана шектелгісі келсе, одан тақырыпат «сапасыз» болып қалмайды. Ең алдымен, бұл – *газет тақырыпатының бейнелілік қызметі*. Егер алғашқы екеуі, яғни газет тақырыпатының негізгі міндеттері, ең алдымен, оқырман үшін туындаған талаптар болса, бұл қызмет оқырмандардан гөрі көбіне журналистердің жеке қамын ойлағанынан барып туындаған талап десе де болады. Уақыт өтіп, заманның өзгеруімен

публицистика саласы дамып, онымен қатар мерзімді басылымдардың да саны арта түсті. Ал осынау көп мақалалардың ішінде реципиент дәл өзінің төл туындысына зер салуы үшін, журналистер өз шығармаларын көркемдік бейнелілігі тұрғысынан «безендіріп», оқырман назарын аудару үшін қолынан келгенше тырысып бағуда. Мақала атауын көркейту ісінде тілшілер троп пен фигурадан бастап, окказионализмдерге дейінгі сан алуан құралдарды қолданады.

Газет тақырыпатының келесі қыры – *авторлық бағалау*. Ол жай ғана автордың әңгіме болып отырған тақырыпқа деген көзқарасын ғана білдіріп қоймайды, сондай-ақ адресат үшін дискурс алаңын да ұсынады. Мақала атауын оқып, тілшінің бағасын білген реципиент өзі де мақала мәтініне ден қойып, оны оқығаннан кейін өз ой-тұжырымын автордың пікірімен салыстырып, тиісті қорытындылар жасайды. Басқаша айтсақ, авторлық бағалауы бар тақырыпаттар төңірегінде адресант пен адресат арасындағы қарым-қатынас тереңдей түседі. Мұндай қызмет қыры бар тақырыпаттар көбіне окказионализмдер арқылы танылады. «*Соқыр да сақау саясат немесе ұлтсыздар ұлтты ұлықтай ала ма?*» («Жас Алаш», 28.01.2010) деген тақырыпатты қарастыратын болсақ, тілшінің «саясат» сөзін осындай эпитеттермен «безендіруі» оның бұл мәселе жайлы жағымды көзқараста емес екендігін аңғартады. Ал «*Шығыс пен Батыс текетіресі... жоқ қоғамдастығы*» («Парасат», 1992. – №12) деген мақала атауында журналистің ойы ап-анық көрініп тұр және бұл аңдаусызда кеткен қате емес, тілшінің қасақана барған қадамы. Бұндай әрекет те оқырман назарынан тыс қалмайтындығы және мақала тақырыпатының прагматикалық әлеуетіне әсер ететіндігі сөзсіз.

Қысқасы, газет тақырыпаты түрлі қосалқы қызметтерде (коммуникативті, когнитивті, т.б.) қолданылады. Оның барлығы автордың қалауына байланысты. Тақырыпат міндеттеріне қойылар нақты шектеулер болмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Reah, D.** The Language of Newspapers. –London; New York : Routledge: International Ltd, 1998. – 126 p.
- 2 **Garst, R. E.** and Bernstein, T.M. Headlines and Deadlines. –USA: New York, Columbia University Press, 1961. – 237 p.
- 3 **Galperin, I. R.** Stylistics. –М.: «Higher School», 1977. – 405 p.
- 4 **Вомперсткий, В. П.** К изучению синтаксической структуры газетного заголовка /В.П.Вомперский // Паремииологический сборник. – М. : Наука, 1978. – С. 32-35
- 5 **Стам, И. С.** Газетный заголовок: соотношение логического и эмоционального в свете социальной психологии (на материале центральных

газет) // Вопросы стилистики. Вып. 18. – Саратов : Саратовский университет, 1982. –168 с.

6 **Ворошилов, В. В.** Журналистика: учебник. – С. - Петерб. гос. ун-т; Фак. журналистики. - 4-е изд. - СПб. : Изд-во Михайлова В.А., 2002. - 655 с.

7 **Тертычный, А. А.** Заголовок – слово главное /А.А.Тертычный // Журналист, 2004. - № 1(21). –С. 80.

8 **Прохорова, К. В.** Газетный заголовок: проблемы и функциональные возможности / К.В.Прохорова. - СПб. : Академия, 2005. – 134 с.

9 **Качаев, Д. А.** Социо-культурный и интертекстуальный компоненты в газетных заголовках (на материале российской прессы 2000-2006 гг.): автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Ростов-на-Дону, 2007. – 25 с.

10 **Шостаков, М. И.** Мастерство заголовка. Программа спецкурса, методическое указание. –М.: МГУ, 2008

11 **Бухарев, Н. Е.** Структурное развитие заголовков. – Алма-Ата, 1971
12 Газетный текст: экспрессивный синтаксис казахского и английского языков [Текст]: учеб. пособие / З. К. Ахметжанова, А. Т. Таткенова. – Алматы : Изд-во Казах. ун-та междунар. отношений и мировых яз., 2005. -144 с.

13 **Қожабекова, Р. Т.** Баспасөз бетіндегі тақырыптардың фразеологиялану ерекшелігі: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2002. – 140 б.

14 **Wolseley, R. E. and Campbell, L. R.** Exploring Journalism. – New York : Prentice-Hall, INC, 1946. – 636 p.

15 **Rivers, W. L.** The Mass Media: Reporting, Writing, Editing. – New York, Evanston, and London: Library of Congress, 1964. – 531 p.

16 **Westley, B.** News Editing. –USA.: Houghton Mifflin Company, 1953. – 433 p.

17 **Dor, Daniel,** 2003. On newspaper headlines as relevance optimizers. Journal of Pragmatics 35, – P.695–721

18 **Лазарева, Э. А.** Заголовок в газете. – Свердловск, 1989. – 96 с.

19 **Блисковский, З. Д.** Муки заголовка. – Москва : Книга, 1981. – 111 с.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.
Материал 25.08.14 редакцияға түсті.

К. С. Ергалиев, Е. Б. Асанбаева

Требования к публицистическому заголовку

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 25.08.14.

K. S. Yergaliyev, Y. B. Asanbayeva

The requirements for journalistic headlines

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.

Material received on 25.08.14.

В статье рассмотрены теоретические аспекты газетного заголовка и указаны основные тенденции в современной публицистике. Выдвигается систематизированная классификация требований к газетному заголовку, которая могла бы стать «стержнем» при составлении заголовка для журналистов современной прессы и, в первую очередь, облегчить читателям поиск нужной информации на страницах периодических изданий.

This article deals with the theoretical aspects of a newspaper headline and defines the main trends in today's journalism. The article offers a systematic classification of requirements for newspaper headlines, which could serve the «guidelines» for today's journalists, when composing the headlines, and, first of all, help readers in searching the needed information in the columns of various periodicals.

УДК 811.11

Ш. С. Жакупова, Д. В. Сизов

АССИМИЛЯЦИЯ ФРАНЦУЗСКИХ ЗАИМСТВОВАНИЙ

В статье рассматривается проблема ассимиляции французских заимствований. Проведен сравнительный анализ французских и английских слов.

Французское влияние на английский язык началось в первой половине XI столетия, когда существовали тесные торговые и культурные отношения между Францией и Англией.

Когда датчане изгнали англо-саксонского короля Этельреда из Англии, он нашел убежище в Нормандии. После возвращения в Англию его сына Эдуарда, выросшего во Франции, с ним приехало много норманнов, его приближенных, которых он назначил на высокие должности при английском дворе [1, с. 47].

К французским заимствованиям, проникшим в английский язык до норманнского завоевания, относятся слова: *castle, trail, mantle, clerk, turn, proud.*

Германский элемент сыграл очень важную роль в формировании французского языка. Германский фонд, как и латинский, вливался постепенно, хотя более или менее четко выделяются две волны: ранняя в галло-романском периоде, связанная с передвижением племени франков и более поздняя, связанная с заимствованиями нового времени [2, с. 61].

Хотя влияние французских заимствований на английскую лексику несомненно, велико, оно не вызвало преобразования всего английского языка, так как последний изменялся постепенно, сохраняя характерные особенности грамматики, лексики и звукового строя в течение длительного периода.

В этот период в Англии поселилось большое количество французских рыцарей и воинов, священников и монахов, а также купцов и ремесленников. Только в годы правления Вильгельма Завоевателя в Англию переселилось из Франции около 20000 человек. В течение нескольких десятилетий норманнский диалект был официальным языком королевского двора, управления страной и правосудия.

Норманны, прибывшие в Англию, не были знакомы с английским языком или владели им слабо, но с течением времени они постепенно усваивали его.

После норманнского завоевания все судопроизводство велось на французском языке. Начиная с 1362 года, по решению парламента, все судебные дела разбирались на английском языке по той причине, что французский язык был мало известен в стране.

После норманнского завоевания французский язык оказал большое влияние на словарный состав английского языка. Количество французских заимствований в среднеанглийской лексике не сравнимо с влиянием других языков в предыдущий или последующий период.

Большинство зарубежных ученых разделяют французские заимствования по семантическому признаку, то есть классифицируют их по определенным классам в зависимости от того, к какой области деятельности они относятся. В зарубежном языкознании французские элементы рассматриваются также на основе морфологического признака, то есть разделяются по частям речи. Для подавляющего большинства работ, посвященных этому вопросу, характерна описательность, отсутствие глубокого анализа преобразований заимствованных слов вследствие их подчинения лексическим закономерностям английского языка.

Нами проведен анализ английских и французских слов из англо-русского словаря В. К. Мюллера [3] нового французско-русского словаря В. Г. Гака [4] (таблица 1).

Таблица 1 – Сравнительный анализ английских и французских слов

| Английский | Французский | Русский |
|------------|-------------|---------------|
| Advise | Avis | Совет, мнение |

| | | |
|---------------|-------------|-----------------------------------|
| Agreement | Agreement | Соглашение, приятность |
| Alter | Alterer | Удовольствие |
| Ancient | Ancient | Изменять, вредить, портить |
| Appointment | Appointment | Жалованье |
| Arrest | Arrêter | Арестовывать, останавливать |
| Assist | Assister | Помогать, присутствовать |
| Assurance | Assurance | Уверенность, безопасность |
| Bachelor | Bachelier | Молодой жених, выпускник лица |
| Bounty | Bontè | Доброта, одолжение |
| Brave | Brave | Храбрый, честный, хороший |
| Command | Commander | Командовать, приказывать |
| Conscience | Conscience | Совесть, сознание, сознательность |
| Confectionary | Confections | Предметы, одежды |
| Demand | Demander | Требовать, спрашивать |
| Defend | Defendre | Защищать, запрещать |
| Embrace | Embracer | Обнимать, целовать |
| Feast | Fête | Праздник, торжество |
| Fierce | Fier | Гордый |
| Foil | Feuille | Лист |
| Grand | Grand | Великий, большой |
| Herb | Herb | Трава |
| Jolly | Joly | Красивый |
| Journey | Journee | День, дневная работа |
| Large | Large | Широкий |
| March | Marcher | Ходить, маршировать |

Анализируя семантическое развитие заимствованных слов в английском языке, можно отметить, что в результате смысловой дифференциации исконной лексики и французских заимствований, последние употребляются лишь в одном из тех значений, которыми они обладают в языке-источнике.

Политическое господство норманнов в Англии в XI–XIII веках и распространение французского языка в парламенте, в суде, в церкви, в школах и при королевском дворе явилось причиной заимствования большого количества французских слов. Другой причиной обогащения словарного состава английского языка было то обстоятельство, что изменившиеся политические условия, явившиеся следствием завоевания Англии норманнами, не благоприятствовали сохранению или развитию английской письменности и исконной литературной лексики.

Среди широких народных масс процент грамотных людей был низким, и английский язык был прежде всего средством устного общения.

В связи с тем, что большое количество исконных слов, выражающих отвлеченные понятия, было забыто, возникла необходимость в пополнении научной и литературной лексики.

При таком положении дел английский язык прибегал к широким заимствованиям из французского языка, на котором была создана богатая художественная литература.

В XII столетии были заимствованы следующие слова из французского языка, относящиеся, в основном, к области военного дела, управления и религии: justice, war, peace, tower, treason, prison, court, empress, sacrament, prior, chaplain, saint, grace, mercy, charity, faith .

Слабое проникновение норманнских элементов объясняется малочисленностью лиц французского происхождения, представителей норманнской знати по сравнению с широкими массами исконного населения; несходством английского и французского языков в области лексики. Кроме того в раннеанглийский период в английском языке еще не была развита способность к заимствованию как к активному способу пополнения словарного состава. Это было связано с тем, что английский был склонен в первую очередь использовать внутренние ресурсы для пополнения своей лексики.

Большинство зарубежных языковедов разделяет французские заимствования в зависимости от того, к какой области деятельности они относятся. На основе этого признака языковеды устанавливают, в каких сферах сильнее всего сказалось норманнское влияние, какие понятия явились для англо-саксов и были заимствованы у норманнов вместе с обозначающими их словами.

Проведенный нами анализ словаря [5] состоящего из 5000 слов и словосочетаний, позволил выявить 896 французских слов (таблица 2).

Таблица 2 – Французские заимствования в английском языке

| англ | франц | рус |
|---------------|----------------|--------------|
| Vanguard | avant-garde | Авангард |
| Advance | avance | Аванс |
| Venture | aventure | Авантюра |
| Aviation | aviation | Авиация |
| Automobile | Automobile | Автомобиль |
| Address | adresse | Адрес |
| Agiotage | Agiotage | Ажиотаж |
| Aquarium | Aquarium | Аквариум |
| Accompaniment | accompagnement | Акомпанемент |
| Accordion | accordéon | Аккордеон |
| Accessories | Auxiliaire | Аксессуар |
| Acteur | Acteur | Актёр |
| Acconcheur | Acconcheur | Акушер |
| Excise | Axcise | Акции |
| Halberd | hallebarde | Алебарда |
| Albatross | Albatross | Альбатрос |
| Album | Album | Альбом |
| Alternative | Alternative | Альтернатива |
| altruism | Altruism | Альтруизм |
| Alliance | Alliance | Альянс |
| Embrasure | Embrasure | Амбразура |

| | | |
|--------------|--------------|-------------|
| Empire | Empire | Ампир |
| Engagement | engagement | Ангажемент |
| Hangar | Hangar | Ангар |
| Anecdote | Anecdote | Анекдот |
| Ensemble | Ensemble | Ансамбль |
| Entente | Entente | Антанта |
| antelope | Antelope | Антилопа |
| Entacte | Entacte | Антракт |
| Entrechât | Entrechât | антраша |
| Entrecôte | Entrecôte | Антрекот |
| Entrepreneur | entrepreneur | Антрепренер |
| Enterprise | Enterprise | Антреприза |
| Entourage | entourage | Антураж |
| apache | Apache | апаш |

Как видно из исследования, в основном выделены существительные из области искусства, медицины и религии. Наблюдается схожесть в фонетике и семантике. В современный английский язык, французские слова вошли практически без изменений.

Заимствование слов административно–государственного управления *government, governor, administer, state, empire, prerogative, usurp, oppress, cabinet, assembly, statute, treaty, alliance, record, council, parliament, treaty, minister* связано с тем, что правление страной в течение более двухсот лет находилось в руках норманнов. Тесно связаны с идеей правления такие слова, как *subject, allegiance, rebel, traitor, treason, exile, public, liberty*.

Слово *office* и названия многих должностей и должностных лиц также заимствованы из французского языка. Примеры: *treasurer, marshall, governor, councillor, minister, chancellor, castellan, mayor, constable, coroner* и др. Этот список можно расширить за счет слов, относящихся к экономической организации общества, феодальной системе, деятельности казначейства и т.д. – *manor, domesne, bailiff, peasant, revenue, exchequer, servant, caitiff, tax, subsidy, bondsman, slave, control, controller, allow, vassal, homage, serf, chattel, money u rent*.

Частые войны в средневековье, а также тот факт, что войска находились под командованием лиц, говоривших на французском языке, ведение англичанами военных действий на территории Франции в период Столетней войны содействовали заимствованию английским языком французских военных терминов.

Среди французских ранних заимствований имеется большое количество глаголов. Тогда как среди поздних заимствованных слов преобладают существительные и прилагательные. Список глаголов, заимствованных в тот же период, отличается значительным разнообразием. Примеры: *advance, advice, aim, allow, apply, approach, arrange, arrive, betray, carry, chase, close, comfort, commence, complain, conceal, consider, continue, count, covet, cry,*

deceive, declare, defeat, defy, delay, desire, destroy, embrace, enclose, enjoy, enter, err, excuse, flatter.

Наличие большого количества французских глаголов характеризует силу французского влияния на английский язык.

Проникновение французских слов после норманнского завоевания создало благоприятные условия для заимствования впоследствии лексических элементов из других романских языков и содействовало их быстрой ассимиляции в нем.

Французы оказали большое влияние в области медицины, изобразительного искусства, живописи, архитектуры, музыки, балета, танцев.

К заимствованиям в области науки и искусства относятся слова *contrast, febrile, pique, tourniquet, billion, cohesion, orangery, panacea, prairie, environs, à la gothic, à la moderne, attic, balustrade, console, dome, façade, festoon, fronton, lune, niche*.

Английский, как и другие языки, пополнялся и продолжает пополняться заимствованными словами. Для английского языка особенно характерно наличие большого количества романских элементов в силу конкретных исторических условий развития Англии.

Несмотря на обширный приток иноязычных слов, английский язык подчинил их закономерностям не только звукового и грамматического строя, но и особенностям лексической системы.

Влияние французского языка прослеживается в Англии во все эпохи, и было довольно значительным в новоанглийский период. В XVI в. оно стало менее заметным вследствие предпочтения, оказываемого латинскому языку.

Характерной особенностью французских заимствований является то, что большинство из них относится к числу наиболее употребительных и выражают самые распространенные понятия из жизни и опыта англичан.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 **Brook, G.** A History of the English Language, London Deutsch, 1956. - 224 с.
- 2 **Жакупова, С. Х.** К вопросу о роли германских элементов в развитии французского языка // Материалы республиканской научно-теоретической конференции, посвященной 10-летию института языка и перевода «Лингва». – Караганда, 2006. – 61 с.
- 3 **Мюллер, В. К.** Англо-русский словарь. – М. : Русский язык, 1992. – 844 с.
- 4 **Гак, В. Г., Ганилина, К. А.** Новый французско-русский словарь. – М. : Русский язык, 1998. – 1195 с.
- 5 **Гришина, Е. А.** Иллюстрированный словарь иностранных слов. – М. : АСТ: Астрель, 2008. – 319 с.

Карагандинский государственный
медицинский Университет, г. Караганда.
Материал поступил в редакцию 29.08.14.

Ш. С. Жакупова, Д. В. Сизов

Француз тілінен енген сөздердің ассимиляциясы

Карағанды мемлекеттік медицина университеті, Карағанды қ.
Материал 29.08.14 редакцияға түсті.

S. S. Zhakupova, D. N. Sizov

Assimilation of French borrowings

Karaganda State Medical University, Karaganda.
Material received on 29.08.14.

Бұл мақалада француз тілінен енген сөздердің ассимиляциясының мәселесі қаралуда. Француз және ағылшын сөздерінің салыстырмалы анализі жүргізілді.

In the article the problem of French borrowings assimilation is considered. The comparative analysis of French and English words is conducted.

ӘОЖ 810

Р. Қ. Жұмағазина

БАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЛАР

Мақалада БАҚ тілінің дамуына әсер ететін қоғамдық-әлеуметтік факторлар қарастырылады.

Әдеби тілдің дамуы, оның нормаларының, емле заңдылықтарының қалыптасуы халық пен қоғам өміріндегі өзгерістермен тікелей байланысты.

Мәселен, қазақ әдеби тілінің дамуына өте-мөте көп әсер еткен тарихи факторлар аз емес. Оларға хандық кезең, ұлттық дәуір, ұлт тілінің қалыптасуы, мемлекеттік жүйе, қоғамдық формациялардың ауысуы, экономика мен оқу-ағартудың, ғылым мен өнердің, баспасөздің дамуы, өркениеттің өрістеуі, т.б. жатқызуға болады.

Ал қазақ әдеби тілінің тарихын жүйелеу мен әдеби тіл нормаларын қалыптастырудағы баспасөздің орны ерекше екені ғалымдар тарапынан бұрыннан айтылып жүр және өте жақсы деңгейде бағаланып келеді.

Әдеби тіл – тарихи құбылыс, тарихпен бірге дамиды, сондықтан соғыс жылдарындағы газеттер жарық көрген кезеңдегі ел өмірінде болған әлеуметтік-тарихи жағдайлар туралы сөз қозғамау мүмкін емес. Өйткені әдеби тіл тарихындағы кез келген кезең қоғамның жағдайымен, ұлттың тарихымен, тарихи кезеңдердегі ірі оқиғалармен, өзгерістермен байланысты, олармен жарыса өмір сүретіндіктен, әдеби тілді тарихтан бөліп алып, одан тыс, жеке-дара зерттеу де, қарастыру да дұрыс болмас еді. Әрі газеттердегі тілдегі біраз өзгерістердің, тілдік бірліктердің қолданысындағы кемшіліктер мен ауытқулардың сырын, тілді дамытатын ұтымды үлгілердің пайда болу себептерін әлеуметтік себептерді анықтап алмайынша, түсіндірудің қиындыққа түсетіні белгілі. Сол себепті дамылсыз даму үстіндегі тіл мен үнемі өзгеріп отыратын қоғамды өзара байланыста, сабақтастықта алып, зерттеп, қарастыру қажет. Әдеби тілдің қай бір кезеңін болмасын, алдыңғы және кейінгі уақытпен байланыстыра, салыстыра отырып зерттеу де сондай қажеттіліктің біріне жатады.

Әдеби тілдің тарихындағы «1920-1930 жылдар аралығында қазақ тілі:

- мектептерде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқу-оқыту тілі;
- мекемелер мен ұйымдарда іс жүргізу тілі;
- мерзімді баспасөздің, радиохабарларының тілі;

– көркем әдебиет пен саяси-қоғамдық, ғылыми әдебиеттердің тілі бола» бастаған еді [1, 12 б.]. Осындай қарқынмен қоғамдық-әлеуметтік қызметі дараланып, дамып келе жатқан қазақ тілі соғыс жылдарында қандай күй кешуге мәжбүр болды, тілдік нормалардың қалыптасуы қалай жүзеге асты, жазба тілдің мерзімді басылымдардағы күйі қандай болды деген сан сауалға газеттер арқылы, атап айтқанда, соғыс жылдарындағы газеттер арқылы жауап алуға, танып, зерделеуге болады.

Ақпарат құралының қай түрі болмасын, кез келген ақпарат құралының тілі, оның ішінде газет материалдары да, қай жанрда жазылмасын, қандай көлемде болмасын, оқырман қауымға түсінікті болу керек.

Газет тіліне тән сөйлем түрлері, сөздік қор осы түсініктілікті қамтамасыз етуді көздеп, осы мақсаттың жүзеге асуына көмектеседі. Сондықтан газетті газет етіп тұратын «мәтіндердегі жиілікпен қолданылатын сөздерді іштей екі топқа бөлуге болады:

1. Жалпыгазеттік сөздер. Бұл сөздер белгілі бір тақырып немесе жанрмен байланыста қарастырылмайды. Бұл сөздер, тарихи оқиға, қоғамдағы өзекті әрі ірі проблемаларға байланысты қалыптасады.

2. Белгілі тақырып, белгілі бір жанр түрімен байланысты қарастырылатын сөздердің тобы. Бұл сөздерді мәтіндегі ойды жеткізу мақсатында қолданысқа

түсетін оңтайлы атаулар түзеді. Газет лексикасының аталған тобына ауызекі сөйлеу тілі элементтері, диалектизмдер, әлеуметтік диалект элементтері кіреді. Бұл сөздер тобының ерекшеліктері бір ғана мәтін бойынша статистикалық әдіспен, жай ғана санау жолымен бүкіл газет атаулыға тән жиі қолданылатын сөздердің қатарын анықтаудың мүмкін еместігін, ондай әрекеттердің біржақтылыққа ұрындыратынын көрсетеді» [2, 83 б.].

Газет лексикасы саласындағы көрсетілген сөздер тобы газеттің мақсат-мүддесі мен міндетін орындаушы басты құралға айналады. Газет осындай тілдік құралдарды тиімді пайдаланып, публицистикалық стильдің тұрақты қызмет істейтін бір тармағы ретінде өзінің бірнеше баптардан тұратын функциясын іске асырады. Газет лексикасын арнайы зерттеген ғалым Б. Қ. Момынова бұл жөніндегі өз ойын: «Газеттің қоғамдық, әлеуметтік қызметін қоғамдық-саяси лексика элементтері танытса, автордың оқиғаға, ситуацияға деген көзқарасын бағалауыштық лексика қатары білдіреді», – деп санайды [2, 83 б.].

Сонымен бірге ғалым газет тіліне тән сөздердің үшінші тобы, бейтарап мағыналы сөздер болатынын атап көрсетіп, өз еңбегінде бейтарап лексика элементтеріне де талдау жасайды.

Газет жанрлары басқа стиль түрлерінің материалдарына ұқсамайды, сондықтан оларға қойылатын талап та бөлек болып келеді. Газет материалдарында қозғалатын ой негізінен нақты бір күн, жыл, ай, бір уақыт үшін маңызды. Оның себебін зерттеуші ғалым Қ. Есенова былай деп түсіндіреді: «Газетте жарияланатын материалдарға қойылатын ең негізгі талаптардың бірі – онда баяндалатын ойдың бүгінгі күн үшін аса өзектілігі. Яғни бір-екі жыл бұрын немесе өткен айда орын алған оқиға, яки саяси жағдаят я болмаса бүгін таңертең болған оқиғамен салыстырғанда жаңалық сипатын жоғалтатыны сөзсіз» [3, 59 б.].

1941 жылы дүние жүзілік екінші соғыстың басталуына байланысты Кеңес мемлекетінде бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын ұйымдастыру ісінде елеулі өзгерістер орын алды. Ең алдымен, күш пен қаржыны үнемдеу арқылы әскери газеттердің жүйесін өрістету үшін партия салалық газеттер мен журналдардың шығарылуын уақытша тоқтатып, бар қайрат-жігерді саяси басылымдар айналасына топтастырып, оларды тұрақты шығарып тұруға барлық күш жұмылдырылды.

Қазақстанда 1941 жылдың шілде айынан бастап, «Ленинская смена», «Пионер Казахстана», «Октябрь балалары», «Коммунист», «Жас большевик», «Пионер», «Сталин жолы», «Народное хозяйство Казахстана», «Литература и искусство Казахстана», «Халық мұғалымы», «Әдебиет және искусство» сияқты газет, журналдардың шығарылуы соғыс кезіндегі талапқа, әскери-соғыс уақытындағы жағдайға сай тоқтатылды. Сондықтан бұл газеттер мен журналдардың міндеттерін республикалық «Социалистік Қазақстан»,

«Казахстанская правда» газеттері атқаруға тиісті болды. Бірақ «Социалистік Қазақстан» газеті 1945 жылы да ҚК(б)П Орталық Комитеті мен Алматы облысының газеті болып жарық көріп тұрды.

Бір кездердегі тарихы 1919 жылдары жарық көрген «Ұшқыннан» басталатын «Еңбекші қазақ» газеті қазақ еңбекшілері арасында партиялық және саяси жұмыстарды күшейту, оларды шаруашылық құрылысқа жұмылдыру бағытында қызмет атқарды, баспа мен мамандар тапшылығынан бұл газеттің дәрежесі төмен болумен бірге уақытымен, шығу мерзімін сақтап жарыққа шығаруға мүмкіндік аз болған. «Мысалы, 1920 жылдың мамыр-маусым айларында екі аптада бір рет шыққан, 1920 жылғы қазанда Советтердің құрылтай съезі шақырылуына байланысты біраз уақыт аптасына екі рет шығарылған» [4, 240 б.]. Соңғы саны 1920 жылдың қараша, желтоқсан айларында бар-жоғы үш саны ғана жарық көрген, ал 4, 5, 6 – сандары 1921 жылы ғана жарыққа шығады.

«Еңбекші қазақ» – 1921 жылы «Еңбекші қазақ», кейін «Социалды Қазақстан», 1932 жылы – «Социалистік Қазақстан» болып атауы өзгерген газет 1941 жылдары «Социалистік Қазақстан» атауын сақтағаны баспасөз тарихынан белгілі.

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда басылым көрген газеттерден бөлек, бірнеше майдан басылымдары жарыққа шығып тұрды. Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау жылдарындағы «Социалистік Қазақстан» газеті – ҚК(б)П Орталық Комитеті мен Алматы облысының газеті болып саналса да, майдан жылдары жарыққа шыққан газеттердің ішіндегі ең үлкені әрі орталықтан шыққан іргелі басылым болды. Сондықтан «Социалистік Қазақстан» газетінің тілін талдау, фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан тілдік сипаттамасын жасау қазақ әдеби тілінің тарихы үшін және жекелей алғанда публицистикалық стиль үшін нәтижелі болмақ. Соғыс жылдарындағы публицистикалық стиль туралы мәліметпен қаруландыра алатын тарихи жазба нұсқалардың бірден-бір көрнекті үлгісі де – «Социалистік Қазақстан» газеті екені белгілі.

«Социалистік Қазақстан» газетінің соғыс жылдарындағы елге сіңірген қызметін белгілі ғалым Б. Кенжебаев былайша көрсетеді: «Ұлы Отан соғысы күндерінде неміс-фашист басқыншылары мен жапон империалистеріне қарсы күреске республика еңбекшілерін жұмылдыру ісінде «Социалистік Қазақстан» газеті Қазақстан партия ұйымдарына белсене көмектесті, қазақ халқын еңбекте және ұрыс майдандарында батырлыққа, жанаямай қызмет етуге шақырып отырды» [5, 41 б.]. Ал белгілі журналист Х. Бекхожинның «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» деген еңбегінде ол келтірген мәліметтердің хронологиялық шегінің 1929 жылдарымен шектелуіне байланысты «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» және т.б. соғыс жылдарындағы газеттер туралы еш мәлімет кездеспейтінін ескерте кеткен дұрыс [4, 261 б.].

«Лениншіл жас» газетінің соғыс басталған жылдың аяғына дейін бірнеше саны жарық көрген. Сондықтан соғыстың алғашқы жылындағы «Лениншіл жас» газетінің жекелеген нөмірлеріне тілдік талдау жасау қоғам өмірінің газет тіліне ықпалын айғақтары сөзсіз. Соғыс жылдарында жоғарыда аталған «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» сияқты қазақ тілді басылымдардан өзге тікелей майдан шебінде қазақ тілінде шыққан газеттер болды. Олар өз алдына жеке зерттеу нысаны етіп алуға лайық, арнайы қарастыруға тұратын, тілдің әр түрлі деңгейлеріне қарай қалыптасқан айырым-ерекшеліктер орын алған мерзімді басылымдардың үлгілері болып табылады. Сондықтан мерзімді басылымдар тілін талдауда соғыс жылдарындағы орталық басылымдардың тіліне ерекше көңіл бөлінеді.

Соғыс басталысымен Кеңестер Одағындағы, яғни оның құрамына енген Қазақ ССР-індегі баспасөздің бүкіл мазмұны уақыт талабына сай «Барлығы майдан үшін! Барлығы жеңіс үшін!» деген айбынды ұранға бағындырылды. Мәселен, 1941 жылғы 22-маусымдағы газеттердің нөмірлері әдеттегідей бейбітшілік сарынмен шыққанмен, келесі нөмірлері бүтіндей неміс-фашист басқыншыларының Совет үкіметіне зұлымдықпен жасалған шабуылын қаралауға, олардың әділетсіз соғыс ашқанын түсіндіруге, Герман басқыншылары әрекетінің халықтың ашу-ызасын тудырып отырғанына арналды. Сөйтіп, соғыстың алғашқы күнінен бастап Кеңестер Одағындағы газет атаулы өз жұмысын майдан жағдайына, сол кезеңнің талабына сай бейімдеп, қайта құрды. Бас мақалалардан бастап, газет хабарлары, газеттік очерктері, мерзімді басылымдардағы фельетондары т.б. барлығы да соғыс тақырыбына, соғыс жағдайындағы мемлекет мүддесіне байланыстырылып, соғыс тақырыбы мен партия идеологиясына сай қайта құрылып, шығарылды.

1942 жылдың шілде айынан бастап 1946 жылға дейін КСРО Қызыл Армия Саяси Бас Басқармасы майдандардың, армиялардың саяси органдары қазақ жауынгерлерін кеңестік патриотизм, интернационализм рухында тәрбиелеу үшін бірнеше газеттерді қазақ тілінде шығарды. Солардың бірқатары, атап айтқанда, «Дабыл», «Қызыл әскерлер ақиқаты», «Майдан ақиқаты», «Совет жауынгері», «Отан намысы үшін», «Отан үшін майданға», «Қызыл әскерлер туы» т.б. республикалық мұрағаттық мекемелер мен Ұлттық кітапхана және ҒА кітапханасының сирек кітаптар қорларында кездеспейді. Сақталған газеттердің бар тігінділері толық емес. Кейбір газеттерден, оның ішінде, «Суворовшы - 1», «Суворовша қыспақ» сияқты газеттердің 5-6 нөмірлері ғана сақталып қалған.

Соғыс жылдарында қазақ тілінде жарық көріп тұрған бұл газеттер қазақ тарихының шежіресі ғана емес, ұлттық тіліміздің тарихын толықтырып тұрған қазына екені рас. Уақыт өткен сайын ел тарихы мен тіл тарихындағы бұл басылымдардың орны ерекше бола береді. Өйткені, «ол газеттердің беттерінде сан мыңдаған боздақтардың тағдыры, өмірі, ерлігі баяндалған. Олардан қазіргі жастар түгілі, аға ұрпақтың көпшілігі де хабарсыз» [6].

Бұл жылдары бас мақалалар, хабар, есеп, үндеу, ресми құжаттардың газеттерде басылуымен бірге сықақ, мысал, эпиграмма, памфлет жанрларымен қатар саяси сатира белгілі мөлшерде жетекші рөл атқарды. Сықақ, мысал, саяси сатиралар суретпен, карикатуралармен бірге жарияланып, газеттік жанрлардың экспрессиялық күшін арттырды.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап «Социалистік Қазақстан» газеті бастаған облыстық және аудандық газеттердің бетінде халықтың асыл қазынасы ұлттық тіл байлығымен әрленген сатира көріне бастады. Мысалы, А. Тоқмағамбетовтың «Арыстанға еліктеген мысық», «Есек дәмелі есектер», «Ауқат пен сауқат» деген атпен бірнеше фельетоны, өлеңдері жарияланды. Бұл шығармаларында ақын неміс әскерінің жексұрын кейпін, хайуандық әрекеттерін әшкереледі.

Бірақ газеттің барлық сандары тек осындай жанрлармен жарық көрді деуге болмайды, бұл жылдардағы мерзімді басылымдарда газетке тән басқа жанрлардың бәрі де болды, бәрін де кездестіруге болады.

Қазақ әдеби тілінің тарихы ел тарихымен сабақтастықта дамиды, соған орай қоғам тарихы, әлеуметтік жағдайлар тілдік саясатты жүргізуге әсер етеді. Тарихи оқиғалар мен саясаттың, саяси жағдайлардың тілге ықпалы соғыс жылдарындағы газеттерде өте анық көрініс тапқан. Соғыс жылдарынан басталып, кейін өріс алған орыс тілінің ықпалы кейіннен кеңестік ғалымдар барынша дәріптеген қостілділіктің дамуына негіз болды. Қостілділік – бір ғана қазақ тілі емес, Кеңестер Одағын құраған он бес советтік социалистік республикалардың бәріне ортақ құбылыс болды. Бұл мәселеге соғыс жылдарындағы кірме сөздердің сөз таптарындағы үлесін талдау барысында анық көз жеткізуге болады.

Соғыс жылдарындағы газет тілі сол кездегі әдеби тілде үстемдік құрған стильдік тармақтың көрінісі бола алды. Тіл тарихындағы қалыптасқан қағида бойынша, тіл дамуында кезең-кезеңде бір функционалды стильдік тармақ басым болып, әдеби тілдің дамуы бағытын белгілеп, оның дамуына ерекше әсер етіп, белсенді тілдік үдерістердің туындап отыруына, олардың өмір сүруіне ықпал етіп отырады. Осы қағиданың қаншалықты дұрыс айтылып жүргені сол бір сұрапыл жылдары әдеби тілдің тазалығы мен тіл мәдениеті, тіл заңдылықтарының қалай сақталғаны халыққа кең таралған газеттердің тілін талдау барысында айқын бола түседі, соғыс жылдарындағы газеттердің тілі айтылған пікірді дәлелдей алады деуге болады.

Ұзақ даму тарихы бар әдеби тіл үшін қысқа ғана болып есептелетін уақыт үзіндегі мерзімді басылымдардың тілдік ерекшеліктерінің жинақтала келе белгілі бір функционалды стильге тән тілдік сипаттарды қалыптастыратынын, ерекшеліктерді дүниеге әкелетінін дәлелдеу қиындық тудырмайды және оларды кейінгі кезеңнің тілдік үлгілерімен, тілдік тәжірибелерімен салыстыра отырып, бір түйінге келуге әбден болады.

Ол үшін соғыс жылдарындағы газеттерге тән фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерге тоқталып, ерекшеліктер мен аталған кезең туралы пікір-тұжырымдарды дәлелдеу үшін мысалдар, тілдік фактілер жинақталып, іріктелуі қажет. Соғыс жылдарындағы газеттердің тілін жан-жақты сараптамаға салу лексика-семантикалық және грамматикалық талдауларсыз жүзеге асырылмақ емес.

Ал қалыптасу тарихы бір ғасыр емес, сан ғасырмен есептелетін қазақ жазба әдеби тілінің тарихы мен нормасының қалыптасуы мен тұрақтануының қалай және қандай жағдайларда жүріп-өткенін түсіну үшін Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мерзімді басылымдардың тілін зерттеу маңызды, ешқандай дау тудырмайды әрі бұл мәселе мәнін де жоймайды. Норма жоқ жерде әдеби тіл болмайтыны жөніндегі қағидаға сәйкес соғыс жылдарындағы қазақ жазба әдеби тілінің нормасы, нормалануы тұрғысынан бұл ерекше кезең болды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Аралбаева, Б.** «Еңбекші қазақ» газетінің әдеби тілді дамытудағы қызметі: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2009. – 49 б.
- 2 **Момынова, Б.** Газет лексикасы. Жүйесі мен құрылымы. – Алматы : Арыс, 1999. – 220 б.
- 3 **Есенова, Қ.** Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы. – Алматы, 2007. – 448 б.
- 4 **Бекхожин, Х.** Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. – Алматы : Мектеп, 1981. – 261 б.
- 5 **Кенжебаев, Б.** Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер. – Алматы : Қазақ мемлекеттік Баспасы. – 1956. – 47 б.
- 6 **Ижанов, З.** Майдандық басылымдары // Ана тілі, 2005. – 15 мамыр.

Т. Рысқұлов атындағы
Қазақ экономикалық университеті, Алматы қ.
Материал 01.08.14 редакцияға түсті.

P. K. Zhumagazina

Общественно-социальные условия в языке СМИ

Казахский Экономический Университет
имени Т. Рыскулова, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 01.08.14.

R. K. Zhumagazina

Public-social conditions in the mass media language

T. Ryskulov Kazakh Economic University, Almaty.
Material received on 01.08.14.

В статье рассмотрено влияние общественно-социальных условий на язык СМИ.

The article considers the influence of public-social conditions on the mass media language.

ӘОЖ 821.512.141.09

С. Б. Жұмағұлов*, Н. Б. Ағалиева**

ШӘҢГЕРЕЙ БӨКЕЕВ

Мақалада қазақ әдебиетінің айтулы тұлғасы Шәңгерей Бөкеев шығармашылығы, ақындық әлемі қарастырылады. Ақын өмірінің даралығы екішеліп, Алаш қайраткерлерімен саяси және рухани арнадағы байланысы қамтылады. Қазақ сөз өнерінде айрықша із қалдырған поэзиясының көркемдік-эстетикалық сипаты талданған.

Ақын Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеев атақты Жәңгір ханның немересі. Алаш ардақтысы Ғұмар Қараш «Жиһангер ханның немересі Сұлтан Шаһангерей Сәйдігерейұлына» мадақ жырында «Сұлтандардың сұлтаным! Сұлтандардың ішінде Алғыр қыран сұңқарым! Ойласа ойшыл көсемім, Сөйлесе тілді шешенім, Сырласпай сырды білгенім, Тереңнен хабар бергенім, Әл-Шыңғыста асылым» дей келе, тектілік тініндегі ұрпақтар сабақтастығын «Түпкі бабаң белгілі, Баһадүр Шыңғыс хан екен. Арғы атаң атақты, Абылхайыр, Нұралы, Кіші жүздің елінде, Жарық бір жанған шам екен, Бабаң Бөкей бас болып, Көлденең жатқан Жайықтан, Көктей өтіп ен тастап, Қоныс алған хан екен» деп толғайды.

Мағжан «Ақанның өмірі - ертегі өмір. Судай сұлу, желдей екпінді, жалпақ жұртқа жат, жұмбақ өмір» деп жазады. Сал-серілік поэзия сүлейінің жарқын өміріне сәуле түсірер толғамды Шәңгерей ақын өміріне де қатысты айтуға болады. Бабадан қалған құтты мекен Көлборсыда аң аулап, құс салуды ермек етіп қоймай, өзіне қарасты ата қонысында егін ектіріп, бау-бақша өсіруі, асыл тұқымды мал ұстауы далалық өмір үйлесіміндегі қазақы көзқарасқа тосындау көрінетін жайттар еді. Сондай-ақ меншігіндегі жерін жалға беру арқылы атадан қалған бай-бағылан дәулетті еселеп отыруы заман ағысын дөп басқан бекзат болмысты Шәңгерей тұлғасына тән даралық қасиет

болатын. Бұған қатысты М. Әуезов «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1933) кітабында «...Самар губерниясындағы орыс дворян-аксүйектерінің тізіміне жазылып, қазақтан шыққан бірінші дворян боп өмір кешеді. Алған жеріне 30-40 үйлі қазақ қоңсы әкеліп, ортасына алмалы тоғай, бау-бақшалар орнатып, көліне құс шүйгітіп, тоғайына тазы жүгіртіп - әрі қазақша бай-сері, әрі орысша дворян-аксүйек боп, өз бетінше кең сайран-тіршілік етеді» [1; 387] деп жазады. Құнарлы ойды «Тәуелсіз өмір кешіп, еңбекке, өнерге негізделген жаңаша тұрмыс құрып, шаруа кәсібінің жүйесін жасамақ болған. Сол кездегі орыс помещиктерінің иениесі, хуторлары оған үлгі болса керек. Әсіресе, Л. Н.Толстойдың Ясная Полянадағы меншікті шаруашылығының үлгісін қатты ескереді. Сол әйгілі жазушының зор гуманистік бағытын қолдап, қолынан келгенінше қазақ жағдайына лайықты істер жүргізген» деген Х. Сүйіншілиев пікірімен сабақтастырсақ жаңашыл шайыр өмірінің жарқын беттеріне қаныға түсеміз [1; 236].

Шәңгерей Сейіткерейұлының даңқты бабасы Жәңгір хан дәстүрінің желісін үзбей қазақ топырағында білім мектебін жаңғыртуы ерекше бағалауды қажет етеді. Алғашқыда шәкірттерге өзі дәріс берсе, кейіннен кемел іске білімі мен білігі үйлескен зиялыларды жұмылдырады. Ұлттық мәдениет пен өнер құдыретін ерекше эстетикалық талғаммен таразылаған Шәңгерей төңірегіне әнші, домбырашы өнерпаз жандарды жинап, ақыл-кеңесімен шапағат нұрын төгіп әрі қаржылай демеушілік жасайды. Мысалға Ғұмар Қараштың білімін тереңдетуіне, ақындық мәдениет биігіне көтерілуіне Шәңгерейдің ағалық қамқорлығы ерекше болған.

«Шәңгерей Ғұмарға орыс тілін үйретеді, орыс, еуропа елдерінің көрнекті шығармаларымен таныстырады, басты-басты роман, повестерді әңгімелеп береді. Ғұмар сол естігендерін ауыл адамдарына айтып, таратады» деген Қ. Сыдиқов пікіріне ден қойсақ, Шәңгерей ұлағаты Абайдың ақындық мектебіне тән дәстүр үрдісін танытады [3; 7].

Шынайы достықтан туындаған кіршіксіз сыйластық пен қамқорлық қадірін бағалай білген Ғұмар Қараш 1910-1912 жылдары Орынборда басылған «Шайыр», «Көкселдір» атты әдеби мұра жинақтарында ақынның бірер өлеңін енгізеді. «Шәңгерей өлеңдерін оқығанда» өлеңінде ақын поэзиясының көркемдік-эстетикалық қуатын «*Көріп гажап бұ газалны қалдым қайран, Мафһумы неше түрлі алуан - алуан. Тіріліп Пушкин, Лермонд қылса баян, Айта алмас жүз мыңнан бірін гаян*» деген кіршіксіз сүйіспеншілікпен бағалайды.

Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеевтің қаржылай демеушілігімен 1911-1913 жылдар аралығында ұлттық рух жаршысы болған «Қазақстан» газеті жарық көрді. Басылым халық санасына оқу-білім, ғылым жарығын түсіруде, жатқа кеткен қасиетті жерімізге ие болып қалудағы отырықшылық тұрмыс игіліктерінің маңызын насихаттауда ауқымды істер атқарды. Газет атауында

терең мән-мағына бар. Бұл «қырғыз-қайсақ», «моңғол» деп тұқыртылып, ұлттың тарихи атауын шовинистік астамшылықпен бұрмалаған отаршылдар өктемдігіне деген ақын наразылығын көрсетеді. Басылымдағы «Баку» очеркінен «Қазақстан» газетін шығаруда Шәңгерей Бөкеев, Ғұмар Қараш, Елеусін Бұйрин сынды Алаш зиялыларының қайтпас қайсарлық танытқан сом тұлғаларын танимыз.

Ұлт керегі дегеннен бас кетсе де тартынуды білмеген текті Шәңгерей газетке қаржылай көмек берді, демеушілік жасады. Бүгінгі ұғымға жанастыра айтсақ ел игілігі үшін қазақ топырағында Есенқұл Маманов, Ахмет ишан Оразаев қатарында меценанттықтың негізін қалады. Қаржы мәселесі тіптен тығырыққа тірелген кезде түбі бір, тілегі бір әзірбайжан халқының жадитшіл азаматы генерал, қажы Зейнел-Ғабиден Тағиевке Шәңгерей Ғ. Қараш пен Е. Бұйринді жіберіп, көмек қолын ұсынуды өтініп хат жолдайды.

Ғұмар Қараштың аталған «Баку» очеркінде осы сапар туралы жазылған. Бұл мәселені кеңінен қарастырған Мақсат Тәжімұрат «Шәңгерей. Жасампаздық өмірі» зерттеуінде «Жолаушылар қажы шарапатындағы орыс - мұсылман қыздар училищесінде болады, училище жанындағы мешіт, жатақхана, театр үйін аралап көреді. Сонсоң қажы қабылдауына кіреді. Бұл ретте, жай - күйді түсіндіруге әзірбайжан түркілерінің белгілі қоғам қайраткері, «Мұсылман - иттифағын» бастап құрушы, Думаның неше қабат ағзасы, Тағиев шәкірті, «Каспий», «Хаят» газеттерінің шығарушысы Ғалимардан бек Топшыбасовтың көмегі тиген. Нәтижеде генерал «Қазақстанға» жәрдем ретінде мың сом береді (Нұғман Манайұлы «1300 сом болса керек» дейді, бірақ бұл өсіңкіреп айтатын ел ішінің әңгімесі сияқты). «Хажы... аталық сифатынан ағып шыққан сөздерін айтты, - дейді Ғұмар. - Барлық қазақ атағына...құран шариф ғадие қылды. Амандасып айрылысар жерде «Қазақ баласына менен сәлем - дәулет менікі емес, милләттікі» деген сөзін айтып көзіне жас алды ...». Өне, ол заманға милләт, ұлт желімі сондай болған!» деп жазады.

Шәңгерей Астрахань гимназиясында, Орынбор кадет корпусында жан-жақты зайырлы білім алған санаткер ақын. Шайыр өмірі мен шығармашылығын зерттеуші Мақсат Тәжімұрат Жәңгір хан кітапханасында шет тілдеріндегі 212 кітап болғанын зерделесе, Аслан Жақсылықов ақынның орыс тілімен қатар француз тілін жетік меңгергенін жазады. Бұл жерде Шәңгерейдің бірнеше тілдерді білуі таңқаларлық жағдай емес. «Жәңгір хан. Даңқ пен дақпырт» (Жаңаша көзқарас) еңбегінің авторлары М. Құлкенов, Р. Отарбаев Жәңгір ханның Қазан университетінің құрметті мүшесі болғанын, татар, неміс, парсы, араб тілдерін білгенін нақты деректермен дәлелдей көрсетеді [4].

Ақынның шығармашылық әлемін бағалаудағы ғылыми ізденістер тоталитарлық жүйе қысымына алынғандықтан, таптық танымдағы таяз көзқараспен еш үйлеспейтін өзгеше бітімдегі жойқын мұрасын зерттеу үнемі

тұсаулаанып отырды. 1934 жылы Нұғман Манаев алғы сөзімен жарық көрген өлеңдер жинағы мұрағатта сүрленді.

Саяси-идеологиялық қысымға қарамастан Шәңгерей ақындығының әдебиет тарихындағы құндылығын айқындауға М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, З. Ахметов, Б. Ақмұқанова, Х. Сүйіншәлиев, Ы. Дүйсенбаев, М. Мағауин, Ә. Дербісалин ерекше қажыр-қайрат салды. Ақын өлеңдерін кейінгі ұрпаққа жеткізген Фарид Ғатауов еңбегіне де мың тағзым. Қазіргі шәңгерейтануға Мақсат Тәжімұрат «Шәңгерей. Жасампаздық өмірі» (1998) зерттеуімен олжа салса, Х. Сүйіншілиевтің «XIX ғасыр әдебиеті» (1992) кітабында ақын шығармашылығы жаңаша танымда қарастырылды. А. Жақсылықовтың «Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы» (1999) монографиясында ақын поэзиясының эстетикалық болмысы діни-философиялық арнада сараланды.

«Ала ту Абылайдың ала аттансаң, Аламан артындағы біреуі мен» деп жырлаған Шәңгерейдің Алаш қайраткерлерімен рухани және саяси арнадағы мүдде тоғысуы ұлттық мұраттарға ақтық демі таусылғанша адал бола білген арыстар өмірінің жасампаздық тұғырын асқақтатады. Оның азаматтық тұлғасын, поэзиясын Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы сынды Алаш алыптары жоғары бағалады. Осы бір ілкі қасиетті М.Әуезов 1933 жылы «...Бергін келе қазақтың оқымысты адамдары шығып, газет-журнал шығарған уақытта соларға ат салысады. Ұлтшыл, байшыл оқығандардың тобын қостап, оларға сыйлы, даңқты болады... Оқыған адамдарға үйлескен, ұғысқан адамы сол кезде кадет партиясына мүше боп жүрген төре – Бөкейханұлы Әлихан. Оны әрі қандас інісі, әрі серігі есепті біледі. Соның жолын құптайды» деп жазған-ды.

Шәңгерей Бөкеев «Сені қазақ деп жақсы көрем» деп құрметтеген ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан 1916 жылғы патшаның маусым жарлығынан қан жылаған қазақ баласының көзіндегі жасты қайтып тиямын, майданның қара жұмысындағы қыр перзенттеріне қалайша қол ұшын беремін деп шарқ ұрғаны тарихи шындық. 1916 жылғы аласапыранда ұлт зиялыларын бір тудың, намыс байрағының астына топтастыруға күш салған Алаш қайраткері Шәңгерейге ерекше сенім артты. Ұлт үшін атқарылар игілікті істерді өтеудегі, яғни майданның қара жұмысындағы қандастарға қандай да болмасын көмек көрсетуде, азаматтық парызды атқаруда Бөкейліктен Шәңгерей Бөкеев Әлихан Бөкейхан назарында болды.

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы №221 санында Әлихан Бөкейхан «...Төмендегі инабатты адамдар көрсеткен жігіттерді переводчикке аламын» дей келіп, Бөкейліктен Шәңгерейді атап, «Қызмет – жұрт үшін, іс – таза жігіттік» деп түйді. Ал «Минск, 15/III» мақаласында Ә. Бөкейхан Орынборда II жалпы қазақ құрылтайын шақыру жөненде үндеу жариялады. Ол қазақ

жерінің түкпір-түкпіріндегі елге қадірлі, беделді азаматтарға жеделхат түрінде таратылды. Онда халықты бірлікке бастау, елдікке үндеумен қатар алмағайып дәуірде қазақ жеріне ие болып қалу мәселесінде Алаштың отаншыл азаматтарына үлкен жауапкершілік жүктелді. Шәңгерей есімі арлы да иманды азаматтар шоғырында үлкен ілтипатпен аталады. Сонымен қатар «Қазақ депутаттары» мақаласында Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхан қазақ жұртынан депутат болатын 43 азаматтың, яғни А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, А. Бірімжанұлы, М. Жұмабайұлы, Ж. Ақбайұлы, Х. Ғаббасұлы, Тұрағұл Құнанбайұлы, М. Тынышбайұлы, М. Шоқай. Ә. Ермеқұлы, С. Асфандиярұлы сынды ұлт қайраткерлері қатарында Шәңгерей Бөкеевті көрсетеді.

«Біздің іздегеніміз Алашқа аты бәйгеден келгені. Тірі болсақ, алдымызда үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса да, жақын арада өз тізгінін өзінде бөлек мемлекет болар. Бұл болып тұрған заман Алаштың азаматына зор жүк. Бізде бірлік қылып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт - махаббат жолына түсті. Кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере жүретін алдымызда зор шарттар бар! Осыны аңғар, жұртым қазақ!» деп мақаласын тебірене түйген Әлихан Бөкейханның ұлтқа қызмет етудегі ерен істері арлы ұрпақты отаншылдық биігіне жетелейтін адастырмас мәңгілік темірқазық болып қалады.

1925 жылы 16 мамырда Ахмет Байтұрсынұлына жазған хатында Әлихан Бөкейхан «Біздің Нәзір (Нәзір Төреқұлов – баспа меңгерушісі) Шәңгерейді, Шоқанды, Ыбырайды да (Алтынсары) кітап қылып шығарайық, - дейді. Мен: «Жарайды», - дедім. Мен Шәңгерейді жазбақ болдым» деп ақын мұрасын зерттеп зерделеуді қолға алғанын әрі мектепке арналып шығарылатын дәптерлердің оң бұрышына Абай, Шоқан, Ыбырай, Ахмет және Шәңгерей суреттері берілетінін жазады [5, 98].

Шәңгерей қазақ поэзиясын ғажайып лирикасымен көркемдік-эстетикалық биікке шығарған поэтикалық қуаттағы дарашыл ақын. Әлемдік поэзиядағы декаденттік бағыттың қазақ әдебиетіндегі бастауында тұрған ақынның өнер құдыретін эстетикалық идеал тұтқан көркемдік әлемі ұлттық рухтағы асыл сөздің поэтикалық қуатына сұлулық үйлесімін жырлауда, табиғат жарасымын суреттеуде жаңа өрнек салды. Сөз зергері Жүсіпбек Аймауытұлы «Мағжанның ақындығы туралы» зерттеуінде «Қазақ ақындарында Шәңгерейдің суретшілігі, сөз күші Мағжанға жақын келеді. «Құйрық атып құлия Түлкідей қашқан жымыя. Қараңды үзіп барасың, Бізден де қайран дүния!» деп толғайды. Өтіп бара жатқан өмірді бұдан күшті қалай суреттеуге болады?» деп тамсана жазды.

Шындығында жалған дүниенің таза ұлттық ұғымда дөп берілуі, төрт жолға дөңгеленген қас-қағым өткінші өмірді хас ақынға тән суреткерлікпен қиыстыру шынайы шеберлікке тән даралықты айқын танытады. Мысалы,

«Ұршық» өлеңіндегі «Ағаш едің құрма өскен, Ұршық болдың шуда ескен. Бір қалыпта тұрмақ жоқ, Шығармалық мұны естен» деген шумақ Шәңгерей ақындығына тән айшықта безбенделеді.

Ақын «Күйрық атып құлия (Сыршы)», «Өмірдің өтуі», «Жалғаншы жарық дүние!», «Көлторғай», «Таудағы тас ұядан», «Бура санды ақ таңда», «Бұл дүние панилығын етеді екен», «Сұңқардай шалықтаған тас ұяның» өлеңдерінде өмір, жаратылыс, адам, табиғат туралы терең ойларын сыршылдықпен өрнектеп, сан қатпарлы тылсым өмірдің әр алуан жұмбақ әлемін шабыт шалқарында жырлайды [6].

Әлемдік әдебиетті соны стильдік ізденістерімен байытқан дарашыл эстет ақындар А. Фет, Ф. Тютчев сарынына ден қойған «күйлі сөздің күштісін айтқан ескек ақынның» (М. Әуезов) сыршыл лирикасында бұла сезім мен қиял заңғарындағы асқақтық, жүрек қылын дөп басар мұң мен шер ғажайып үйлесім тапқан. Сұлу сөздің сиқырына арбайтын сыршыл поэзиядағы адам жанының түпсіз терең сезімін суреттеудегі кестелі өлең керімдігі Мағжан ақынның жанын баурап тамсандырған-ды.

Мағжан Жұмабайұлы «Педагогика» еңбегінде «Фантазия - өмірдің гүлді, көрікті болуының түпкі дінгегі... Фантазия әдемілік сезімін тереңдетеді. Біз неше түрлі әдеміліктерден фантазия арқылы ғана ләззат аламыз. Фантазиясыз адам өмірі үнсіз, түссіз бір нәрсеге айналмақ. Мылқау өмірге үн беретін, сақау өмірге тіл беретін, жоқты бар қылатын, бізді арсыға аяқ басқызып, тәңірімен тілдестіретін – сол фантазия. Осы фантазияна қазақтың ең терең сыршыл ақыны Шәңгерей Бөкеев былай деп суреттейді: «Таудағы тас ұядан Лашындай сарыққан қиядан, Шалқып сөзім шығады Ойласма, пікір-қиялдан, Аспалап қиял кетіді Шыққан оқтай жаядан. Жасындай барып жалт етіп, Көк қақпасын ашады. Жарығына алданып, Дидарға қадам басады...» деп тебірене жазады.

Шәңгерей лирикасы жан сезімін тербер терең сыршылдығымен, сүйіспеншілікті, махаббатты ардақтай білген психологиялық иірімдегі асау жүректі толғантар бейнелілігімен ерекше күйге бөлейді.

«Адамнан артық ажар, ақыл, айлаң,
Ажары ақ бетіңнің асқан айдан,
Адасқан арық қудай болдым асық,
Айдындай ақ төсіңе, асыл айнама!» («Адамнан артық ажар, ақыл, айлаң») [6; 50].

«Көрдің бе Қатшекейдің асылығын,
Жалтақтап еткен ісін жасыруын.
Ау, жаным, сүйемісің, сүймеймісің,

Сүймесем жоқ-ты саған бас ұруым» («Қатшекейге») [6; 51]. Жастық шақтағы алабұртқан көңілді, алмас қылыштай өткірлікті, кемерінен шалқып асқан шексіз қиялды ақындық қуатпен жырлаудағы, суретті бейнелеудегі шеберлігі ақындық мәдениетінің заңғарлығын асқақтатады.

«Бір күнде жас көңілім судай тастың,
Тасқындап кемеріңнен шалқып астың,
Төрт бұрышын дүниенің көрмей болжап,
Қиялмен көк қақпасын барып аштың.
Сыйдырып асқар тауды уысыңа,
Жүзіне алмас қылыш табан бастың.
Күркіреп қара бұлт жасын атса,
Отына жетіп барып құшақтастың» («Бір күнде жас көңілім судай тастың») [6; 57].

«Сұңқардай шалықтаған тас ұяның,
Болжаған жер қияның ер қиялым.
Мерт болған арыстандай айға шапшып,
Қайғылы қайтып болған шер қиялым.
Жер-жебір жермен жексен болайын деп
Сен тұрсаң кезеңінде паң дүнианың» («Сұңқардай шалықтаған тас ұяның») [6; 58].

Ендігі бір өлеңдерінде табиғат сұлулығына, жаратылыстың әсемдік әлемінің үйлесіміне тамсанып қана қоймай, оның сүреңсіз, сұрғылт, көңіл жабырқатар, жан құлазытар көрінісін бейнелейді. Адам өмірінің өтпелігіне, келте ұмыр жалғандығына ой тастап толғанады.

«Жалғаншы жарық дүние!
Бізден де бір күн қаларсың.
Піл сауырлы қара жер,
Қойныңды ашып, қол жайып,
Құшағына аларсың!» [6; 54].

«Бұл дүние панилығын етеді екен
Бір дәурен өтіп, бірі жетеді екен.
Жұрт болар бір күндегі жоқ адамдар,
Ескілер бірден бірге бітеді екен.
Өзіне халық аузын қаратқан ер,
Тіріге өлсе қадірі кетер екен.
Өлгенді қадір етсек, қанға рауа,
Рухын құрмет қылсақ не етеді екен?!
Ханға еріп адам болған туғандары
Жылында барып дұға ете ме екен?!» [6; 58].

«Ол қазақ поэзиясында жазба әдебиет дәстүрін орнықтыру, көңіл-күй, махаббат, табиғат лирикасы сияқты поэзияның жаңа түрлерін дамытуға өзіндік үлес қосқан ірі суреткер ақын» деген академик Зәки Ахметов пікірі Шәңгерей ақындығына берілген шынайы баға десек, ұлт әдебиетінің көркемдік арнасын әлемдік поэзиядағы жаңашыл эстетикалық бағытпен

тоғыстыру бастауында тұрған сыршыл шайырдың сөз кестесі мен ой дестесі шеберлік мектебінің шыңына жетелейтін поэтикалық қуаттағы мұратын атқара бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әуезов, М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы : «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002.
- 2 Сүйіншілиев, Х. XIX ғасыр әдебиеті. – Алматы : Ана тілі, 1992.
- 3 Ғұмар Қараш. Тыңда, қазақ, сөзімді // Ақ Орда. – 1993. – №2.
- 4 Құлкенов, М., Отарбаев, Р. «Жәңгір хан. Даңқ пен дақпырт» (Жаңаша көзқарас). – Алматы: «Өлке» баспасы, 1992.
- 5 Жұртбай, Т. «Ұраным – Алаш!...». – Алматы: «Ел-шежіре», 2008.
- 6 XX ғасыр басындағы қазақ ақындары. – Алматы: Ғылым, 1982.

*Е. А. Букетов атындағы

Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

**Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.

Материал 14.08.14 редакцияға түсті.

С. Б. Жумагулов*, Н. Б. Ағалиева**

Шангерей Букеев

*Қарагандинский государственный университет
имени Е. А. Букетова, г. Караганда;

**Павлодарский государственный
педагогический институт, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 14.08.14.

S. B. Zumagulov*, N. B. Agaliyeva**

Shangerei Bokei

*E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda;

**Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.

Material received on 14.08.14.

В статье рассматриваются своеобразное творчество, поэтический мир одного из ярких представителей казахской литературы – Шангерей Бокеева. Охватываются социально-политические и духовные грани взаимосвязи поэта с деятелями Алашской интеллигенции. Анализируются художественно-эстетические особенности поэзии, дана оценка вклада поэта в развитие поэтики лирики.

The article deals with the peculiar creativity, poetic world of one of the brightest representatives of Kazakh literature – Shangerei Bokei. Socio-political and spiritual relationship with the leaders of Alash poet intellectuals is covered. The artistic and aesthetic features of poetry, assessment of the contribution of the poet in the development of poetic lyricism are analyzed.

UDC 398.224(574)

N. K. Zhusupov, M. N. Baratova

MASHKHUR-ZHUSIP – THE COLLECTOR OF KAZAKH FOLKLORE

The article analyzes the originality of collecting activities of Kazakh folklore by a famous scientist Mashkhur Zhusip.

There is no particular answer to when Mashkhur-Zhusip started his collection work. At the “family archive” can be found the letters written by Alkei Margulan to M. Zh. Kopeev. There is also other kinds of information written in the same (that is Alkei’s) handwriting. Titled “Suindik: Olzhabai batyr” it has Alkei Margulan’s instructions addressed to a man named Serdaly. In those instructions he reported that the fairytale had been taken from Mashkhur-Zhusip, that it would be necessary to pay attention to the description of nature, to the names of the places, etc. It also contains the following reference: “Put down by Mashkhur-Zhusip Kopeiuly from Saqau aqyn in 1865”. Thus, we can make the conclusion that it was written down in 1865 when Mashkhur-Zhusip was 7 years old. Such information presents the registration ticket or passport of the given folklore sample.

There is another fact showing the time when Mashkhur-Zhusip started his collection work. In the manuscripts by Zholmurat who described the biography of the poet it was written that in 1866 fifty-nine-year-old Qamariddin haziret came to Baianauyl and Mashkhur became his pupil (he was 8 years old). Qamariddin haziret brought such compositions as “Qozy Korpesh – Baian sulu”, “Er Targyn”, “Tort Zhigittign Oleni”, etc. Mashkhur-Zhusip copied them, learned by heart and spread them among the people. Since then he gained fame and Musa Shormanuly gave him the name “Mashkhur” (sage). Thus we found out that at the age of 7 he wrote down the words of Saqau akyn and at the age of 8 he copied his first folklore sample.

The manuscripts by Mashkhur-Zhusip cover all folklore genres. There are 15 samples of fairytales, 5-6 heroic epic poems, 2-3 lyric eposes, 11- 12 poems, 30-40 zhys depicting everyday life, 200-300 samples of legends, about 100-150

samples of tongue twisters, about 50 samples of riddles (both in prose and in verse), 2500 proverbs and sayings, 27 samples of aityses, 30-40 compositions of akyns, chronicles, religious poems, funny stories which have not been published yet. Mashkhur-Zhusip made every effort to collect every folklore sample he came across, without paying attention to their genres or "age". That was the main distinctive feature of all folklore collectors of that time. For example, the peculiarities of A. Divayev's collection activity were described in the work of N. Smirnova: "A broad coverage of all elements of a folk poetry distinguishes the methodics of A. Divayev as a collector. He writes down great quantity of the genres of Kazakh folklore: eposes and fairytales, stories and legends, fables, moral admonitions, proverbs and riddles, songs and aityses, spells and incantation, ritual poetry, songs of baksy and badik" [1].

Mashkhur-Zhusip indicated the volume and size of the works collected. For example, he wrote that the book "Gylm bilimi" had 129 sahifas and consisted of 12 ayahs, 18 hadises, 43 proverbs, 114 poems; the story "Amir" comprised 26 sahifas and consisted of 104 poems. The "sahifa" [2] is Arabic word and translated as "page", "sheet of paper", "newspaper".

We translate it as "page". "Bir zhumbaq sheshuimen" comprised 5 sahifa, "Namaz magynasy" comprised 23 sahifa, "Bir soqyr, bir sanyrau, bir tuttai zhalanash" - 7 sahifa, "Alasha khan" - 9, "Asan qaigy" - 17, "Zhirenshe sheshen" - 25, "Er Edige" - 10, "Ensegei boily Er Esim" - 10, "Atasynyn aty bilinbei oz aty shyqqan erler" - 5, "Amir Temir" - 9, "Gytman gazy zahary" - 6, "Nogai-qazaq zamany" - 8, "Abylai" - 38, "Bukhar Sharip" - 28, "Abylai", "Kenesary-Nauryzbai" - 50, "Bukhar, Qoqan..." - 21, "Qazaq bileri" - 90, according to Mashkhur-Zhusip all in all there were 461 sahifa [3]. In another manuscript: "Toraigy bi" - 18 shifa, "Boltirik bi" - 12, "Kuderi men Ulbike" - 12, "Saqu men Togzhan" - 12. It also contains the following note: "after writing down these samples I sent them to Nurgali molda on August, 30, 1913"

The manuscripts also comprise the following compositions: "Khaziret Iusuf Paigambar", "Shaiqy Burqy aulie mekire balyqtan tukan", "Saryarqa tarihy", "Shon, Toraigy biler", "Abylai aspagan sary bel", "Qoqan khandary tarihy", "Kishi zhuz urandary men rulary", "Shanyshqyly Berdizozha batyr tarihy", "Edige men Tole bi", "Kolebi batyr", "Olzhabai batyr tarihy", "Abylai khan", "Mahambet degen batyr shygypty dep baryp tapqan 92 batyr", Kazakh chronicles (the history of the Middle Horde, the history of Meiram sopy, the history of Quandyq, Qarakesek, Naiman, Qypshaq), "Barpyq angimeleri", "Qarakesek pen torelor urany", about Monke bi, Dosbol bi, about the cities of Qozhakent and Ozkent, the stories "Oshaqy Qonyrbai qalpe" and "Khaziret Nuhqa 370 zhasynda paigambarlyq berildi", religious stories, about Sarman bi, Qigara bi, Qosdaulet bi, about the beginning of the year, about Ormanshy aqsary Shotana batyr, etc.

The years when the manuscripts had been written were also indicated. For example, the story "Tobet ishindegi Zhankeldi" was put down in 1908 [4], "Bir khannyn zhalgyz balasy olgende" was written down in 1921 [5].

The manuscripts kept at the Central Fund of Manuscripts also contain the information concerning the date. One manuscript was written down in 1907-1927 [6], the second in 1906-1915 [7], the third in 1920-1925 [8], etc. Those notes have not been made by Mashkhur-Zhusip.

Only 200 samples from the mentioned compositions saw the light. 80 texts were published in selected works [9] and 120 texts were issued in the newspapers [10]. This fact shows that most of Mashkhur's works have neither seen the light nor received due attention.

Most folklore collectors used the expeditionary method while gathering the folklore samples. It is common knowledge that during those expeditions such scientists as V. V. Radlov, G. N. Potanin, A. Divayev resorted to the help of local correspondents - enthusiasts who wanted to make contribution to the development of Kazakh culture and study of folklore. Such support resulted in the large quantities of collected folklore samples.

Mashkhur-Zhusip also used that the expeditionary method of collection. The only difference was that he did not fall back upon the correspondents. There were several reasons for that: firstly, after Sh. Ualikhanov he was the first Kazakh folklore collector, secondly, he did not have the main difficulty other researchers inevitably faced - lack of knowledge of Kazakh language. That is why his collection work steadily went forward in accelerating pace.

It seems that the first thing to be required by such researchers as V. V. Radlov and G. N. Potanin was the antiquity of the folklore works. That fact can be explained by the natural aspiration of the representatives of one nation to learn the culture, customs and traditions of another one, and the ancient folklore compositions is the principal source of such knowledge. Mashkhur-Zhusip as the native speaker and consequently the person who was well acquainted with the history, everyday life had peculiarities of his nation had another aim in collecting the folklore samples. That aim consisted in finding the answer to a question "what can be useful". He reflected on what can be useful for people, what can be done for the development of Kazakh nation, how we should bring up our children, etc. He also contemplated on such topics as what period had the greatest on the progress of society, on the minds of people: the time of exemplary bis and courageous khans or the epoch of the legendary Asan qaigy and Zhirenshe sheshen. All that formed the basis of Mashkhur-Zhusip collection work, his conception of folklore study, and his enlightenment activities. To answer the question how he managed to collect so many by means of the expeditionary method, we must look back on his travellings. In 1887 at the age of 29 Mashkhur-Zhusip started his journey to Bukhara, Tashkent, Turkistan and other cities. All cities mentioned above were cultural centers of central Asia

and played an important role in the life of the Muslim world. Zholmurat recounted: “During the year Mashkhur-Zhusip lived in Bukhara he enriched his knowledge greatly. He learned Arabic, Persian, Turkish, Chagatai, Uzbek, Tajik, and other languages. Read the books by such scientists as Ibn Sina, Abultarit, Socrates, and Iranian Shah Sagdi. He could tell by heart such books as the chronicles of khans by Abylgazy Bahadur, compositions of Navoi, Ferdousi, and Saiqali”

Zholmurat also mentioned that during his journey Mashkhur-Zhusip wrote poems and articles for Tashkent newspapers. At that time there were people who considered such thing as the writing articles for a newspaper to be a sin. That is why very often Mashkhur had to engage into controversy with his contemporaries. Moldagali Kuzemvayev was one of them. According to Zholmurat after leaving Bukhara and Tashkent, he goes to the Syr Daria to meet Mailyqozha, Koshek qozha, the poet in the seventh generation and the offsprings of Kuderu qozha.

We know that Mashkhur-Zhusip travelled to Bukhara, Tashkent and Turkistan three times. First time when he was 29 in 1887, as we have already said, second journey took place when he was at the age of 37 in 1895, and the last one was in 1907 when the author was 49 years old. Mashkhur-Zhusip depicted his travellings in his poems.

The purpose of those journeys did not only consisted in obtaining a knowledge, but also in collecting the legends and stories, words of wisdom, eposes and fairytales, aityses and poems of akyns, historical events, etc. His description of the places he had been, people he had met and who had provided him with folklore samples is significant information for the history of folklore study.

LIST OF REFERENCES

- 1 **Smirnova, N. S.** Kazahskaia narodnaia poeziya (Iz obraztsov, sobrannyh i zapisannyh Divayevym A. A.), Alma-Ata, Nauka, 1964, p. 14
- 2 Arabsha-Qazaqsha sozdik (compiled by Dadebayev A., Qairanbayev Zh.), Almaty, Rauan, 1990, p. 193
- 3 The information was taken from the “family archive”
- 4 The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan, the Central Fund of Manuscripts: folder # 1178, p. 16
- 5 The same, p. 25
- 6 The same, folder # 1177
- 7 The same, folder # 1178
- 8 The same, folder # 1176
- 9 **Kopeev, M. Zh.** Selected works, Volume 2, Almaty, Gylym, 1992
- 10 **Kopeev, M. Zh.** “Tama Sarybas mergen” ertegisi // Zerde, #6, 1992, p. 26-28; Asan Qaigy turaly // Aqiqat, # 7, 1992, p. 72-84; Qazaq bileri// Zhuldyz # 8, 1992, p. 186- 197; Zhirenshe sheshen// Aqiqat # 10, 1992, p. 88-91; Zharylgap

pen Abylai khan // Qazaqstan mektebi #6, 1993, p. 78-79; Tarihi angimeler // Zhuldyz, # 10-12, 1994, p. 192-202; Zhidebai batyr // Qazaq tarihy, #3, 1995, p. 78-80; Abylai khan kitaby (compiled by Dautov S.), Almaty, Zhazushy, 1993

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 29.08.14.

Н. Қ. Жүсінов, М. Н. Баратова

Мәшһүр Жүсіп – қазақ фольклорының жинаушысы

С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

Материал 29.08.14 редакцияға түсті.

Н. К. Жусупов, М. Н. Баратова

Машхур Жусип – собиратель казахского фольклора

Павлодарский государственный университет

имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 29.08.14.

Мақалада белгілі ғалым Мәшһүр Жүсіптің қазақ фольклорын жинау ережелігі сөз болады.

В статье анализируется своеобразие собирательской деятельности казахского фольклора известным ученым Машхуром Жусупом.

Н. Қ. Жүсіпов, М. Н. Баратова

ШӘКӘРІМНІҢ ТҰСПАЛ ӨЛЕҢДЕРІ

Мақалада Шәкәрімнің тұспал өлеңдері қарастырылады.

Шәкәрімнің Шығыс әдебиетімен шығармашылық байланысын мысалдар жазуынан да көруге болады. Адамгершілік сапаларды аллегориялық көркемдікпен насихаттауды өз тәжірибесінде ақын «Бояушы суыр», «Қаншыр мен бөдене», «Ақылшы торғай», «Қасқыр, түлкі, бөдене», «Епші тышқан» сияқты мысалдар арқылы жеткізеді. Арғы төркіні «Калила мен Димнадан» өрбіген мысал үлгілерін Шығыс ақындары талай нұсқада дамытқан. Мысал жанры қазақ арасына ауызша да, ақындар арқылы жазбаша да ерте таралған. Абай дәстүрімен де, өздігінен іздену және Шығыс әдебиеттерін оқу арқылы да Шәкәрім мысал жанрын жақсы игереді. «Қасқыр, түлкі, бөдене» мысалындағы кейіпкер: өктем күш иесі- қасқыр, айлакер түлкі, жазықсыз момын бөдене. Қасқырды түлкі алдап, зығырданын қайнатса, түлкіні бөдене орға жығады. Қулықтың тұбі қазамен аяқталып, әділет жеңеді.

Шәкәрім мұрасына үңілсек, тұспалдау өлеңдерін кездестіреміз. Мұндай өлеңдер тобын кезінде А. Байтұрсынов (1926 ж.) «бүкпелеу» - деп атап, оған мынадай анықтама берген: «Сөзді ашып айтпай, ұшығын ғана көрсетіп айту – бүкпелеу деп аталады» [1, 176 б.].

XVIII ғасырдағы Бұқар жыраудың «Ханға жедел айтпасам» өлеңінде тұспалаудың өзіндік бірі түрі көрініс тапқан:

Судан қашып қарағай
Шөлге біткен бір дарак,
Шортан шөлге шыдамсыз
Балықтан шыққан бір қарақ.
Ойлама шортан ұшпас деп,
Қарағайға шықпас деп ...[2, 134 б.].

1913 жылы жазылған С. Торайғыровтың «Түсімде» өлеңінде Ресей отарлауы қыспағындағы қазақ елінің мүшкіл халі тұспалданып берілген:

Тағы да бір даулаған отты көрдім,
Қап-қара хисабы жоқ топты көрдім.
Мас болған дау-жанжалмен әлгі аңдарға
Ұсынған әр тараптан оқты көрдім.
Аңдар тұр от пен судың арасында,
Сахараның әр жердегі даласында.
Әр нешік ғаріптердің ісі мүшкіл,
Я, Рахман, өзін бір жөн табасың да [3].

Міне, мұнда басты әңгіме әлде бір аңдар туралы еместігі, қыспақ көрген жойылу қауіпі төнген қазақ халқына арналғаны белгілі. Бұл идеяны 1917 жылдан кейін нағыз бостандық келді деп сенген С. Сейфуллиннің өзі 1914 жылы «Тұс» өлеңінде тұспалмен жеткізген. Ақын түсінде бір бақшадағы ағаштардың Күз де емес, жаздығүні қурап қалғанын т.с.с. көргенін бейнелейді де, қазақ халқының мұн-күйін бір шыбықтың сөзімен тұспалдап берген:

Ынтымақсыз иеміз болғаннан соң,
Жанжал қып, харап қыпты бірі-бірін.
Түсіпті қараңғылық сонсоң бізге,
Хан тәңірі аяғандай бізден нұрын [4].

Көріп отырғанымыздай, мұнда да өзекті ой, идея бақшаның қурауы, немесе табиғаттағы қараңғылық емес, адамдар өміріндегі жүдеушілік, оларға төнген қауіп туралы екені анық. Рас, С. Сейфуллин 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін де тұспалдау әдісін жиі қолданды. Бұл тұста ақын кеңес үкіметінің ниеті ізгі деп санап, соған сенгендіктен де, тұспалдауды Түнжыр қалыпты емес, жақсы делінген өмірді жарқын суреттермен ғана бейнелеуге иек артты. Бұл тұстағы Сәкеннің тұспалдауды қалай пайдаланғанын белгілі зерттеуші Е. Исмайылов орынды көрсеткен: «Тұспалдап жырлау көп ақынға тән, әсіресе, романтикалы поэзияға тән сипат. Оны біз Лермонтовтың, Блоктың, Абай мен Сұлтанмахмұттың поэзиясынан үнемі кездестіреміз, революцияны дауыл, нажағай, желдің екпіні бейнесінде жырлаған ақын шығармаларын да жақсы білеміз. Әңгіме ақынның бейнелеу тәсілінде емес, соған қандай мән беріп, идеясын айқын аңғартуында. Сәкеннің дала, жел, дауыл, аққу құс, асау тұлпар, эспресс, поезд, аэроплан, лашын құс образдарын белгілі бір сюжетке, айқын бір идеялық мақсатқа байланысты жырлауы революциялық романтиканың бойына жарасымды келіп отырады» [5].

Шәкәрімнің тұспал өлеңінің бір үлгісі – «Қайтқан шал» өлеңі. Ақын ертеңгі Күнді ойламай құр босқа жүруді, орынсыз малшашпақты, құр бос қызықты сынау мақсатында өзін сөз қылып, I жақтан сөйлеп, бір сарайға барғаны жөнінде әңгіме етеді:

Нені іздесең бәрі де бар сол сарайда,
Кейі залал ұйткенмен, кейі пайда.
Сан керуен қылады сауда-саттық,
Не боларын көбі тұр байқамай да...

Мал да бар лапкесінде, мақтан да бар,
Көзіңше мақтан алып жатқан да бар.
Көңілдің жұбанышы – көп ойын бар,
Ұстайтын дұспаныңды қақпан да бар

Ақын «сарай деп бүкпелеп, адамның нәпсісін тыя алмай, оның артынан еріп кетуін айтады. Оған берілсең, бос ойын-қалжың, құмарлық, ысырапшылдық бойынды кернеп алады деген ой тастайды.

Тұруға уақытым жоқ сөзді ұзайтып,
 Барамын асығыспен елге қайтып.
 Сусын деп у беретін сұм сарайдың,
 Кетейін кейінгіге сырын айтып.

Жігіттер, жалған емес, мұным анық,
 Бұрыннан осы сарай елге қанық.
 Қайта келмес қақпадан әрі өткізіп,
 Шығарып салып мені қайтар халық, –

деп ақын ол «сарайға» бармауды, яғни нәпсіге берілмеуді, онда жалғаннан басқа тұқ табылмайтынын, өзі де соған беріліп, кейін «үйіне» қайтқанын айтады, соны кейінгілерге өнеге етеді. Ал «Өмір» тұспалдау өлеңінде ақын өмірді тез, өткінші екенін, көзді ашып-жұмғанша зымырап кететінін бүкпелеп келтіреді: Бір үйге от жақ дейді, сонда от лапылдап жанып, ақыры шоқ боп кетеді.

Жалын кетіп, аздан соң шоқ болды құр,
 Отын бітті, үрсем де жана алмай тұр.
 Жалынды оттай жайнаған, қайран өмір,
 Шоқ сөнген соң қап-қара болды көмір, –

деген қорытынды жасайды. Ақын осылай тұспалдау арқылы өмір қысқа, сол қысқа ғұмырында жақсылық істеп, мәңгі өмір азығын қамда деген ой тастайды.

Шәкәрімнің «Өмір» өлеңі тұспал өлеңге жатады
 Біреу маған от жақ деп қылды бұйрық
 Жағайын деп ұмтылдым көңіл жүйрік
 От жаққалы жатқаным – бір үлкен ұй
 Отын жиып қойыпты талай Күндік
 Шақпақ жағып жібердім, қуға түсті
 Тұтандырып алуым болды күшті
 Қызыл өңеш болғанда азар жанып
 Соған шейін асығып, ішім пысты
 Отқа әкеліп отынды салып еді,-
 Жалын шығып лапылдап жанып еді
 Ұй жылынса қайтейін залалы көп
 Жалын барып талайды шалып еді.

Өлеңдегі тұтанбаған қу, жалындаған оттың жылуы болса да, оның залалы көп болуы, шоқ, сөнген от орындағы қара көмір т.б. суреттей отырып, ақын өмірдің өткінші екендігін, жастық шақтың жалындаған жылуы мол кезең екендігін тұспалдайды. Қапы өткізбе, өкініші қалмайды, талаптан, ғылым ізде, қартайған соң шама кетеді деген ойды ашық айтады. Өлеңдегі тұспалды, соңында өзі қорытып, насихат түрінде жастарға жас кезінде ғылымды игер деп тұжырымдайды. Ақын тұспалдап, жинақтап бейнелеп

барып, өз түйініне келгенде, ашық айту, түсіндіру, баяндауға көшеді. Осындай тұспал өлең ақын замандасы Мәшһүр Жүсіп шығармашылығында кездеседі. Мысалы М. Ж. Көпеевтің «Толқын» өлеңі тұспал өлеңге жатады. Әр тұста қилы-қилы заман өтті,

Су тасыды, көп толқын қайда кетті?
 Кеткен толқын өз-өзінен кете берсін,
 Желмен қуып, толқынды толқын жұтты.
 Дария ағызған әркімді толқын айдап,
 Ер басына Күнелтпек бір сал байлап.
 Толқын жайын білмеген қырсықтылар
 Салы суға кетпекші, соры қайнап.

Өтіп кеткен толқынды күтпегендер,
 Жоқтап, көксер зейіні жетпегендер.
 Қандай жақсы дәуренмен өмір сүрер:
 Салы суға бұзылып кетпегендер [6, 20–21 б.].

Міне, ақын өлеңінде алдымен толқын күшін, «толқын жайын білмеген» қырсықтылардың салы суға кететінін тұспалдап, жинақтап бейнелеп барып, өз түйініне келгенде, ашық айту, түсіндіру, баяндауға көшеді.

Алла адамды жаратты артық зерек,
 Өзгеден ерекше қып оқшау бөлек.
 Ақылыңа сыйғанды алып ұста-дағы,
 Ақылға сыймағанды қылма керек [6, 21 б.].

Жұмбақтап, тұспалдап айту ақынның «Бояулы суыр» өлеңінде де өріс алған. Шәкәрімнің «Бояулы суыр» атты мысалы бір жағынан юморға толы. Қысқаша фабуласы: бір суыр иттен қашып жүріп, бояуға толы шелекке түсіп кетіп, жүні әр түрлі түске боялып қалады. Мұны ол өзінше жорып, «Мен қасиетті құс – Тауыспын» дейді. Бірақ өзге суырлар сенбей, ұшам дегенде, суға түсіп, батып кетеді. Өзге мысалдардағыдай ақын соңында өзінің қорытынды сөзін айтады:

Жігіттер, бұл суырды қылма мазақ,
 Осыдан естілерің болады аз-ақ.
 Бояуды да бағым деп Күн өткізіп,
 Қол жетпеске ұмтылған кейбір қазақ

Яғни, ақын қолына аз ғана билік тұссе, соған маңғазданып, елін, халқын ұмытып, мардымсып кететін кейбір адамдарды сынға алып отыр. Бақ, дәулет, мансап, байлық – қолдың кірі, бояу сияқты, көпке шыдамай, бір Күні жоқ болар деген ой да айтады. Қанша биік дәрежеде болсаң да қарапайым бол, халқыңмен бол деген идея тастайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ағалиева, Н. Шәкәрім лирикасының жанрлық көркемдік сипаты // Шәкәрімтану мәселелері. – Новосибирск : Талер-Прес, 2008. – Б. 921–923.
- 2 XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы : Ғылым, 1982. – 240 б.
- 3 Торайғыров, С. Таңдамалы шығармалары. – Алматы : Ғылым, 1988. – 320 б.
- 4 Сейфуллин, С. Шығармалар. 6-том. Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1964. – 280 б.
- 5 Исмайылов, Ы. «Әдебиеттану» терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев). – Алматы : Ана тілі, 1996. – 240 б.
- 6 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 4-том. – Павлодар : ЭКО, 2004. – 535 б.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 02.09.14 редакцияға түсті.

H. K. Жусупов, M. H. Баратова

Иносказательное стихотворение Шакарима

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 02.09.14.

N. K. Zhusupov, M. N. Baratova

Allegorical poem of Shakarima

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 02.09.14.

В статье рассматривается иносказательное стихотворение Шакарима.

The article considers the an allegorical the poem of Shakarim.

ӘОЖ 8 82.151.212.2

А. Ф. Зейнулина

**АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ
АДАМТАНУДЫҢ КӨРКЕМДІК ИІРІМДЕРІ**

Аталмыш мақалада Асқар Сүлейменов шығармаларындағы кейіпкерлердің сомдалу ерекшелігі мен авторлық позициясы қарастырылады.

Адамның көңіл-күйі, халі, ой-толғамы, болмыс-бітімі, төңіректегі құбылыстардың сырына ұмтылу, екі ұдай ойға берілу секілді дүниелер – психологиялық ғылымының зерттеу нысаны. Бүгінде осы аталған объектілер психология ғылымының ауқымынан шығып көркем әдебиеттің суреттеу проблемасына айналды. Өйткені әдебиет – адамтану ғылымы болып табылады. Көркем әдебиеттегі психологизм – бүгінгі таңдағы әдебиеттануда жиі сөз болатын күрделі теориялық, тәжірибелік мәні мол мәселе. Әдебиеттанудың негізгі объектісі адам болғандықтан, адам сана-сезімі, мінез-құлқы, ой-толғанысы әдебиетте де қарастырылады.

Өткен ғасырдың 60-80 жылдардағы әдеби үрдістің даму тенденциясы әдебиеттің көрнекті туындылары негізінде көрсетілген. Қазақ әдебиеті тарихының даму жолдарының ерекшеліктері, әдебиетке жасалған биліктің әр қилы ықпалы, зардабы мен пайдасы, заман мен қоғам, адам арасындағы байланыс сабақтастырыла қаралған.

Проза жанрының жедел өркендеуі көрнекті жазушылардың шығармаларымен айқындалды. Прозаның өзі өз ішінен әңгіме, повесть, роман жанрлары бойынша зерттелді. Бұл тұста сол дәуірдің талап-талғамынан туған құнды шығармаларының терең көркемдігімен, модернистік қалпымен танылған Асқар Сүлейменов белгілі болды.

Асқар Сүлейменов әлем әдебиетінің сан тарау бұлақ көздерінен еркін қанып ішкен шебер, модернист жазушы.

Асқар Сүлейменов шығармашылығындағы әдемі анық бояу боп көрінетін модернистік үлгі – «Адасқақтағы» бояу палитрасының байлығы. Мысалы, жазушының айды қалай әртүрлі кейіпте суреттейтінінен көреміз. «Ай туған екен. Күндізгі аптаптың қызуымен балқығандай жалпақ, семіз, қызыл ай жер-жиіктен бауырын енді көтеріпті» [1, 183], «... күреңіте бастаған айдың етегіне қара бас ақ тоқтының сеңсеңдей бұлт жармасты» [1, 185], «...қанын тартқан қызыл ай аспанның үзік бауына жармасқанда...» [1, 189]. «АЙ» бейнесінің құбылуы мен «АДАМ» жан дүниесі ұласады. Ғажайып образдар галереясы деуге келеді.

Суреткер прозасының жаңашылдығы – бар ескіден бой тартпай, олардың әдемісін ішке сіңіру. Ол мейлі ұлттық үлгі (шешендік өрнек), мейлі шығыстық сарын (дін), мейлі батыс эстетикасы (модернизм) болсын жазушы одан бас тартпайды, қайта керегіне жаратады. Жазушы қолтаңбасынан алуан түрлі үлгілердің бой көрсетуі соған дәлел. Жазушы қолтаңбасындағы жаңа замандық әдебиеттен, сырттан алынған деуге болатын тағы бір осындай үлгі, ол символизм сарыны. Символизмге тән көкке, ғарышқа деген сүйісініс А. Сүлейменовке де тән. Символизмдегі сүйікті образдың бірі – күн. А. Сүлейменовте – ай. Символизмдегі негізгі тіректің бірі ол – астарлы ой. Жазушы шығармасында астарлы мәнге ие болушы образдың бірі – жылқы. Жылқы – А. Сүлейменов еңбектерінің өн бойында жүретін, үздіксіз маңызды образ-кейіпкер. Автор танымында «жылқы – еркіндіктің символы». Кезінде дауылпаз ақын С. Сейфуллин де осы ат бейнесі арқылы қызыл империя саясатын бейнелеген еді.

Жазушының «Қара шал» әңгімесіндегі терең психологизм шығарманы әр оқыған сайын ашыла түседі.

Бұл жылдардағы әңгіме жанрындағы негізгі ерекшеліктер символдық, лирикалық, проблемалық, әлеуметтік талдаумен көрінді. Жазушылар әлеуметтік талдаудың негізінде ұлттық характерді ашуға, адам табиғатын психологиялық тұрғыда танытуға ұмтылды. Қазақ халқының тарихынан орын алған өмір шындығы шағын жанрда шынайы да шымыр бейнеленді.

Жазушы Асқар Сүлейменов «Қара шал» әңгімесін ұлттық идеяны негізге ала отырып, басты кейіпкері қара шал арқылы қызыл айғыр тағдырына арнайды. Қара шалды, мінез-құлқын, нағыз ұлттық психологиясын шебер сомдап, ой-өрісіне сәйкес толғанға сөйлетеді. Қара шал сыртқы құрылымдық сипатқа ие де, ішкі қайнар, мағына қызыл айғыр бойында жатыр. Жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов «Асқар Сүлейменовтың қара шалы – қазақтың ұлттық бояуы колоритті образ» [2, 194], – деп дәл бағасын берген.

А. Сүлейменовтың «Қара шал» әңгімесінен тоқырау жылдарындағы науқаншылдық мінездер әдемі, шынайы ашылады. «Ес білгелі босағасынан ат кетпеген, аш отырғанның өзінде ат кекілін бір сипамаса» отыра алмайтын Үкібай шаруаларға бұзаулы сиыр, бес қойдан артық мал ұстауға болмайды деген бұйрық келгенде, естен айрылғандай хал кешеді. Ол аты үшін бұзаулы сиырын өткізе алмайды. Бұл заңсыздық қара шалдың есін ауыстырғаны сонша ол өмірінде бірінші рет жаназаға бармай қалады. Жаназа болғанда да өз құрдасы Жақанның о дүниелік болғаны да артық деп ойлайды. Қара шалды қинайтыны енді бәйгеге сиыр қосам ба деген өкініш.

Қара шал – мінезді кейіпкер. Оның өмір сүру салты – өз ұлтының таным-түсінігіне, менталитетіне сай. Өзі түйсінген түсінікке, ұғымға сыйыспаған іс-әрекеттерді ол қабылдай алмайды. Мысалы, жүйрік атты етке өткізу ол үшін ақылға сыймас нәрсе. Сондықтан совхоз тарапынан болатын бұл талапқа

ол келісе алмайды. Экономикалық тұрғыдан қарағанда бұл жерде жасанды кеңестік шаруашылық түрі мен ұлттық шаруашылық ережесі сай келмей тұр. Жекеменшік ерік жойылған зорлықшыл шаруашылық формасы үстемдік құрған жерде бұндай кереғарлықтың болмай қоюы мүмкін емес еді. Және де бұл оқиғаның әйгілі коллективтендіру дүрбелеңінен кейін болып жатқанын еске алу керек. Оның шындығының бет пердесі бүгінде ашылып жатыр.

«Бесатар» повесі – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты жазылған шығарма. Айналасы 4-5 адамның басынан кешкен оқиғалар артық ауыз сөз кірістірілмей бейнелі жеткізілген. Әр бейне өзіне лайық боюмен дәл әрі анық ашылған. «Бізде амандасуға, ат суғаруға, ас ішуге, айтпай-ақ танылатын болмашы бірдемелерге көп орын беріледі. Асқар Сүлейменов шығармашылығында ол жоқ екен. Берілген көріністерде мән бар, серпін бар – әлденелерді астыртын андата кету бар. Белгілі жай, бұлай жазуда жазушы ұтысы еселеніп отырады» [3, 117], – деп белгілі жазушы Ғабит Мүсірепов қаламгер шеберлігіне өз көзқарасын білдіреді. Асқар Сүлейменов қай шығармасында да сыртқы көріністі сипаттаудан гөрі шығарманың ішкі қуатына ерекше мән береді, идеясын ашуға күш салады әрі ішкі мәні өз дәрежесінде ашылады.

««Бесатар» - психологиялық повесть» [3, 48], – дейді Төлеген Тоқбергенов. Шынында, Асқар Сүлейменовтың «Бесатары» - психологиялық-философиялық мәнерге құрылған шығарма. Өйткені осы көркем дүниеден ішкі терең жан сезімі мен пікір айтушылық қасиет айқын көрінеді. Бұл шығармада әдеттегідей құрылым жоқ, кейіпкерлер монологы арқылы жазылған. Әр кейіпкердің уақыт пен кеңістігі де көрсетілген. Шығармадағы философиялық мағына-мәнерге, түйінге Сәруәрдың өліммен бетпе-бет келгендегі сәтінде, ішкі монолог түрінде берілген бөлімде көз жеткіземіз.

«Бесатар» повесі – жазушының кезеңдік келесі бір биікке көтерілген туындысы. Біздіңше, прозалық тұрғыдан А. Сүлейменовтың шеберлік сатылары былай жүйеленсе керек. «Қара шал» - «Бесатар» - «Адасқақ». Осы реттен «Бесатардың» жазушы шығармашылығындағы алар белесті орны айқын көрінуге тиісті.

«Бесатар» арқылы жазушы өзінің қолтаңбалық ерекшелігін шын байқатты. Академик-жазушы Ғ. Мүсірепов шығармаға арнайы талдау жасап, өз пікірін білдірді. Атақты қаламгер әдеби ортаға: «Жаңаша жазушы, жазуға жаңалық кіргізер жазушы келе жатыр. Ойлы да серпінді жазушы келе жатыр» [4, 8], – деп жар салды. «Бесатарда» өзіндік жазушыға тән жеке қолтаңбалық ерекшеліктер айқын көрініс берген. Шығарманың бірден көзге түсер ерекшелігі – оның психологиялық астары терең туынды екендігі. Жалпы А. Сүлейменов жазушылық мәнерінде байқалатын екі бөлік ерекшелікті атап көрсеткен жөн. Олар: 1. психологиялық (ішкі жан: түйсік, сезім элементтері); 2. философиялық (ой түйгіштік, пікір түйгіштік) мәнер.

Экспериментке біздің көп ғалымдарымыз, көзі ашық оқырмандарымыз үдере қарайды. Бірақ, Асқар драмасындағы эксперимент халықтық колориттен алшақ емес, еуропалық элементтерге бой ұру емес, соны соқпақ жасау, ұлт танымы аясындағы еркін кеңістікте жаңаша форма қалыптастыру. Бұрын батыс Еуропамен көзқарас қайшылығында болсақ, Асқар Сүлейменов шығармалары жазыла бастаған тұс кеңестік сананың ыдырай бастаған кезеңімен қатарлас. Мұны автор түсінді. Біз мың жерден «Король Лирды» сахналағанмен Шекспир – ағылшын, «Ақымақ болған басымайды» қойғанмен Мольер біздікі емес екені, сол секілді Шиллер тек неміске, Толстойдың тек қана орыс мәдениетіне ортақ тұлға екенін бек ұғынды. Сол себепті де ырғағы бұрынғыдан өзге бағытқа жол ашты. Жаңа бағыт дегеніміз – классикаға қарама-қайшылық емес және Асқар Сүлейменов шығармашылығының өзі – М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов салған сара жолдан және ауыз әдебиетінен бастау алған. Осыны басты назарда ұстасақ, Асқар Сүлейменов шығармашылығындағы басты жаңа бағыт – әр түрлі әдебиеттің жаңаша жалғастығы деп баға бере аламыз.

Қаламгер бұл ретте жаңа бағыт нәтижесінде жаңа ойды жаңа форма арқылы дамытқан. Жаңашылдық болу себептері: біріншіден, автор аталмыш дүниелерінде қоғамдық қалыптасқан ойға қайшы, тысқары жаңа идея нәтижесінде туған, екіншіден, қазақ әдебиетінде сирек ұшырасатын монолог-диалогқа құрылғандығымен қатар, соны формада жазылған, үшіншіден, дәстүрлі жазушылық танымнан тыс болуы, оқиғаның басталғанында емес, дамыған, қызған нүктесінен бастап дамуы, догмалық ауқымнан тыс кейіпкерлер түсінігіне қарай отырып, бұл дүниелерді модернистік эксперимент деп толық айта аламыз. Эксперименттік мінез кейіпкерлерінде де кездеседі. Персонаждардың мінез-құлқы – күйзелісте жинақталған. Барлығына ортақ депрессивті көңіл-күй алданып қалған совет қоғамының ғана емес, келешектегі де тәуелсіздік алғанымен бағыты мен бағдары айқын емес қоғамға тән мінез-құлық еді. Кейіпкерлердің бойындағы қым-қиғаш психология да осы эксперимент нәтижесінде айқындала береді. Асқар Сүлейменов туындылары, атап айтсақ, «ситуациялар» триптихы шығарма жазылған кезеңнің үрдісімен мүлдем аулақта дамыған, жаңаша үрдіске негізделген дүние.

Екінші тарап – кейіпкерлердің әлеуметтік тіршілігі. Мұны біз әрине, стилдік ізденіс тұрғысындағы эксперимент санатында атай аламыз. Дегенмен де, кейіпкерлердің әлеуметтік тұрғыдан өзгешелігіне қарап, жаңаша концепция екенін атай аламыз. Айталық, кеңестік әдебиеттің басты кейіпкері міндетті түрде – сауыншы, шопан, озат егінші, тракторшы, шахтер болып келетін де, оның еңбегінің саны мен сапасына ғана көңіл бөлініп, оның жаны екінші жаққа ысырылатын. Бұл автор үшін өзі суреттеп отырған өмір шындығын көрсету мен тануда мүмкіндік беретін шығар, бірақ, кейіпкер мінезін жинақтау мен образды

даралау тәсілінде ақсандап жататыны бар. Кейіпкерлердің эмоционалдық тарапы айқындалмай қалатын. Ал, Асқар Сүлейменов шығармаларында бірінші адам жаны, екінші әлеуметтік мәселе қозғалады.

А. Сүлейменов шығармалары – кез келген үлгіде, кез келген шешімде қабылдауға мүмкіндік беретін, ой-тұжырым еркіндігіне жетелейтін, қатпарлы астарлардан сан қилы ой қозғауға, шешім табуға мүмкіндігі мол шығармалар.

Асқар Сүлейменов – көп қырлы қаламгер. Жазушы еңбегін 1960-жылдардағы қазақ әдебиетінің ерекше бір құбылысы деп бағалауға болады.

Қалтай Мұхамеджанов Асқар Сүлейменов туралы былай деген екен: «Кеше ғана арамызда жүрген Асқардың кім екенін сол кеше де, тап бүгін де біздер әлі толық біліп-тани алған жоқпыз. Асқар Сүлейменов – қазақ топырағында, XX ғасырдың екінші жартысында жаңа сапалы өнер, жаңа әдебиет жасаған ерекше тұлға. Келер ұрпақтарымыз Сүлейменұлы Асқардың шалқар кеңістікті ой-сезім әлемінің тұнығына жүзіп, қанып сусындары анық» [5, 55]. Бұл – жазушының жазушыға берген әділ бағасы.

Асқар Сүлейменов қай шығармасын алып қарасақ та, қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыстай көрінеді. Оқиғасы ерек, қолтаңбасы бөлек, тілі бай.

Адам ғұмыры – қилы тағдыры жинақталған әдемі әлем. Бұл жиынтық, нақтырақ айтсақ, бір-бірін алмастырып отыратын іс-әрекеттер жүйесі. Іс-әрекетте объектінің субъективті формасына, образға өтуі жүзеге асырылып, сонымен қатар іс-әрекетте объективті нәтижелеріне, өнімдеріне айналуы орын алады. Осы жағынан алғанда іс-әрекет процесс ретінде көрініп, онда субъект-объект өрістері арасында өзара ауысу жүзеге асырылады.

Асқар Сүлейменов өз кейіпкерлерін сомдағанда адамның ішкі жан дүниесіне бойлап, болмысын танытып, жанындағы дерттің сырын, себебін ұғуға ұмтылса, көркем шығарма осылардың себебін анықтап, оны емдеудің жолдарын қарастырады. Жазушылар алдарына қойған осындай мақсатқа жетуде адамның жан дүниесін, сезім сырын, көңіл-күйін оқырманға жеткізу үшін авторлық баяндау, суреттеу, әңгімелеу, пікір айту сияқты тәсілдерді алмастырып қолданады.

Көркем шығармаларда адамның өмірі, олардың өзара қарым-қатынастары, наным-сенімдері, ой-сезімдері, мінез-құлықтары суреттелінеді. Бірақ жазушы шығармасында өзіне белгілі бір адамның ғана сипатын көрсетіп қоймайды, сол адамның өмір сүрген кезіне, өскен ортасына дәл келетін кей адамдарға тән іс-әрекет, мінез-құлық, наным-сенімдердің ең керектілерін теріп алып, бір адамға тән сипат етіп көрсетеді және солай болуы мүмкін екендігіне оқырмандарын сендіреді.

Суреткер өз шығармасында не жайлы, қандай өмір шындығы жайлы ой толғағанда да, басты шындықты адам образы арқылы ғана ашып береді, тек сол арқылы ғана бейнелеп отырған дәуір тынысын таныта алады. Өйткені

көркем шығармаға өзек болатын өмір де, ол өмірдің шындығы да адамдікі, адам өмірінің шындығы. Осы ретте адамның сыртқы іс-әрекеттерімен қатар оның күрделі ішкі әлемін, ойлау, сезіну ерекшелігін дәл көрсетіп, нақты таныту міндеті бой көрсетеді. Мұндай жағдайда тікелей де, жанама түрде де кейіпкердің психологиясына, сезім құбылуларына үнілуге тура келеді.

Асқар Сүлейменов та шығармасында белгілі бір фактілерді, болмысты, әрекеттерді тізбектеп, созып баяндаудан аулақ. Оның шығармаларының бір ерекшелігі дәл қызған, қызықты жерден бастау. Басында әңгіменің не туралы екенін түсінбеу қиыншылыққа түседі, бірақ әрі қарай жағдайға елігіп отырасың. Әрине, оның да шығармаларында табиғатты бейнелеу, авторлық ойы, яғни баяндау, қысқаша мінездеме беру де кездеседі. Бірақ шығарманың қызығы да сол психологизм әдіс-тәсілдерін пайдалана құрылған. Әр кейіпкердің ішкі дүниесіне терең бойлау, монолог арқылы, бір-бірімен деген қатынасы диалог арқылы керемет ашылады. Одан басқа психологиялық параллелизм, интерьерді көрсету, жорта сөйлеу қолданылады. Оқырманға ойды жалғастыруға мүмкіндік береді. Мұндай жерлер шығарманың көп жерлерінде кездеседі десек, қателеспейміз. Яғни сюжет құрылысындағы ерекшелігі осы.

XX ғасырдың екінші жартысы – қазақ әдебиетінің әлемдік әдеби процеспен ең етене араласқан тұсы боп табылады. Бұл құбылыстың жарқын бір үлгісі – А. Сүлейменов шығармашылығы.

Жазушы Асқар Сүлейменов – әдебиеттің барлық жанрлық түрлеріне қалам тербеген дарын иесі. Проза саласымен қоса драматургия, көркем қара сөз жанрларында да өзіндік қолтаңбасы бар. Асқар – ой әлемін өзіндік қолтаңбалық ерекшелігімен танытқан, ешкімге ұқсамайтын бірегей тұлға.

Жазушының басқа да шығармалары өзіндік мәнге ие. Әрқайсысы бір-бір зерттеудің қажеттілігін аңғартатын, жекелеген зерттеулерге сұранып тұрған көркем дүниелер. Ойымызды түйіндей келсек, А. Сүлейменов шығармаларының айтар ойы, берер емеуріні, мағыналық зор мәні бар. Психологизмнің туу факторлары нақ оқиғаның қызған жерінен басталады. Жазушының шығармашылығындағы идеялық өзекті арнасы – батыстық эстетикадан (модернизм) басқа, ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеуден тұрады. Ал бұл - жазушы шығармашылығындағы жаңашылдық бағыт болса, ұлттық әдебиетіміздің кеңістігі үшін қайталанбас шебер суреткерлік құбылыс екені сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сүлейменов, А. Бесатар. – Алматы : Атамұра, 2009. – 349 б.
- 2 Тарази, Ә., Мұсалы, Л. Көркемдік құпиясы. – Алматы : Санат, 2000. – 201 б.

3 Дәдебаев, Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы : Қазақ университеті, 2003. – 284 б.

4 Аян, А. Бесатар атты кітабы туралы. //Егемен Қазақстан, 1997, №23. – 8 б.

5 Муталиева, Р. М. Қазіргі қазақ әдебиеті. Филология мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы. - Павлодар : Кереку, 2012. – 87 б.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 22.08.14 редакцияға түсті.

А. Ф. Зейнулина

Художественные особенности познания внутреннего мира человека в творчестве Аскара Сүлейменова

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 22.08.14.

A. F. Zeinulina

Artistic features in the cognition of the inner world of man in the works of Askar Suleimenov

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 22.08.14.

В настоящей статье рассматриваются особенности изображения героев и авторская позиция в произведениях Аскара Сүлейменова.

This article is devoted to the features of the characters and the author's position in the works of Askar Suleimenov.

А. Ф. Зейнулина

ТӨЛЕН ӘБДІКОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ

Аталмыш мақалада Төлен Әбдіков шығармаларындағы психологизм моделінің қолданыс шеберлігі қарастырылады. Кейіпкерлердің ішкі жандүниесін танытудағы философиялық аспектісіне талдау жасалынады.

XX ғасырдың алпысыншы жылдардың жартысы мен жетпісінші жылдардың бас кезінде прозадағы лирико-психологиялық тенденция тереңдей түсті. Осы ретте оған қоса философиялық ойға құрылған интеллектуалды мотивтегі әңгіме, повестер туа бастады. Кейіпкерлердің ішкі жан дүниесіне, өз қиялына, психологиясына терең бойлап, жан сырына, нәзік сезіміне үңілген шығармалар көбейе түсті. Бұл тұрғыда қазақ философиялық прозасы мен психологиялық прозасы өзара тығыз байланысты дамығанын атап өткен жөн.

Қазақ әдебиетінің 1960–1990 жылдардағы қазақ прозасына өзінің тосын тақырыптарымен келген талантты да талапты Т. Әбдіков қазақ әдебиетінің озық дәстүрлерін жаңашылдықпен жалғастырып, қазақ әдебиетін мазмұн, түр, тақырып жағынан ерекше байытты.

Жазушы Төлен Әбдіковтың шығармашылығы туралы Қ. Құрманғалиев: «Әбдіковтің әдебиеттегі қолтаңбасының ерекше екендігін өзінің жазу мәнері, сөз қолданысы, кейіпкерлерінің іс-әрекетін, мінез-құлқын сомдауы, оқшау образдар жасауы, тосын тұлғалар табуы тайға таңба басқандай дәлелдеп-ақ тұр. Төленнің кез-келген шығармасының кейіпкерлері сөз саптасынан бастап дүниетанымына дейін ерекшеленіп тұруымен дараланады», - деп жазды [1,2]. Сонымен бірге Т. Әбдіковтің «әдеби туындылары алғашқы жарияланған әңгімесінен соңғы жазған романына дейін жұртшылықтың жүрегіне жол тауып, айтыс-талас тудырып, әйтеуір жайбарақат қалдырған жері жоқ» екендігі де рас [2,224].

Төлен Әбдіков әдебиет әлеміне 1964 жылы жарияланған «Райхан» атты әңгімесімен келді. Алғашқы туындысымен-ақ әдебиет сүйер қауымды елең еткізген жазушы қаламынан әр жылдары «Көкжиек» (1969), «Күзгі жапырақ» (1971), «Ақиқат» (1974), «Айтылмаған ақиқат» (1979) әңгіме-повестер жинақтары, «Өлара» (1985) романы жарық көрді. Соңғы жылдары жазылған «Парасат майданы» повесі – жазушының қаламгерлік қырын барынша танытқан туынды болды. Т. Әбдіковтің көптеген шығармалары орыс және

шет тілдеріне аударылған. «Біз үшеу едік» (1985) пьесасы Республикалық театр сахналарында жиі қойылды. Ол грек аңыздарын қазақ тіліне аударып, «Эллада ертегілері» (1977) деген атпен жариялады. Ол өзінің шығармашылық кеңістігінде 10-нан астам повесть, әңгіме, 1 роман, 2 пьесаның авторы. Әлі де қаламгерлік қуаты өз күшінде.

Төлен Әбдіков шығармашылығының ерекшеленетін тұсы адам бойындағы тек қоғам тудырған қайшылықтар ғана емес, адамның ішкі өзімен - өзі қайшыласқан тұстарын ұсына білуі. Адам бойындағы түрлі қасиеттер – адамгершілік, ізгілік, борыш сияқты сезімдер мен зұлымдық, азғындық сияқты алапат күштердің бітпес майданы – Т. Әбдіков шығармашылығының негізгі тірегіне айналған. Т. Әбдіков өзінің адам тұлғасы туралы пікірін, түсінігін, көзқарасын өзі сомдаған тұлғалар арқылы көрсете білді.

Төлен Әбдіков шығармашылығының ерекшелігі - жеке адамның идеялық және адамгершілік тұрғыда қалыптасу процестері мен характердің философиялық мәнін ашудағы тосын табыстары. Жазушы әуел бастан бүкіл шығармашылығын парасаттылықты пайымдап, ізгілікті мадақтауға арнады. Сондықтан да, біз жазушыны үлкен эстет, интеллектуалды қаламгерлердің қатарында танымыз.

Өз дәуіріндегі әдебиетте кең қолданыс тапқан әдеби-көркемдік әдіс-тәсілдерді өзіндік өмір философиясымен шебер ұштастырып, шығармаға да, кейіпкерлерге де үлкен жүк арқалатып, өз оқырмандарының санасында мәңгі сақталар туындылар жазған қаламгерлеріміз баршылық.

Жазушылардың қай-қайсысының да шығармалары ең алдымен, өзінің ешкімге де ұқсамайтын кейіпкерлерімен, олардың терең психологиялық әлемімен, өзіндік дүниетанымымен ерекшеленеді. Бұл кезеңдегі әдебиет адамның сан қилы әрекеттерін олардың дүниетанымы мен ішкі психологиялық әлемі арқылы шынайы суреттеуге тырысты. Адам бойындағы тылсым арпалыстар, адам психикасындағы ұшы-қиырсыз ғажайыптар, адамгершілік, адалдық сияқты қасиеттер мен пендешілік, арамзалық сияқты алпауыт күштер майданы – қазақ әдебиетінің негізгі сарынына айналды.

Қазіргі қазақ әдебиетінің қай жанырына көз салмайық, оның кәсіби деңгейінің өскендігіне, өмірлік шындықты өнерлік мұрат деңгейіне көтеруге де жазушыларымыздың ізденіс үстінде екеніне көз жеткіземіз. Мәселен, XX ғасырдың басында дүниеге келген бір ғана роман жанрының өзі бүгінде қандай биік деңгейге, кемелдікке жетті. Мұндай кемелдіктің түп – төркіні М. Әуезов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Б. Майлин сынды жазушыларымыздың әдебиет пен мәдениеттің озық үлгілерін терең шығармашылықпен меңгерген көркемдік ізденістерде жатыр. XIX ғасырда пайда болған прозадағы психологизм ағымын қазақ әдебиетінде көркемдік дәстүрге айналдырып оның кең қанат жаюына олардың қосқан үлесі зор. Бұл жаңашылдық үрдісі кейін қазақ әдебиетінде кең қолданысқа еніп, көркем

туындылардың шынайы қалыптасуына себеп болды. Солардың бірегейі Т. Әбдіков туындылары.

Т. Әбдіков туындыларының ішінде ерекше тоқталуды қажет ететін бітім – болмысы бөлек дүниесі «Оң қол» әңгімесі. Шағын ғана әңгімедегі шымырлық пен шеберлік сияқты жанр талабына тән қасиеттер бірден көзге шалынады. Автор бас кейіпкері – Алманың түсі арқылы адам санасындағы үздіксіз жүріп жатқан процесті, үрей мен қорқынышты өмір мен өлім арасындағы арпалысты, жан толғанысын көркемдікпен жетелей білген. Шығармадан үзінді келтіріп өтсек, парктегі гүлді жұлдырып, дәрігер жігіттің сезімін сынайтын сұлу да, тәкәппар, адал да, ерке Алманың сырқаты тұқым қуалайтын қауіпті сырқат.

«Оң қол Алмаға терең қалың ұйқы құшағында енгенде шабуыл жасайды. Яғни өзіне қанша түсініксіз болғанымен, өзін-өзі өлтіру ниеті қыздың миында бар деген сөз. Бірақ ол ниет кімнің ниеті, қайдан келген. Алманың бүкіл өткен өмірін, мінез-құлқын, адамдармен қарым – қатынасын зерттей келіп, мұны өз басынан туған ниет деуге себеп таба алмадым. Бұл қалайда қанмен, тұқым қуалап келген деген ниет деуге болмайды. Науқастың шешесі, иә әкесінің әкесі бір кезде өзін-өзі өлтірмек болған. Енді олар әлде бір құпия заңдылықпен Алманың санасында тұрып, өздерін - өздері өлтіргілері келеді. Бірақ олардың өздері жоқ. Сананың иесі қыз өлуге тиісті» [3, 223 – 224].

Бұл сырқат сирек те болса, өмірде кездеседі екен. Оны медицинада дененің екі жарылуы десе, әдебиеттануда адам ішіндегі адам деген тәсілді жазушы өте шебер пайдалана білген. Шығарма сюжетін берудегі суреткер шеберлігі күшті.

«Қаламгер қай кейіпкерінің бейнесін жасамасын ол сөзге сараң, автордың ішкі сезімін сездіре бермейтін салқынқанды. Кейіпкерлері тек өз табиғатына, дәрежесіне тән сөздерді сөйлеп оларды толғайды. Шағын әңгімеде шашырап жатқан ой, оңды - солды пайдаланған сөз жоқ. Әдеби шығармада кейіпкер болмысын кесектеп, ішкі жан сырын ашуда айрықша роль атқаратын түс ішкі монолог ретінде көрініс тапқан. Әңгімені әсерлі етіп, оқиғаны қоюлатып отырған түс - автордың үлкен табысы» [4,77].

Бұл пікірге орай ой өрбітсек түс көру тәсілі басқа да жазушыларымыздың шығармаларында көрініс беретінін байқау қиын емес. Ғалым Ж. Дәдебаев «Оң қолды» О. Бөкей шығармаларымен салыстырады.

Мәселен: Т. Әбдіковтің «Оң қол» әңгімесінде бір тұлғаның бойындағы біріне - бірі жат жау екі сана туралы сөз қозғалады. Автор «бір дене ішіндегі екі түрлі жан иесінің» кезектесіп не қатар өмір сүруін «мидың шешілмей жатқан жұмбақтары» ретінде түсіндіреді. О. Бөкеевтің «Жасын» әңгімесіндегі адамның түрі қолы қып – қызыл қан, ізі сап - сары болып күйіп қалған, ақ шапанының ар жағында белдігіне қырық пышақты қара шапанды ақ тер, қара тер боп қаншама шешсе де тауыса алмай дымы құриды» деп отырып мынандай қорытынды жасайды.

«Бірінші әңгіме санасы ауруға шалдыққан қыздың әректіне негізделген. Екінші әңгіме Қиялшыл Қиялханның түсінен. Екі шығармада да жұмбақтылық, бейнелілік басым. Ақиқат болмыс ретінде осы жұмбақтылық пен бейнелілікті, олардың логикалық шешімін қабылдау керек пе, жоқ па оны ашып көрсетуді авторлар қажет деп таппаған. Көркем шығарманың шын тіршіліктің дәл өзі ретінде қабылдау ешқашан міндетті делінген емес. Алайда, жазушы қандай шартты форманы пайдаланғанда да объективті дүниенің суретін жасауды мақсат тұтады. Реалистік шығармада символ – белгі – нақты мазмұнның формалық көрінісі. Мазмұн – мағынадан тыс жұмбақтылық, шарттылық жоқ. Осы ретте жоғарыдағы шарттылықтардың да өз мәні болуы тиіс. Жоғарыда айтып өткеніміздей адам жан дүниесінің екіге жарылуы - қазақ әдебиетінде бұрыннан бар, адам психологиясын тереңнен түсіндірудегі ерекше құрал екенін көрдік. Бұл сөзімізге тағы дәлел келтірсек. Бұл адам бойындағы қос қасиеттің тартысқа түсіп, оның бірде – бірі, бірде - екіншісі жеңіліске ұшырап отыратын психологиялық құбылыс. Мәселен, Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы бас кейіпкер бойынан да, осы құбылысты көруге болады. Ақбілек қанша адал, пәк адам дегенмен де, ол кейде қара мұрт офицердің құшағынан тыныштық тапқандай да болады ғой. М. Әуезовтің де «Қаралы сұлуы» туралы да осыны айтқан жөн.

Т. Әбдіковтің келесі әңгімесі «Қонақтар». Бұл дүниеге бәріміздің де қонақ екендігімізді ескерсек, бұл шағын әңгіме тақырыбының өзінде үлкен символдық астар жатқан сияқты. Күнделікті өмірдің күйбеңі біткен бе? Алайда, біз сол күнделікті өмірдің күйбеңімен жүріп қаншама құндылықтардан ажырап бара жатқанымызға оншама мән беріп, ой жібере бермейді екенбіз. Урбанизацияның терең иіріміне көміліп бара жатқан қазақтың қаракөз қыздары мен көгенкөз ұлдарының тағдыры Т. Әбдіковтің ары мен иманынан да шет қала алмапты.

Т. Әбдіковтің өзіндік жазу мәнері, сөз қолданысы кейіпкерлерінің іс-әрекетін, мінез – құлқын сомдауы, оқшау образдар жасауы, тосын тұлғалар табуы тайға таңба басқандай дәлелдеп – ақ тұр. Суреткердің кез келген шығармасында сомдаған кейіпкерлері сөз саптасынан бастап, дүниетанымына дейін ерекшеленіп тұруымен дараланады.

Т. Әбдіковтің ендігі бір әңгімесі «Бір күндік ашу», «Жат перзент» деген әңгімелерінің көлеміне қарап, оның көркемдік жетістіктерін кемсітуге болмайды. Бір қарағанда мәселен бір күндік ашуда тұрған не бар, кім ашуланбай жатыр деген ой келуі мүмкін. Оқиға желісіне адам психологиясының бір сәт, бір мезеттік қана қыры алынған. Бізге суреткер сол бір сәттің өзінен адамға тән барша болмыстың құпиясын ашқандай көрінеді. Онжылдықты былтыр бітіріп, қазір кітапханада жұмыс істеп жүрген Айгүлдің ағасы Ордабекке әлі күнге кішкентай бала көрінетіні рас.

«Шынында да ол соқтауылдай қыз. Бірақ мұны айтқан адамды Ордабек барынша ұятсыз, ардан безген біреу деп білер еді» деген немесе «-Жұмысқа келген студенттердің біреуі Айгүлге сөз салып жүр екен, - деген хабарды естігенде табиғатында жоқ бір долылықтан түтігіп, тіпті жыларман халге келді.

«Бұл маскара ғой! Кішкентай баланы! деді әрі ойлауға батылы жетпей» деп қарындасын қызғанатын Ордабектің жан дүниесі қандай табиғи, ұлттық нақыш – бояуымен ашылады.

Ал, Айгүл бейнесі тіпті бөлек. Жазушы оның да ет пен сүйектен жаратылғанын, тіпті, адам ретінде оның да біреуді жақсы көріп, ғашық болуға толық хақысы бар екенін кейіпкер ішкі дүниесінің толқыныстары арқылы суреттейді. Шығарма сюжеті шағын. Адам өмірінің бел – белестеріндегі бір кезең алғашқы махаббат десек, шығарма соңы бас кейіпкердің өткен өмір жолдарын ой көзімен шолып, қорыту арқылы түйінделген.

Жазушының «Жат перзент» әңгімесінің де мазмұны бір сәт, бір кезеңдік оқиғаның әсерінен дамиды. Т. Әбдіковтің «Жат перзент» деген әңгімесіндегі бас кейіпкер Кәрім де басында еш ойламаған оқиға дамуына кездеседі. Тек кек қайтарамын деген ниеті ол ойламаған бағытта дамыды да, ішкі әлеміне үлкен өзгеріс әкелді. Алайда, кейіпкер өз бойындағы осы бір түсініксіз сезімді тұншықтырып өлтіреді. Байқаусыз өткен осы оқиға жылдар өткен соң қайта кездеседі. Бірақ бұл кездесу өткен оқиғадан қалған нәтиже іспеттес болды. Өзіне ұқсаған сүйкімді перзентін өзгенің бауырынан көріп, ұмыт болған сол сезім енді ешқашан өшпес өкініш болып қайта туады. Бұдан жазушы шығармашылығындағы адам өмірінің ішкі рухани келбеті тек қана сыртқы оқиғалар, өмір ерекшеліктері, әртүрлі құбылыстарға қатысты ғана өзгермейді, ол оның дербес даму кезеңдеріне де байланысты болып отырады деген қорытындыға келуге болады.

Т. Әбдіков суреткерлік стилін, іргелі ізденістерін танытар, көркемдік сапасы кемел туындысы «Қыз Бәтеш пен Ерсейіт» повесі. Аталған повестің желісі бойынша «Өтелмеген парыз» атты көркем суретті фильм де түсірді. Шығарманың мазмұны Ә. Кекілбайұлының сөзімен айтқанда: «Арзымсыз заманға еріп, ақ ниетті әке мен ақ пейіл аруларға опық жегізген опасыз ұл» қақында.

Қазақ ұғымында қара шаңырақтың, сол қара шаңыраққа ие боп қалар қара баланың орны ерекше. Егер ол бір атадан қалған жалғыз болса, онда оған деген ынта–ықылас, сүйіспеншілік тіптен бөлек. Олай болса, сол баланың мезгілсіз қазасы қай шаңыраққа да оңай тимес еді. Осы тұрғыдан келгенде, жалғыз жарығынан айрылған Қожабек қарияның қайғысы тым ауыр. Мұны түсінуге болады. Ал, сол қайғының үстіне бақилыққа аттанған ұлдың бұл дүниеде жасаған қиянаты қосылса, оған кімді кінәлауға болады. Кейіпкерлері де шығарма сюжетіне орай табиғи қалыптарын да ұлттық нақышпен дараланады.

Ғалым Г. Піралиева: «Кейіпкердің ішкі ойы осылай арнасынан асып – төгіліп жатады, әлгінде өзі айтқандай өзінің өміріне, мына тіршілікке қанағаттанбай арпалысады, жан азабына түседі. Ал әдеби шығармада қолданылатын «қанағатсыздық» сөзі, ұғымы монолог түрінде беріліп, кейіпкердің ішкі ойлау, толғау процесі тудыратын көркемдік компонент» - деген пікірін негізге алсақ, адамзатты не тіршілікте, не шығармашылықта тыныштық бермей үнемі арпалыс пен азапқа салып қоятын қанағатсыздық сезімі сөз өнерінде, әдебиеттануда да үздіксіз ойлау процесі оқиғаға жанды қозғалыс, динамика, өмір беретін ең қажетті шеберлік тәсіл десе болады. Осы шеберлік шыңын Төлен Әбдіков шығармаларынан танып, жүрепкен сезінеміз.

Ендігі бір назар аударатын нәрсе Т. Әбдіковтің шығармаларының өн бойындағы алтын арқаудың бір үзілмейтіндігі. Қайсы бір шығармасын алмаңыз ондағы көтерілген негізгі бір мәселенің түйіні келесі бір туындысында тереңдей ашылып, автордың позициясымен шебер идеялық бірлік табады. Бұл орайда барлық шығармаларына тән негізгі қасиет деп шығарма шырайын кіргізетін шындықтың кейіпкер характері мен психологиясының даму эволюциясы автордың жан – дүниесімен сабақтасып, идеялық бірлік табуы дер едік.

Адам жан дүниесінің екіге бөлінуі – қазақ әдебиетінде бұрыннан-ақ қалыптасқан адам психологиясын тереңнен түсіндірудегі ерекше құрал. Бұл — адам бойындағы жақсы, жаман қасиеттердің тартысқа түсіп, оның бірде бірі, бірде екіншісі жеңіліске ұшырап отыратын психологиялық құбылыс. Мәселен, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы бас кейіпкер бойынан да, осы құбылысты байқауға болады. Ақбілек қанша адал, пәк адам дегенмен де, ол кейде қарамұрт офицердің құшағынан тыныштық тапқандай болады ғой. Бұл жерде ешқандай сыртқы жағдайдың әсері жоқ. Тек Ақбілектің ішкі әлеміндегі өзі де түсінбеген құпия құбылыс қана. Сол секілді М. Әуезовтің де «Қаралы сұлуы» туралы да осыны айтқан жөн. Осынау құбылысты бүгінгі адамзат баласының жан әлеміне бойлап ашуға ұмтылған Т. Әбдіктің ізденістері «Ақиқат», «Оң қол» атты шығармаларында көрініс тауып, «Парасат майданы» повесінде тереңдей түсті.

Адамның екі ұдай күй кешуін, адамның ішкі әлеміндегі сезім мен күштердің бас көтеруін суреткерлік шеберлікпен жеткізе білген қаламгеріміз – Т. Әбдіков. Адам жанының екіге жарылуы оның «Оң қол» әңгімесінде және «Парасат майданы» повесінде психологиялық тереңдікпен суреттеледі.

Төлен Әбдіков ешкімге, ешбір кейіпкерге ұқсамайтын орталық кейіпкерінің мінезін баяндап, құрғақ таныстырмайды, оқиға желісімен тани түсеміз. Мінез – адамның ішкі бітімі болғанда, тип – сом тұлғасы екені мәлім. Бірақ «Парасат майданы» кейіпкері типтік емес, дара тұлғалы кейіпкер. Бұл орталық кейіпкердің трагедиялық образ екендігін шығарма шешімінде көрінеді.

Орталық кейіпкердің рұқсатсыз күнделігін оқып, пікірталас мақсатында хат жазысуға шақырған бейтаныс кейіпкер шығарма геройын мазасыздыққа жеткізіп, тығырық түйыққа тірейді. Барлық тыныштығын ұрлап алған хат жазушы түптің-түбінде өзі болып шығады да, күретамырын алмаспен тіліп бір тәнге орналасқан ізгілік жанымен қоса жауыздық жанын да жаһаннамға аттандырады.

Қаламгердің басты міндеті – кейіпкер жанындағы, жүрегіндегі терең иірімдердің күрделі сырын ашу, күнделікті болып жатқан өмір оқиғаларына адам жанының қатысын анықтау, оқиғаның сырын адамның болмысы арқылы ашу. Осы тұрғыдан келгенде суреткер Т. Әбдіков алдына қойылған көркемдік мақсатты толығымен орындай отырып, «Парасат майданы» повесі арқылы адам атты ұлы ұғымның өркениет дәуіріндегі рухани қасіретін бейнелейді.

Негізгі психологиялық шығарманың жанрлық, стильдік ерекшелігін ашатын көркемдік бейнелеу құралдарының – ішкі монолог, монолог, ойлау, қиялдау, ой – түйсік, ес, еске алу, елес, елестету, түс – сандырақ, өзін - өзі бақылау мен өзін - өзі талдау т.б. жатқызатынын айтуға болады. Т. Әбдіков шығармаларында осы тәсілдердің барлығы, әсіресе монолог, ішкі монолог, ойлау, өзін - өзі бақылау мен өзін-өзі талдау сияқты тәсілдер жиі кездеседі. Т. Әбдіков шығармаларының негізі философиялық астарларға бай екенін ескерсек, бұл тәсілдердің шығарма сюжеті мен кейіпкердің жан дүниесін ашып көрсетуде шешуші роль атқарады.

Көркемдік ізденістері терең, талантты қаламгер Төлен Әбдіков еңбектерінен оның азаматтық келбетін, қаламгерлік кредосын анық байқаймыз.

Жазушы халықтың сөйлеу тілінің алуан үлгілерін кеңінен қолданады, халықтық тілдің негізінде көркем бейнелеудің жаңа түрлерін жасайды. Ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді, сонымен қатар тұрақты теңеу мен эпитеттерді өз айтар ойына ыңғайлап өзгертіп, жаңартып, жаңғыртып соны, тың тіркестер тудырады.

Ғасырлар бойы айтылып, барған сайын шындала түскен халық өнерінің ең жақсы жақтарын бойына сіңірген Т. Әбдіков өз туындыларының көркемдік қасиеттерін жаңа өң, соны сипатпен биік деңгейге көтере білді. Оның шығармаларындағы адамтану иірімдерінің терең, танымдылығының жоғары болуы себебі де осында болса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Құрманғалиев, Қ.** Сырбаз суреткер // Қазақ әдебиеті. 1992, 4 қыркүйек.

2 **Пірәлиева, Г.** Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: Алаш, 2003. – 252.

3 **Әбдіков, Т.** Таңдамалы. – Алматы : Жазушы, 1992. – 221.

4 **Базарбаев, М.** Замана тудырған әдебиет. – Алматы : Ғылым, 1997. – 504 б.

5 **Даулетбаева, Б.** «Құпия есіктің құлпын ашқан қаламгер» // Қазақ әдебиеті. 12 – қараша. 2002.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 22.08.14 редакцияға түсті.

А. Ф. Зейнулина

Психологизм в творчестве Толена Абдикова

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 22.08.14.

A. F. Zeinulina

Psychology in the works of Tolain Abdikov

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 22.08.14.

В данной статье рассматривается мастерство применения модели психологизма в произведениях Толена Абдыкова. Анализируется философский аспект познания внутреннего мира героев.

In this article there is considered the skills of treatment of the psychologism's model in works of Tolain Abdikov. There is a philosophical aspect in cognition of the inner world of heroes.

А. Ф. Зейнулина*, Ә. Т. Ибраева**

ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ СУРЕТКЕРЛІК ТАНЫМ

Аталмыш мақалада Қабдеш Жұмаділов шығармаларының идеялық – жанрлық сипаты мен көркемдік әдісті қолдану шеберлігі қарастырылады.

Қазіргі егемендік жағдайымызда еліміз тәуелсіздігін алып, жиырма бірінші ғасырдың табалдырығын аттаған уақытта біз болашақ қадамдарымызды нық, сенімдірек басу үшін, алдымен өткен жолымызды, тарихи тағдырымызды біліп алуымыз қажет. Ондай танымды қазіргі кезең проза жанры молынан береді. Көркем сөздің уақыт талабына қарай құбылып өзгеруі жаңа бейнелердің жасалуы – характер сомдайтын типтендіру құралдарының түрленуі. Әдебиеттану ғылымының ХХ ғасырдағы даму бет алысын, тарихын зерттеуде көмегі тиетіні сөзсіз.

Қазіргі таңда қазақ әдебиетінде рухани дамуымызға, ұлттық жан дүниемізге өз шығармаларымен үлкен үлес қосқан қаламгерлердің шығармашылығын қарастырып, олардың әдебиеттегі орнын, суреткерлік ерекшелігін ажырату қажеттілігі заңдылық болып табылады. Жалпы, қазақ әдебиетінің тарихында шығармаларымен оқырмандар ықыласына бөленген, өзіндік дара тұлғасымен, суреткерлік стилімен есте қалған қаламгерлер аз емес.

Осындай мінезбен танылған адуынды, ұлтжанды қарымды қаламгер иесі Қабдеш Жұмаділов. Ол - тарихи кезеңдер шындығын, өнер адамдары мен тарихи тұлғалардың өмір жолын, өнер, мәдениет, салт-сана тақырыбын және бүгінгі замандастардың тыныс тіршілігін, ішкі дүниесін арқау еткен шығармалар оқырман назарына көбірек іліктіріп, терең талағаммен жазған жазушы.

Қабдеш Жұмаділов – тіл байлығы керемет қаламгер. Қай шығармасын оқысаң да, осы айтылғанға көзің жетеді. Бұл әрине, жазушының «сөз өнерінің» шебері екенін дәлелдейді. Оның сөздері орынды пайдаланып, әр түрлі тіркестерді қолдануының өзі шеберлігінің бір көрінісі.

Қабдеш Жұмаділов - әдебиетке үлкен дайындықпен келген жазушы. Ең алдымен – ол шебер суреткер. Университетті 1965 жылы тәмамдаған соң, Қабдеш Жұмаділов екі жыл «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет атқарды. Газеттен 1967 жылы «Жазушы» баспасының проза бөліміне ауысты. Ол кезде «Жазушы» баспасының басында белгілі ұлтжанды жазушы Ілияс Есенберлин отырған еді.

Ілияс Есенберлин Қабдеш Жұмаділовке қамқорлық жасап, оған көп жәрдем берді. Мәселен, Қабдеш Жұмаділовтің тұңғыш кітабын басып шығаруға көмектескен, дәл осы кісі. Осылайша, жазушының 1966 жылы ең тұңғыш кітабы – «Жас дәурен» атты өлеңдер жинағы жарық көрді [1, 248].

«Жас дәурен» өлеңдер жинағы - жазушының ең тұңғыш және соңғы поэзиялық шығармалар жинағы болып табылады. Өйткені, Қ. Жұмаділов поэзия әлемінен проза әлеміне біржола өтіп, енді шағын шығармалар жаза бастады. 1968 жылы ең алғашқы шағын әңгімелер жинағы «Қаздар қайтып барады» деген атпен «Жазушы» баспасында жарық көрді. Бұл жинаққа «Қаздар қайтып барады», «Қайран құрдастар», «Өмір, сен тамашасың» сияқты әңгімелер енді.

Шағын әңгіме жазып шыныққан жазушы, енді көлемді шығармалар жазуға кірісті. Ең тұңғыш көлемді шығармасы – «Көкейкесті» романы.

Мәселен, «Көкейкесті» романындағы Қарлығаш бейнесі, «Атамекен» романындағы Ғалия бейнесі, «Дарабоз» романындағы Назым бейнелері біртұтас тағдыр жолын суреттейді.

Соңғы жылдар ол бізді «Таңғажайып дүние», «Тағдыр», «Дарабоз», «Қыл көпір» сияқты романдарымен рухани әлемімізді байытып, үлкен шығармашылық жаңалық әкелген жазушы.

1985 жылы жазушы біржола тарихи романдар жазуға көшеді. Қ. Жұмаділовтің «Соңғы көштен» кейін жарық көрген екінші тарихи әлеуметтік сарындағы шығармасы – «Тағдыр» романы. «Тағдырдың» бас қаһарманы – Демежан Үкірдай. Демежан Шыңжаң қазақтарының азаматтық теңдігі үшін алысып жүріп, сол жолда басын берген. Маошыл берушілері оны 1908 жылы Шәуешекте дарға асып өлтірді. Демежан заманы оқиғаларға аса бай, Ресей мен Қытай империялары арасында шекара сызығы тартылып, бір қазақтың екіге бөлінуі сол тұсқа тура келді. Демежан образы арқылы Қытайдағы қазақтардың өміріндегі ірі тарихи оқиғалар бейнеленген.

Тарих тағылымындағы ұлт тағдыры мен Ұлы Дала шежіресі суреттелген «Соңғы көш» дилогиясы мен «Тағдыр» романы – жазушының қазақ әдебиетінің алтын қорына қосқан «шедеврлері» болып табылады. Қабдеш Жұмаділовке 1983 жылы «Соңғы көш» романы үшін М. Әуезов атындағы әдеби сыйлық берілсе, 1990 жылы «Тағдыр» романы үшін Абай атындағы мемлекеттік сыйлық берілді.

“Соңғы көш” – адамзат баласы жылап келіп, жылап кетіп жататын мына жарық дүниедегі қазақ деген халықтың бүкіл болмыс-бітімінің, кескін-келбетінің шежіресі. “Соңғы көш” – ғасырлар бойы аузынан “тәубасы” мен “қанағаты” түспеген, ешкімге ұқсамас төлтума мәдениет жасаған, мына жарық дүниеде барша жұртқа ізгілік пен шынайы қамқорлық және бауырмалдылықтың жарқын үлгісін көрсеткен, өмірге адамның қонақ екенін терең түйсінген, “қонып бір өтер сай үшін, арам өлер тай үшін” бет

жыртыспауға үндеген, жаны жайсаң, жүрегі мәрт жұрттың шынайы тарихы бедерленеді.

“Соңғы көш” – қазіргі таңда жаһандану процесі адамзат қоғамына дендеп еніп, материалдық игіліктер бірінші кезекке шығып, руханият әлемі кейінге ысырылған, рухани азғындау, экспансия элементтері, несін жасырайық, қоғамға ене бастаған сәтке қарағанда, рухы биік, өзін табиғатты бағындырушы емес, керісінше, сол табиғаттың бір бөлшегі ретінде түйсінген Ұлы Дала тұрғындарының айнасы. “Соңғы көш” – табиғи тазалығын, кәусар бұлақтай мөлдірлігін сақтап қалған көшпелі жұрттың өмір атты керуен – көштегі соңғы бұлқынысы, алапат арпалысы. Қазақ тарихында туған жер, тас босаға, тал бесік үшін қу далада тәні, құла түзде көрі, құба белде елі қалғанша жанын пида етіп, басын бәйгеге тіккен, қол бастаған батырлар, сөз бастаған шешендер әлемі. Тұлпар тұрпатты, сұңқар қанатты, тұғыры биік, замана желі қай жағынан соқса да иілмеген, сынбаған қазақ жұрты Қ. Жұмаділов қаламынан “Дарабозды” туғызды.

Қ. Жұмаділов – халық азабы мен кегін, қуанышы мен қайғысын тарихи тұрғыдан жырлай отырып, оны тұлға ретінде шабыттың шаңқай биігіне көтерген қаламгер. Ол халық болмысының күллі арналары мен тамырларын сәтті ұштастыра білді.

Қ. Жұмаділов аталмыш туындыларында жеке тұлғаларды даралай білді, егер тарихтың қозғаушы күші – халық екені рас болса, сол халықты бастайтын серкесі, көшбасшысы бар. Қаламгерді толғантқан осы жайттар еді, нәтижесінде Қабанбай, сондай-ақ қазақтың ұлы Бөгенбайлар тұлғасы оқырманға танылды. Бірде ойлантқан, бірде толғантқан, бірде мұңайтқан, бірде қиялыңды шарықтатқан нәрсе – жазушы бойындағы дала табиғатының, сол даланың еркін перзенттерінің қайсар мінезі... Жазушы тағылымы әр жұмыр басты пендені өзін-өзі тануға итермелейді, мынау жалпақ жер бетіндегі Адам деп аталатын тіршілік иесі өзін-өзі таныса, өз іс-әрекетіне есеп беріп отырса, зұлымдық қайдан келеді – деген сауал төңірегінде толғаныс жасауға шақырады.

Жазушының “Сарыжайлау”, “Сәйгүліктер”, “Бір түп тораңғы”, “Қарауыл”, “Бір қаланың тұрғындары” күні кешегі кеңестік дәуір шындығын бейнелеген туындыларға жатады. Уақыт біреу. Кеңестік те біреу. Бұлар мезгіл мен мекен жағынан ғана емес, ішкі мазмұн, пішін жағынан да сарындас шығармалар. Уақыт та, кеңестік те шексіз. Өмір уақытқа тәуелді. Адам үшін екі түрлі бесік бар: біріншісі – тал бесік, екіншісі – жер бесік. Екеуінің ортасы – кеңестік, жүріп өтуге кететін мерзім – уақыт. Қ. Жұмаділов өз хикаяттары арқылы адам өмірінің уақыт пен кеңестік ауқымындағы мән-маңызына, мазмұнына үніледі.

Қ. Жұмаділовтің қаламгерлік қолтаңбасына, өнерпаздық даралығына оның өмірді жетік білуін, өзі бастан кешкен немесе өзі жетік білетін

жайттарды, құбылыстарды көркем туындысының өзегіне айналдыруын, өмір құбылыстарын оқырманына ұсына отырып, әр құбылысқа, оның астарына өзі де, кейіпкері де ойлылықпен үңілуін, әр шығармасының аттарының өзі символ болып келетінін, тақырып алуандылығын, өмір құбылысын суреттегенде тың ой, жаңаша да соны пікірлер айтуға тырысатын жазушы дарынын, ішкі толғаныс пен жүрек тебіренісін, сәулелі сезім мен саналы парасаттылық ұялаған жазушының өз “менін”, сонымен бірге бүкіл шығармаларындағы ішкі-сыртқы үйлесімділіктің тек қана қарапайымдылық пен табиғилық ұғымдарымен тыныс алатынын, әр туындысында ұлттық болмыстың “мен мұңдалап” тұратын қасиеттерін жатқызар едік. Оның әр хикаятынан өз шығармалары арқылы табиғаттың ұлы жаратылыс заңына, адам мен адамның, адам мен қоғамның, адам мен табиғаттың арасындағы үйлесімділікті сақтау қағидаларына уақыт пен кеңестік сияқты ұғымдар тұрғысынан үңілгенін байқауға болады.

Жазушы өз хикаяттарын бас-аяғы бүтін, біртұтас дүние етіп жазуға, шығаруға тырысқаны сияқты, адамзат баласы өмір деп атайтын мынау жарық дүниені, әлемді, ортаны, қоғамды да біртұтас күйінде қабылдауға құштар.

Жазушының табиғи талантын, философиялық көзқарасын бүкіл хикаяттарындағы, оның ішінде “Сәйгүліктердегі” шеберлігі паш етіп тұр. Дала сәнін текті мал – жылқысыз елестету санасына сіңбеген Ағыбай қарияның ауруханада жатқанда оң мен түстің арасында сандырақтап жатып түс көруі, түсінде қып-қызыл алақанды көруі, төскейде жайылып жатқан қалың жылқы, кенеттен ай нұрына шағылысып, жарқ еткен ақ балта жүзінің бітеу, кесек сүйектерге қарш-қарш қадалғанын көруі, сөйтсе, әлгі балтаның жаңқалап жатқаны жылқының сүйегі сияқты еді, бір уақытта қараса, әлгі залымдардың шапқылап, балталап жатқаны жылқы емес, бұның жалғыз ұлы Айдарға айналып кетуі – бәрі-бәрі де бойына жақсылықты да, жамандықты да сыйғызып тұрған, сол екеуінің шарпысуына мыңдаған, миллиондаған жыл бойы куә боп келе жатқан уақыт пен кеңестік туралы автордың тосын шешіміне негізделген.

Жазушының авторлық толғанысы, яғни адам болмысына үңілуі, сол арқылы барша адамзат баласын ізгілікке, имандылыққа шақыруы, есінді жи, адамзат баласы, жан-жағыңа қара деп дабыл қағуынан байқалып тұр. Осынау философиялық ой-толғаныс оның барлық хикаяттарына арқау болғанын байқау қиын емес. Бір қарағанда, күнделікті өмірде жиі кездесіп жататын, ұсақ, күйкі тірлікке жататын қарапайым ғана жайттар қаламгер шеберлігі арқасында аса өзекті, жалпы адамзат баласына тән ортақ мәселелерге айналған.

Қабдеш Жұмаділов туралы сөз болғанда, оның өзіне тиесілі тарихи міндетін орындаған ұлт азаматы, нағыз халықтық жазушы екендігіне ешкім еш күмән келтірмейді. Өйткені Қабдеш Жұмаділовтің жеке басының тағдыры да, көркемдік әлеміндегі кейіпкерлерінің тағдыры да ұлы атамекендегі

қандастары үшін мүлдем тосын құбылыс еді. Өзіне бүкіл көшпелі қауымның соңғы бір көшінің рухани қуаты мен азаттықты аңсаған арманы және азабын, қуанышы мен қайғысының көз жасын аманат етіп тапсырған міндетті Қабдеш Жұмаділов ар-ожданына кір келтірмей, табандылықпен және шын ер жігітке тән қайсарлықпен орындап шықты. Ол сол арман-мүдденің жыршысы ғана емес, соны жүзге асырған нысаналы тұлға дәрежесіне көтерілді.

Ұлттық идея – саяси ұғым емес, үлкен мәні бар тәуелсіз рухани сана мәдениеті. Ұлттық идеясыз ешқандай халық дербес өмір сүре алмайды. Қазақ идеясы «Алашорданың» тұсында өте биік тәуелсіз мәдени, ғылыми, рухани сана сатысына көтерілді. Ол – ұлттық құрылым, тектілік сипат, дәстүр, қызмет психология, сөйлеу мәнері, экономикалық күнкөріс тәсілі, ойлау жүйесі, рәсімдік салттар, ғылыми атаулар, оның ішінде ұлттың өзіне тікелей қызмет ететін ғылым мен білім саласы, халық саны, тағы да басқа толып жатқан рухани сипаттарды қамтиды. Міне, осындай күрделі мәселелерге біз әлі де жете көңіл бөлмей келеміз. Мұның ұлтқа тигізер кесірін Қабдеш Жұмаділов «Соңғы көш» дилогиясында көркемдік шешімінің негізгі нысанасы етіп алды. Қазір де өзінің көсемсөздерінде үзбей қозғап келеді. Қазақ идеясы Қабдеш Жұмаділовтің өмірлік мақсатының алтын діңгегіне айналды.

Қабдеш Жұмаділов «Соңғы көш» арқылы қазақтың демократиялық ұлттық мемлекеті деген ұғымды адамдардың тағдырлары арқылы бейнелеп берді. Ұлт-азаттық көтерілістің рухы жалындаған бұл шығармадағы шовинизм мен империялық отарлаушылыққа қарсы күрес, астарын аударып қарасаңыз, ұлыорыстық шовинизмді де айыптау болып табылатын. Сол бір идеология қыспағында жарияланған романды дәл қазір оқып отырып, Қабдеш Жұмаділовтің қалай әдібін жатқыза баяндағанына таңғаласыз. Тегінде, ұлы арманның өзі ілгері жетелеп, жебеп отырған сияқты. Ал «Тағдыр» романы арқылы екі империяның өз мүддесі үшін жері, тілі, діні, өрісі, қыстағы біртұтас ұлтты қалай аяусыздықпен екіге бөлгенін көсіле суреттеді. Жайлауы – жатқа, қыстауы өзіне қалып, баласы басқа мемлекеттің қарауына кетіп, өзі Отанында қалған тағдырларды қылыштың жүзімен бөлген де сол империялық қомағай пиғыл. Социализмнің өзін сол басып алушылық және ұлыорыстық мүддеге бағындырған аяр саясатты барыншы әшкерелеуге де Қабдеш Жұмаділов батыл барды.

Сырттай қарағанда үлкен шығармаларының алымды да ауыр тағдырларды суреттеуге арналғанына қарап, Қабдеш Жұмаділовті тек қасіретті көріністердің жазушысы ретінде бағалайды. Бұл – мүлдем теріс ұғым. Өзіл мен юморға, неше түрлі қияс-байлық мінезге, махаббат машақаттарына құрылған әңгімелері кезінде сыншылардың талай мақаласына арқау болған. Соңғы жылдары сол машығына қайта оралып жазған әңгімелерінен жазушының жан даусы естіледі. Бұл – көркем ойдың есейгенінің белгісі. Онда сыни пайымдаудың мысы басым. Оның қазіргі

заманның көкейкесті мәселелеріне арналған, кішкентай адамдардың тағдыры арқылы үлкен қоғамдық ой қозғаған «Саржайлау», «Сәйгүліктер», «Қарауыл» атты повестері мен «Көкейкесті», «Атамекен» романдары – Қабдеш Жұмаділов ізденістерінің жемісін танытатын шығармалар. Бұл туындыларда каламгерлік шеберліктің түрлі қырлары барынша еркін көрінеді.

Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз» дилогиясында баяндалған тарихи оқиғалардың, тарихи тұлғалардың трактовкасы сол кезеңнің оқырманына сәл тосындау боп көрінуі мүмкін. Себебі, мұнда үйреншікті қалыптар атымен жоқ, құлдық санадан ада. Сөзіміздің дәлелі ретінде шығармада хандар бейнесінің сомдалуын атап өтуге болады.

«Дарабоз» дилогиясының бас кейіпкері Қабанбай батыр болса да, мұнда негізгі қаһарманның бірі – Абылай хан. Бүкіл оқиғалар Абылайдың атымен тығыз байланысты. Ол заңды да, XVIII ғасырдың ірі тарихи тұлғасы Абылай хан болғанын дүйім жұрт мойындаған. Сондықтан да, аталмыш дәуірдегі тарихи оқиғаларды баяндағанда, Абылайдай кесек тұлғаны айналып өту қиын.

Абылайдың «жағымсыз» бейне ретінде суреттелуі С. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасынан бастау алатыны түсінікті. Бұл жерде тағы да, идеологиялық көзқарастар тарихи тұлғалардың бағалануына өз әсерін тигізгені ақиқат. Сәкеннің бұл поэмасы М. Жұмабаевтің «Батыр Баян» атты поэмасына қарсы жазылған шығарма деп біледі әдебиетші ғалымдар. М. Жұмабаев ұлттық танымнан, ұлтшылдықтан айнымаған ақын ретінде Абылайдың ел бірлігін ойлаушы, қаһарман хан бейнесінде сомдайды. Алайда, бұның бәрі Абылайдың қазақ халқы үшін маңызы мен қадірін жоққа шығара алмайды. Белгілі ғалым Р. Бердібайдың: «Абылай хандық құрған дәуірдің ел ұғымында «Алтын ғасыр» секілденіп көрінуіне дәлел жеткілікті. Кейіннен, уақытты уақыт қуалап, қазақ елінің басына жаңа озбырлар душар болған сәттерде де ертедегі Абылай бейнесі қайта жанданып, іріленіп, азаттықтың туындай, бостандықтың символындай ерлік рухын еске түсіріп отырған» [2, 5] - деген сөзінде Абылай ханның халық берген бағасы өте дәл берілген.

Дарабоз дилогиясында Абылай ханның бейнесі тарихи шынайы сомдалғанын көркем мәтінді талдау барысында аңғаруға болады [3, 152]. Абылай оқырманның алдына шығарма басталысымен соңына дейін ел бірлігін, болашағын, тәуелсіздігін ойлаған хан ретінде көрінеді. Абылайдың идеялық позициясы, дұрысы жазушы өз шығармасында жеткізбек болған Абылайдың өмірлік кредосы бірінші кітаптың «Толас» бөлімінде баян етілетін Хан кеңесіндегі көңіл-күйін суреттеген эпизодтан бірден білуге болады. «Әбілмәмбет те, Абылай да әзірше көмей көрсетіп, сыр ашпай, жұрттың сөзін үнсіз тыңдаумен отыр. Әсіресе, өткір көзін ашық есіктен көрінген көкжиектен айырмай, сазарып қалған Абылайдың жүзінен қазір қаһарлы ашу байқалады» [4, 13]. Хан кеңесінде қазақтың игі-жақсыларының басы қосылып, елдің ең маңызды мәселелері талқыланып жатты. Міне, осы

хан кеңесінде кітаптың негізгі қаһармандарының мінезі, идеялық позициясы ашылады. Жазушы Хан кеңесін көркемдік тұрғыдан алғанда өте сәтті қолданған. Оқырманның алдына сол кезеңдегі сансыз тарихи тұлғалардың бейнесін, характерін тізбектелген құрғақ сөзбен, шұбаланқы баяндау мүлдем жоқ. Олардың барлығын Хан кеңесіне жинап, алдарына үлкен мәселе қойып, соны талқылау үстінде әр қайсының портреті берілгенде, мәселені талқылау үстіндегі тартыста мінезі ашылады. Осы жерде шығарма бейнелерінің өте күрделі мінезі, идеялық позициясымен бірге, сол кезеңдегі тарихи жағдай мен қазақ хандығының ішкі-сыртқы жағдайы, өзге көрші елдермен қатынасы жан-жақты сөз болып суреттеледі. Мұндай тарихи фактілер құрғақ цифрлар мен тарихи құжаттардан алынған үзінді цитаттар арқылы берілмейді. Көркем образдар арқылы, шығарманың сюжетіне қиыстырылады.

Қ. Жұмаділов өз туындысында хандар бейнесі арқылы сол заманда қазақ мемлекетінде орын алған қоғамдық тенденциялардан хабар берді. Жеке хандар образы тек характер даралығымен ерекшеленбей, олардың әр қайсысы белгілі бір идеялық позициялардың өкілдері болды деп айтуға болады.

Қ. Жұмаділов өзінің жазушылық парасатын кең жайып, қазақ қаламының қуатын дәлелдей түсті. Бұл арқылы жанрлық дәрежеде қанат жайып, прозасын біртұтастырып жіберді. Аз жазып, асыл мәдени шығарма тудыру екінің қолынан келмейді. Осы тұрғыдан алғанда біз зерттеу көзіне айналдырып отырған шығарма жазушының барлық көрген-білгенін жазуы мен жариялауы болып табылады. Демек, мұнда ақыл мен кеменгерліктің, шеберліктің жинақталған нұсқасы бар.

Қалың оқиға, шиеленіскен үлкен тартыс, тағдыр жайы – эпикалық көлемді романға тән сипат. Роман ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар сол оқиғаның негізінде туып, өрбіп отырса, әрбір үлкен қалың оқиғаға байланысты кейіпкердің іс - әрекет, характері де қалыптасып, толыса түседі.

Тарихи роман авторы әрбір кейіпкердің сипатына, мінез – құлқына, психологиясына тән типтік оқиғаларды оңтайлы талдап ала білуі шарт, яғни сол өзін ойлап (жатқан) тапқан шытырман оқиғаның миллионнан бірін екшеп алудың өзі өзінше ауыр жұмыс екенін ескерсек, Қабдеш Жұмаділов кейіпкерлерінің көтерер жүгі де ауқымды болуы қажет.

Жазушылық өнердің парқын әбден барлаған, өнердің мехнаты мен рахатын қатар бастан кешірген Қ. Жұмаділовте өнердің жолы әрі ауыр, әрі бақыт екеніне де ғұмырнамалық жолы арқылы суреттеген. Қазақ жерінің шығыс аймағында дүниеге келген қаламгерлер прозалық жанрдың әңгіме, повесть, хикаят, роман аямаған, маңдай терлерін аянбай төккен еңбекқор суреткер.

Эпикалық, поэтикалық шығармаларды прозаға ыңғайлай бастағанда, автор идеалына лайық әуелгі түрін жоғалтып алғандықтан, эстетикалық әсер солғын тартады. Қанша шебер қолдан өтсе де, қанша проза жетістіктерімен құлпытса да Қ. Жұмаділов романдарындағы өмірлік шындықтардың әсері мол.

Ойшыл қаламгер Қабдеш Жұмаділов қоғамдық құбылыстарға дер кезінде үн қосып отырған жазушы. Жазушы деген халық жалпы адамзатқа тән мәңгілік тақырыптарды қозғаумен қатар, өз ұлтының мұн-шерін, арман-мүддесін айтпай тұра алмайды. Кейде тіпті саясатқа араласады. Қабдеш Жұмаділов те өз ұлтының алдындағы борышын орындауды өмірлік мақсат етті. Ол шындықты жазуда еш қаймықпай, Қазақ Елінің болашағын бағдарлауда суреткерлік таным мен шыңы биік шындық шеберлігімен танылған, таныла беретін ғасыр жазушысы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қабдеш Жұмаділов публицистикасындағы ұлт мәселесі // «Инновациялық технологияны тиімді қолдану негізінде педагог кадрларын даярлау сапасын жетілдіру» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Шымкент, 2007. – 248-254 бб.

2 Абылай хан. Құраст. С. Дәуіт. Жауапты ред. Р. Бердібай. – Алматы : Жазушы, 1993 – 416 б.

3 **Тарақов, Ә.** Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы (Абылай хан бейнесінің көркемдік тағлымы). – Алматы : Қазақ Университеті, 2004. - 341 б.

4 **Жұмаділов, Қ.** Дарабоз: Тарихи роман. - Бірінші кітап. – Алматы : Шабьт, 1994. - 416 б.

*С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті;

**Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.

Материал 13.08.14 редакцияға түсті.

А. Ф. Зейнулина, А. Т. Ибраева***

Художественное познание в творчестве Кабдеша Жумадилова

**Павлодарский государственный университет

имени С. Торайгырова;

**Павлодарский государственный

педагогический институт, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 13.08.14.

A. F. Zeinulina, A. T. Ibrayeva***

Artistic cognition in the works of Kabdesh Zhumadilov

*Pavlodar State University named after. S.Toraigyrov.

**Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.

Material received on 13.08.14.

В настоящей статье рассматривается идейно-жанровая характеристика и мастерство использования художественных методов в произведениях Кабдеша Жумадилова.

This article is devoted to the ideological and genre characteristics and the use of artistic methods in the works of Kabdesh Zhumadilov.

UDC 81'373:811

A. B. Ibrayeva

THE ROLE OF TURKISMS IN A LINGUO-CULTURAL INTERACTION OF THE KAZAKH AND POLISH PEOPLE

The aim of this article is to outline the interaction of Kazakh and Polish people in a linguo-cultural aspect. The definition of the concept «language picture of the world» is given in this article. The analysis of turkisms in the Slavic languages is also described in this article.

Language activity, first of all, is provided with openness and dynamism of the vocabulary instantly responding to any changes in public life and therefore being a special form of accumulation of public and informative experience and transfer of its accumulation. I. I. Sreznevski was deeply right telling: “For a historian every word is witness, a monument, the fact of people’s life, the more important, the more important the concept is expressed by it. Supplementing with one another, they together represent the system of people’s concepts, transmit pain of people’s life” [1]. Therefore it is not casual that R. A. Budagov denotes the borrowings of ethnographic subjects earlier unknown, concepts and phenomena testifying on multilateral contacts in various spheres of people’s activity as “cultural and historical”.

As the culture is the “system of the values created in the course of development by the person of the nature and society during accustoming in the surrounding nature”, the concept “cultures” covers “all that is created by the person and that, therefore, is opposed to “nature”. The concept “language picture of the world” is used to solve a problem of language and culture correlation. Still the German scientist V. von Humboldt developing the doctrine about language as a continuous creative process that “forms the body of thought” specified that each language expresses an individual world view of the people reflects a national way of attitude and conceptualization of world model. The thought that language represents the main form of expression of national cultural values, has the development in the

works of the American scientists E. Sapir and B. A. Whorf. L. V. Shcherba also mentioned it: “Every language presents us the external world, perceived in a special way ... In every language the world is represented differently” [2, p. 89].

A famous modern linguist V. P. Sinyachkin in the article “Historical and Cultural Layer of Turkisms in the Russian Ordinary Consciousness” in detail analyzes the Turkisms in Russian lexical fund, pays special attention to the cultural and historical preconditions of the borrowed vocabulary. So, he writes: “The borrowed vocabulary in any language is the most eloquent witness of historical dialogue of people’s cultures. The ways and nature of penetration of the foreign word in other language are various and diverse, as well as the forms of contact and co-existence of ethnoses. The loans’ manifestations in languages are also various. For one of it is necessary to keep the *foreignness* throughout historically long time, for instance, such as a *dress coat* mentioned in the novel “Eugene Onegin”. Others from the moment of emergence become native, for instance, such as *Russian accordion*” [3, p. 132].

The scientist writes the following about own attitude to the Turkisms: “... not only practice, but also consciousness, and if you want my soul to perceive the Turkisms conceptually in different way than borrowings from the European languages” [4, p. 139]. V. P. Sinyachkin managed to present the Turkisms perceived in the Russian consciousness as primordially Russian words and externally lost the “foreignness” and “exoticism” long ago, “serve as special markers of “Russianness” on the basis of the logical story constructed by him in respect of the Russian life” (V. P. Sinyachkin). So, he lists the following Turkisms, many of which strongly entered the Russian literary language: *sarafan, Karabas, tyurban, t'ma, cauldron, aul, steppe, buran, blizzard, hurricane, yamschik, kibitka, hay, haulm, wheat, kurgan, barchan, gully, ravine, gill, musk deer, arkhar, goiterred gazelle, boar, badger, corsac, jackal, jerboa, ground-squirrel, gopher, marmot, goat, locust, cockroach, spider, flock, tamga, kiel mark, host, panther, eagle, golden eagle, jackdaw, gannet, seagull, carp, sevruga, pike perch, catfish, crucian, rudd, custom, bogatyr, kuren, aspen, ash, bird cherry, shawl, ensign, Cossack, metaphrsat, crowd, izba, tulup, armyak, roba, sunduk, kushak, frock coat, rubakha, caftan, trousers, sharovary, chuyvaks, boots, baul, satin, byaz', stockings, earring, pearl, diamond, yakhont, yashma, inkle, whip, sword, kindjal, comrade, dumpling, noodle, home brew, nut, halva, melon, raisin, barn, pea, frying pan, cocker, knob, battle-axe, glaive, cart, trap, arba, cream-colored, light-brown, roan, bay, light-chestnut, Caucasian riding horse, mess, balagan, etc.*

For the first time the term “world picture” was used by L. Wittgenstein in aspect of philosophy and logic. In linguistics this term was used by L. Weisgerber, who developed the thesis of V. von Humboldt about language as “an intermediate world”, which settles down between the person and reality and represents the features of national mentality.

“Generally the picture of the world of the author and represented the images coincided with the picture of the world of ethnos, to which it belongs (without some subjective moments). In this case an estimated sense differs radically from a situation, when a representative of other ethnos describes and estimates the same reality, creates the images inherent in this reality. If everything is familiar, native, habitual for the representative of this ethnos, for the representative of other ethnos it is all new. Both appearance of people and houses. Life. Smells. Language”. Besides, the representative of other ethnos is as “an observer from outside ... and they can notice that the one, who daily lives in own national cauldron, not always sees” - writes Kazakhstani researcher M. B. Amalbekova in her work [5, p. 34].

During many millennia every people has its vital way, language, spiritual and material culture. “Every people marry, give birth, get sick and die in their own way; treat, work, manage and have a rest in their own way; smile, joke and laugh in their own way; observe, behold and create painting in their own way; pray and act heroically in their own way ... Every people have a special sense of justice, other character, other discipline, other idea of moral way, other family way. In a word, every people have a special sincere way and the spiritual and creative act”, - these words belong to the known Russian sociologist and jurist I. A. Ilyin [6, p. 280].

Adolf Yanushkevich narrates in detail and emotionally about the features of the way of life, spiritual culture, high oratory of akyns, management talent of the Kazakh biis and many other. For instance, in the letter to his friend G. Zelinski he writes: “Several days ago I witnessed a collision between two conflicting parties and with surprise clapped to the speakers, who never heard about Demosthenes and Cicero. And today I am addressed by the poets, who are not able neither to read, nor to write, however striking with their talents, because their songs tell to my soul and heart so much. Can they be wild barbarians?! Are these people forever intended to be only inutile shepherds deprived of any other future?! Oh no! The truth is that the people, who are gifted with such abilities by the Creator, cannot remain alien to the civilization, sometimes its spirit will get into the Kazakh steppes, will inflate the light sparkles, and time will come, when a wandering nomad takes a rightful place among the people, who look down at them as the highest castes of Hindustan at unfortunate pariah” [7, p. 2].

A direct correlation between the meaning of a word and national culture can be established by the comparison of meanings of some dictionary equivalents in various languages. The words determined by dictionaries as interlingual compliance disperse in its meanings as an ethnocultural component brought by background vocabulary supplements actually semantic information. “Replace piala with a cup, ketmen with a shovel or a pick, uval – a fence, aryk – a stream, and at once your speech will lose its accuracy, will definitely be distorted in the contents” - A. V. Mirtov wrote [8]. The distinctions in the meanings of some words are explained by the cultural and ethnographic features inherent in the

different people. We should note that the work of A. Mukhlinski written in 1858 is considered to be the first etymological dictionary of words of the East origin of Polish and the first dictionary of the East vocabulary in the Slavic languages.

The language image of national culture is formed throughout the long historical development. At the same time a process of formation of a national cultural image is accompanied by the process of internationalization, interaction of different linguocultures. In every language along with the national and specific components there are also allocated common language, international components. Every language reflects the originality of culture of the concrete people, the national character of native speakers and the general universal component of public culture.

The Northern Kazakhstan is the region, where interact the languages of many ethnoses: Kazakh, Russian, Polish, German, Ukrainian and many other.

It was much said about the Kazakh-Russian bilingualism, but the relations of the Kazakh and Polish languages were not studied yet at the proper level, though it is necessary to appreciate and remember that the first poem in the world literature about Kazakhs was written by the Pole.

The invaluable contribution to interaction of the Kazakh and Polish linguocultures was brought by the works of such outstanding writers, historians, ethnographers as A. Yanushkevich, G. Zelinski, Y. Vitkevich, the poet and musician A. Zatajevich and many other.

The Polish culture has the European and Latin roots. At the same time, it always had close connections with the East, and in particular with the Turkic world. The Ottoman Empire and the Tatar states throughout many centuries were our neighbors, with whom we were at war, were on friendly terms, traded, and studied each other. Since those times in the Polish culture, namely in the language and fine arts many elements were preserved that also inherent in the Kazakh culture. Besides, in Poland there still live the Tatar and Karaimsk minorities that cultivate their traditions and belief.

Till the XIX century in Lviv there lived the community of the Kipchaks that used cultural, religious and judicial autonomy approved by the Polish kings” [9, p. 69].

As many reviews indicate, many Turkic names of clothes meet not only in Russian, but also in other Slavic languages. They are not quantitatively and qualitatively identical in respect of languages. A large number of Turkisms is noted in all East Slavic languages, and it allows to assume that through these languages Turkism could penetrate into Polish.

The clothes as one of the components of material culture is interesting not only for ethnographers, archeologists, historians, but also for linguists (G. M. Mironov). However, there are a few linguistic researches concerning a considered theme group on the material of the Slavic languages. These are the works of I. S. Vakhros, G. M. Mironova, E. N. Repyeva, G. V. Sudakov,

A. V. Superanskaya, G. Y. Tomilina, and the number of the works using the Turkisms as a special object of research is insignificant. For instance, it is possible to mention the researches of G. N. Aslanov, Z. P. Zdobnova, G. Y. Tomilina, I. O. Fedorovskaya, R. A. Yunaleeva, only in the separate works mainly devoted to household vocabulary, it is possible to find among other names of clothes the words of the Turkic origin considered in comparison with one or two East Slavic languages (the works of I. S. Kozyrev, S. I. Kotkov, E. N. Borisova).

The work of famous linguist F. Mikloshich contains the big lexical material about the Turkisms in the languages of the Eastern and Southeast Europe. The material of F. Mikloshich is in many respects similar to the glossaries in the "Materials for the Comparative and Explanatory Dictionary": there is no historicism, the Turkic languages act not differentially enough. However, the weakness of the dictionary was explained by insufficient study of the Turkic languages at that time. As a whole Ukrainian differs in a greatest number of lexical and semantic manifestation of the the Turkisms, which is not observed in other East Slavic languages. In the Ukrainian land the borrowings received a set of the homonymous formations that mean: 1) toy - a top, 2) a sort of children's game, 3) the name of one of the blow by stick in a game, 4) a sort of haricot, 5) a pot flower, 6) attach to a weed-wacker used, when mowing a high grass.

The word *burka* is homonymous in the Russian and Ukrainian languages coinciding in the main semantic manifestations: in both languages, except the nomination of "a type of clothes", it is used for designation of "a horse of brown color". But in Ukrainian there are also known other homonymous meanings: "potatoes", "storm" and "narrow opening... in rocks..." In the Pskov dialects of Russian *burka* can designate "a small glass jar": "my mother sent me a burka of sour cream" [10, p. 218], and in the Ryazan dialects "a vial of gas in any liquid" [11, p. 70]. These meanings arose, obviously, according to similarity as peculiar types of receptacles. In the Polesky Ukrainian dialects the word *burka* denotes "a curl of curly hair" and "the curly person" [12, p. 80].

It is a case of a consecutive transfer of meaning on external similarity to a production material of clothes – felt from sheep wool.

For all East Slavic languages it is an inherent 'sema' – the name of clothes, which at the general similarity has no full high-quality and quantitative coincidence in subject correlation. So, in the modern Russian literary language *burka* means "a sort of a felt dense shaggy raincoat"; in Lipetsk dialects – "short clothes from dark sheep wool"; in Kursk and Voronezh – "road canvas raincoat with sleeves"; in the Pskov dialects – "pelerine".

One of the most ancient Turkic loans in the East Slavic languages is *ependytes*. This Turkism is included into the number of lexemes that used to have a public use and then became an obsolete word.

The introduction of *ependytes* by Peter I as an obligatory attribute of military regimentals was the top of realia usage: soldiers put it on over a uniform in rainy or cold time [13, p. 137]. From the XVIII century this lexeme started acting more often in the form of *epanechka* as designation of women's clothing: a short sleeveless shubeyka, a cape over a caftan. At the end of the XVIII century *ependytes* as the type of clothes still remained, but already acquired a concrete appointment equated to a raincoat. Further there was also a full replacement of *ependytes* with the word *raincoat* that had accurately shown the definiteness of nomination. In the dictionaries of the XIX century the word *ependytes* is already given as obsolete, now it is among historicisms.

As the reality the name *ependytes* were mostly held in the dialects, where it is known in several meanings: "type of clothes"; "cloth"; "the roof on four slopes" and as a part of the phraseological unit of our cloth *ependytes* – "to live in our way", "to live like we do".

A general distribution of a lexeme *ependytes*: arkh. Olon., Volog., Tamb., Voron., Kaluzh., Kursk., Bryansk., Penz., Ryazan., Kostr., Vyat. Mosc., Sverd., Ulyan., Tul., Gork., Kamch., the dialects of Tatarstan, Bashkiria, i.e. generally the central Russian dialects.

In the dialects *ependytes* as "the type of clothes" differs: on a production material, breed and on compliance to any type of clothes. On a material there can be met: a) from heavy silk or figured bright flowers of fabric (Ark.) b) from yarn wool (Tul. Kaluzh.) c) from a velvet or satin (Olon.); d) on fox fur (Olon.) e) from canvas (Bashkiria). On breed: a) long (Bashkiria); b) to knees (Bashkiria); c) short (Olon.); d) with a sable or marten collar (Olon.). On compliance to any type of clothes: a) type of a wedding cape (Ark.); b) type of a fur coat (Olon.); c) type of fragmentary clothes (Volog.); d) type of easy clothes (Volog., Bashkiria).

Ependytes in the meaning of "elt", "koshma" acts in the following versions: a) house milling cloth, felt (Tamb., Kursk., Ulyan., Kostr.); b) felt, *koshma* of triangular form (Penz.); c) the panel of felt used as a blanket, bedding (Voron., Ryaz., Penz.).

Ependytes as "the roof on four slopes" is widespread in the Vyatka, Moscow, Olonets, Sverdlovsk and Kamchatka dialects.

Ependytes in phraseologically connected meaning is noted in the Vologda, Kaluga and Gorky dialects.

The word *ependytes* in the Russian dialects has rather a considerable zone of distribution: from Arkhangelsk to Kursk and Voronezh and from Kaluga to Sverdlovsk (Yekaterinburg), but it is noted not by the continuous massif and separate islands. Generally it is used in the central part of the European territory, where, by the way, the meaning "felt", "koshma" is mostly observed. In the north of the European part the word *ependytes* is more widely widespread in the meaning "clothes", "capes" (Olon., Arkh., Volog.). In the Olonets dialects *ependytes* mostly

means clothes. A smaller concentration of meanings is connected with the Tula and Kaluga dialects.

On the one hand, gradually losing active positions of functioning in the initial meanings, on the other hand, *- ependytes* managed to give life to a number of the semantic derivatives, which inherited a main component feature of the Turkic etymon – “to cover”, “to serve as a covering”. *Ependytes* gained an ability of absolutely another terminological use keeping only genetically the remote communication with a primary source. Analyzed lexeme, having undergone determinologization process, switched over, thus, from one “specialty” in others.

So, the word *ependytes* means: 1) at melting plants an oven case, a casing, the first two rows of bricks covering the arches of the melting furnace; 2) leathery and mucous, sometimes webby, gristly or muscular cover fitting a body of mollusks and emitting carbonic lime for formation of a sink; 3) in the Russian architecture: hip tent imperial or spike roof; 4) species of plants - epanechny cherries: “this breed of cherry covered by the leaves as if it was *ependytes*...”. So, as a result of movement of semantic accent the word *ependytes* distributed in metallurgical, architectural and biological terminology.

During active existing in the speech the word *ependytes* was characterized by a considerable circle of derivatives: *yapanchitsa*, *epanechnik*, *epanechny*, *epanechka*, *epanchishko*, *epanchovy*, *epanchishche*, *epanechkovy*, *epanchik* that disappeared generally before an exit from the use of the most making basis. A peculiar exception is the form of subjective judgment *epanchishko* that endured the source as it combined the name of reality with its estimated characteristic. A dialect word *ependytes* – “a type of tatter” - reflected a reaction to change the functioning of the reality itself. By the way, a similar semantic evolution is observed in some other lexemes: *azyam* → “a tatter dress” (Olon.); “too wide clothes” (Perm.) ; *armyak* → “clothes of a cheap appearance” and “very worn clothes” (Smol.) ; *homespun coat* → “type of tatter” (Don., Olon., Vlad., Volog.) ; *besmet* → “a bad, torn coat”, “shabby outer clothing of men” (Psk.), etc. All this testifies to the semantic shifts dictated by the functional and style changes of borrowings.

In the Belarusian writing *apancha* (*eponcha*, *ependytes*, *oponcha*, *opancha*) is noted since 1508 in the meaning of “a wide raincoat without sleeves” [14, p. 113]. The modern lexicographic sources of the Belarusian language define a lexeme as “cape, coat” and rank it to the historicisms [15, p. 124].

Abroad the dialect manifestation of an analyzed Turkism reflects Ukrainian, in which a lexeme acting in the following options: *opancha*, *oponcha*, *opon'cha*, *opanche*, *pancha*, *ependytes*, finds a certain specialization of designation. So, in the Poltava dialects *opancha* is known as “the name of ancient clothes” and “material”; in Chernigiv region *pancha* – “an ancient long and wide cape”; in Cherkashchina – “an outer men’s wear”; in Hmelnytsky area the word *opancha* is noted as “long clothes, several times belted”; in the former Kherson province

opancha, *epancha* is “a wide, long raincoat without sleeves”; in Galitsky dialects *opon'cha* means “a top caftan”.

In the speech of Batyuks *opancha*, *opanche* is fixed as “the outer gray clothing”. In the Boykovsky dialects *opancha*, *oponcha* combines a number of compliances: “a long armyak from rough cloth”, “the outer men’s wear worn by szlachta”, “a raincoat from gray cloth behind with assemblies and “klobuk” (pelierine) worn by prosperous peasants”; “the outer men’s wear, a type of armyak, before chumarka, now jacket” [16, p. 57]. According to the materials of O.Makarushka, the Turkism meant “winter furniture” [15, p. 8], and according to the Dictionary of Ukrainian of the seventieth years, *opancha* is “an overcoat with sleeves and a blowup from factory cloth”; “the Cossack and shepherd’s felt short clothes or sewed from fur of foals”. The form *opanchina*, according to the materials of Ukrainian of the past and the beginning of this century acted in the meaning “*bad ependytes*” [17, p. 55], in what there can be observed an identical semantic shift from the Russian producing basis reflecting an existence of the general international types of associative communications.

For Russian in comparison with Ukrainian the Turkisms as the name of herbs is more indicative: in A. Annenkov’s Botanical dictionary there are given some examples in the form *sultan* and especially *sultanchik* (s) in various compatibility (red, grass, blue, field) connecting with former Ufa, Yaroslavl, Kostroma and Petersburg provinces [18, p. 25].

Apparently the similarity and distinction of all-East Slavic Turkisms are shown, first of all, in its functional and stylistic status.

From the point of view of typological differentiation of analyzed loans in the East Slavic languages, in particular Polish, the certain formal and semantic versions reflecting the system originalities of languages become more apparent.

Formally the majority of the Turkisms correspond to the East Slavic languages, however, it not always have an identical semantic correlation. The substantial volume of a lexeme in one language seldom becomes covered by the substantial volume of externally similar, correlated couple. So, there can be distinguished the following types of semantic relations among interlingual loans in case of the coincidence of lexemes:

- 1) general and similar correlation (*sarafan*, *trousers*, *inkle*, etc.),
- 2) partial correlation (*cap*, *bull*, *basma*, etc.),
- 3) historical and conditional correlation (*armyak*, *kutas*, etc.),
- 4) zero correlation (Russ. dial. *stocking* – “cone-shaped bunt”; Bel. Poless. *aventail* – “crested lark”, etc.).

The supervisions show that the forms coincide, as a rule, and semantic correlation either is absent, or too remote and therefore conditional, or it is shown only in partial coincidence of meanings that allows to speak about the development of interlingual homonymy: Russian heels – “heels” also it is Bel. Poless. heels

– “an attach for a hay tray to cattle”; Russian kolpachok – pet form to a cap – “a type of a headdress” and a Belor. Poless. kovpachok – “a cap for uterus isolation on honeycombs”, etc. These and similar examples reflect its correlation in the different languages with the words of different synonymic row that also defines the distinction of lexical communications system.

LIST OF REFERENCES

- 1 **Срезневский, И. И.** Замечания о материалах для географии русского языка // Вестник имп. Русского географического общества. – СПб., 1851. – Ч.1. – Кн.1. – С. 3-4.
- 2 **Щерба, Л. В.** Опыт общей теории лексикографии // Изв.ОЛЯ АН СССР. - 1979. - №3. - С. 89-117.
- 3 **Синячкин, В. П.** Историко-культурный слой тюркизмов в русском быденном сознании // Славянские и тюркские языки: грани взаимодействия: Сб-к мат-лов круглого стола. – Астана, 2008. – С. 132.
- 4 **Амалбекова, М. Б.** Казахские образы в русскоязычной публицистике писателей-билингвов // Славянские и тюркские языки: грани взаимодействия: Сб. науч. тр. по мат-лам круглого стола. – Астана, 2008. – С. 34.
- 5 **Ильин, И. А.** Наши задачи. Историческая судьба и будущее России. Статьи 1948-1954 гг.: в 2-х т. – М., 1992. – Т1. – С. 280.
- 6 **Кенжалин, Ж.** «Адольф Янушкевич как посредник и связующее звено между казахской и европейской культурой», Қазақ газеттері, от 15.10.2013
- 7 **Миртов, А. В.** Донской словарь: Материалы к изучению лексики донских казаков.- Ростов-на-Дону, 1929.
- 8 Псковский областной словарь с историческими данными.- Вып.1-4. - Л. : Изд-во Ленингр. ун-та, 1967-1979.
- 9 Словарь современного русского народного говора (д.Деулино Рязанского района Рязанской области) / Под ред. И. А. Осовецкого.- М. : Наука, 1969.
- 10 **Никончук, Н. В.** Из лексики полесского села Листвин // Лексика Полесья. Материалы для полесского диалектного словаря. - М. : Наука, 1968.
- 11 **Тучков, С. А.** Военный словарь: В 2 ч.- М., 1818.
- 12 **Булыко, А. Н.** Даунія запазычанні беларускай мовы. - Мінск : Навука і тэхніка, 1972. - 384 с.
- 13 **Супрун, А. Е., Журавский, А. І.** Пробні статті “Историко-етимологічного словника білоруських тюркізмів. Підготував А.Е.Супрун за участю А. І. Журавського // А. Ю. Кримський-україніст і орієнталіст. - Київ : Наук. думка, 1974.
- 14 **Миронова, Г. М.** Названия одежды в древнерусском языке: Дис. ... канд. филол. наук. - Киев, 1978.

- 15 **Макарушка, О.** Словарь українських виразів, перейнятих з мов тюркських // Зап. наукового тов-ва ім.Шевченко. - Т.5. - № 2. - Львів, 1895.
- 16 **Гринченко, Б. Д.** - Словарь української мови: В 4 т. / Под ред. Б. Д. Гринченко. - Киев, 1907-1909.
- 17 **Анненков, Н.** Ботанический словарь. – СПб., 1878. - 646 с.
- 18 **Петрухин, В. Я., Раевский, Д. С.** Очерки истории народов России в древности и раннем средневековье. – М., 2004.

Kazakh Humanities and Law University, Astana.
Material received on 13.08.14.

А. Б. Ибраева

Қазақ және поляк халықтарының тілдік мәдени тұрғысынан әрекеттестігіндегі түркі тілдерінің ролі

Қазақ гуманитарлық заң университеті, Астана қ.
Материал 13.08.14 редакцияға түсті.

А. Б. Ибраева

Роль тюркизмов во взаимодействии лингвокультур казахского и польского народов

Казахский гуманитарно-юридический университет, г. Астана.
Материал поступил в редакцию 13.08.14.

Бұл мақалада қазақ және поляк халқының өзара қарым-қатынасы тілдік мәдени тұрғысынан қарастырылады. Әлемнің тілдік суреті деген түсінікке анықтама беріледі. Славян тілдеріне кіретін түркі тілдеріне талдау жасалады.

В данной статье рассматривается взаимодействие казахского и польского народов в лингвокультурологическом аспекте. Дается определение понятия «языковая картина мира». Проведен анализ тюркизмов, вошедших в славянские языки.

Ж. Т. Қадыров, Ж. С. Таласпаева

ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕГІ «ӨМІР» КОНЦЕПТІСІНІҢ ТАНЫМДЫҚ ТАБИҒАТЫ

Мақалада «Өмір» концептісінің танымдық табиғаты ақындар поэзиясындағы қолданысы арқылы қарастырылып, ұлттық болмыспен ерекшелендіретін нақты тілдік деректермен анықталады.

Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеттің, философияның негізінде материалдық және рухани мәдениет аясында ұлттық ойлау жүйесі дами түседі. Образды ойлау арқылы қалыптасатын кеңістік, уақыт, заман туралы қағидалар негізінде, бір жағынан, болмыс шындығы дәйектелсе, екінші жағынан, жеке тұлғалардың бағыт-бағдарлары, жеке танымдары сұрыпталады. Бұны сипаттау үшін сол халықтың философиялық ой-толғамын, тарихын, психологиясын жетік білу қажет болады, содан кейін ғана осы аталғандардың тілде қалайша берілгендігін қарастыру туындайды. А. Әмірбекова концептілердің санада танылу деңгейіне қарай, ақиқат дүниенің болмысы мен өзіндік ерекшелігіне қарай метафизикалық, ұлттық-мәдени, эмоционалдық, контраст және калейдоскоптық концептілер деп шартты түрде жіктеуге болатынын анықтайды [1,10 б.].

Ақиқат дүниедегі абстракцияның жоғары дәрежелі құндылықтарын танытатын метафизикалық концептілерге - жан, өмір, өлім, тағдыр, жалғыздық, махаббат деген сияқты ұғым-түсініктер жатады. Бұл ұғымдар концептінің ұлттық мәдени танымдық категорияларына жатады. Танымдық білімнің нышандары ақын-жырау, он саусағынан өнер тамған шебер, ел тағдыры таразы басына тартылған қанмайдан жорықтарда қол бастаған батыр Қожаберген дастандарында, әйгілі әнші-ақын, күйші, композитор, әрі ел қорғаны-батыр Сегіз сері өнерпаздың туындыларында, ақын-әншілер, талантты сазгерлер Үкілі Ыбырай мен Ақан серінің шығармаларында, «сауырынан су төгілмес боз жоға», жыр жүйрігі Шал ақын толғауларында және алаштың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаев поэзиясында айқын көрініс табады. Ақындар поэзиясындағы «өмір» концептісі тура аталмай балама атаумен алмасып беріледі. Мәселен, «өмірдің» бір компоненті, макрофреймдік қатары «дүние» басқа да тіркестермен жиі беріліп отырады. «Өмір» макроконцептісіне қатысты тілдік-логикалық модельдер өздерінің өміршеңдігімен этнос дүниетанымына ортақ модельге айналғандығын байқауға болады. Олар: қызық, қымбат, өкініш, өткініші, алдамшы, қысқа, уақытша, жалған, махаббат, опасыз, күрес, т.б. «Өмір» макроконцептісінің

мән-мағынасын лингвофилософиялық тұрғыдан кең түрде ашып беруде «Дүние» концептісінің орны ерекше. Концептілік мәнге ие «дүние» лексемасы ақын-жыраулардың тілінде образдық сипатқа ие болып, таным дүниесінде мықтап орныққандығын көруге болады [2,15 б.].

Ақын-жыраулар поэзиясында «дүние» концептісі әр алуан лингвофилософиялық мазмұнға ие. Мысалы, Үкілі Ыбырайдың «Бабынды, дүние сенің, ешкім таппас» өлеңінде ақын:

Ит дүние қысырақтағы айғырдайсың,
Бетіңмен еш адамды бай қылмайсың...
Сұм дүние соғып кеткен жел секілді
Келеді жылжи көшкен сең секілді

Дүние-ай жарға салған лақтайсың,

Қайнаған, сарқыраған бұлақтайсың, - дей келе дүниенің тұщысынан гөрі ащысын көп көрген сұм дүниенің опасыздығына налиды. Қожаберген жырау да «Дүние – аз күндік»дей келе:

Дүние деген сағым, бұлт,
Перзентсіз жанда қуат жоқ.
Бәрінен қиын сол екен,

Артында қалған шырақ жоқ - деп, өмірдің мәні – атыңды өшірмейтін «шырақ», «кіз» қалдыру деп түйіндейді. Қожабергеннің өмірдің өткініші екен деген ойы Шал ақынның поэзиясында да өз жалғасын табады:

Дүние деген шолақ депті,
Жан кеудеге қонақ депті

немесе:

Бұл дүниенің мысалы
Ұшып өткен күспен тең, – десе,

Ақан серіде:

Дүниенің мысалы,

Бұтаққа қонған сауысқан, – деп дүниені қонған құс бейнесінде, бір мезеттік қысқалығын көрсетеді.

Сегіз сері поэзиясында дүниені бірде мақсатына жеткізбейтін жалмауыз кемпір, бірде қусаң жеткізбейтін қашқан киік ретінде суреттесе, енді бірде аңшыны алдап кетер алтайы арлан қызыл түлкі күйінде келтіреді. Мағжан поэзиясында дүние, яғни өмір – қозғалыс, жалғастық ретінде көрінеді. Мысалы:

Токтамас дүниенің дөңгелегі,
Шешеннің айтқан сөзі көпке кетер.

немесе

Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүгін арттар.

Сонымен «дүние» сөзі «өмір» макроконцептісінің мазмұнын толықтырушы элемент, уақыт пен кеңістік аралығын қамтитын, адам өмірінде маңызды орын алатын күрделі метафизикалық құбылыс, ақын-жыраулар тіліндегі өмір дегеннің баламасы, өзіндік концептілік жүйе құрайтын когнитивтік бірлік болып табылады.

«Өмір мен өлім» ұғымы жалпы адам атаулыға ортақ болғанымен, әр ұлттың өкілі өздерінің таным-түйсігі мен қабілет-қарымына қарай түрліше түсінеді. Нысанға алып отырған ақындар поэзиясында «өмір» концептісі басты-басты логикалық және тілдік модельдерден тұрады. Логикалық моделі: өмір – қысқа, мәңгілік емес, алдамшы, уақытша, опасыз, жалған, оның тілдік моделі Үкілі Ыбырайда:

Дүние деген шолақ депті
Жан кеудеге қонақ депті.

Қожаберген жырау дүниенің қысқалығын тағдырына жазылып қойған заңдылық деп түсінеді:

Білім – мәңгілік,
Дүние – аз күндік.

Алладан бұйрықты ажал келіп жеткен,
Жазмыштың өлшеулі күні дәмі біткен.

Логикалық моделі: Өмір – қымбат; қызық, махаббат, оның тілдік моделі Үкілі Ыбырай өлеңінде:

Жанып тұрған жас өмір – алқызыл гүл
Сипаттауға қызығын жетпейді тіл
Жауқазын желбіреген жастық шағым,
Өмірдің мағынасын түсіне біл.

Логикалық моделі: Өмір – жол, өзен, оның тілдік моделі Қожаберген жырауда:

Дүние бір соқпақ жол бұраңдаған.
Бак тайса ерге дәулет құралмаған,

-десе, Мағжан:

Дүниенің теңізінде адасқанға
Тура жол көрсететін бас.

- деп білсе,

Өмір - өзен, сылқ-сылқ күлер сылдырар,

Қайда ағады, оның жөнін кім сұрар? – деп жырлайды. Екі ақын да дүниенің алай-дүлей тұрақсыздығын бұралаңдаған соқпақ жол мен арнасының қайда барып бұрылатыны белгісіз сылдырап аққан өзенге балайды.

«Өмірдің» құрамдас компоненттерінің бірі – «дәурен» микроконцептісі. «Дәурен» адам баласының өмірдегі тіршілік әрекетінің жақсылығы мен жамандығы, шарықтауы мен құлдырауы, бақытқа кенелген не күйзелген

әрекеттерінің бірі ретінде адам жадында үнемі жаңғырып отыратын өмір кезеңі. «Дәурен» сөзі қазақ тілінің түсіндірмен сөздігінде: 1. Өмір, заман. 2. Қызықты, бақытты шақ. Дәурен кешті; Өмір сүрді, тіршілік етті; Дәурен өтті. Дүниенің қызығы кетті. Дәурен сүрді. Қызық көрді; Жас (жастық) дәурен. Жас кез, қызықты шақ деген мағыналар тізбегінен тұрады [3,89 б.].

«Дәурен» концептісі адам өмірінің бір бөлшегі ретінде танылып, «Өмір» макроконцептісіне соны бір мағыналық реңк үстейді. Дәурен дәуірмен тікелей байланысты. Бұлардың байланысы тілдегі «дәуірінде дәуірлеу», «дәуірінде дәурендету», «дәуірлеген кезеңі» деген сөз тіркестерінен айқын аңғарылады. Сонымен қатар «дәурен» концептісі адам өмірімен, оның жасымен тікелей байланысты. Мәселен: балалық дәурен, жастық дәурен, жігіттік дәурен, бозбалалық дәурен, т.б. «Дәурен» концептісінің күрделілігі екінші рет қайталанбайтындығымен, қайталанған жағдайда да сол бастапқыдай болмайтындығымен ерекшеленеді. «Дәурен» поэзия жолдарында әр түрлі аспектіде көрініс тапқан:

Дария ағып жатқан суда мін жоқ,
Хайуан, өлдім дерге малда тіл жоқ,
Құрбылар, тіршілікте ойна да күл.
Бұл дәурен екі айналып келмегі жоқ.

Шал ақынның да Үкілі Ыбырайдың да поэзиясында «дәурен - өткінші» деген ой жалғасын табады:

Бұрынғы өткен дәурен қайтып келмес
Зарығып күндіз-түні сағынсақ та.

Шынында өткен дәурен түс секілді,

Жастық шақ бір жарамды іс секілді – деген жыр жолдарымен Қожаберген жырауда дәуренді өмірдің түс секілді ғайып болып жоқ болатынын, уақытша және алдамшы болатынын айтады.

Тағдыр – халықтың концептуалды дүниетаным әлемін қалыптастыратын сананың маңызды категорияларының бірі. Тағдырға философиялық сөздікте мынадай анықтама беріледі: «Тағдыр – адам ғұмырындағы барлық жағдайларды алдын ала пешенесіне жазып қоятын табиғаттан тыс күш туралы діни мистикалық түсінікті білдіретін ұғым» [4, 409 б.]. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде және қазақ тілінің сөздігінде «тағдыр» сөзінің синонимдік қатарлары: күдірет, бұйрық, жазмыш, жазу, пешене, маңдай, бақ, салым сияқты сөздердің мағыналарының барлығы бір-біріне жуық екені көрсетілген. «Тағдыр» концептісі қандай да болмасын халықтың мәдени мәні бар концептілерінің бірі, әрі қазақ дүниетанымында басты орын алады. Ол өзінің абстракциялы сипаттамасы бойынша өте күрделі. Ислам бойынша, тағдыр Алланың жазмышы, яғни алдын-ала белгілеп қоюы, оған мұсылман адам күнделікті санада ешбір қарсылықсыз, шыдамдылықпен көнеді. Адамның шыдамдылық, сабыр еткені, қанағат тұтып шүкіршілік

еткені үшін Күдірет сый көрсетеді деген сенімге байланысты. Бәлкім осындай түсінік негізінде құдайға сенуші жалғаннан – өмірден түңілмей, оның сәтті де, бақытты кезеңдерін күтіп, «тағдырдың» келеңсіздіктерін шыдамдылықпен, мойымай басынан өткізеді. Қазақтың ұлттық танымында «тағдырға» қанағаттанудан гөрі қанағаттанбаушылығы басым екендігі байқалады. Яғни «тағдыр» өмірдің тұщысынан гөрі, ащысынан қолданыс табады. «Тағдыр» мен «өлім» концептілері арасында белгілі бір байланыс бар екені сөзсіз. Адам өлімнің алдында да тағдырдың алдындағыдай өзінің дәрменсіз екенін мойындап, өлімді тағдырдың құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды. Тағдыр көп ретте өмірдің адам баласының мойнына артқан жүгі ретінде танылады. Сол жүкті әркім әрқалай қабылдайды. Біреулер мойындағы жүкті көтере алмай жатса, өз өкініші мен өкпесін «өмірден, тағдырдан» көреді. Мәселен, «бұл тағдырға не қылдым?!» «Тағдырға мынау не шара» - деген секілді күйініші мен назын қатар айтады. «Дариға, жауыз тағдыр қатты алдады», «Алдамшы өмір ылғи ғана у береді», «Тағдырдан табандатып тиді шоқпар. Жалындым, жанталастым, жалбарындым», – деген жолдардан Мағжанның тағдырға деген өкпе-ренішінің зор екендігін, өмірден көрген теперішінің мол екендігін аңғаруға болады. Ақын-жыраулар поэзиясындағы «тағдыр» концептісінің қолданыс аясы күрделі танымдық бірліктердің санатына жатады [5,72 б.].

Ешкім кетіп қойымнан ауысқаны,

Ажал жетіп тағдырдың тауысқаны, – деген Шал ақынның жыр жолдарында «тағдырдың таусылуы» тіршіліктің тоқтауын білдіреді. Адам баласының бұ дүниедегі ғұмыры «тағдырдың таусылуымен» байланысты деген ұғымға саяды. Демек, «тағдыр» концептісінің философиялық аспектісі тілдегі адам басындағы ауыртпалық, маңдайға жазылған тірлік, пешенеге берілген бұйрық, жазмыш, тылсым күштің әмірі т.б. секілді когнитивтік фреймдермен беріледі [5,73 б.].

Кім еркімен кетеді,

Айырылып жеке табынан,

Тағдырда жазса болмайды,

Істің бір кара ағынан

«Заман» адам санасында өзінің ықпалына көндіруші қоғамдық құбылыс болып бейнеленеді. Тілдегі «елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деген ой өмірдегі қоғамдық формацияға мен заман келбетінің өзгергенін бір ауыз сөзбен түйіндеп жеткізіп отыр.

Неше мың жыл нұрынан бәрін жаратып,

Келтірдің өзің заман ақырына - дей келе Шал ақын заман өзгереді және оны өзгертетін адам екенін айтады. Яғни, әрбір адам өз өмірін өзі жасайды дегенге келеді. Және де бұл Қожаберген бабамыздың ойымен үндес:

Барымен базарлаған тауып ап жүр,

Заманнан үміт күткен тамағы іспей.

Ақын-жыраулар поэзиясындағы «заман» концептісіне лингвокогнитивтік талдау жасау арқылы этнос болмысына қатысты көптеген танымдық ақпараттармен танысуға болады [2, 19 б.].

«Заман түлкі болғанда, тазы болмай»,

Биік қырдан алдағы аса алмаспыз!

Қилы заман тіркесінің астары үлкен заманауи құбылысты білдіреді. Ақындар поэзиясындағы қилы заман ұғымы кілең арыстарымыздың басына түскен тауқыметтің, зобалаң заманның ащы зарын ұлттың танымына жақын бейнелер арқылы суреттеген.

«Тіршілік» концептісі – «өмір» макроконцептісінің баламалы атауы, яғни, өмір бар жерде тіршілік бар немесе тіршілік бар жерде өмір бар. «Тіршілік» «өмір» макроконцептісінің баламасы ретінде тілде жиі қолданылады. Тілдік қолданыстағы «тіршілік ету», «тірлік қылу», «тіршілікті дөңгелетіп алып кету», «тіршілік үшін жанталас», т.б. деген секілді сөз тіркестері тура немесе ауыспалы мағынада «өмір сүру», «өмір үшін күресу» деген күрделі мағыналық тұтастықты білдіреді. «Тіршілік» концептісінің логикалық моделі «тіршілік ету», «өмір үшін тартысу», «күн көру» деген күрделі логикалық ассоциациялардан тұрады. «Тіршілік» концептісі өмірдің баламасы ретінде жұмсалғандықтан, бұл аралық Өмір-Тіршілік-Уақыт атты логика-ассоциациялық үш тағаннан құралады [2, 20 б.]. Жекелеген ақындардың поэзиялық тіліндегі концептілерді қарастыру арқылы сол халықтың ұлттық болмыс-тіршілігіне терең бойлауға мүмкіндік алуға болатыны анық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Әмірбекова, А.** Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша). Кандид. диссерт. авторефераты. – Алматы : 2006. – 26 б.

2 **Жиринов, С.** XV-XIX ғғ. жыраулар поэзиясындағы «өмір-өлім» концептісінің танымдық табиғаты. Кандид. диссерт. авторефераты. – Алматы : 2007. – 26 б.

3 **Жанұзақов, Т.** Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

4 **Нұрғалиев, Р.** Философиялық сөздік. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б.

5 Ақын-жыраулар поэзиясындағы «Тағдыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты// ҚР ҰҒА-ның Хабаршысы. Филология сериясы. – 2007. - № 5.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.
Материал 25.08.14 редакцияға түсті.

Ж. Т. Кадыров, Ж. С. Таласпаева

Природа познания концепта «Жизнь» в поэтическом тексте

Северо-Казахстанский государственный университет имени М. Козыбаева, г. Петропавловск.
Материал поступил в редакцию 25.08.14.

Zh. T. Kadirov, Zh. S. Talaspayeva

The nature of cognition of the concept of «Life» in the poetic text

North Kazakhstan State University named after M. Kozubayev, Petropavlovsk.
Material received on 25.08.14.

В данной статье рассматривается концепт «Жизнь» в использовании в казахской поэзии и выявляется его национальное бытие на основе конкретных языковых материалов.

In the given article the concept of «Life» used in the Kazakh poetry is studied, and its national character based on the specific linguistic materials is showed.

ӘОЖ 372.416.2:310.3[807]

К. И. Қуразова, К. М. Әбішева

ТҮР-ТҮСТІ БІЛДІРЕТІН СӨЗДЕРДІҢ СИМВОЛИКАЛЫҚ МӘНІ

Мақалада құрылымында мәдениеттің түстік коды берілетін сөздер қарастырылады. Олар символикалық қызметті орындайды? Образды түрде халықтың менталитетін көрсетеді.

Түр-түсті білдіретін символдар жүйесі қандай да болмасын ұлттың дәстүрлі дүниетанымының негізгі танымдық кодтарының бірі болып табылады. А. И. Беловтың пікірінше, түр-түсті білдіретін сөздердің мәдени деңгейде белгіленген эмоционалдық хал-ахуал, жағдайлармен байланысы бар, сондықтан оларды дүниетанымдық концептілер деп сипаттауға болады [1].

Көптеген халықтың дүниетанымында, символдық жүйесінде «ақ» тазалық пен пәктіктің, жаңа, тыныштық және жоғары сапалық символы екені мәлім.

«Қара», «қоңыр» түр-түсті білдіретін лексемалар да концептіге жатады. Олар құндылықтық концептосфераның компоненттері. Құндылықтық концептілердің мәдениеттік мәні бар, олар құндылықтық принциптерінде негізделген, сол концептілер де ментальдық ұғымдарды білдіреді және бейнелік компоненттерге де ие [2].

«Қара», «қоңыр» лексемаларын біз құндылықтық концептілер ретінде қарап отырмыз. Олардың концептілік табиғатын дәлелдеу үшін келесі дәйектерді келтіреміз: біріншіден, «қоңыр», «қара» концептілер тек түр-түсті білдірмейді. Олар халықтың құндылықтық тұспалдарын білдіреді. Ол құндылықтық тұспал жағымды немесе жағымсыз екенін көрсетеді. «Қара», «қоңыр» концептілері ауыспалы, бейнелі мағынада халықтың жағымды немесе жағымсыз тұспалдауын білдірумен қоса, халықтың субъективтік қатынасын де сипаттайды: екіншіден, құндылықтық концептілер сан-қилы ассоциацияларды еске түсіріп, мәдени мән-мағынаны бейнелейді. «Қара», «қоңыр» сөздері құндылықтық концептінің негізгі мәндерінің ұйытқысы. Олар жеке тұлғаның немесе этностың, ұжымның санасында сақталды, себебі концепт – идеалдық ұғым. Ол жарық дүниеге санадан тілдік тұлғалар арқылы көрінеді. Ол үшін сана-сезімнің түкпірінде жатқан концептілерді дыбыстау арқылы, ассоциативтік кеңістікке шығарып экспликациялауға болады.

«Қара», «қоңыр» концептілердің ассоциацияларын, жағымсыз, жағымды тұспалдарын көрсету үшін контрастивті лингвокогнитивтік-пропозиционалдық анализды қолданайық. Бұл әдістемені когнитивтік-пропозиционалды түрде В. С. Ли [3] ұсынған, ал К. М. Әбішеваның [4] еңбектерінде ол өңделіп, оған жаңа талдау сатылары қосылған. Біз контрастивтік когнитивтік-пропозиционалдық талдау барысында концептілерді төрт сатыда зерттейміз.

Әлеуметтік-лингвистикалық деңгей: Институционалдық емес. Жағдаяттың ерекшелігі: стереотиптік. Этникалық норманың тұлғасы: дәстүрлік. Әлеуметтік ақпаратты жеткізетін механизмдердің түрі: вербальдық. Әлеуметтік рөл.

Когнитивтік деңгей: Нақты әлемді когнитивтік түрде қабылдау негізінде қалыптасқан когнитивтік базаның ерекшелігі. Қазақ этносының сана-сезімінде ерекше когнитивтік база қалыптасқан, себебі шөл далада, кең сахарала, көшпелі өмір сүру нәтижесінде қазақтың өзгеше өмірге деген көзқарасы, субъективтік арақатынасы қалыптасқан. Қазақ дүниетанымының ментальдық репрезентациясы; когнитивтік модель.

Ментальдық мән-мазмұны: «қара» ұғымы, А. Исламның айтуынша, о дүниені «ақ-қара» қарама-қайшылықтағы оппозиция арқылы сипаттайды. Осы оппозиция дүниенің тереңінде жатқан архетиптік ұғымнан туындайды

«ақ дүние – қараңғы дүние, өмір және өлім, жақсылық пен зұлымдық. Осындай қарама-қарсылық оппозициялар бүкіл адамзаттарға тән» [5, 209].

Кейінгі кезде бинарлық корреляция, олардың лексикалық, семантикалық және мифологиялық мәндеріне арналған көптеген зерттеулер пайда бола бастады. Бинарлық оппозициялар арқылы қазақтың дүниетанымдық көзқарасын, ментальдық жүйедегі орнын айқындап, бинарлық модель негізінде қалыптасқан ақ-қара, өмір-өлім, сүйіспеншілік-жек көру, жақсылық-жамандық, қараңғы-жарық, еңбек-жалқаулық, байлық-кедейлік, қуаныш-бақыт түсініктерді қарастыруға болады. Олардың символикалық мағынасын ескере отырып, мәдени концепт аясында қарастыруға болады.

«Ақ» түсі қай мезгілде де классикалық. Көзге кең көрінеді. Қорғағыш қасиетке ие. Ақ күн жарығы, сәуле, шуақ, жылу, мейірім, жақсылық ретінде де, салқын, арзандық, қарапайымдылық болып та жұмсалады. Фразеологизм құрамындағы астарлы ойға, тұспалға құрылған символдық мағынаға ие болатын сөздерге, бүтіндей тұрақты тіркестерге мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мәселен, «ақ» сөзіне байланысты ақ жарқын, ақ жүрек, ақ көңіл, ақ иық, ақ тілеу, ақ періште, ақ ниет, ақ бата, ақ күн, ақ түйенің қарны жарылу, т.б. Сонымен қатар қазақ жырларында «ақ» сұлулықты сипаттайды. Мысалы, ақ тамақ, ақ білек, ақ жүз, ақша бет. Біз ақ сөзінің он мәндес екендігін түсінумен қатар, ақ теріс мәнде де қолданылатындығын көре аламыз. Мәселен, «ақ» бос, бекершілік, мақсатсыздық, үнсіздік, ең соңында өлімді білдіреді.

Ертеде ағылшын халықтарының түсінігінде ақ қаза (белый траур) тіркесі қолданылған. Ол Англияның күйеулерінен айрылып, жесір қалған ханымдары ақ киім кигендіктен айтылған; өмірдің жарқын жақтарынан қол үзу, яғни безеушілікті білдіру үшін кейбір монахтар ордендарында ақ түс тандалған. Бұған қарамастан XVIII ғасырдан бастап Англияда Виктория ханым 40 жыл бойы киіп өткен қара түсі азалы күнді білдірген. Атауыш топтар құрамындағы *black* теріс және *white* оң коннотациялық мағынаға ие. Мысалы, «шіріген жұмыртқа», «қара бет» мағынасында «black sheep» - (оңбаған қой); «біреуді бопсалап, жұрт алдында масқаралау арқылы үркітіп пара сұрау» мағынасында «black mail» (с.с.: кара жәшік); «қара ниет» мағынасында «black soul» (қара жан); «жиі көлік апатына болатын жер» «black spot» (қара жер), «жерлеу рәсімі кезіндегі қолға байлайтын шүберек» мағынасында «black armband» (қара білек бантигі); бейбітшілік, тыныштық символы ретінде «white dove» (ақ көгершін), өзін қорғайтын «өтірік» мағынасында «white lie» (ақ өтірік); «сүйікті» мағынасында «white hair» (ақ шаш) сөз тіркестері өзіндік ауыспалы мәндегі ұғымды білдіріп тұрғаны анық.

Қайғы, қазада да қазақ әйелдері ақ киеді. Бұл негізінен мұсылман дінінің енуімен байланысты болып келеді. Ағылшын тілінің фразеологиялық қорынан мынадай ұқсастықтарды көруімізге болады. Мысалы, «бақытты», «залалсыз» мағынасындағы: *white day* (с.с.: ақ күн); *white lie* (с.с.: ақ

өтірік); «тәртіпті, жомарт, қайырымды» мағынасында *white man* (с.с.: ақ адам), үйқысыз түн мағынасында: *white night*- (ақ түн), т.б. «Қара» сөзіне байланысты қара жамылды, қара қағаз, қаралы ат, қаралы ер-тұрман, қаралы болды т.б. құрамындағы қара сөзі бар тіркестер жамандықты, өлімді нұсқап, теріс мәнге ие. Бұл қарама-қайшылық тереңде жатқан бүкіл адамзатқа ортақ дүниетанымдық құрылымды көрсетеді: бұл дүние – о дүние, өмір мен өлім, т.с.с. Діни дүниетанымның тілдегі көрінісі «қара ниет», табиғат құбылыстарына қатысты «қара дауыл» ағылш.: *black frost* (қара аяз); *black market* - «қара сауда» заңсыз сауда; заңсыз, жалған ақша айырбастау мағынасында: *black exchange* (қара айырбас); *black list*-жазаланушылар тізімі; *black humour* (көңілсіз сықақ); *black comedy* (түңілдіргіш, көңілсіз пьеса-сықақ); *black Africa*, *black race* (төменгі класс адамдары, Америка және Европа елдерінің жұмысшы, қара халқы), т.б.

«Басқа сөз таптарының сын есімге айналу процесі тілдің әдеби кемеліне келген, сөздердің қолдану сферасының кеңейген дәуірінде ғана емес, ескі кезеңнен басталған» (Томанов, 4-173). Біздің ойымызша, сөз таптарының ішінде, ең алдымен, адъективация процесіне ұшыраған, дәл осы зат есімдер болуы керек. Өйткені, ғалымдардың дәлелдеуіне қарағанда, әуел баста сөз таптарының бір-бірінен жігі ажыратылмаған, зат және оның белгісі, кимыл және оның сипаты тұтас ұғынылатын болған. Тілдегі сөз таптарының пайда болуын ғалымдар сөйлем мүшелерінің жіктелісімен байланыстырады. «Части речи не было, - деп жазады академик Н. С. Марр, - постепенно из частей предложения выделяются имена, которые служат для образования действия, т.е. глаголов переходных и впоследствии непереходных: имена существительные по функции становятся служа определением, прилагательными, которые также выделяются; имена же становятся местоимениями, затем имена становятся союзами и остальные части речи уже лишь производные от той или иной категории из перечисленных частей речи» (Марр, 5-417). Академик И. Мещанинов Маррдың бұл көзқарасын толық қолдай отырып, өте көне дәуірдегі сөздерге сипаттама береді: «... сначала, до деления по частям, было одно имя в широком понимании речи, этого термина, имя вообще-это не имя существительное, не имя прилагательное, конечно, не глагол, а просто, «имя». Дифференциации потребовалось уточнение семантики слова с усилением отвлечения понятий, при которых конкретизация проводится уже не в самом слове, а в сочетании слов». (Мещанинов, 6-142).

Орыс тіл білімінде жалпы тіл білімінде сын есімдердің сөз табы болып қалыптасуы жайын сөз еткенде, аса көрнекті лингвист А. Потебняның пікірлеріне тоқталмай өту мүмкін емес. «Различие между существительными и прилагательными в языке доступно наблюдению, в историческое время уменьшается по направлению к прошедшему. С одной стороны, в существительном в том же направлении от нас увеличивается атрибутивность (Потебня, 7-37). «То и в истории языков различающих название вещи и признаки, прилагательное, как выделенное из связи признаков, как более отвлеченное чем существительное, позднее существительного и образовалось из него» (Потебня, 7-60). «...путь от существительногои прилагательному есть атрибутивное употребление существительного». (Там же, 60). Сонымен бірге А. Потебня, зат есімдер мен сын есімдердің ара жігі әлі де болса анық айқындалмаған кезеңде атрибутивтік ұғымның екі зат есімнің тіркесуі арқылы берілгенін айтады: «Представление о качестве выражалось сначала сочетанием двух существительных, не «зеленая трава», а «зеленьтрава» (Там же, 62). Потебняның бұл пікірлері қазіргі қазақ тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің материалдарымен де дәлелдене алады. Қазіргі қазақ тілінде жалғаусыз, қабыса байланысқан зат есімді сөз тіркестерінің

алғашқы сыңарлары атрибутивтік позицияда жұмсалатыны мәлім. Мысалы, ағаш үй, тас құдық, алтын сағат, күміс сырға т.б. Қазіргі қазақ тіліндегі байырғы сын есімдер болып танылатын көк, сары, жас, қара, т.б. сөздерді де о баста дәл осындай тіркестерден атрибутив болып қалыптасқандығы анық. Бұл сөздердің кейбіреулерінің о баста зат есім мәнінде жұмсалғандығын тарихи ескерткіштердің тілі арқылы дәлелдеуге болады. Айталық, «жас» сөзі V-VII ғ. Орхон-Енисей жазбаларында зат есім мәнінде қолданылған. Иеті иегірімі йашына танут тапа ерледім (он жеті жасымда тануттарға шабуыл жасадым). «Жас» сөзінің сын есім мәнінде қолданылуы тек XII-XIII ғасыр ескерткіштері тілінде кездеседі. XI ғасырда жазылған Махмут Қашқаридың «Дивану-луғат-ит-турк» деп аталатын түркі тілдерінің тұңғыш салыстырмалы сөздігінде «жас» сөзі әрі заттық, әрі сындық мағына беретін сөз ретінде көрсетілген. Осыны ескергенде, жас сөзі алғашында зат есім болған, кейін синтаксистік қолданыстың нәтижесінде сын есімдер тобына ауысқан деп ойлауға болады. Ал, XIII ғасыр ескерткіштерінің тілінен бастап, «жас» сөзінің сын есім мәнінде актив қолданылғандығын көреміз, Қары болғай йаш турса он күн (Қара боларжас бала, тұрса он күн). Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімдердің (есім негізді) әуел баста зат есімдерден қалыптасқандығын басқа да тілдік фактілер арқылы дәлелдеуге болады. Мысалы, қазақ тілінде сын есімдердің зат есімдер тобына ауысуы (субстантивациялануы) кең тараған құбылыс. Мұның сыры тілде бірнеше себептермен түсіндіріліп жүр. Соның бірі-біздіңше, сын есімдердің бойында заттық мағынаны меңзеу сипатының болуы. «Можно сказать,-дейді А. М. Пешковский, – что прилагательном есть намек на предмет. В древнем прилагательном намек этот был еще сильнее, так как оно ближе стояло к существительному. Таким образом, некоторые всякое прилагательное могло употребляться и в смысле прилагательного, и в смысле существительного. Огромное большинство прилагательных так и осталась с такой двойной службой (все нынешние прилагательные). Но, некоторые прилагательные стали употребляться преимущественно в смысле существительных, а в смысле прилагательных забыты». (Пешковский. 8-154). Бұл пікірдің қазақ тіліне сай келетіндігін айтуымыз қажет. Қазіргі қазақ тілінің лексикасындағы байырғы сын есімдердің әрі заттық, әрі сындық мағына беруін дәл осы тұрғыдан түсіндіруге болады. Көк, қара, семіз, жас, кәрі т.б. тәрізді лексика-грамматикалық омонимдердің бойында сындық мағынамен бірге заттық мағына да бар. Салқын, суық, қараңғы, т.б. тәрізді сын есімдер туралы да осыны айтуға болады. «Вообще в прилагательных признак ведь изображен не сам по себе, а как заложенный в предмете, и потому в нем заключено и смутное указание на самый предмет, в котором заложен данный признак. Можно сказать, что в прилагательном есть намек на предмет, и если предмет настолько известен, что одного намека достаточно, или если, напротив, он неизвестен, ахочет только намекнуть на него- существительное опускается»

(Пешковский, 8-155). Бұдан біз сын есімдердің субстантивациялану процесінің негізін көреміз. Сонымен, мұны да зат есімдердің адъективациялануының бір себебі деп қарауға болатын сияқты. Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде о бастағы көне сын есімдер зат есімдерден синтаксистік қолданыстың нәтижесінде, екі көне есімнің жалғаусыз тіркесуінің нәтижесінде бөлініп шыққан, сондықтан да байырғы сын есімдер болып саналатын көк, төк, жас, кара сияқты лексикалық элементтердің қазіргі тіл нормасында әрі зат есім, әрі сын есім болып танылатынын осымен түсіндіруге болады. В. М. Жирмунский айтуы бойынша: «В тюркских языках совершается тот же процесс, но его архаические этапы нагляднее сохраняются в современном языке» (Жирмунский, 9-15). Олай болса, жоғарыда мысалға келтірілген зат есім-сын есім мағыналы сын есімдерді әлі де болса сөз таптарына толық ажырамаған есімдер деп санаған дұрыс.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де сын есімдер категориясы морфологиялық көрсеткіштерге, грамматикалық категорияларға аса бай емес. Басқа сөз таптарынан сын есім жасайтын -лы, -лі, -сы, -сі, -кы, -кі тәрізді санаулы морфологиялық көрсеткіштері мен зат пен құбылыстың бойындағы сындық қасиеттердің көрсеткіштері мен зат пен құбылыстың бойындағы сындық қасиеттердің артық-кемін көрсететін шырай категориясы болмаса, бұдан басқа сын есімнің өзіне тәні морфологиялық белгілері жоққа тән. Индоевропа тілдеріндегідей сын есім тудыратын көптеген жұрнақтар зат есімдерге ортақ, екі функциялы қызмет атқарады. Демек, бұдан мынадай қорытынды шығады: зат есім сын есім категориясының қалыптасып жетілуінде аса зор роль атқарған. Тілдің тарихи даму барысында көптеген зат есімдер қатарына ауысқан, зат есімдерден ауықсан сын есімдердің бойында бұрынғы заттық мағынаның ізі сақталған, кейбір зат есімдер сын есім тобына біржола ауысса, кейбір зат есімдер біржола сын есімге айналып кетпей аралық категория сипатында болады. Олардың қай сөз табына жататындығы сөйлемдегі синтаксистік функциясы арқылы анықталады.

Зат есімдер мен сын есімдердің о бастағы бірлігі қазіргі кейбір сбір халықтарының тілдік фактілері арқылы көріне алады. «Мы не видим оснований,- деп атап корсетеді В. З. Панфилов,- для выделения прилагательных в нифском языке в особую часть речи, так как, во-первых, слова соответствующие русским качественным прилагательным. В нифском языке характеризуются всеми глагольными категориями и имеют те же формы, что и глаголы, во-вторых, в функции свойственной русским и относительным и притяжательным в нифском языке, выступают имена существительные (Панфилов, 10-117). Осындай пікірді самоан тілінің зерттеушісі В. Д. Аракин де айтады.

Түрколог ғалымдардың арасында да сын есімдердің көне дәуірде болмағандығын, оның зат есімдерден бөлініп шыққанын қолдайтын

ғалымдар бар. «В тюркском языке, -дейді А. Щербак, -прилагательные не имели особых морфологических показателей и само существование их как самостоятельного лексика-грамматического разряда имен вызывает большие сомнения» (А. Щербак, 11-108).

Зат есімдердің адъективациялануының қазіргі қазақ тіліндегі көрінісіне тоқталайық. Зат есімдердің сын есімге айналуының лингвистикалық шарттары бар. Олар, біріншіден, өзіне тән сөйлемдегі функциясын өзгертіп, атрибутивтік функцияда қолданылуы шарт. Екіншіден, басқа бір зат есіммен тіркесіп, жалғаусыз, қабыса байланысқан синтаксистік конструкция құрауы қажет. Үшіншіден, сын есімнің категориялық мағынасын қабылдауы тиіс. Кейбір зерттеушілер сөз таптарынан бір-біріне сөз ауысқанда, синтаксистік функцияның өзгеруімен бір мезгілде сөз мағынасында да өзгеріс болатындығын ескертеді. Ең алдымен, осы айтылған ерекшеліктердің сын есім үшін де, зат есім үшін де оңай екенін ескеру керек болады. Осы ерекшеліктерге орай «Қазіргі қазақ тіліндегі адъективацияланған зат есімдерді» дәстүрлі грамматикаларда жіктеліп жүргендей «тұрақты» немесе «орныққан», болмаса, «мерзімдік» әйтпесе, «жартылай адъективация» деген түрлерге топтастыруға келмейтін сияқты. Мысалы, сын есімдер тобындағы етістіктің есімше, қимыл есімдері тобынан ауысып келген кебу, ауру, қашаған, сүзеген, қайнар тәрізді адъективацияланған етістік тұлғаларын тұрақты, атрибутивтер қатарына біржола ауысқан сындар деп айтуға болады. Бұлар қазіргі қазақ тілінің лексика-грамматикалық нормасы үшін қалыпты сын есім сөздер. Ал сын есімдер тобына зат есім тобынан ауысып келген сөздер жайында бұлай айтуға болмайды. Өйткені, әрі зат есім, әрі сын есім мәнін беретін, көне сын есімдер болып танылатын көк, жас кара, сары сөздерінің семантикасы да, синтаксистік қолданысы да екі жақты, олардың қай сөз табының қызметінде тұрғандығы сөйлем ішінде анықталады. Зат есімдер тобынан сын есім категориясына тұрақты ауысудың сирек ұшырауы, сірә, олардың семантикалық, морфологиялық, синтаксистік қызметтерінің өте жақындығында болар. Олардың сөз таптарына әлі де болса, сараланып бітпегендігінің де өзіндік әсері бары сөзсіз. Сондықтан да түркологияда зат есімдердің адъективациялануы жайында түрлі пікір таластары бар. Зат есімдердің адъективациялануы жөніндегі айтыс, көбінесе, алтын сағат, күміс қасық, тас көпір, темір қауға т.б. тәрізді жалғаусыз, орын тіртібі арқылы қабыса байланысқан сөз тіркестерінің алғашқы компоненттерін морфологиялық сөз таптарына ажырату жөнінде болып жүр. Иә, мұндай екі зат есімді тіркестің алғашқы сыңары қай сөз табына жатады? Түркологияда бұл жөнінде бұрыннан қалыптасқан үш түрлі көзқарастар тобы бар.

Бірінші, көзқарасты қолдаушылар атрибутивтік позицияда қолданылған зат есімдер сын есімге айналмайды дейді, олар зат есімдер болып қалады,

зат есімдердің анықтауыштық функцияда жұмсалыулары оған туа біткен қасиет деп есептейді.

Екінші көзқарасты ғалымдар затесімдер сын есімнің орнына жүре алады, яғни зат есімдер сын есімге айналады дейді.

Үшінші көзқарасты қолдаушылар зат есімнің бірде заттық, бірде атрибутивтік мәнде қолданылуын олардың әлсіз сараланғандығының көрінісі деп таниды.

Тіл ғылымы - даму үстіндегі ғылым, ғылым мен техниканың жаңалықтары, күнбе-күн үрдіс дамып бара жатқан заман талабы белгілі бір кезеңдерде айтылған ой-пікірлерді қайта саралауға, қайта қорытуға жетелейді. Соңғы кездері, 60-жылардың соңы мен 70-жылдардың басында түркологияда түркі тілдерін генеологиялық классификация тұрғысынан басқа тілдік семьяларға жататын тілдермен типологиялық салыстырма зерттеулердің кеңінен жүргізілуіне байланысты, екі тілдік аударма сөздіктерді жасаудың барысында жинақталған тәжірибелерді қорытудың нәтижесінде, түркі тілдерін диахрониялық және синхрониялық тұрғыдан терең зерттеген еңбектердің мол жарық көруіне орай атрибутивтік позицияда қолданылатын зат есімдер жайында соңғы көзқарас қалыптасаты. Жалғаусыз тіркескен, қабыса байланысқан зат есімдердің алғашқы компоненттерінің адъективацияланатындығы жайында азербайжан тіл білімінде А. Ахундов, С. Беглярова, татар тіл білімінде Ф. Ганиев, башқұрт тілінде А. Юлдашев, чуваш тілінде С. Павлов, және бірсыпыра түркі тілдерінің академиялық грамматикаларында атап айтылды. (21). Қазақ тіл білімінде жалғаусыз тіркескен екі зат есімнің біріншісі сын есім мәнінде болып келетіндігі туралы Қ. Жұбанов 1936 жылы жарық көрген «Из истории порядка слов в казахском предложении» деген еңбегінде айтқан болатын. Ғалым бұл еңбегінде қазақ тілінде сөйлем ішінде сөздердің орын тәртібі болатындығын айта келіп, сөздердің орын тәртібінің сөз мағыналарын айқындауда зор мәні барлығын атап көрсетеді. Ғалым, сонымен бірге, сөз таптарының бір-біріне сөз алмасуына, осы орайда, сын есімдердің субстантивтенуімен бірге зат есімдердің адъективтенуіне ерекше тоқталады.

Бұл орайда жанды заттарға байланысты қолданылатын сын есімдердің жансыз заттар мен тіркесіп жұмсалатын сын есімдерге қарағанда анағұрлым тез субстантивацияланатындығын айтады. «Слова «торы» (гнедой), күрең (рыжий), будут выражениями исключительно лошадиных цветов, легко субстантивируются и употребляются часто без определенных, но означают то же, что и с определяемыми. Правда, это свойство присуще всем казахским прилагательным, употребляемыми изолированно от определяемых». (Жұбанов, 12-47).

Жанды заттарға байланысты қолданылатынсын есімдердің зат есімдерге ауысуға бейім тұратындығын сөз ете келіп, профессор Қ. Жұбанов казак

тілінде әрі зат есім, әрі сын есім мәнінде жұмсалатын сөздердің мол екендігін айта келіп, оған мысалға адамның физиологиялық бітімін бейнелейтін сөздерді, атак-дәрежені, қоғамдық-әлеуметтік жағдайын көрсететін бай, батыр, сұлу, профессор, акын т.б. лексикалық единицалардымысалға келтіреді. Бұдан біз оның анықтауыштық қатынастағы сөздердің барлығын адъективация аясында қарастырғанын көреміз. Сын есімдерге айналған, адъективациялаған зат есімдердің мағыналарын проф. Қ. Жұбанов мынадай 4 түрлі топқа бөліп, саралап көрсетеді: «Значение, которыми обладает адъектированное существительное, могут быть сведены в основном к четырем:

1) адъектированное существительное выражает происхождение из существа, а названию которого оно стоит определением, вроде темір күрек (железо-ловато т.е. железная лопата).

2) адъектированное существительное выражает собою назначение предмета, выраженного определяемым, вроде біз тұмсық (шило-клюв, т.е. остроносый, или шилообразной клюв).

3) адъектированное существительное выражает сходство с ним предмета, выраженного определяемым, вроде біз тұмсық (шило-клюв, т.е. остроносый, или шилообразной клюв).

4) адъектированное существительное выражает собой место нахождения предмета, выраженного определяемым, вроде: жан қалта (бок-карман, т.е. «находящийся на груди»), қойын қалта (пазуха- карман т.е. «находящийся за пазухой»). (Жұбанов, 12-50).

Сөйлем ішінде жалғаусыз, қатар келген екі зат есімнің алғашқысының есім болып табылатындығын академик Кеңесбаевтың да өзінің 1941 жылы орыс тілінде жарық көрген «Грамматика казахского языка» деген еңбегінде атап көрсеткен болатын: «что из двух стоящих друг за другом существительных первое является прилагательным, например, ағаш үй, күміс сағат, шай қасық (23). (Кеңесбаев, 13-110).

Біздің ойымызша да мұндай жалғаусыз байланысқан зат есімдердің алғашқы компоненттерін адъективация процесінің аясын да қарастырған жөн. Адъективация процесі, бұл, ұзақ уақыттарға созылатын процесс. Лингвистикада, әлбетте, адъективацияның екі түрге: тұрақты және тұрақсыз, басқаша атаумен алмастырсақ, уақытша және түпкілікті болып бөлінетіні мәлім. Адъективация процесін, бұлайша, екі түрге жіктеу оны кезеңдерге бөліп қараудан туған. Өйткені, адъективациялану процесінде басқа сөз таптары сын есімдер тобына бірден ауысып кетпейді, ол өте ұзақ уақытты қажет етеді. Адъективациялану процесінің бірінші кезеңінде басқа сөз таптары сөйлем ішінде сын есімнің қызметін атқарып, оның мағынасын қабылдап, уақытша болса да сын есімнің орнына қолданылады. Әлбетте, олардың өзі анықтайтын сөзімен анықтауыштық қатынаса трікесуі шарт,

сын есім мәнінде жұмсалатын лексикалық элемент өзі анықтайтын сөзінің алдында тұруы қажет. Сөйлем ішінде «уақытша» болса да сын есім қолданылған сөз өзінің бұрынғы мағынасынан мүлдем қол үзіп кетпейді, оның семантикасында әлі де болса бұрынғы мағынаның ізі сақталады, «жаңа»мағына мен»ескі» мағынаны жалғастырып тұрған семантикалық жіп үзілмейді. Дегенмен, атрибутивтік мағынаның жүгі бұрынғы мағынаға қарағанда басым екені сезіліп тұрады. Мұндай уақытша адъективацияланған сөздер сөйлем ішінде не өзінің бұрынғы мағынасында қала алмай, не өзінің жаңа мағынасында біржола тұрақтай алмай, ұшты позиция ұстап тұрады. Яғни олар аралық категория сипатында болады. сондықтан да оларды жартылай не толымсыз адъективацияланған сөздерге, біз, мысалы, жоғарыда болған жалғаусыз орын тәртібі арқылы қабыса байланысқан зат есімдердің алғашқы сыңарларын атар едік. күміс сағат, мыс қазан, жібек белбеу, темір тостақ, кендір арқан т.б. Себебі, мысалға алынған жалғаусыз байланысқан мұндай зат есімді сөз тіркесінің бастапқы мағыналары сыңарлары таза зат есімдер емес. Олардың атрибутивтік позицияда жұмсалып тұрғандары түркологиялық бірсыпыра еңбектерде айтылған. Э. В. Севортян осындай синтаксистік конструкциялардағы алғашқы компонентреді сын есім заттың неден жасалғандығын білдіретін зат есімдер деп көрсетеді. «Никакой омонимий здесь нет, имена существительные в функций определения остаются именами существительными». (Севортян, 14-122). Жалғаусыз тіркескен зат есімдердің алғашқы компоненттерін осылайша зат есім деп қабылдау қазіргі кезде түркологияда тілдік нормаға да айналып кетті. Олай болса, жоғарыда мысалға келтірілген күміс сағат, алтын астау, жез түйме тәрізді зат есімдерді сөз тіркестерінің бірінші компоненттерін таза зат есім деп қарау дұрыстыққа жатпайтын шығар.

Бажайлап, үңіле қараған кісіге жалғаусыз байланысқан зат есімдердің бірінші компоненттер заттың тегін, неден жасалғандығын білдірмейді, керісінше, мысалы алтын қасық дегенде алтынның екінші бір затқа қатысын көрсетеді. Г. И. Груниннің пікірі бойынша «Основным критерием принадлежности слова к той или иной категории имен является сочетаемость слов в определительных словосочетаниях, причем решающим фактором выступает форма связи определения с определяемым». (Грунин, 15-25). Әрі қарай ол ойын былайша жалғастырады: «Многие тюркологи утверждают, что такие словосочетания, как алтын сағат, ағаш жәшік, допустимы потому что первый компонент является названием материала, из которого сделано то, что означает второй компонент. Нам кажется, что это совсем не верно. Если допустить такое понимание подобных словосочетаний, то необходимо будет признать, что в сознании говорящего эти словосочетания вызывают представление о двух предметах, а именно алтын сағат, «золотое» и «часах», в «ағаш жәшік», «дереву» и «ящике». Если бы это бы действительно было

так, то тогда допускалась бы возможность постановки определения перед каждым компонентом словосочетания, и таким образом возможен был бы разрыв словосочетания. А так как в определительных словосочетаниях аналитического типа определение выражает только качественный признак, то любое слово, выступающее как определение в таких словосочетаниях, вне зависимости от его морфологической структуры и лексических особенностей, должна рассматриваться как имя прилагательное качественное» (Грунин, 15-23). А. А. Потебняның мына бір пікіріне назар аударалық: «Если имя поставлено как предикат или приложено к имени вещи, как определение, то оно уже не может быть именем вещи с этой зрения тем самым есть прилагательное». (Потебня, 7-62). Сонымен бірге, атақты лингвистің «представление о качестве выражалось сначала сочетанием двух существительных», - дегені де ұмытпаған жөн. (Потебня, 7-61). Оның үстіне, түркі тілдерінде қатыстық мағынасының екі зат есімнің жалғаусыз түрі арқылы, яғни қатар келуі арқылы берілуі кең тараған құбылыс екені белгілі. Сонымен, мұндай жалғаусыз тіркескен зат есімдердің бірінші компонентін заттық мағынасын, тегін білдіретін субстантив деп қарау лексика-семантикалық тұрғыдан дұрыс болмайды. Мұндай адъективацияланған зат есімдердің бойында заттық мағынамен бірге атрибутивтік мағынаның да бар екені даусыз. Сөз мағыналары, әлбетте, контекстен тыс, өздігінен дами алмайды. Ол, контексте, басқа сөздермен қарым-қатынасқа түскенде ғана дамиды. Ендеше, мұндай тіркестердегі сөздің мағынасын контекстен бөліп алып, лексикография аясында қарастыру жөн емес. Жалғаусыз тіркескен, қабыса байланысқан мұндай сөз тіркесінің алғашқы компоненттерін зат есім, ол заттың тегін, материалын білдіреді» деп тану сөздің тек лексика-ремантикалық белгісін негізгі меже етіп ұстаудан туған. Ал, сөздерді сөз таптарына топтастырғанда лексика-семантикалық принциптен басқа, морфологиялық-синтаксистік белгілерін де еске ұстау, әсте қажет болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Виноградов, В. В.** Словообразование в его отношении к грамматике и лексикологии. – Москва, 1952.
- 2 **Ысқақов, А.** Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1964.
- 3 **Дмитриев, Н. К.** Об указательных местоимениях в башкирском языке. – Москва, 1947.
- 4 **Томанов, М.** Сын есімдер тарихынан. – Алматы, 1973.
- 5 **Марр, Н. Я.** Избранные работы. – Л., 1936.
- 6 **Мещанинов, И. И.** Члены предложения к частей речи. – М-Л., 1945.
- 7 **Потебня, А. А.** Из записок по русской грамматике. – Харьков 1888.
- 8 **Пешковский, А.** Русский синтаксис в научном освещении. – М., 1956.

- 9 **Жирмунский, В. М.** Развитие категорий частей речи. АН СССР, Том 4. 1945.
- 10 **Панфилов, В. З.** грамматика нивхского языка. – М.-Л., 1962.
- 11 **Щербак, А. М.** Грамматика староузбекского языка. – М.-Л., 1962.
- 12 **Жұбанов, Қ.** Исследование по казахскому языку. – Алматы, 1966.
- 13 **Кеңесбаев, Жанұзақов.** Орысша-қазақша лингвистикалық сөздік. – Алматы, 1966.
- 14 **Севортян, Э.** К проблеме частей речи в тюркских языках. – М., 1955.
- 15 **Грунин, Г. И.** Имя прилагательные в тюркских языках. 1955, №4.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 24.07.14 редакцияға түсті.

Ж. Т. Сарбалаев

Адъективация имен существительных в казахском языке

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 24.07.14.

Zh. T. Sarbalayev

Adjectivization of nouns in the Kazakh language

S.Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 24.07.14

В данной статье рассматривается адъективация имени существительного в казахском языке и дается характеристика факторов, способствующих ее возникновению.

The article considers adjectivization of nouns in the Kazakh language and gives characteristics of factors that promoted its appearance.

УДК 800

Д. В. Сизов, Ш. С. Жакупова, В. А. Бурмистрова

ИЗУЧЕНИЕ СТРУКТУРЫ КОНЦЕПТА «ДУША» В АНГЛИЙСКОЙ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЕ МИРА

В статье автор рассматривает с лингвокультурологической точки зрения концепт «душа», отражающий сложную систему совокупности моделей психического, ментального, эмоционального мира человека и представляющий собой один из важных, базовых элементов, закрепляющихся и сохраняющихся в национальном менталитете.

Внутренняя и внешняя жизнь человека, ценности материальной и духовной культуры, отношения между людьми и отношение к себе – все эти явления так или иначе обозначаются в языке, создавая образ общества и образ индивида – носителя определенного языка. Человек познаёт мир через свою практическую и теоретическую деятельность в нём.

Внешний и внутренний миры представляются человеку через призму его культуры и языка. Язык выступает как неотъемлемая часть этой культуры. Язык каждого народа можно назвать народной энциклопедией, фиксирующей все знания о мире и опыт предыдущих поколений. В языке хранится многое из того, что было познано народом на протяжении своей истории.

Язык в гумбольдтианской традиции понимается как зеркало культуры, в котором отображаются все имевшие место представления (мифологические, религиозные, культурные) народа о мире, в котором он живёт. При помощи языка формируется миропредставление человека, закладываются основы его культуры. Язык – это и средство выражения мысли, и форма, в которую мы облачаем свою мысль.

Лингвистика конца XX века ознаменовалась введением в свой концептуальный и метаязыковой аппарат термина картина мира. Картина мира – совокупность знаний и мнений субъекта относительно объективной реальной или мыслимой действительности [1, 47]. В современной лингвистике под языковой картиной мира традиционно понимается совокупность знаний о мире, которые отражены в языке, а также способны получению и интерпретации новых знаний. При таком подходе язык рассматривается как определенная концептуальная система и как средство оформления концептуальной системы знаний о мире. Образ человека реконструируется многогранно, многоаспектно и многофункционально в социологии, физиологии, психологии, лингвистике. Наиболее обширен и интересен внутренний мир человека, чувственная сторона его бытия.

Внутренний мир человека – это психические составляющие: волеизъявление, характер, эмоциональные особенности и ментальные способности, стремления, отношение к людям и к себе, вкусы и пристрастия, «Я» (эго) – общая структура личности, мнения, представления, желания, намерения, мысли, способности, чувства и ощущения. Каждый народ живёт в своём мире, у них свой быт, своя религия, своя история и свои традиции. Всё это определяет культуру народа и отображается в его языке. Знание языка недостаточно для изучения отличительных особенностей представителей данной культуры. Необходимо также понимание мировоззрения, национального характера и менталитета. Каждому языку присущ свой способ концептуализации действительности, который имеет специфические национальные черты.

Исследование концептуальной структуры позволяет выявить более глубокие и существенные свойства предмета или явления. Признаки предмета или явления формируют структуру концепта. Исследование признаков концепта даёт возможность выявить специфические особенности народных (ненаучных) систем знаний о внутреннем мире человека, а также вывести некоторые заключения о свойствах национальной ментальности. Рассматриваемый нами концепт «душа» представляет собой один из важных, базовых элементов, формирующих языковую картину мира, закрепляющуюся и сохраняющуюся в национальном менталитете. В лингвокультурологии эта проблема как одна из наиболее глубоких и сложных изучена не досконально. В то время как значимость и ценность этого понятия достаточно высоки в формировании знаний, воспроизведении знаний и воспроизведении самопознания народа. Этот концепт отражает сложную систему совокупности моделей психического, интеллектуального (ментального) и эмоционального мира человека, внутренней духовной жизни личности.

Картина мира народов меняется, структура признаков концепта расширяется за счёт продолжающегося познания мира. Развитие науки, культурные процессы дополняют сведения о мире, в том числе о мире внутреннем. Исследование лингвокультурного концепта «душа» в английском языке – это ещё один шаг к разгадке феномена национального характера, расширению представлений о языковой картине мира, пониманию специфики культуры. Этими обстоятельствами и объясняется выбор темы исследования.

Цель работы определяется нами следующей: исследование концепта «душа», представленного в английской языковой картине внутреннего мира человека, посредством анализа литературных источников американского и британского вариантов английского языка. Основная задача работы заключается в исследовании средств вербализации (объективации) концепта «душа» в английском языке.

Материалом исследования являются различные формы репрезентации концепта «душа», определяемые методом сплошной выборки из толковых и фразеологических словарей, из текстов английской и американской литературы и сборников пословиц и поговорок (языковой материал составляет 382 примера).

Методологической основой исследования являются труды известных лингвистов в области концептологии Пименовой М. В., Стернина И. А., Степанова Ю. С. и др. Материал исследования изучается на основе применения таких методов, как сравнительно-типологический, описательный, этнографический.

Материалы данного исследования могут найти теоретическое и практическое применение на уроках английского языка в средней школе, в рамках специализации в вузе и предназначены для тех кто интересуется концептологией.

Так, анализу подвергся концепт *soul* («душа»); объектом описания явились фрагменты концептуальной системы английского языка картины внутреннего мира человека. Анализ фрагментов картины внутреннего мира происходит на основе выделения языковых единиц, репрезентирующих исследуемый концепт. На материале этих единиц рассматриваются способы представления концептов сферы внутреннего мира и их признаки. Выделенные признаки формируют структуру концепта, что позволяет рассматривать структуру концепта как отражение в сознании носителя языка его представлений о мире и способов взаимодействия с этим миром. Наряду с выявлением структуры признаков концептов, выделяются когнитивные модели, используемые для объективации концепта.

Исследование признаков концептов даёт возможность выявить специфические особенности народных (ненаучных) систем знаний о внутреннем мире человека, а также сделать некоторые выводы о свойствах национальной ментальности. В языковой картине внутреннего мира концепт «душа» отождествляется с «внутренним человеком», действия которого во многом схожи с действиями самого человека. Процесс концептуализации макроконцепта «внутренний человек» происходит на базе имеющегося запаса знаний и представлений о человеке как живом существе.

Концепт *soul* имеет свои особенности. Так, например, для данного концепта характерны признаки «эталопа» (*He is the soul of honour* «он человек чести») и «энергии» (*soul – emotional and intellectual energy*). Для английской языковой картины мира концепт *soul* выступает иногда в той функции, которая свойственна концепту дух в русской картине (существующий английский праздник *All Souls Day* – 2 ноября «день всех усопших» (букв. День всех душ) имеет русский аналог – Духов день, что связано с общими религиозными воззрениями). В русской и английской языковых картинах

мира *душа* и *soul* – атрибуты человека (*человеческая душа; the human soul*). Душа может быть и у животного. Одушевление связано с лексико-грамматической категорией одушевлённости: в народном восприятии всё, что живое – одушевлено.

Душа обладает и природными свойствами. Для *soul* характерны естественность и величие. Сама природа обладает душой. Всё живое есть единая мировая душа. Мир и природа отождествляются. «Мировая душа, одно из центральных понятий в философии неоплатонизма восходящие к учению Платона о мировой душе как движущем начале космоса; выступает посредницей между идеальным (бестелесным) миром и создаваемым ею чувственным миром» [2, 811]. Появившаяся в античности идея мировой души *world – soul* филос. «мировая душа» ... *This is the world's soul* (Shakespeare. *Timon of Athens*) связана с пониманием природы как живого организма. Эта идея проявилась в представлении о существовании у Земли собственной души. В английской картине мира признак естественности у концепта *soul* дополняется признаками свободы: *Will you with free and unconstrained soul...* (Shakespeare. *Much Ado About Nothing*).

Выдающиеся свойства, качества, вызывающие уважение, именуется величием. Величие *soul* заключается в обладании сильной волей, слабодушным свойственны желания: *Great souls have will feeble ones only have wishes*. Величием можно охарактеризовать и качественные отличия *soul*: *Your wife should have great qualities of mind and soul* (Meredith). В английской картине внутреннего мира человека величие может выражаться пространственным признаком «высота»: **high-souled** «возвышенный, благородный»; *eminence of soul* «величие души», где *eminence* букв. «высота».

Структура концепта «душа» включает признаки материальности, душа состоит из воспринимаемого «материала»: чувствовать / ощущать всеми фибрами души, где *fibra* – лат. «волокно, жилка», *fibrae* (мн.) – «внутренности». В английском языке фибры связывают не с душой, а с человеческим существом (телом): *With every fibre of one's being*. Носители английского языка связывают это понятие с душевностью (*soulful*) или с тем, что адресуется душе (*one that goes straight to the soul*).

Личность человека, его «Я» в английском описывается посредством характеристик концепта *soul*: [*Rosalinda*.:] *My father lov'd sir Rowland as his soul* (Shakespeare. *As you like it*). Описание внутреннего мира ориентировано на мифологическую модель космоса. Космос описывается числовыми характеристиками. Количественные признаки вселенной и её отдельных частей переносятся на вселенную внутреннего мира, где наиболее важные, ключевые концепты включают в свои структуры квантитативные признаки. *Soul* в английском языке определяется признаками единства и наделяется свойствами целостности, числовая система *soul* также включает в себя

признак, используемый для передачи метафизических символов: человек объединяет в себе характеристики растений, животных и разумных существ.

Целостность – это завершенность, цельность, неразделённость: *Then take my soul, my body, soul and all...* (Shakespeare. *King Henry V*). Признак целостности концепта *soul* выражает значение «преданности»: *With all one's heart and soul* «быть преданным»; «обещания»: *'I pledge you, with all my soul', said I, filling my glass to the brim.* (Bulwer – Lytton. *Pelham*); «стремления»: *Then Oothoom pluck'd the flower, saying : 'I pluck thee from thy bed, sweet flower, and put thee here to glow between my brest; And thus I turn my face to where my whole soul seeks'*. (Blake. *Visions of the Daughters of Albion*), а также «искренность» и «великодушие»; в таких случаях концепты *soul* и *heart* отождествляются: *whole – soul = whole – hearted* «1). Беззаветный, искренний; 2). Великодушный».

Целостность *soul* определяется внутренней гармонией: *One's whole soul; put one's whole soul into smth.* Нарушение гармонии определяется как разделение *soul*: *Your heart is burst, you have lost half your soul...* (Shakespeare *Othello*).

Целостность как природное свойство человеком понимается в английской картине мира как единство тела и *soul*. Изменения целостности могут быть вызваны причинением боли или страданий; боль – телесный ущерб, страдание – внутренний. Целостность – это гармония ментального и эмоционального состояния. Нарушение единства внутреннего мира или разъединение во внутреннем мире – это нарушение гармонии между добром и злом, между внутренним состоянием и внешним поведением человека.

Признаки разумности, динамичности, социальности чрезвычайно важны для английской культуры, эти признаки переносятся на описание внутреннего мира и включаются в структуры соответствующих концептов. Душой возможно творить и создавать. Существует общее народное представление о том, что артефакты (то есть то, что создано руками человека) обладают душой, *soul*: *he put his heart and soul into his work*.

Soul – это песня и письменное слово. Книга, написанное слово отличается тем, что в них отражена душа автора. Книга воздействует на душу, волнует душу: *A book that stirs the soul* «книга которая волнует душу», где *stir* «шевелить, двигать»; *A room without books is body without soul*. «Комната без книг подобна телу без души» [3]. Соответствие связано со знанием. Знание лежит в основе любого творения. Традиция есть общее знание народа. Традиции и привычки народа – это национальные, этнические знания о своей культуре. В английском языке концепты определяются ограниченным набором признаков знания, *soul* – это скрытое, сокровенное знание, тайна и эталон.

В структуру концепта внутреннего мира входят признаки, которые возможно обобщённо квалифицировать как жизнь, средоточие жизни: *He*

is, in fact, the life and soul of our peaceful village of King's Abbot (Christie. The Mystery of King's Abbot). Дыхание есть символ жизни. Смерть в языковой картине мира понимается как искупление дыхания: *Whose soul expired ere youth decayed, And left thee but a mass of earth* (Byron. To Belshazzar), где *to expire* «выдыхать, делать выдох». Синонимом жизни выступает душа; душа – есть жизнь. Смерть осознаётся в народных представлениях как отход, движение души от тела, где она находилась при жизни. В английской картине мира смерти отдают, передают жизнь, которая обозначается лексемой *soul* и *ghost: To yield up the host* «отдать богу душу, умереть». Сама жизнь человека, согласно народным представлениям, бывает обычной и духовной, к последней относятся занятия творчеством и увлечения искусством. Духовность понимается как сущность человека, которая придаёт человеческой душе и всей человеческой культуре высшее измерение, высшее назначение и ценность.

Человек должен быть здоров телесно и духовно – в этом состоит закон гармонии жизни: *God shall mend my soul!*, где *mend* букв. «поправлять».

Средоточием жизни человека выступает сердце; лексема *soul* может выступать синонимом сердца. В английском языке *soul* понимается и как психическая энергия [4, 625]. Человеку необходимы силы для жизни. Дух – это некий стержень, опора человеческой жизни. В английском языке признаки стержня, жизненной опоры реализуются характеристиками крепости, прочности, типичными признаками стен дома: *To support the spirits* «поддерживать дух», где *to support* «поддерживать, подпирать». Отсюда важное понятие для англичан *Мой дом – моя крепость / My house is my castle*. (пословица). С другой стороны, для английского языка характерна передача ситуаций смелости, храбрости посредством метафор прочности и твёрдости: *Unbending spirit* «непреклонный дух»; *A man of unbending spirit* «человек негибкой воли», где *unbending* «негнущийся; негибкий», *unbroken spirit* «не сломленный дух». Жизнь и природа являются синонимами. Продолжает этот синонимичный ряд душа, т.к. душа – это тоже жизнь: *Good – natured soul*; «*What on honest and good-natured soul she is!*» said mother (Thackeray. Vanity Fair).

Таким образом, важнейшей характеристикой исследуемого концепта выступает отождествление его с жизненной силой, жизненной энергией (энтелехией – в терминологии античной философии), которой могут обладать все живые существа. Наличие жизненной силы описывается метафорами наполнения, заполнения этой силой человека. Языковая концептуализация души представляет собой осмысление её сущностных признаков и фрагментов, которое объективируется в виде соответствующих языковых единиц. Языковые интерпретации этого понятия позволяют выявить многогранность и многокомпонентность этого концепта.

Так, на основе выделенных признаковых характеристик был определён языковой корпус лексическо-фразеологических единиц со значением «душа». В значениях лексических единиц, используемых для раскрытия содержательного наполнения концепта «душа» в английском языке, отражается как светское, так и религиозное понимание этнокультурного богатства внутреннего мира человека, его когнитивных, ментальных, эмоциональных и волевых проявлений. Эмоциональные признаки «внутреннего человека» в языковой картине мира непосредственно связаны с национальными особенностями культуры и языка. Внутренний мир человека моделируется в языке по «образу и подобию» внешнего мира.

Проведенный анализ показывает, что в английском языке, также как и в русском, нет конкретного слова для обозначения концепта «душа». То, что скрывается внутри тела человека, в английской языковой картине внутреннего мира называется *soul*. *Soul* представляется как неподконтрольное телу явление (оно само контролирует тело), действует самостоятельно и формирует поведение человека.

В макроконцепт «внутренний мир человека» включены компоненты, которые сохранились в памяти носителей языка в виде обыденных представлений о мире. Лексическое значение связывается с концептуальной структурой, что делает возможным реконструировать концепт через его языковое выражение. Внутренний мир человека, вследствие своей особой природы, в концептуальной системе языковой картины мира предстает в виде зеркального отражения физического мира. Человек осознаёт себя в процессе «присвоения» или освоения познанных народом фрагментов мира. Познать себя можно только в категориях языка. Следовательно, для саморефлексии человек использует язык как средство такого самопознания. Язык при этом выступает как универсальная система знаков и знаний и как универсальное орудие для освоения мира. Концептуализация знаний о внутреннем мире человека происходит на основе когнитивных моделей представления знаний, социально значимых для определённой культурно-языковой общности. Иными словами, исследуемый концепт *soul* играет значительную роль в языковой картине внутреннего мира. *Soul* участвует в категоризации индивидуальной и нравственной сторон внутреннего мира человека и отдельного народа в случаях сравнения с представителями другой национальности. Концептуальная система, относящаяся к сфере «внутренний мир человека», отражает национально-культурное своеобразие народа, его картину мира.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Васильева, Н. В., Виноградов, В. А., Шахнарович, А. М. Краткий словарь лингвистических терминов. – М., 1995.

- 2 Советский энциклопедический словарь. – М., 1988.
- 3 Гуревич, В. В., Дозорец, Ж. А. Краткий русско-английский и англо-русский фразеологический словарь. – М., 1988.
- 4 Hornly, A. S. Oxford Students Dictionary of Current English. – Oxford, 1984.
- 5 Попова, З. Д., Стернин, И. П. Некоторые проблемы выявления национальной специфики языка // Язык и национальное языкознание. – Воронеж, 2002.
- 6 Степанов, Ю. С. Константы: Словарь русской культуры. – М. : Академический проект, 2001.
- 7 Пименова, М. В. Ментальность: лингвистический аспект: Учебное пособие. – Кемерово, 1996.
- 8 Пименова, М. В. Концепты внутреннего мира (русско–английские соответствия): Дис...докт. филол. наук. – СПб., 2001.
- 9 Стернин, И. А. Методика исследования структуры концепта // Методологические проблемы современной лингвистики. – Воронеж, 2001.
- 10 Пименова, М. В. Душа и дух: особенности концептуализации. – Кемерово, 2004.

Карагандинский государственный
медицинский университет, г. Караганда.
Материал поступил в редакцию 23.07.14.

D. V. Sizov, Sh. S. Zhakupova, V. A. Burmistrova

Ағылшын тіліндегі әлем көрінісінде «жан» концептісінің құрылымын зерттеу

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, Қарағанды қ.
Материал 23.07.14 редакцияға түсті.

D. V. Sizov, Sh. S. Zhakupova, V. A. Burmistrova

The study of concept «soul» structure in the English language picture of the world

Karaganda State Medical University, Karaganda.
Material received on 23.07.14.

Мақалада адамзат әлемінің психикалық, ментальдық, эмоционалдық үлгілерінің жиынтығының күрделі жүйесін көрсететін және ұлттық менталитетте бекіген және сақталған маңызды базалық элемент болып табылатын «жан» концептісінің лингвомәдени көзқараста қарастырылған.

In the article the author considers the concept «soul» from linguo-cultural standpoint, reflecting the complicated system of combined models of mental and emotional man's world, representing one of important basic elements, which are fastened, kept in national mentality.

ӘОЖ 800:631:943.42:82

Г. Т. Тлеубердина, Г. Т. Батыргалиева

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТАҒАМ АТАУЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК СИПАТЫ

Бұл мақалада қазақ және орыс тілдеріндегі аспаздық жүйені және «Тамақ» концептуалды саласы бойынша метафориканы танытатын лексика-фразеологиялық алаңдағы уәждемелі-бейнелі парадигмалар қарастырылады. Тілдің біртұтас бейнесі ретінде сипатталатын уәждемелі-бейнелі парадигмалардың құрылымды-семантикалық және когнитивтік өлшемдері көрсетіледі.

Соңғы кездері ұлттық құндылықтарды зерттеу, оларды басқа ұлт өкілдеріне насихаттау, сипаттау, салыстыру мәселелеріне тіл білімінде де аса көңіл бөлінуде. Соның бірі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі №212 келісімшарты бойынша қаржыландырып отырған ғылыми жоба аясында (жоба жетекшісі Жақыпова А. Д.) жоғарыда айтылған мәселе қарастырылуда. Жоба аясында орыс және қазақ тілдерінің тағам атаулары салыстырылып, лингвомәдени сөздікті баспадан шығару жоспарланып отыр. Лингвомәдени сөздікке қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінен іріктеліп алынған ас атаулары тақырыптар бойынша топтастырып, лексикографиялық талдау жасалынады.

Лингвоелтанымдық сөздік үшін іріктелетін, ұлт өміріндегі маңызды орынға ие мәдени феномендердің бір тобы ас атауларымен байланысты. Ас – адам баласының қоректік заты, тағамы; ішіп-жеп, тамақ [1, 693 б.]. «Ас – адамның арқауы» санаған қазақ халқы «дәмдісін, сыбағасын» келген қонағына тарту еткен қонақжай ұлт. Қазақтың ұлттық тағамдарының бүгінгі ұрпаққа тек аты ғана емес, заты да жетіп отыр. Ұлттық санадағы мәдени феномен ретінде танылатын тағамдар әр халықтың тұрмыстық ерекшелігі мен тағам мәдениетін танытары анық. Әр ұлттың өз тағам түрлері, дайындау әдістеріндегі ерекшеліктер сияқты тұстары қазақтарға тән. Қазақтың ұлттық тағамдары туралы О. Жиреншин мен Ж. Мусин былай деп жазады: «Сонау ерте заманда қазақ халқы ас-тамақ дайындауда

өзінің сыннан өткен «қарапайым технологиясына» сүйеніп, қымыз ашытқан, қазы, шұжық аударып, сүр ет дайындаған, айран ашытып, іркіт пісіп, құрт, ірімшік қайнатқан, сүзбе сүзіп, шұбат ашытқан, ал ұннан неше түрлі шелпек, бауырсақ пісірген, қаймақ қалқып, сары май алған. Қазақ халқы өзінің ұлттық тағамдарын сақтау, дайындауда ешқандай жаңа техника, технология пайдаланбаған. Алайда халқымыздың қасиетті дәстүрлік-шеберлік технологиясы – тағамның дәм-татуын, қасиетін жоғалтпай, оларды ұзақ уақыт сақтауға мүмкіндік берген [2, 3 б.].

Сөздікке аспаздықтың тілдік емес шындығын метафорикалық бейнелерін танытатын қазақ және орыс тілдеріндегі бейнелі сөздер енеді. Семантикасында гастрономиялық саланың түрлі белгілерін білдіретін қазақ және орыс тілдерінде сөйлеушілердің метафорикасы енген бейнелі сөздер (метафоралар) мен сөз тіркестері (идиомалар, бейнелі салыстырулар, мақалдар, мәтелдер) лексикографиялық формада сипатталады.

Мысалы, орыс тіліндегі: *варёный* ‘былжыраған (адам туралы)’, *пресытиться* ‘белгілі бір қажеттікті шамадан тыс қандыру’), *дармоед* ‘жалқау, басқа біреудің есебінен өмір сүретін адам’. Қазақ тілінде: *пісу* – тура мағынасында ‘дайын болғанша пісу’, метафорикалық мағынасы ‘қиындыққа үйрену, шыдау’; *пісіру* – тура мағынасында ‘варить’, метафорикалық ‘доводить дело до конца’; *буына пісу* – тура мағынасында ‘вариться на пару’, метафорикалық мағынасы ‘становиться заносчивым, высокомерным’; *кеудесіне нан піскен* – тура мағынасында ‘на груди хлеб выпечен (у кого-л.)’, метафорикалық мағынасы ‘гордец, заносчивый человек’ [3, с. 46].

(«Ер Едіге» - Ш. Уәлиханов жазып алған нұсқасы).

Асқар-асқар белдерден
Айдын шалқар көлдерден,
Қан сасыған жерлерден
Үмітін үзіп жол шекті [6].

(Қобыланды батыр. Марабай-Мергенбай нұсқасы).

Осындай салыстырулардың өзінен-ақ, жер-су жайындағы ұғым-түсініктердің көркемдік жиынтығы эпос тіліне қалай түскені, оның себеп-салдары жөнінде белгілі бір мәмілеге келуге болатын сияқты. Мәселе жырды айтушы жырау-жыршылардың эпостағы қаһарманның мекенін, жүріп өткен жолдарын білмегендіктен емес, көркемдік талғам тұрғысында мейлінше кең ауқымды шығарманы шындыққа негіздеудегі көркемдік жолды таңдауында жатыр. Егер жырау-жыршыда таңдау болмаса, батырлық эпостағы қаһармандарымыз Алпамыс, Қобыланды т.б. жауға аттанған, одан қайтқан жолдарындағы жер-су атаулары бірді-екіліден аспай, уақыт пен кеңістік жағынан шектеліп қалар еді. Онда көлемді шығарма да тумайды. Жырау мен жыршының құдіреті сонда, батырды елі мен жерін қорғаушы ретінде тым ұзақ та, қауіп-қатерлі алыс сапарға аттандырады. Сондықтан оның мекені жүріп өткен жолы, қайту сапары халық ұғымына сай жер атауларымен берілуі тиіс. Батырлық іс ауыл арасындағы дау-жанжал емес, жалпы халықтың мүддесінен туындайтын «ел шетіне жау келсе» аттаныспен өлшенеді. Ендеше сол аттаныс сапары тым ұзақ жол. Ол жолдың өзен-көл, тау-тас, шөлді-шөлейтсіз болмауы мүмкін бе?! Эпостағы жер атаулары мен кісі есімдері көрсеткішімен кейіпкер әрекетінен бұрын немесе кейін болған оқиғаларға тели салуда күмән туғызатыны бар. Эпостағы мұндай олқылықтардың орнын толтыруға арналған еңбек ретінде, эпостанушы Ш.Ыбыраевтың «Эпостың кеңістік концепциясы», «Кеңістіктің көркемдік сипаты» турасындағы зерттеулерін орынды атау керек. Ғалым эпикалық кеңістік турасында ізденістердің негізін екі түрлі мақсатқа бағындыруды тұжырымдайды:

1. Жер-су, өзен-көл, тау-тас, елді-елсіз жер атауларының эпостағы жиынтығы және олардың тарихи негіздері, нақтылы жағрафиялық және эпикалық атаулардың бір-біріне сәйкестігі, осы арқылы тарихтың эпостағы көрінісін анықтау мәселелері.

2. Кеңістік ұғымдарының эпос поэтикасының дәстүріне бағындырылған сыр-сипаты, уақытпен өрелесуі, кейіпкерлер іс-әрекетімен және сюжеттік ситуациямен байланысы, мерзімі жағынан түрлі оқиғалардың дәстүрлі эпикалық кеңістікке телінуі [7]. Осы екі мақсатқа байланысты мұнда батырлық жырлардағы кездесетін жер-су атаулары, оның тарихқа қарым-қатынасы, шындықты игерудегі эпикалық дәстүрдің ықпалына байланысты назар аударатын құнды пікірлер бар екені даусыз. Осы мақсатта өзіміз сөз етіп отырған – тарихи эпостағы эпикалық кеңістік жайында қарастырып, одан бұрынғы қаһармандық эпостан ерекшелігі бар ма, бар болса, оның себебін анықтау да елеусіз іс емес. Бұл бағытта дәуір және дәстүр мәселелері назардан тыс қалмайды.

Эпикалық шығарманы жырлаушы көлемді дүние жасауда қаһарманның өмірбаянын реалды өмірге жақындатуы керек. Сондықтан шығармада уақыт пен кеңістік ұғымдары дәуірге тән өлшемдермен сараланып, эпикалық дәстүр арқылы бір-бірімен өрелесуі тиіс. Өйткені эпикалық дәстүр ақын-жыраулардың шығармашылығындағы асқан шеберлік көрсеткішінің тұрақталған жүйесі. Кеңістік жайындағы ізденістерімізді тек қана жырдағы жер-су, өзен-көл, тау-тас, елді-елсіз жер атауларының жиынтығымен ғана қарау бір жақты. Кеңістіктің өзі тігінен және көлденеңінен түсінікті қажет етеді. Бұл турасында адамзат түйсігінде белгілі болған объективтік шындық бар. Эпикалық кеңістік сол шындықты көркемдік дәстүрге сай қажетіне қарай алады, сондықтан онда психологиялық тұрғыда объективтік және субъективті пайымдаулар өткенді шындық ретінде қабылдаса да, көбіне өз тұрғысынан да бағалау орын алады. Осының бәрі жырдың жеткізушісіне байланысты айтылып жатқан мәселелер. Жырды айтушы жаратылыстан аян кеңістіктің қозғалысқа түсіреді. Қозғалыс жоқ жерде – уақыт өлшемі жүрмейді. Жырдағы уақыт пен кеңістіктің байланысын іс-әрекетсіз ешқандай зерттеуші түсіндіре алмайды. Осы заңдылықтың нақты ұғымы бүкіл түркі әлеміне ортақ, көне ескерткіште тұр.

Биікте көк тәңірі,

Төменде қара жер жаралғанда

Екеуінің арасында адам баласы

Адам баласын басқаруға ата-бабам жаралды [8].

Алайда осы ескерткіштердің деректерін тарих ретінде сүзу мен тілдік жағынан түсіндіру бар. Көркемдік тұрғыдан ескерткіштегі сипаттау, сөйлету, даралаудағы жинақтаулар кең көлемде енді ғана сөз бола бастады. Қалай десек те көне ескерткішті оқудың құпиясы ашылғанымен, көркемдік әлемнің сыры айқындалды деуге ертерек. Сонымен, эпостағы уақыт пен кеңістіктен белгілі бір дәуірдің тарихын табуымыз керек. Ең алдымен сол дәуірді бейнелейтін эпикалық кеңістіктің өзі ұшы-қиыры белгісіз, шалқып жатқан әлем емес. Эпоста батырдың мекенінен кейін кетіп бара жатқан жолының

бәрі жаудікі деу қате ұғым. Эпикалық кеңістікті дәуірге қатысты жыршы тарапынан аймақ дегенді кең көлемде алады, батырдың мекені сол аймақтың бір ғана бөлшегі. Қазақ эпосында батырдың шығу тегімен қатар, оның мекенін анықтамаған бірде-бір эпос жоқ. Бұл тарихи тұрғыдан шындықтан алыстамаған. Батырлық жырлардағы «Қобыланды», «Алпамыс», «Қамбар», «Қырымның қырық батыр жырлары» т.б. қаһарманның жаз жайлауы, қыс қыстауы нақты айтылғаны күмән туғызбайды. Мұнда мезгіл мен кеңістіктің үндестігі бір қалыпта тұрса, батырдың елінен аттану себебі бүкіл аймаққа, анықтай түссек біртұтас елге қауіп төнгендік болатын. Жыршы сондықтан қаһарманның сапарындағы жолды көрсетуде, өзіне таныс кеңістіктің көлін, тау-тасын, шөлі мен шөлейтін жырға бөлек-бөлек жинақтап, ел шегіне келген немесе қаһарманның іздеп келген жауына кездестіреді. Оның қашықтығы, батырдың қанша уақытта жеткендігі жөніндегі баяндауда кеңістік динамикалық қозғалысқа түседі. «Күнді бұлт құрсайды», «Қар жауарға ұқсайды», «Айды бұлт құрсайды», «Айды байқамай қарасам, түн жауарға ұқсайды», «Таң сарғайып атқанда, Шолпан жұлдыз батқанда» т.б. кеңістікті тігінен қарағандағы көрінісі болса, көлденеңінен жерде бұрқыраған шаңы, ағып жатқан көлі, бұрқыраған буы, шуылдаған шуы назардан тыс қалмайды. Жырлаушы сол шындықты жеріне жеткізу үшін әмседен аян жер-су, тастау, мекен-тұрақ атауларын жырға қосқанда ғана, тыңдаушының шындық демеске шарасы қалмайды. Өтірік жағы А. Байтұрсынов айтқандай мінген аты, жауға жалғыз аттануы, қарсыласқан жауды мың-мыңдап жапыруы ғана [9]. Ежелгі эпостағы осы бір дәстүр, қаһармандық эпоста жалғасын тапқан. Жыршы батырдың іс-әрекетін даралаудың жолында, қиялға ерік беріп, халықтың арман-тілегіне орайластыруға мықтап бекінген. Жырдың шындығы дәуір шеңберінен аспай, уақыт пен кеңістікті өрелестіре алуында екендігі даусыз. Қорыта келгенде, эпикалық кеңістік – көркемдік жүйеге келтірілген екінші шындық. Өткендегі де, бізге жеткені де сол шындықты іс-әрекетпен көрсетуші эпикалық шығарманың бас қаһарманы. Сонымен қаһармандық эпос жөніндегі эпикалық кеңістікке қатысты тұжырымды былайша түйіндер едік:

Біріншіден, бұл кеңістік көлденеңінен де, тігінен де жұптасқан.

Екіншіден, қозғалыстағы кеңістік.

Үшіншіден, оның негізін әрекет жасаушы басты қаһарманның субъективтік-объективтік жырдағы қарым-қатынасы білдіреді.

Қысқаша шолып өткен қаһармандық эпостағы кеңістік жөніндегі ой-пікірдің одан әрі дамуы, біздің негізгі мақсаттағы тарихи жырлардағы кеңістікке қатысты болмақ. Тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпоста кеңістік турасындағы ізденіс тарихи (диахронды) және құрылымдық (синхронды) тұрғыдан қарауға әбден реті келеді. Өйткені, дәуір кезеңдерінің бейнесін жан-жақты ашып, халықтың қамын арман-тілектері жөніндегі сұраныстарға

жауап беретін тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпоста дәуір жөніндегі деректер болған іс-әрекеттің шындығынан шалғай кетпесе, екінші жағынан уақыт пен кеңістікті сәйкестендірудің жинақталған көркемдік үлгілері бар. Кеңістіктің бұндағы көркемдік заңдылықтарға бағындырылуының өзі өзгеше формада, жаңа бір қырынан көрінеді. Эпостағы дәйекті дәстүрлердің өзі кеңістік турасындағы ізденістерге келгенде, қалыпты сақталмайтындығын дәлелдеген тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпостар екендігі анық. Қаһармандық эпостағыдай тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпоста батырлардың қоныстанған мекені дәстүрге сай, жырдың басында да, сюжеттік байланыстарда да көрініп отырады:

Өтіпті Қанжығалы қарт Бөгенбай

Мекені көшіп қонған Шет қорайдай [10].

Олжекем Орта жүзге ұран болған,
Сарысу, Арқа есігі – Арқанатта,
Айдабол Төртуылды қоныс қылған.
Жайлауы Нұра суы еді мұның,
Сала мен Домбыралы бетегелім,
Моншақты, Құлан өтпес, Шідерті өзен,
Сілеті, Қара-Сеңгір, Шалқар белім [11].

Туған жерін сұрасаң,
Жайықтың шығыс күн-жағы.
Жаз жайлауын сұрасаң,
Үш аңқаты, Барбастау,
Бұлардың қатаң шымдағы,
Күз күзеуін сұрасаң,
Бұлдырты мен Жымпиты,
Қалдығайты, Жақан бай,
Балқашты сала мұндағы,
Қыс қыстауын сұрасаң;
Ойылда Қиыл, Жем, Сағыз,
Үйшіктен бергі қалың сор,
Қаракөл менен Қаратау,
Тайсойған, Бүйрек құмдағы.
Есі бір нағыз өнген де,
Жасы он беске келгенде,
Қоныс етіп Нарынды.
Қалың елмен бірге өткен [12].

Тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпостардан эпикалық шығармада қаһарманның қоныстанған жерлерін бұлайша беру қаһармандық эпос дәстүріне қатысты. Бұл орайда тарихи жырларда да, кейінгі реалды эпоста да деректік мәлімет мол. Қаһарманның мекенін таныстырудан кейінгі

тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпоста эпикалық кеңістікті беру мәселесі, қаһармандық эпостағы эпикалық кеңістіктен мүлде бөлек. Мұнда бір сызықтың бойына орналастырып қоятын, реалдық өмірге қайшы келетін, тізбектеле айтылатын кеңістік атаулары мүлде кездеспейді. Мәселен, XVIII ғасырдағы тарихи жырларда эпикалық кеңістік тігінен де, көлденеңінен де мүлде басқаша көрінеді. Батырлық жырлардағы мәңгілік жаз, кеңістіктің жалпы сипатының соған сай көрінуі тарихи жырларда мүлде өзгере бастаған. Тарихи жырлардағы кеңістіктің атаулары және оның уақытпен сәйкес келуі, тарихи тұрғыдан дұрыс көрсетілуі, бірін-бірі толықтыра түсіп, тұтастанған көркемдік жүйенің белгілі эпикалық уақытқа телінуі жағынан, қаһармандық эпостан бөлек жанр екендігін дәлелдейді. Тарихқа жүгінсек, жоңғарлардың қазақ жеріне жасаған шабуылдары XVII ғасырдың 1607 жылдарынан бастап, сол ғасырдың әр кезеңінде қазақ қолынан Есім хан, Жәңгір хан, Жалаңтөс баһадүр, Әз Тәуке хандардан бірнеше жеңіліс табады. Бұдан кейінгі Әз Тәукенің қайтыс болуы, қазақ хандығының іштей ыдырап, «Жеті жарғы» бойынша тәртіпке түскен заң жүйесі бұзылуы, оған қоса 1723 жылы қазақ сахарасында «қайың сауған ақ тышқан» жылы зұлматы мен нәубетін қоса әкелді. Осы жұтты мықты пайдаланған, жоңғарлар қазақ жеріне еңдей кіріп, елді «Ақтабан шұбырындыға...» ұшыратты. Бұл оқиғаны Ш.Уәлиханов: «XVIII ғасырдың алғашқы он жылы қазақ халқының өміріндегі ең бір жан шошырлық кезең болды, әсіресе, 1723 жылғы халық трагедиясы әрбір қазақтың жадында қалды. Бұл жылы қар қалың жауып, мал ашығып, онсыз да қыстан жұтап шыққан елге қырғын салып, Жоңғар хонтайшысы Голдан-Церен басқарған қалың жау қазақ жеріне басып кірді. Шошынған ел сайғақтың үйіріндей дүние-мүлкі мен мал жанын тастап түстікке қашты. Орта жүз Самарқанд маңына, кіші жүз Хиуа мен Бұқар барып тоқтады» [13], - деп көрсетеді. Жойқын жау жоңғарға қарсы тұру 1724 жылғы Түркістан қаласын қорғау шайқасы, 1725 жылғы «Әйгілі Алакөл қақпасы», 1728 жылғы Шұбар теңіз жағасындағы шайқас, 1729 жылғы Бұланты өзенінің бойындағы шайқас және Балқаш көлінің Оңтүстік өңіріндегі ірі жеңістер («Қалмақ қырылған - Аңырақай») ұзаққа созылған Шаған шайқасы, 1730 жылдары жоңғарларды Ілеге дейін қуып келу, одан кейінгі 1741-1743 жылғы қызыл қырғын соғыстардың тынышталатын тұсы 1750 жылы жоңғар қақпасындағы шешуші жеңіс еді. Міне, осы аласапыран уақыттағы шын мәніндегі Отан соғысының болып өткен жерлерін, босқан ел мен жаудан азат етілген жеріне көшкен елдің деректері ретінде қазақ даласында 15-тен астам «Қалмақ қырылған» дейтін және сандаған өзен-су, тау-тасы аталады. Бір ғана «Ақтабан шұбырынды» оқиғасынан бастап, 300-ге жуық топонимикалық аңыздар мен тарихи өлеңдер, барлық нұсқаларымен есептегенде 100-ден астам тарихи жырлар бар екен. Бұлардың көпшілігі қолжазба қорындағы дүниелер ғана, ал қаншама рухани дүниелер хатқа түспей кетті десеңші.

XVIII ғасырдағы азаттық жолындағы соғыстың эпикалық шығармаға айналғаны, зиялы қауымның тәптіштеп айтып келе жатқаны – «Ақтабан шұбырынды» кезеңінен бергі – Абылай дәуірі. Шын мәнісінде, ерлік пен елдікті ту етіп ұстаған Абылайдың өз басына қатысты қаншама аңыз, өлең-жырлар қалған. Өзінің дәуіріне шоғырланған баһадүр батырларды дәріптейтін тарихи жырлардың сюжеті Абылайды қалыс қалдырмаған. Эпикалық шығармаға айналған тарихи жырлардың бастамасы қай мезгілден екендігіне жоғарыда тоқталдық, ендеше эпикалық заңдылыққа бағынған кеңістіктің көркем бейнесін сол кезеңмен қарап көрейік. XVIII ғасырдағы тарихи жырларды жырлаушылар ең алдымен, эпикалық шығармада кеңістікті көлденеңінен және тігінен қозғалысқа түсіреді. Көктен тоқтаусыз жауған қар, ақ түтек боран, жердің үсті мұзға айналған. Босыған халық бір жерден, екінші жерге шұбырып барады. Өкшелей қуған жау болса, тігерге тұяқ қалдырмай жалмап, кеңістікті қызыл түске бояған. Тарихи жырларда бұл бұлайша өрнектеледі:

Айнадай жарқырайды дүние жүзі,
Мұзбенен шағылысып күннің көзі,
Тас, топырақ, қопсан, жазық бірдей болды.
Сырғанап батпай кетті мықтың ізі
Тау тас, құзда ағаш, жерде бұта,
Мұз басып барлығы да қалды жата [14].
Барасың Қожахмет кімге қалып,
Қайран тау, қайран Сырым, қайран дала,
Күн көрген өсіп, өніп қатын бала.
Жөнелді у-шу болып қазақ тозып,
Көлік жоқ ең болмаса екеу ара.
Қазақтан тартып алды Түркістанды
Хиуамен билеп Ташкен, Самарқанды [15].

Әйгілі тарихи өлеңнің желісімен келген мұндай жолдарды, тарихи жырлардың көпшілігінен кездестірдік. Кейде сол өлеңнің өзі жырдың ішінде жүруі бұған айғақ. Сайын дала, көсілген кеңістіктің мезгілмен өрлесіп, эпикалық шығармаға енуі түптеп келгенде заман психологиясын жеткізуден туған.

Тарихи жырда ұлы жүз, орта жүз, кіші жүздің белгілі бір аймақтарының қай жерлерде орналасқанын шежірелеп баяндау бар. Жыршы мұны айтуда кеңістік атауларын тізбелеп шындықты дәлелді жеткізеді. Батырлық эпоста негізгі қаһарман ел шетіне жау келгенде мекенімен сол жауға қарсы аттанса, тарихи жырларда қаһарманның елін жау шауып, тұтас аймақты тарылтып келеді. Қаһарманның аттануыс іс-әрекетін жыршы бірден жауға қарсы бағыттамай, бірнеше қолмен Ұлытауға қарай жүргізеді. Өйткені онда үш жүздің басы қосылып, жауға қарсы шықпақ. «Абылай хан, Сабалақ» жырында Бөгенбай мен Қабанбай атынан жазғытұры Ұлытауда жиналатыны айтылып,

оған Сабалақтың баруы, үш жүздің тәмәм батырлары жиналып, Шақшак Жәнібектен бата алып, жоңғармен соғысқа шыққаны баяндалады. «Шақшак Жәнібек батыр» жырында еліне аттанып шыққан Жәнібек батыр келе жатып Қабанбай мен Бөгенбайға кездеседі. Жауға аттануға Ұлытауға бара жатқаны айтылып, Жәнібек оларға қуана қосылады. «Олжабай батыр» жырында Ұлытау қалыс қалмаған. Қысқасы тарихи жырда жыршы тыңдаушысына бүкіл батырлар Ұлытауға жинақталып, содан бастап қаһарманның жекпе-жектерде үлкен жеңіске жеткенін даралап көрсетуді мұрат еткенін аңғару қиын емес. Бұл жырдағы шалғай кеткен тұс екені рас. Біріншіден, 1926 жылы Ордабасындағы жиында жауға қарсы аттаныс жөнінде, Әбілмәмбет, Төле би бастатқан қазақтың біртуар ақылды алыптарының бір мәмілеге келіп, аттанысты Ұлытаудан бастауға ұйғарғаны, Әбілхайырдың сол бас қосуда бас қолбасшы болып жауға аттанғандығын аңыз да, тарихи деректер де теріске шығармайды. Екіншіден, жырды айтушылар осыдан кейінгі 1728, 1729 және 1730 жылдары жоңғарларға қазақ қолының қатты соққы бергенін білуі мүмкін. Сондықтан бүкіл соғыстардың оқиғасын осыған жинақтап, таратуды көздеген. Үшіншіден, жырлаушы аймақтағы кеңістіктің орталық нүктесін дәл тауып, бүкіл жорықтарды содан шығаруға ниеттенген. Ертегі-аңыздағы жер ортасы Көктөбе, «Манастың Бозтөбесі – жер кіндігі» т.б. кеңістіктің орталық нүктесіне қатысты пікірлер бар екені белгілі. Тарихи жырларда Ұлытаудың қайта-қайта айтылуы, Абылайдың сол тауда аңда жоңғарға ұсталуы соны еске түсіреді.

Тарихи жырларда кеңістік үнемі қозғалыста дегенді айттық. Соның бір көрінісі, жердегі шұбырған жұт жылғы жұртты айтсақ, екінші үнемі жырдағы кездесетін көшпелілер өміріндегі көш суреттері. Қаратаудан Сырға ойысып әрі қарай Мұғаджар тауларынан пана іздеген, бірақ пайдалы қоныс таппаған, жөңкілген елдің бір парасы Құм, Жем, Сағыз, Жайыққа барып тоқтаса, келесі көш Арқа жаққа ауа көшіп Көкше, Ереймен, Шыңғыс, Тарбағатай сілемдерінен орын тепкен. Орта жүз аталатын рулар мен тектер кіші жүз мекен қылған, Ырғыз, Шалқар бойларын басып өтеді. Қараөткел, Ереймен, Баян ауыл, Қызылтау, Сілеті, Сарысу, Арғанаты, Нұра, Домбыралы, Моншақты, Шідерті, Қара Сеңгір, Шалқар, Көкшетау, Шыңғыстау, Қызылжар, Алакөл, Сарыбел т.б. сандаған жерлерге шежірелей таратып, қоныстандыратынын көруге болады. Жырды айтушылар осы өлкенің бәріне, жұрт жоңғардан азат етілгеннен кейін қоныстана бастады дегенді көлденең тартады. Біз жоғарыда «Ақтабан шұбырынды» оқиғасында елдің қай бағытқа қарай шұбырғаны жөнінде Шоқан Уәлихановтың пікірін келтірдік. Әйгілі ғалымның кезеңінде бастан өткен зұлматты да, нәубетті де халық санасынан шығара алмаған тұс, сонымен қатар, бұл пікірді тарихи деректер мен еңбектерде жоққа шығармайды. Тарихи жырлардағы жайбарақат тыныштықтағы қазақтың үш жүзінің Қаратау мен Сыр бойында жатқаны,

бейқам жатқан елге тұтқиылдан жау шапқаны, Қаратау, Сыр бойы, Түркістан мен Ақмешіт қалаларын жау басып алған екен, соған қарсы қазақтың небір батырлары аттанғаны айтылып, жеңіске жеткендерін мақтан ететін мотивтер де бар. Бұл, шындыққа жүгінсек, XVIII ғасырда болған іс емес, керісінше Әз Тәукенің заманындағы үлкен жеңістер екендігін анықтаған жөн. Кеңістік атаулармен оқиғаға нақты көшіруде, уақытпен өрелестіруде жырау мұнда аса үлкен жансақтыққа бармай, белгілі тарихи батырларды айтады да, дереу бұдан кейінгі кеңістік әлеміндегі шұбырынды заманына оралады. Жоғарыдағы жыршылардың ата қонысқа жеткен еді деуінің шындықтан шалғай тұсы, «ақтабан шұбырынды» кезінен бұрын да аталған жүздер мен рулар бұл жерлерге ұшқан құспен бірге қайтып отырғаны көпке мәлім. Ендеше, бұл жерде жыршы жоңғардың жойқын шабуылын, оны аймақтан қуып шығарудағы қаһармандар ерлігін ерекшеліу мақсатында көрсеткен деудің орны бар. Соның өзінде де, шындықтан шалғай кетпеген. Себебі, жаудан босаған жерлерге халық қайтадан оралып, ата қоныстарына орналаса бастағаны рас. Көреген Абылай да ендігі уақытта кеңістікті бос тастамай, жұртты тығыз орналастыру ісін қолға алғаны да – осы шақ, сол бір сұрапыл соғыстар кезі болатын. Қаһармандық эпостағыдай батырдың жүріп өткен жолындағы тау-тасын бір бөлек, өзен-суын, көл-дариясын бөлектеп жинақтау тарихи жырлардың табиғатына жат. Мұнда қаһармандардың өз мекенінде, бүкіл аймағында болып өткен басқыншылардан азат етудегі жорық жолдарының алғашқысы «ақтабан шұбырындыға» дейінгі, келесісі – одан кейінгі кезеңдерді қамтып, Абылай дәуіріне жинақтаған. Сол жинақтауда кеңістік атаулары жүріп өткен уақыттан алшақтамай, эпикалық шығармада бірін-бірі толықтырып жатады.

Тарихи жырлардағы ендігі бір ерекшелік, қаһармандардың жайлы қоныс, жаңа мекен іздеу мәселесі. Бұны ерекшеліктін «Өтеген батыр» мен «Олжабай батыр» жырының сюжеттері екені белгілі. Асылында бұл сюжет желісі қазақ фольклорында Асан қайғы туралы аңыздардан басталатыны, қазақ фольклоршылары назарына ерте іліккен еді. «Қазақ халық прозасы» атты еңбегінде С.Қасқабасов: «Құтты мекен жайындағы қазақтардың эпсана хикаяттары варианттары бойынша қарастырсақ, біріншіден, мұндай сюжеттің қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай елдерінде де бар екенін көреміз, ал екіншіден, бұл сюжетке құрылған шығармалар Асаннан да бұрын болғанын, тіпті Асаннан кейінгі заманда басқа адамға байланысты айтылғанын байқаймыз», - дей келе, «XV ғасырда Сәбиттің орнын Асан басқан, ал ақтабан шұбырынды дәуірінде оның орнына Абат батыр мен Өтеген батыр қойылған. Міне, бұл сюжет осындай тарихи циклизацияға түскен. Мұнда тіпті батырлық эпосқа тән генеалогиялық та циклизация бар: Жерұйықты іздеуші алдымен Сәбит, одан кейін оның баласы Асан, ең соңында ұлы Абат болып көрінеді. Бұл да – фольклорлық дәстүрдің заңдылығы» [16], - дей отырып, утопиялық

эпсана-хикаяттар қатарына қосады. Дәлелді пікір екендігі даусыз. Жалпы ел басына қатер төніп, қиыншылық заман келгенде, Жерұйықты іздеу мәселесі күн тәртібіне шығатынын қазақ халық прозасы мейлінше ерекшелеген. Асан қайғының Жерұйықты іздегені ерте кезеңде хатқа түскен. Басқа да халықтар фольклорында кездесетіні, кей халықтарда әр түрлі шығармаға айналғандығы турасында зерттеу еңбектер бар. Қазақ тарихи жырларында қоныс іздеу, жер шолу Асан қайғы әрекетімен үндес. Ең басты Жерұйық деген – кеңістік, тек қана эпикалық шығармада ғана болатын жер атауы екендігін ұмытпайық. Ешқандай карталардың бұған жауап бермейтіні біз айтпасақ та түсінікті. Бұл орайда С.Қасқабасовтың «Жерұйық – халықтың жарқын қиялынан пайда болған еркін, азат, жанға жайлы жердің образы, «Жерұйық» деген сөздің өзі де, біздіңше, «ел ұйып, тату-тәтті өмір сүретін жер» деген ұғым береді» [17], - деп тұжырымдаған пікіріне біз де қосыламыз. Тарихи жырдағы қаһармандардың жер шолу, құтты мекен іздеуінің өзі аңыз желісі арқылы эпикалық шығарма сюжетіне енген. Мысалы:

Даярланып сапарға
Іздеуге қоныс беттеді,
Қара қазан, сары бала
Қамын ойлап батырдың,
Ешбір тыным көрмеді.
Күн шығысқа барыпты
Қалың елдің қамы үшін [18].

«Өтеген батыр» жырының алғашқы нұсқасында, ел басына қиыншылық туғанда Өтеген жайлы қоныс, жауға алдырмас жер іздесе, Жамбыл нұсқасында әлеуметтік сарынға үстемелей таптық мәселе қосылады:

Жұрттан бұрын ол сезді
Қайғыға халық түсерін,
Патша алдында бас иіп,
Хандардың ант ішерін.
Өтеген сезді хандардың
Арам, пасық ниеттерін,
Халықтың сатып, патшаның
Киерін шенін, шекпенін...
...Қара қазан, сар бала
Қамы үшін қамдана
Қонысқа жер іздейді, - [19]

деп жырлаған. Мұның өзі жырдың қаншалықты өзгерістерге түсіп, кейінгі кеңестік идеология мақсат-мұраттарына қарай бұрмаланғандығын дәлелдейді. Ақиқатына жүгінсек, Өтегеннің қоныс іздегені турасында аңыздар жеке жазып алынғаны туралы деректер, эпикалық ауқымды дүниеге фольклорлық басқа да жанрлардың әсері бар екенін көрсетеді. «Олжабай

батыр» жырында жайлы қоныс іздеп, жер шолу Сарыарқа өңірінде екені баяндалады.

Арқаның барлық жонын аралады,
Еділ мен Жайық, Ертіс аралары.
Есіл мен Алтай тауы, Арғанаты,
Ұлытау, Сарысуды шамалады.
Бұл жердің қыры – киік, ойы – балық,
Көргеннің сүйсінеді шыбын жаны.
Мың жылқы жатсадағы көрінбейді,
Жаз жайлау, қыс-қыстауы жалғыз сайы [20].

Жырды айтушы қаһарманға жер шолғызып алып, одан кейін Көкшетау, Қарқаралы, Өлеңті, Шідерті бойын Айдаболдың бес баласына қалдырып, өзі Жанқозы, Малғозы балалары Қоңырбелді мекендейді. Баянауылды қыстатып, Ерейменді жайлаған халықта бейбітшілік орнаған. Жыршының бұл жердегі ерекше тоқталып отырғанын түсіну қиын да емес. Бұл бір кездегі құспен бірге келетін елдің енді арқа өңіріне біржола қоныстана бастаған шағы болатын. Тарихи жырдағы бұндай ерекшеліктер, жыршының тұспалдау, жорамалдау арқылы көрсетіп кеңістік турасындағы көзқарастары сайып келгенде, шындықтан алыстамай белгілі бір уақыттың дерегін беретіндігін байқаймыз. Тарихи жырда бүкіл қазақ елінің аймағы үш жүздің орналасуымен ажыратылып, кеңістік атаулары сол тұрғыдан жіктеледі. Жауға қарсы ұрыстар кеңістіктің оңтүстік, шығыс, орталық өңірлеріндегі белгілі жерлерде өтіп жатса да, жыршы қаһармандардың жеңісінен кейін қалмақты қайтарған, жоңғарды солай жосытты, қырылған қалмақ есепсіз дей келе, «Қалмақ қырылған» жер атауы содан қапты деп сюжетті шарықтау шегіне жеткізеді. Осыған қарағанда, жырда ұсақ қақтығыстардан гөрі, ірі соғыстар өткен кеңістіктерді жинақтау бар. Себебі, Қазақстан даласында «Қалмақ қырылған» деген жер атаулары мольнан ұшырасатынын жоғарыда атадық. Қазіргі уақытта «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына арналған, Отан соғысының жүріп өткен жерлерін тиянақтаған карталар да шыға бастады. Бұндағы көрсетілген кеңістік атаулары да біздің пікірімізді нақтылай түсетінін пайымдадық.

Тарихи жырларға қарағанда реалды тарихи эпостағы кеңістік атаулары жалпы аймақты қамтымайды, оны жырдағы қаһармандардың іс-әрекеттері де дәлелдейді. Кеңістіктің бұлайша көрінуінің өзі, жырдағы нақтылы болып өткен оқиғаларға байланысты болса керек. Реалды-тарихи эпостарда да қаһармандардың мекені айтылатыны, оның ерекшелену себебі қаһармандық эпос дәстүрінен туындағанын жоғарыда ескерттік. Жырдағы эпикалық кеңістіктің көрінуінің басты себебі – сол мекеннің тарылуына байланысты. Мұнда бір жақтан қарулы күшпен келіп, мекенді тартып алып жатқан жау жоқ. Негізгі жау алыстағы өз аймағында отырып, айлалы

саясатымен айтқанына жүргізіп, сатқындарға кеңістікті көлденеңінен бөлшектетіп жатыр. Осыған жұрт наразылығы күшейген, ақырында эпикалық шығармада қаһармандар мекені үшін атқа мініп, жалпы аймақты қорғау ісіне айналдырады. Қаһармандық эпостағы «өзімдікі мен өзгенікі» реалды эпоста өзімдікі де, өзгенікі де емес, **біздікі** дейтін бір-ақ түсінікпен беріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. Құрастырған М.Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы : Ж., 1989. –Т.1. – 70 б.
- 2 Сонда. 76 б.
- 3 Сонда. 99-100 б.
- 4 Сонда. 101 б.
- 5 **Сәтбаев, Қ. И.** Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары. – Алматы, 1989. – 374 б.
- 6 Батырлар жыры. – Алматы, 1986. Т.1. – 59 б.
- 7 **Ыбыраев, Ш.** Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы : Ғылым, 1993. – 10-30 б.
- 8 **Айдаров, Ғ.** Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы : Ғылым, 1990. – 56 б.
- 9 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол. – Алматы : Жалын, 1991. – 415 б.
- 10 «Бөгенбай батыр» жыры. – Алматы, 1935. – 2 б.
- 11 «Олжабай батыр» жыры. – Сақау ақын нұсқасы. – 18 б.
- 12 «Исатай-Махамбет» жыры. – Шәренов Ығылман нұсқасы. – 2-3 б.
- 13 **Валиханов, Ч. Ч.** Собрание сочинений. Т.1. Алма-Ата, 1961. – с. 426-427
- 14 «Шақшақ Жәнібек батыр» жыры. Айтушысы Иманжан Жылқыайдаров. – 19 б.
- 15 Сонда 23 б.
- 16 **Қасқабасов, С.** Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым, 1984. 175-176 б.
- 17 Сонда. 177 б.
- 18 «Өтеген батыр» жыры. Қасымхан Тілемісов нұсқасы. 13 б.
- 19 **Жабаев, Ж.** Екі томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы : Жазушы, 1982. – 164 б.
- 20 «Олжабай батыр» жыры. – Сақау ақын нұсқасы. 27 б.

Е. А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.
Материал 29.07.14 редакцияға түсті.

Б. С. Рахимов

Художественное отражение пространственности в исторических поэмах

Қарагандинский государственный университет
имени Е. А. Букетова, г. Караганда.
Материал поступил в редакцию 29.07.14.

B. S. Rakhimov

Artistic reflection of spaciousness in the historical poems

E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.
Material received on 29.07.14.

В статье рассматривается художественное отражение пространственности в исторических поэмах.

The article considers the artistic reflection of spaciousness in the historical poems.

УДК 81.11-44

Г. С. Суюнова

ДЕСТРУКТИВНЫЕ ЯВЛЕНИЯ В МЕЖЭТНИЧЕСКОЙ КОММУНИКАЦИИ

В статье автор рассматривает некоторые негативные явления межэтнического взаимодействия.

В предлагаемой статье межэтническое взаимодействие рассматривается с точки зрения некоторых негативных явлений этнопсихологического стереотипов, связанных с ними этноцентризма, национальных предрассудков и национальных установок.

И. С. Кон определяет этностереотип как «предвзятое, т.е. не основанное на свежей непосредственной оценке каждого явления, а выведенное из стандартизованных суждений и описаний мнение о свойствах людей и явлений» [1, с. 188]. Не менее важно и указание на то, что «стереотипы – результат межнациональных отношений, т.е. контактов и связей между представителями различных этнических общностей» [2, с. 5].

Ученые говорят о способности стереотипа детерминировать процесс восприятия и интерпретации, что позволяет ему приобретать самостоятельный

социально-психологический статус в ситуации межэтнического общения и выполнять специфическую роль. Эта роль заключается в том, что на основе актуализации этнического стереотипа как системы признаков и представлений прогнозируется поведение другой стороны, и с учетом этого устанавливается реальная регламентация процесса межэтнического общения [3, с. 233]. Следует особо подчеркнуть сопоставительный характер этнических стереотипов: «Этнический стереотип формируется на основе сравнения – важнейшей характеристики этничности. Когда стереотип обращен на отличительные черты другого народа, выделение его какой-либо особенности неизбежно осуществляется путем сопоставления со свойствами собственного народа» [4, с. 54].

Опираясь на свои национальные стереотипы, люди могут делать предвзятые выводы и неверно вести себя по отношению к представителям той или иной этнической общности. В этом кроется опасность национальных стереотипов. Скажем, в следующем примере мы видим стереотип представления некоторых современных россиян о поведении украинцев в отношениях с русскими: *У него был бы двухместный номер с соседом-хохлом из какого-нибудь Тернополя. Хохол оказался бы записным националистом, приверженцем лозунга: «Украинец! Поки ты спав, москаль з'яв твоє сало!» Он демонстративно розговаривав би на своєм хохляцьком и делав би Звягинцеву мелкіе гадости.* – (В. Платова. Хрустальная ловушка).

Этнические стереотипы логически связаны с явлением этноцентризма, который считается одной из самых существенных базовых характеристик личности, определяющей враждебный характер ее поведения в межэтнических отношениях.

Введенный в научный оборот У. Самнером, термин «этноцентризм» обозначает «совокупность представлений о собственной этнической общности и культуре как центральной, главной по отношению к другим». Согласно этноцентризму, собственная группа является центром всего, а все другие общности в целом шкалируются и оцениваются в сопоставлении с ней. Опасность подобного явления заключается в скрытности, когда даже негативная оценка других по собственным меркам может совершенно не проявляться во внешних реакциях, маскироваться под этикетом добропорядочности и доброжелательности к другим людям.

Качественное изменение этноцентризма происходит в тех случаях, когда он наполняется политическим и идеологическим содержанием, то есть из сугубо внутреннего отношения превращается во внешнюю готовность к действиям. Наиболее часто встречающимся примером политизированных движений, с которыми увязывают стратегию поведения одного этноса по отношению к другим, является понятие национализма. Он проявляется в утверждении национальной исключительности, национальной

обособленности и самодостаточности в сочетании с умалением или даже игнорированием достоинства других народов. К сожалению, реалии современного мира дают достаточное количество примеров этого. Так, в последнее время исследователи пишут о так называемой речевой агрессии, которая может отражать и этноцентрические явления. Они особо указывают на ее опасные социальные последствия: «Речевая агрессия в современном обществе оценивается как менее опасная, чем физическая. Однако ... речевая агрессия может рассматриваться по отношению к физической агрессии как первый шаг, создающий агрессивный подход к действительности и агрессивную социальную среду. Речевая агрессия может иметь опасные социальные последствия, создавая у молодого поколения негативное отношение сначала к партнеру по общению, а затем и ко всему обществу. При этом речевая агрессия моделирует не только негативную социальную установку, но и агрессивную модель поведения, разрушая конструктивный диалог, препятствуя поиску истины и выходу из затруднительного положения, формируя и постоянно выискивая «образ врага» (эти москаль, эти еврей, эти люди кавказской национальности и т.п.) [5, с. 63].

Межэтнические конфликты дают множество примеров речевой агрессии, чаще всего основанной на негативных социальных стереотипах, в том числе и этнических. В лингвистике подобное явление стало предметом научных исследований с точки зрения экспликации речевой агрессии, и, более того, появился новый термин «язык вражды». Э. Д. Сулейменова пишет: «... тема репрезентации негативных стереотипов в современной лингвистике не нова, но именно сегодня она получает новое звучание; сформировался блок актуальных проблем, которые изучаются как язык вражды (от англ. *hate speech*): *тревожная лексика, репрессивная лексика и даже репрессивная морфология, вербальная агрессия, агрессивная лексика ...* (выд. автором – Г. С.) [6, с. 11].

Более того, ученые пишут уже не только о речевой агрессии в отношении этносов, но и об этническом насилии. Так, Ниязова Г. М. указывает, что такое насилие « в СМИ проявляется и с помощью распространения интолерантных идей: *«незаконные мигранты работают за маленькие деньги – занимают рабочие места», «все таджики, (узбеки, азербайджанцы и др.) живут здесь без документов» «мигранты могут выполнять только самую «грязную» работу» и др.» [7, с.15].*

Негативные стереотипы включаются в так называемое «**субпространство социального неприятия** со следующей схемой: мы (русские, националисты) замечательные, добрые, высокодуховные люди плохо живем из-за злокозненности наших врагов, в то время как **они** (еврей, «лица кавказской национальности», китайцы, иудеи, католики, мусульмане) разрушают нашу жизнь» [7, с.14]. Распространение подобных негативных этнических

стереотипов - одна из часто применяемых технологий распространения «этнофобии» в СМИ, например, «*все цыгане – воры*», «*все узбеки необразованны*», «*все кавказцы - бандиты*», «*все русские – пьяницы и лентяи*» (примеры Г. Ниязовой) [7].

Социальная значимость этнических стереотипов заключается в том, что они являются той основой, на которой происходит построение соответствующего поведения по отношению к представителям других этнических групп.

Если стереотипизация имеет под собой не объективную основу, а предвзятость, предубежденность по отношению к этносу и его конкретным представителям, искажает какие-то черты и особенности людей, она выступает серьезным препятствием для взаимопонимания. Следует отметить, что содержание этностереотипов часто зависит от проявления психологических характеристик его носителя: уровень развития, интеллект, образование, воспитание и др.

Заметим, что стереотипное восприятие «чужого» этноса характеризует не столько его, сколько этнос, в котором оно образовалось и бытует. «Этнические представления отражают не одну, а две реальности, или, точнее, два народа - и тот, чей образ формируется в сознании другого народа, и тот, в среде которого эти представления слагаются и получают распространение» [8, с. 21].

Дальнейший анализ проблемы значимости этнических стереотипов для межэтнической коммуникации выявляет их связь с рядом важных проблем, а именно: проблема национального характера, проблема языковой картины мира и места национальной идентичности в ней, социального статуса.

В первом случае нужно подчеркнуть, что этнические стереотипы служат «измеряемой формой национального характера» и выступают «в качестве эмпирического индикатора характерологического своеобразия этнической общности...» [9, с. 18].

Психологической основой формирования негативных этностереотипов служат предубеждения, определяющей характеристикой которых является отрицательный эмоциональный фон. Преломление убеждений сквозь призму этноцентризма приводит к усилению отрицательных аффективных моментов в структуре национальных стереотипов и превращает их в национальные предрассудки.

Национальные предрассудки – неадекватные и искажающие действительность установки, вырабатываемые этнической общностью по отношению к другим этническим группам и отличающиеся большой живучестью и консервативностью [2]. Их основное предназначение заключается в формировании определенной предрасположенности членов этнической группы в отношении соответствующих объектов. Вследствие

функционирования национальных предрассудков сохраняется социальная дистанция между этническими группами, что влияет на функционирование межэтнической коммуникации. Например: *Строгая пастушеская мораль предков и священное отношение узбеков к девичьей чести абсолютно не касается их отношения к женщине европейского происхождения - независимо от ее возраста, профессии, положения в обществе и группы инвалидности. По внутреннему убеждению восточного мужчины – и мой мальчик не являлись тут исключением – все женщины-неузбечки тайно или открыто подпадали под определение «джальяб» - проститутка, блудница, продажная тварь. Возможно, тут играло роль подсознательное отвращение Востока к прилюдно открытому женскому лицу.*

И хотя к тому времени, о котором идет речь, уже три десятилетия красавицы узбечки разгуливали без паранджи, в народе прекрасно помнили – кто принес на Восток эту заразу. (Д. Рубина. Последний кабан из лесов Понтеведра. – с. 252).

Ю. Е. Прохоров связывает этнические стереотипы с проблемой социального статуса: «Именно устойчивость... реализации того или иного социального статуса личности определенной этнической культуры позволяет представителям той же культуры осуществлять предвидение возможных форм проявления личности, поддерживать или целенаправленно нарушать статусные характеристики. Личность другой культуры может в межкультурном общении исходить лишь из обретенных в процессе социализации своих стереотипов, которые могут и совпадать, и расходиться, и вступать в противоречие со стереотипами новой культурной общности» [10, с. 41].

Интересным является утверждение ученого о специфике статуса «иностранец», позволяющей нарушать некоторые культурные традиции, в том числе и стереотипы. Он пишет: «Проявление автостереотипов является естественным поддержанием причастности к «мы» при межкультурном контакте с иностранцем, который преследует ту же цель, но наиболее нейтральной формой общения является в этой ситуации поддержание как автостереотипа «мы», так и взаимно признаваемого наличия стереотипа «они», в котором внимание к статусу собеседника находится, очевидно, на первом месте – можно нарушать некоторые культурные традиции, так как ответственность за это принимает на себя статус «иностранца» [10, с. 41-42].

В межэтническом общении система стереотипов одной этнокультуры вступает во взаимодействие с аналогичной системой другой этнической группы. Этот процесс имеет свою специфику, которую Ю.Е. Прохоров описывает следующим образом: «Представитель иной этнической общности осознает в новой знакомые ему «свои» элементы, исходя из имеющихся у него своих стереотипов, однако в новой общности эти элементы организованы по

иным стереотипам их комбинаций, в связи с чем и происходит выделение «чужого», хотя его составляющие могут быть «своими» [10, с. 18].

Именно новая комбинация известных элементов, а не собственно новые элементы, и является, с одной стороны, причиной проблем межэтнического общения, а с другой – причиной закрепления в сознании носителей определенной культуры стереотипов восприятия чужой культуры: иная комбинация знакомых элементов вызывает гипертрофированное преувеличение тех из них, которые с позиций носителя иной культуры занимают наиболее отличное от их положения в родной культуре место. Ученые говорят о принципиальной невозможности обходиться в общении без стереотипов: «Стереотипы жестко встроены в нашу систему ценностей, являются ее составной частью и обеспечивают своеобразную защиту наших позиций в обществе. По этой причине использование стереотипов имеет место в каждой межкультурной коммуникации. Без употребления этих предельно общих, культурно специфичных схем оценки как собственной группы, так и других культурных групп невозможно обойтись» [11, с. 224].

Для межэтнического общения важным является вопрос о случаях, когда этнические стереотипы препятствуют или способствуют такому общению. К числу первых можно отнести:

- Стереотипизация лишает общение индивидуальности, потому что предполагает, что все представители одной этнической группы обладают одинаковыми чертами.

- В стереотипах могут повторяться и усиливаться ошибочные убеждения, которые в силу частотности употребления могут приниматься за истинные.

- Стереотипы могут основываться на полуправде и искажениях, давая тем самым неверные представления о людях.

Вместе с тем стереотипы могут приносить пользу общению. Это возможно в следующих случаях: Если придерживаться стереотипа сознательно; Если стереотип точен; Если стереотип является описательным, а не оценочным; Если стереотип содержит положительную догадку о группе, но не является прямой информацией о ней [11, с. 224-225].

Для межэтнической коммуникации значение стереотипов неоспоримо: «Для достижения понимания между различными культурами мы должны научиться управлять этими стереотипами – уделять максимальное внимание тем ценностям, которые считаем положительными, и минимизировать или воспринимать с юмором... то, что считаем отрицательным или приводящим к конфликту» [12, с. 442].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 **Кон, И. С.** К проблеме национального характера // История и психология. – М., 1971. – 297 с.

2 **Крысько, Г. В.** Этнопсихология и межнациональные отношения. – М., 2002. – 326 с.

3 **Стефаненко, Т. Г.** Этнопсихология. – М., 1999. – 361 с.

4 **Телебаев, Г. Т., Шайкенова, А. Т., Омирсеитова, А. К.** и др. Казахстанская культура сегодня: ценности, потребности, институты. – Астана : Елорда, 2002. – 232 с.

5 **Павловская, О. Е., Тарасенко, Т. П.** «Стиль общения - стиль жизни» как инновационная модель гуманизации русской логосферы. – Русское слово в мировой культуре. Материалы X Конгресса МАПРЯЛ. – Санкт-Петербург, 2003. – С. 58-63.

6 **Сулейменова, Э. Д.** Толерантность языка и язык толерантности. // Язык и толерантность: Междунар. конфер. «Ахановские чтения» под эгидой МАПРЯЛ: материалы докладов и сообщений / Ответ. ред. Э.Д. Сулейменова. – Алматы : Казак Университеті, 2007. – С. 7-13.

7 **Ниязова, Г. М.** Современное информационное пространство полиэтничного региона: этнолингвофункциональный подход: автореф. ... д-ра филол. наук: 10.02.19. – Краснодар, 2008. – 44 с.

8 **Карнышев, А. Д.** Социальная психология и образование. – Улан-Удэ, 1993. – 396 с.

9 Проблемы национального самосознания русских: этнические стереотипы населения. – М., ИНИОН РАН. – 1998. – 384 с.

10 **Прохоров, Ю. Е.** Национальные социокультурные стереотипы речевого общения и их роль в обучении русскому языку иностранцев. – М. : УРСС, 2003. – 224 с.

11 **Грушевицкая, Т. Г., Попков, В. Д., Садохин, А. П.** Основы межкультурной коммуникации. – М. : Юнити. – 2003. – 352 с.

12 **Льюис, Р. Д.** Деловые культуры в международном бизнесе. – М. : Дело. – 1999. – 281 с.

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 30.07.14.

Г. С. Сүйінова

Этникааралық қарым-қатынастағы деструкциялы көріністер

Павлодар мемлекеттік педагогика институты, Павлодар қ.

Материал 30.07.14 редакцияға түсті.

G. S. Suyunova

Destructive phenomena in interethnic communication

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.

Material received on 30.07.14.

Мақалада этникааралық қарым-қатынасқа негативті ықпал ететін құбылыстар қарастырылады.

In this article the author examines the negative effects that prevent successful interethnic communication.

ЭОЖ 81`38

Б. М. Қадырова, Г. Т. Кәріпжанова, А. О. Кәріпжанова

М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КИНЕМАЛАР СИПАТЫ

Мақалада М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы бейвербалды амалдар қарастырылады.

Қазақ тіл білімінде бейвербалды амалдар мәселесі М. Мұқановтың, Ә. Қайдардың, Қ. Қажығалиеваның, Ж. Өмірәлиеваның, Э. Оразалиеваның еңбектерінде баяндалады. М. Ешимовтің “Ым семантикасы: универсалды және ұлттық табиғаты” атты зерттеуі бейвербалды амалдардың ерекшелігін, ұлттық сипатын жан-жақты танытатын ғылыми еңбек болып табылады [1]. Б. Момынова мен С. Бейсембаева сынды ғалымдардың құрасырылуымен жарияланған ым мен ишараттың сөздігі бейвербалды амалдарды тануда маңызы зор зерттеу болады [2].

Қазақ тіл білімінде бейвербалды амалдар М. Балақаевтың зерттеу еңбегіне де нысана болған. Ғалым бейвербалды амалдарды сөйлеудің қосымша амал-әрекеті ретінде көрсетіп, мынадай анықтама берген: “...Сөйлеу әр уақытта сөйлеу жағдайында өтеді: дауыс ырғағы, екпін, қимыл, ым, нұсқау, қол көтеру, көз қысу, бас изеу, күле, ызалана... сөйлеу, бәрі – ойды дәл жеткізе айтудың қағазға түсе бермейтін қосымша амал-әрекеттері” [3,86].

Біз ғылыми мақаламызда бейвербалды амалдарды зерттеген ғалымдар еңбектерін негізге ала отырып, М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында ұлттық кинемалардың мол қолданғандығын талдауды мақсат еттік.

«Абай жолы» романы тілін қарастыру барысында жазушының бейвербалды амалдарды шеберлікпен ұтымды кең көрініс тапқандығына көз жеткіземіз. Жазушының көркем тілі белгілі бір оқиғаны оқырман сезіміне әсерлі, бейнелі етіп жеткізеді. Сол әсерлілік пен бейнелілік түрлі амал-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Сондай амалдардың бірі – көркем бейне жасаудағы бейвербалды амалдардың қызметі. М. Әуезовтің шығармалары осындай бейвербалды амалдарға бай. Жазушы бейвербалды амалдарды пайдалана отырып, өзінің стильдік шеберлігін шыңдайды. «Абай жолы» роман-эпопеясында кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесі, психологиясы бейвербалды амалдар арқылы ашыла түседі. Кейіпкерлердің жан дүниесін, характерін, ішкі күйзелісін бейвербалды амалдармен, яғни, ым-ишаралармен аша білуінен автордың шеберлік мектебінің ауқымдылығын байқауға болады.

Ұлы жазушы қаһармандарының ашу-ызасын оның кимыл-әрекеті арқылы білдіре отырып, ашудың қатты немесе қайтымы тез екендігін де аңғартуға болатындай бейімдеген. Мысалы кейіпкердің қатты ашуланғанын мына кимыл-әрекетінен танылады: «Қолындағы аса таяғымен жерді қатты түртіп қалды» («Абай жолы», 31), «Қып-қызыл боп тұтана» («Абай жолы», 32), «дүрс қоя берді» («Абай жолы», 32), «екі көзі қанталап ұмтыла түсіп» («Абай жолы», 32), «булығы қайнап» («Абай жолы», 107)

Мысалы мына үзіндіде кейіпкердің ашуымен қоса ұнатпау, жек көру эмоциясы қоса өріледі: «Кірпіксіз суық көкішіл көздерін Сармоллага қатты жиренипен қадап тұрды» («Абай жолы», 32), «тістеніп, қырылдай түсті» («Абай жолы», 137), «қабаған төбеттің ырылындай ашу айтты» («Абай жолы», 137), «оқтай атып қалды» («Абай жолы», 186), «қанын ішіне тартып алды» (110), «қырыс қабағын суыта жауып, түйіп алыпты» («Абай жолы», 239), «демiгiн баспаған, ашуы алқымына тығылған» («Абай жолы», 255), «бойындағы үнсіз қатты ашудан бетінің түктері бозарып шыққа» («Абай жолы», 262), «тамағына жас тығылғандай, ызалы жас түйіліп тұрып қалды» («Абай жолы», 262), «жер-жебіріне жете, ызалана соқтығысады» («Абай жолы», 74), «ызалы көңілі ширығып отыр еді» («Абай жолы», 74), «тіксініп қалды» («Абай жолы», 47), «тістерін соған барынша басулы» («Абай жолы», 62), «қапалық ызада, демі құрығандай қиналуда болатын» («Абай жолы», 73), «қабақ түйіп, екі көзі қанталай түсіп» («Абай жолы», 83), «тістене тұрып зіл тастады» («Абай жолы», 109), «ызамен құса боламын» («Абай жолы», 125), «жаағын тістеп, қалың қабағын, түксите түйіп алды» («Абай жолы», 238), «қатуланып, ұрыса сөйледі» («Абай жолы», 334), «қабағын түксите, суық қарап тұрды» («Абай жолы», 357).

«Абай жолы» романында кейіпкердің ашу ызасы оның бүкіл болмыс бітімінен аңғарылады:

«Шұбар сөз қатпаса да ызаланып, Көкбайға салқын көз тастап, сырт айналып, атына міне берді» («Абай жолы», 11 б). Шұбар ашуы – «сырт айналу» қимылы мен қоса көз соматикасы арқылы берілген.

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кездесетін мимика түрлері бірнеше топқа бөліп қарастырар болсақ, адамның дене мүшелерінің қатысуымен түрлі эмоциялары берілгенін көреміз.

Бас кинемасы түрлі мәнді білдіреді. Келісу, келісім бермеу, қарсы болу мәнін білдіруде үнемі жұмсалса, кейде налу, ренжу, шарасыздықты білдіреді.

Әрқайсы да осы ойдың соңында еді. Үндемей салбырап кете барысты («Абай жолы», 12 б).

Ербол төреші болғандықтан, енді жұрттың бәрі жаттап алған төрелікті өзі тағы бір айтып, аз ойланып, бас шайқады («Абай жолы», 13 б).

Бірінші мысалда, шарасыздық, өкініш қоса берілсе, екінші мысалда келіспеу мәнінде жұмсалғандығын байқаймыз.

Жазушы шығармаларында қабақ соматизміне байланысты мынандай кинемаларды кездестіруге болады: қабақ шыту, қабағын кіржиту, қабағын түю: ашулану, ренжу, көңілі томау.

Жиренше қабағын бір шытып, қозғалақтап қалды. («Абай жолы», 6 б). Мәтіндегі баяндалған оқиғаға кейіпкердің реніш, өкініш, жиркену сезімдерін «қабақ» кинемасы арқылы жеткізген.

Жалпы бейвербалды амалдың ең жиі қолданылатыны көзбен байланысты. Адамның сезім мүшелерінің ішінде көздің қызметі ерекше маңызды. Мысалы, көзін төмен түсіру- ұялу; көзінің астымен қарау – сенімсіздік таныту; көзімен ымдау, *көзін аларта қарау*”, “*көзі алау*”, “*ала көзімен қарау*” – ашулану; т.б.

«Үлкейіп, алақандай болып кеткен қап-қара көздерінен кесек-кесек жас тамшылайды». Көздің үлкеюі – қорқыныш, үрейді білдіреді.

«Абай жолы» романында адыраюу, одыраюу, бажыраюу, едіреюу, ажыраюу сияқты сөздер де адамның әр түрлі эмоциясынан хабар береді.

Бөжей Құнанбайға ажырайып, тіксіне қарап еді, аямас түсі айқын екен (“Абай жолы”, 18 б).

Сонымен қатар жазушы шығармаларында кездесетін “*көзін аларта қарау*”, “*көзі алау*”, “*ала көзімен қарау*”, “*көзін алақ-жұлақ ету*”, “*ала көзімен ату*”, “*оқтай қадалу*» сияқты сөз тіркестері де кейіпкердің ашу, ыза сияқты эмоциясын дәл суреттеуде ұтымды пайдаланылған.

Құнанбайға сыр алдырмай, салқын қарап отырған Байсал:

– *Қара деп жазалған күнде мұның жазасы не болмақ?-деп еді...*

Салқын қарау- жақтырмау, жақтамау, қостамау мәнін білдірген.

Жиын ортасында, жалғыз көзі бұған оқтай қадалып тұрған Құнанбайды танып, соған қарап түйіліп, қатты ақырып:

– *Уай, Құнанбай, мені құдайдың жылатқаны аз бе еді? Бұ не қырсығың?...*

– *Ақ, қарамды тексермедің бе, өңшең қан жұтқан қара бет?!- деп қанталаған көзімен Құнанбайға бұрылып, атып жіберердей қарады*

Бөжей мұның бетіне қатты сұрланған жүзбен, ажырайып қарады да:

– *Арысыңды енді арыстан жеді,-деп сырт айналып кетті.*

Қаламгер шығармаларында кездесетін адам көзқарасын бейнелейтін сөз тіркестері кейіпкерлердің психикалық жағдайының, басқа адамдарға қатынасының индикаторы ретінде қызмет атқарады.

Зере мен Ұлжан да Абайға осындай сұраулар беріскен жүзбен бұрыла қарасты.

Абай әкесіне үнсіз көз салып еді, үндемей түйіліп, Айғызға аса салқын қарап қалған екен.

Өзі күйіп келген Абай әке жүзінен қаймыға алмады.

– *Көріп, біліп келдік. Кәмшат ауру. Әл үстінде. Бізді танымады. Бауыры суып, аямас қас көргендей барлыө жанды...не айтайын?-деп тоқтап қалды.*

Құнанбай оқыс бұрылып, Абайға суық қарады да үндемеді.

Микромәтіндегі қарау түрлері уайым мен қайғыны білдіріп, кейіпкерлер жүзіндегі қиналысты берген.

Зеренің ашуы, қиналысы, қарсылығы көз соматизмінен жасалған кинема арқылы шебер жеткізілген:

«Қорқытпа келіндерімді! О, несі? – деп қатты зекіп қап, ілгері жылжып кеп, екі қолымен жер тіреп отырып, баласының жүзіне аса суық қарады...»

Зере Құнанбайға әлі де қадала қарап, түйіліп құнанбай шешесінің ажарын сезді де, жуаси түсті. Көзі де шеше көзінен тайқыт кетті».

Сонымен, «Абай жолы» романында: *тіксене қарай қалды (7), қадала қарап (11), үлкен жаудыр көздерін жалт еткізе ойлана бір қарады (12), оқтала қадады (110), жымыя қарап (128), егесе қарады (278), ыстық тарта қарады (296), барлай қарады (302), айықпай қадалып (348), жоғарыдан шаншылып, сүзе қарап қалыпты (356), қабағын түксите, суық қарап тұрды (357), аңыра қарап қалыпты (366) т.б.* қарау түрлері қаһарман эмоциясын дәл де ұтымды беруде қолданылған бейвербалды амалдар екенін көреміз.

Ерін, ауыз соматизмімен ашулану, ұялу, жақтырмау, қызғану, мазақтау, келемеждеп күлу, өкпелеу, қиналу, таңғалу т.б. сезімдер аңғарылады.

Мысалы, *Сондай қартаңдау, ысқаяқ жеңге болып, түсін өзгертіп, ернін сылл еткізген. Және бетін жырттып, сығырайып тұрып:*

– *Омай, шикін, о несі екен! «Жігітім» деп, «қара қазақтың асылы» деп. О немесі Абайдың әнебіреу қырыққан борбайланған солдат баласы ма, бетім-ау! (Абай жолы). Ерінін сылл еткізу – жақтырмау мағынасын берген.*

Ерін соматизміне байланысты кинемалар ұнатпау, жақтырмау мәнін де береді. Мысалы, *Қостағы жылқыға кісі жіберіп, ат ауыстырамы деп осында оралып ем, жүргелі отырмын! Абай жақтырмай ернін шүйірді* (Абай жолы).

Ерін және ауыз соматизмі арқылы жасалған аузын шылып еткізу, ернін шылып еткізу кинемалары әр түрлі ұйыспалы (диффузиялы) дыбыстардың көмегі арқылы жасалады. Қ. Жұбанов: “Аузын шылып еткізу, аузын быртылдатулар дыбыс пен ымды қосып ұстаған синкретизм түрі. Мысалы, аузын шылып еткізгенде еріндері “в” дыбысын шығарады, тілі “д” дыбысын шығарардағы қалыбында болып, дереу іштен келген ауа тілді тіс түбінен, еріндері бір-бірінен айырып шығады. Жалғыз айырмасы “в” мен “д” бірден шығады және еріндері бір-бірінен тегіс көтеріледі (сондықтан шылып етеді), “в”-ны шығарарда ортасы ғана ашылады. Аузын быртылдатқанда еріндер алдымен “п” дыбысын шығарады да, аз мезгіл “ұ”-ны шығарардағы қалыпта тұрып, сонан кейін қос ерінді “ұ” дыбысын, ақыр аяғында “т” дыбысын шығарады. Бірақ бұларды сондай тез тізіп өтеді, барлығы қосылып кетеді. Міне, бұл дыбыстар нығыз тіл дыбыстары. Бұлар адам мен адам арасында ғана жүреді. Сөйте тұрса да бұларды фонетика тексермейді, өйткені бұлар дыбыс тілінің дыбыстары емес, ым тілінен қалған жұрнақтар”, - дейді [4,41].

Адам жүзінде байқалатын психосоматикалық процестер де мимикаға жатады. Өйткені, беттің қызаруы арқылы адамның ұялғанын, өңінің бозарып кеткендігінен қорыққанын байқауға болады.

Ымдау, бір нәрсені мақұлдата сұрау. Мысалы, *«Байтас бұған күліп, енді ірілене қарап:*

– Не бетімді айтушы ем? Сорлы қатын алыстан әнмен арыз айтып жатқанға шыдасын ба? Келсем, алдымнан өзі шығып, атымды байлап жатыр,-деп Жұмабай жаққа қарап, иек қағып қойды.

Осы кезде Жиренше Абайға ым қақты да, тысқа шығып кетті (20 б)

Иегі кемсеңдеу: көңілі босау:

– Жаман неме, маған бұрын келмей, әкеңе кеттің-ау! Жаман неме!... иегі кемсеңдеді.

Бірақ үй ішінің қаттылығын осы жаңа келген жандарға шаққандай боп, кемсеңдеп, иегі дірілдеп, біртүрлі әлсіз үнмен тағы жылады.

Қол соматизміне байланысты кинемалар да жиі қолданылады. Құптау немесе келіспеу, ашулану, жақсы көру, амандасу т.б. бейвербалды амалдар қол соматизмі арқылы беріледі. «Абай жолы» роман-эпопеясына үңілсек:

«Оң қолымен ишарат қылып, түйені шөггер деп бұйырды». Істі тоқтат, доғар деген белгі ретінде жұмсалған.

Құнанбай сол қолын шұғыл көтеріп қап: «Доғар!» дегендей ишарат қылды. Қарғыс шарпуынан бетін қорғаған сияқты қозғалыс.

«Қазақ халқының салт-дәстүрінде, сана-сезімінде, жалпы күнделікті қарым-қатынасында “түкіру” кинамасының бірнеше түрі қалыптасқан.

Мысалы, біріншіден – жұмысқа құлшына кірісу үшін жасалатын кинема. Ауыр жұмысты істер алдында, алдымен құралды қолына алардан бұрын, алақынына түкіріп алатын әдет бар. Бұл әдетті көбіне, ер адамдар қолданады. Сонымен қатар бұл кинеманы ер адамдар күреске шығар алдында да жиі пайдаланады. Екіншісі – ашуланған, ыза болған кезде қолданылатын кинема. Салт-дәстүр, наным-сенімдермен байланысты “түкіру” кинемасы күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылады. Бұл әйел адамдар қолданысында кең жайылған – жақсы затқа, жақсы адамға көз тимес үшін жасалатын ырым» [5].

«Абай жолы» роман-эпопеясында «түкіру» - қорлау, масқаралау мәнін беру мақсатында жұмсалғанын көреміз:

«Артынан Сүйіндік осы сөздің мәнісін сұрғанда:

Келінімен жақын екен осы кәпір... Маған не қыл дейсің? Қасыма алып жүрсем, ертең бетіме түкірмеймісің?-деп ақталған-ды. («Абай жолы», 27 б).

М. Әуезов шығармаларында адамның қабағын түюі – ренжудің; бетін, мандайын, мұрнын тыржитуды – жақтырмаудың, риза болмаудың; ернін тістелеу – өкініштің; тілін, төменгі ернін шығару – жақтырмау және келемеж қылу, мазақтаудың; кірпіктің дірілдеуі – ұялғандықтың; тісті шықырлату – ыза болғандықтың; ернін бұртиту – өкпелеудің символы ретінде қолданылып, жеке адамның мінез-қырынан, жағымды-жағымсыз қасиеттерінен хабар беріп отырады.

Қазақ еліне, мәдениетіне, әдет-ғұрпына тән қасиет ер адамға, әкесіне, әкесі мен атасы қатар тұрса, атасына, яғни жасы үлкен адамға бірінші амандық беру қажеттілігі сақталған. Мысалы қазақ елін әлемге танытқан «Абай жолы» эпопеясын алайық, қазақ қоғамының барлық қыры мен сырын жан-жақты ашып көрсеткені белгілі. Сонымен бірге, қазақ халқының өмірі мен тарихы ғана емес, әдет-ғұрпы рухы сайрап тұрғандығы анық. Мысалы, романның бас кейіпкері Абай оқудан ауылын сағынып, тезірек жетуге асыққан бала, еліне оралған сәтте, алдынан шыққан анасы Ұлжанның бауырына кіріп кетпек болады. Анасы қатқыл үнмен: «бар, бірінші үлкен үйдегі әкеңе сәлем бер», - дейді. Өкені құрмет тұту, ер адамды құрметтеу т.б. ұлттық салт-дәстүр жатыр. Демек, жазушы қаламына тән осындай амал-тәсілдердің қолданылу табиғаты мен қыр-сырын ашу қаламгердің тілдік ерекшелігін танып білуге әсер етеді. Бейвербалды амалдарды өз орнымен қолдану, шығарманың танымдық-тағылымдық мәнін күшейтіп, әсерлілігін арттыра түсетіндіктен, бұл мәселені зерттеу тілдік және тілсіз қатынасты жете меңгеруге жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Ешимов, М. П.** Ым семантикасы: универсалды және ұлттық табиғаты: филол. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы : әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 2004. - 140 б.

2 Момынова, Б., Бейсембаева, С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы : Қазақ университеті, 2003. - 132 б.

3 Балақаев, М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы : Қазақстан, 1965. - 187 б.

4 Жұбанов, Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы : Ғылым, 1999. - 581 б.

5 Нұрсұлтанқызы, Ж. О. Бөккеев шығармаларындағы бейвербалды амалдар. филол. ғыл. канд. ...дисс: 10.02.02. – Алматы : 2006. - 128 б.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 17.07.14 редакцияға түсті.

В. М. Кадырова, Г. Т. Карипжанова, А. О. Карипжанова

Национальные свойства кинем в романе-эпопее М. Ауэзова «Путь Абая»

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 17.07.14.

В. М. Kadyrova, G. T. Karipzhanova, A. O. Karipzhanova

National properties of kinemas in the novel-epopee M. Auezov «The path of Abai»

S. Toraihyrov, Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 17.07.14.

В данной статье рассматриваются невербальные коммуникации в романе «Путь Абая» Мухтара Ауэзова.

This article discusses non-verbal communications in the novel «The Path of Abai» by Mukhtar Auezov.

ӘОЖ 821.512.122

Б. М. Қадырова, А. О. Кәріпжанова, Г. Т. Кәріпжанова

**ТҰРЫСБЕК СӘУКЕТАЕВТЫҢ «АЙ ҚАРАҒҒЫСЫ»
РОМАНЫ: ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК
ШЕШІМ**

Мақалада Т. Сәукетаевтың «Ай қараңғысы» романындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім қарастырылады.

Тұрысбек Сәукетаевтың «Қилы тағдыр» деген романдар топтамасы тоқсаныншы жылдардың соңына қарай жарық көрді. Топтамадағы алғашқы роман «Ай қараңғысы» деп аталады. Романда Желтоқсан оқиғасына байланысты тарихи шындық көркемдік шешімге негіз болған. Романның отыз бес тарауында Желтоқсан көтерілісінің басталауынан бастап барлық оқиғалар көркем бейнеленеді. Романда көтерілістің шығу себептері:

– Жігіттер, өздерің де радиодан естіген шығарсыңдар, бүгін Қонаевты орнынан алып тастады! – дейді қаралы хабар естірткендей қамығып. – Орнына қайдағы бір орысты қойды. Қазақ табылмағандай бұл не қорлаганы. Басқа республикалардың бәрінде Бірінші басшы – жергілікті ұлт өкілі. Бізді басынып отыр. Өстіп кеудемізді басқызып қоямыз ба, намысымыз қайда? Ел екенімізді білдірейік Алаңға шығып, пленум шешіміне қарсымыз дейік. Қазір жариялылық пен демократия заманы, неге конституциялық правомызды пайдаланбасқа. Бізді Димекеңнің адамдары жіберіп отыр. Басқа қазақ басшылары да наразы. Қорықпаңдар. Қазақ жастарының бәріне айтыңдар, митингке шықсын!.. («Ай қараңғысы»).

Бұл көтеріліске ұйымдасудың баяндалатын тұсы. Күн кешкіріп қалса да алды-артын ойламайтын қызба жастардың алды дүрлігіп алаңға барады. Бірінші күні екі жүздей адам жиналады. Ертеңінде де күн шыға жұрт ән айтып, ұрандап топ-тобымен алаңға тағы жинала бастайды. Бірер сағаттың ішінде алаң лық толады.

«Кешегі Пленумның шешімін қазақтың намысын таптау, бізді халық ретінде менсінбеу деп білемін!», «Қайдағы бір облыстың хатшысын неге Қазақстанның басшысы ғып қоя салады?», «Жеті миллион қазақта бір азамат жоқ дегендері ме? Бұл не басыну!» деген сияқты пікірлер жан-жақтан айтылады. Қазақ жастары бейбіт шеруге шығады. Бірақ республиканың және орталықтың партиялық-бюрократиялық құрылымы тарапынан ол экстремистік пиғылдағы ұлтшыл жастар тобының бүлігі деп бағаланғаны белгілі. Қазақ жастарының әрекеті «Қазақ ұлтшылдығы» деп айыпталады. Ал жастардың шеруге шыққандағы талаптары – билік басында қазақтың

отыруы. Романда осы жағдай ашық баяндалады. Романдағы көркемдік шешім тарихи шындықпен астасып жатады.

Кісі деген кейде қысқа күнде қырық қаржасын жүрген біреулердің небір иттігіне үйренішті нәрседей жайбарақат қарайды да, ал ылғи да көңілінен шығып құлдыраңдап тұратын екінші біреу сәл жорғасынан жаңылып кетсе, апиысы қуырылып, мың күндік жақсылығын бір күндік қателігі тәрк етіп, тас-талқаны шықпай ма. Орталық та Қазақстанға сондай қырғи қабақ танытты («Ай қараңғысы»).

Романдағы *Қансырап, жарасы жанға батқан Алматының ыңырсып жатуы* қан мен ауыр азапқа тұншыққан халқымыздың ауыр халінің бейнеленуі. Сонымен қатар кеңестік қатаң режимнің көрінісі ащы мысқылмен беріліп отырады.

Осы ауыр мезгілде жастардың жағына шығып, оларды қорғап, қолдағандар да болды. Олар өз мансабы мен бас пайдасы үшін бұғып қалмай, халқының қамын ойлап, билікке қарсы бағыл пікірлерін айтты. Ол романда былайша бейнеленеді:

Бауырлары үшін жаны шырқырағандар бірен-саран. Атақты генерал Марат Алматаев Алаңдағы сұмдықты көргенде алтындаған шен-шекпенінің бетіне де қараған жоқ. Тізгінді қолына алып, әскери іс-қимылға бағыт-бағдар беріп отырған КГБ-ның шефіне тебітіп кіріп барып:

– Тоқтат, мына масқараны! – деп столын салып-салып қалған.

– Онда сенің жұмысың болмасын! – деді анау безеріп. – Бәрін біз шешеміз!

– Бәрін сен шешсең, біз несіне генерал боп жүрміз?

– Бүгіннен бастап генерал емессің. Погоньңды жұлып тастаса да болады! – деп сап-сары ала неме, сары жыландай ысылдап қолын соза бергенде иектің астынан жұдырықпен жалғыз-ақ періп, серең еткізіп шалқасынан түсірген.

Ұлтшыл, «бұзық» генералды бүлікшіл қалада бір күн де тоқтатқан жоқ, үй-ішіне қоштастырмастан Москваға арнайы самолетпен жөнелтіп, ары қарай Ауганстанға, өлмесең – өмірем қап деп от пен оқтың астына айдады да жіберді («Ай қараңғысы»).

Қарсы шыққан генералдың үнін өшірудің амалын табады. Оны оқ пен оттың арасына Ауғанстанға қуып жібереді. Осы сияқты батыл адамдар қатарында танымал қаламгерлеріміз Жұбан ақын мен Сафуан Шаймерденовті айтуға болады. Ол туралы романда:

Қардың бетін құйрығымен сипап, қанды ізін жасырған айлакер түлкі секілді, қаралы уақиғадан кейін Ақ Орданың қожасы зиялы қауымның ауанын байқап, аузын алу үшін жазушылармен кездесуге келгенде ақиық Жұбан ақын мен аяулы жазушы Сафуан атып тұрып, ел жүрегіндегі қызылды тайсалмай айтып салған. Бірімен бірі таласа-тармаса мінбеге шығып, «Қонаев кәкәй,

сен әйбәтсің. Сіз секілді басшыны баяғыда-ақ аңсап күтіп-ек, енді көсегеміз көгеретін болды» деген сияқты өңкей бұралқы, жалтақайлардың қошаметіне бойы балқып албырап отырғанда қос ардагердің сөзі бетіне мұздай су шашып жібергендей болды. «Мен ұл-қыздарымыздың Алаңда итке таланып шыңғырған дауысын естігенде Отан соғысының от-жалынынан аман келгеніме өкіндім. Ұрпағымызды өстіп қорлату үшін соғысып па едік!..» деді Жұбан ақын өзегін өксік кернеп («Ай қараңғысы»).

Бірақ бұл сияқты ерлер аз еді. «Жайшылықта елдің еркесімін, серкесімін деп жүретіндер» үні шықпай бұғып қалады. Кейбіреуі тіпті, жастарды жаумен бірге жарысып тепкілейді. Олар «бұлар социалистік қоғамымызға жат пиғылдағы бұзық элемент, ұлтшылдар. Аяусыз жазалау керек» деп Орталық комитетке «Ашық хат» та жазады.

Романда алаңдағы көрініс:

Әзиз-Сұлтанның бірден байқағаны: майдан ортасында жүрген кілең жастар екен. Үлкендер жағы Алаң шетіндегі бетон бардюрден бері аттар емес. Құдды бір, тасыған өзенге қарап жағада үршип тұрған адамдар секілді. Дені – омырауында орден-медаль самсаған ардагерлер, «От пен судың талайын толарсақтан кешкен батырмыз, міне» деген мақтаныш па, әлде біреу-міреу мұнда неғып жүрсіздер деп ежірейсе, «шырағым, бізде шаруаң болмасын, мынаны көрдің бе!» деп айбынту үшін тағып алды ма екен? Әйтеуір, барын киіп, бақанын асынып алған. Өз қолдарынан келмейтінді өзгелердің істегеніне қызыға қарайтындай, жымысқан жанарларында жарайсыңдар деп құптаған жылы ұшқын жылтырайды. Бірақ қаниша тілеулес болғанмен бері қарай аттап басар емес.

Неге үлкендер осыныша үрейшең, жалтақ? «Асарымызды асадық, жасарымызды жасадық, мына он екіде бір гүлі ашылмаған өндірдей ұл-қыздардан жанымыз аяулы ма!» деп неге ортаға қойып кетпейді. Адуынды, албырт топтың алдында сап-сап деп сабырға шақырып сақалды қариялар жүрсе, ана жоғарыдағылар да, мың жерден бітеу болғанмен, айыл жиып айбынар еді ғой. Әлде бейшаралар талай зұлматты көріп, заман басқа-көзге төпесірген соң әбден жасып, су жүрек боп қалған ба? («Ай қараңғысы»)

Бұл алаңда жүрген Әзиз-Сұлтанның ойы. Сонымен қатар бұл қазіргі халықтың ойы, халықтың реніші.

Алаңдағы жастарды нашакор, мскүнем ретінде көрсету үшін оларды талай арандатады. Наркотик пен арақ таратады. Бейбіт шеруді басбұзарлар ретінде көрсетуге тырысады. Олардың арасына арандатқыш жігіттерді жібереді. Олар жастарға кері үгіт айтады. Бірақ Әзиз-Сұлтан сияқты азаматтар халықты тоқтатып, оларға ермеуге шақырады. Ақыры арандатуларынан түк шықпаған соң солдаттарды жібереді. Бұл кезде де жастар қорқып қашпай, оларға қарсы тұра біледі. Ақыры солдаттар кейін шегінуге мәжбүр болады. Қолында күш пен қару тұрғанда әрине құр қол

жастар ештеме істей алмайды. Ақырында соны пайдаланып, жастарды ұрып-соғып, су шашып алаңнан қуады. Жазушы осы оқиғалар суреттелген тұста қазақ жастарының қаһармандығын, бойларындағы ұлттық намысты, отан сүйгіштік қасиеттерін тамаша бейнелейді.

Алаңға шыққан жастарға жала жабылады. Радио мен телевидениеден олар наркокомандар деген жалған хабар таратады. Бұл шындық романда да ашық айтылады. Радиодан жалған хабарды естіген Сабираның таңданысын былайша баяндайды:

Алаңға барып бүлік салып жатқандардың басым көпшілігі наркотикпен уланған, маскүнем, азғын элементтер екенін білесің бе? Міне, радио айтып жатыр. – Сыбырлап тұрған қабылдағыштың құлағын түрегеп барып бұрап қалып еді, еркектің шыңылтыр, зілді дауысы күндей күркіреп қоя берді: «... Көшелер мен алаңдарда қозғамдық тәртіп өрескелдікпен бұзылуда. Ұлтыш топтардың айтағына еріп есірген маскүнем, нашақор бұзақылар бейкүнә жандарды қорлап, зорлық-зомбылық жасап, айналадағының бәрін қиратып, тонап, өртеуде...» («Ай қараңғысы»).

Сабира аң-таң болады бұндай сандыраққа. Көзімен көріп куә болмаса, «е, солай екен» деп шүбәсіз сенетіні рас еді, өйткені радио айтып тұр ғой. Осы күнге дейін газет жазды, радио айтты, телевизор көрсетті дегенге имандай ұйытты. Сөйтсе, олардың да байбаламшыл, өсекші әйелден жаман, жаптым – жала, жақтым күйені аузы-басы қисаймай сандырақтай беретініне, міне, алғаш рет көзі жетіп, түршігіп кеткені сенімді баяндалады.

«Неткен аярлық. Бір адам, екі адамға сыбырлайтын өсекшінің аузы емес, мыңдарға, миллиондарға, бүкіл әлемге бүйітіп өтірік айтуға бола ма?!» Жымсыя қараған қара киімдіге көзін тіктеп: – Өтірік! – деді. – Бәрі жала. Ондай бір адамды көрсем, көзім ақсын!» («Ай қараңғысы»).

Осылайша айран-асыр болады. Сабира өзінің қорлық көргенін, үш солдаттың жабылып зорлағанын тергеушіге баяндаса, мақсаты басқа тергеуші Сабираның өзін кіналайды. Кінәні солдаттарға жауып отырсың. Сені зорлаған олар емес, алаңға шыққан бұзақылар. Сені зорлаған солар. Сен өзің арақ ішіп алған соң кімнің зорлағаны білмейсің деген сияқты сөздер айтып қорлайды:

– Сен совет жауынгерлеріне жала жауып отырсың! – деді дауысы зілденіп. – Олар ондай айуандыққа баруға тиісті емес. Сен массың. Кімнің қорлағанын білмейсің. Меніңше, ана Алаңға барған бұзақылар сені мұндай күйге душар еткен. Олардан бәрін күтуге болады!» («Ай қараңғысы»).

Тергеуші Сабираға өз тағдырыңды өзің шешуің керек. Егер пәлені бұзақыларға қарай аударсаң, істің жарасы жеңіл. Бұл жерде сен нақты біреуге жала жапқалы отырған жоқсың ғой, қиянат болады-ау деп қиналатын түк жоқ. Дүрмекке еріп, балалықпен жай қызық көріп Алаңға барғанда белгісіз бұзақылардан зәбір шеккен адам боп есептелесің дейді. Сабираға заң бұзушы емес, заң бұзушы қарақшылардан қорлық көрген кісі боп шыға келесің деп

алдайды. Ал пікіріңнен айнымасаң, әңгіме басқаша: үкіметке қарсы шеруге қатынасқаның үшін бір, солдаттарға жала жапқаның үшін екі айыпталасың. Оның үстіне арақ ішкенің тағы бар. Ата-анаңа хабарланады, оқыған мектебіңе, жұмыс орнына тәртібің туралы сұрау салынады. Ел-жұртқа әшкере боласың деп қорқытып-үркітеді. Романда баяндалатын бұл жағдай жалғыз Сабираға ғана тән емес. Сол кездегі Желтоқсанда алаңға шыққан жастардың барлығына тән. Тергеушіні де сол кездегі сұрқия тергеуші бейнесін танытатын типтік тұлға деп есептеуімізге болады. Себебі сол кезеңде осындай тергеушілер өте көп болды. Өте көп болғандығының нақты бір дәлелі қанша мыңдаған жастарымыздың түрмеге жазықсыз тоғытылуы болып табылады.

Сабира да тергеушінің сұмдығына алданып қалады. Сол сәттегі Сабираның күйі:

Қыздың тұманға малтыққан марғау санасы селк етті. Тамға жабысқан жаурынан көзге көрінбейтін әлдебір әлеуетті қол итеріп қалғандай оқыс серіліп, бойын тіктеп алды. Бұған өмірдің көк тиындық құны жоқ еді. Біреу қара қаныңды ішем деп айбалтасын көтерсе, селт етпестен қылиша мойнын жаңғырыққа төсеуге пейіл. Бірақ қырсығы өз басымен кетпей айналасын шарпиды екен. Мына масқараны естісе, көкесі мен апасы тірідей жерге кірмей ме! Ел бетіне қарай алмай қорланып, бір-ақ түнде шаштары ағарып шыға келетін шығар. Жо-жоқ, өзі күйген отқа оларды түсіруге хақысы жоқ!

– Не айтсаңыздар да көнейін, тек ата-анама хабарлай көрмеңіздер! – деді қыз дауысы қалтырап. «Қанды басың бері тарт» деп қылмылдап отырған қара киімді миығынан жымиды:

– Міне, енді ақылға келдің! – қаңтарылған қаламы қаздаңдай жорғалап, ашық тұрған жарты бетті толтырып барып тоқтады. – Ендеше мына жерге қолыңды қой.

Сәбира бұл не деп ойланбастан тырнағымен түрткен тұсқа шиырып аты-жөнін сүйкей салды («Ай қараңғысы»).

Сабираны алдап қармағына түсірген тергеуші өз мақсатына жетеді. Бұл жерде айта кетерлігі, Сабира сияқты жастар көп болды. Оның өтірікке қол қоюына бір себеп ата-анасының ұятын ойлауы. Бұл жерде автор қазақ қызына тән ұлттық ерекшелікті де көрсете білген. «Қызға қырық үйден тыйым» деп қыз ұятын, арын жоғары бағалаған қазақ отбасына бұл ауыр жағдай болары аян еді. Дегенмен, ұят үшін өтірікке барғанын құптамасақ та, ата-анасын ойлауы жағымды әрекет. Бірақ соның негізінде жазықсыз жандарға жала жабылуы, қылмысқа тартылуы үлкен күнә.

Романда жазалаушы топтың бейнелері асқан жауыздықты танытады:

Сөзін қара кәззартың. Кім едің сен кеше? Құмның арасында биттеп-құрттап жүрген мал болатынсың. Әліпті таяқ деп білмейтін жабайы! Аштық, ауру-індетпен-ақ құрып бітер ең, құрдымның түбінен совет үкіметі емес не суырып алған. Аяғыңнан тік тұрғызып адам қатарына қосты. Жаппай

надандықтан жаппай сауатты халыққа айналдың. Бұрынғы қалыңда жүре берсең, осы күні зоопаркте тұрар ең. Совет үкіметінің арқасында туалетке баруды үйрендің, мойныға галстук байлайтын болдың. Сондағы айтқан рахметің осы ма! Не благодарные сволочи!.. («Ай қараңғысы»).

Осы сөзді естіген Әзиз-Сұлтан қабаған иттің тұрғанына да қарамай, бар күшін жиып офицерге қарсы ұмтылады. Қорлықтан қалшылдаған Әзиз-Сұлтан денесінің қанқасап ауырғанына да қарамайды. Қимылдасам итке талатар, не мыналар тағы тепкілейді-ау деген үрейді де ұмытады. Мұндай қорлықты көріп жатқанша өлгенім артық деп ойлайды.

Әзиз-Сұлтанды ұрып, тепкілегеніне көңілі толмаған командир:

Аяқ-қолын армансыз сілтеп ентігіп барып тоқтаған десант командирі хас дұшпанын қанжоса сұлатып салғанына айызы қанбай тұр. Бұдан да гөрі жан қинар қорлықты бірдеңе істегісі келетіндей. Кенет шап беріп ауын уыстай алды да:

– Ах, черт! – деді өкінішті үнмен. – Я только опорознился же. Серега, ты горячим душой обдай его, а то у «хозяина страны» лицо грязное. Қап, жаңа ғана қуығымды босатып ап ем. Серега, ыстық душой шайып жіберші, «ел қожасының» жүзі кір боп қапты.

– Чо-о? – деді Серегасы түсінбей.

– Дундук!.. Помочись на него!.. Шаптыр үстіне!..

Шор етіп жылымышы зәр ес-түссіз сұлық жатқан Әзиз-Сұлтанның бетіне атқақтады... («Ай қараңғысы»).

Бұдан өткен жауыздық, қорлау болмас. Сонда да қазақ жастары мойымай, қарсы тұрады. Олардың жауыздығы бұнымен де тоқталмайды.

Екі күннен бері тіс қаққан старшинаның құдайы берді. Жайшылықта бірді бірге қағыстырып, тіміскіленбесе ішкені ас болмайтын жырынды сұмға мына аласапыран тіптен бап болды. Тексеріп, тергеп жатқан ешкім жоқ. Не істеймін десең де өз еркің. Аңшылық сияқты делебеңді қоздыратын тамаша бір ермек. Аңға шыққанда да мұндай қызыққа батып рахаттанбайтын шығарсың. “Калбиттердің” құны қазір саған қоянмен бірдей. Кез келгенін көшеде қуып жүріп тепкілеуге хақың бар. Ешкім мұның қалай демейді. Шашынан сүйреп, ұрып-соғып машинаға тоғытасың да айдалаға апарып тастайсың. Жыраға төңкере салған мусормен бірдей. Ол жерде не істеп жатқаныңды кім біледі. Аузынан теуіп қара қанын ағызасың, қарға тұншықтырасың, аяқ киімін шештіріп, жалаң аяқ жүгіртесің... Ох, дүниенің қожасы сезіну қандай керемет десеңші. Кеше қалың бұтаның арасында ана бір «калбиткаға» тояттағаннан бері тіпті дәнігіп, қызылсыраған құзғындай қорқаулана түскен.

Осы екі күн шынында да бұлар үшін нағыз қызық, қансонардың өзі болды. Қараңғыда, көзден таса бір қиырда не істеп жатқаныңды кім аңдып тұр дейсің. Жалтақтамай еркін қимылдады. Қар үстінде қара шаптарын жел

үрлеп ыңырысып жатқан шала өліктердің қойны-қоныштарын ақтарып алқа-жүзік, әмиандарын алды. Өмірі көрмеген олжаға бөкті («Ай қараңғысы»).

Бұл романдағы жазалаушы топтың бет бейнесі. Олардың тағылық әрекеті шығармада баяндау мен суреттеудің аралас келуі арқылы көркем бейнеленген. Романдағы жауыздық әрекеттен жан түршігеді. Автор айтылмаған жайларды халыққа жеткізіп, Желтоқсан көтерілісі кейіпкерлерінің сом бейнесін жасаған.

Қаламгер тілінің шұрайлылығын романның кез-келген бетінен көруге болады. Небір көңілге қонымды жаңа сөз тіркестері, оралымды сөйлемдер, ойлы суреттер, ұлттық ерекшелікті танытар бейнелі сөздер көптеп ұшырасады. Автор әдебиетке көркемдік дәрежесі жоғары, мазмұны бай, кейіпкерлер бейнесін өз заманының мәнді оқиғаларымен, көкейкесті проблемаларымен табиғи байланыстыра отырып, шынайы суреткер шеберлігімен сомдаған құнды дүние әкелді деп айтуымызға әбден болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Сәукетаев, Т. Ай қараңғысы. – Алматы, 1998.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ. Материал 17.07.14 редакцияға түсті.

Б. М. Кадырова, А. О. Карипжанова, Г. Т. Карипжанова

Роман Турысбека Саукетаева «Лунная тьма»: историческая правда и художественное решение

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар. Материал поступил в редакцию 17.07.14.

B. M. Kadyrova, A. O. Karipzhanova, G. T. Karipzhanova

Novel by Turysbek Sauketaev «Moonlit darkness»: historical truth and artistic solution.

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar. Material received on 17.07.14.

В статье анализируется историческая правда и художественное решение в романе Турысбека Саукетаева «Лунная тьма».

The article analyzes the historical truth and artistic solution in the novel of Turysbek Sauketaev «Moonlit darkness».

НАШИ АВТОРЫ

Абдуллаева Калдыкул Манашовна – магистрант, факультет ГПФ, кафедра «Казахская филология», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Абикенова Г. Т. – д.ф.н., Инновационный гуманитарно-юридический университет, г. Семей.

Абишева Клара Мухамедияровна – д.филол.н., профессор, Университет «Туран-Астана», г. Астана.

Агалиева Нургул Болаткызы – к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.

Акошева Маржан Касымовна – к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Амренов Адилбек Даутбекович – к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.

Асанбаева Елдана Бахыткызы – студент 3-курса, Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.

Баратова Мухаббат Нуржауовна – к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Батыргалиева Гулим Токатовна – учитель, Шортандинская средняя школа №3.

Бурмистрова Валерия Алексеевна – к.п.н., зав. кафедрой иностранных языков КГМУ, Карагандинский государственный медицинский университет, г. Караганда.

Демесинова Галина Хатиповна – к.ф.н., заведующий кафедрой «Иностранная филология и переводческое дело», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Емельянова Е. В. – к.п.н., доцент кафедры психологии, филологии и перевода, директор ДМС с ЕУ и ВЕИ, Казахско-Русский Международный Университет, г. Актобе.

Енсебаев Мейрамбек Еркинович – магистрант, Казахская Национальная Академия Искусств имени Т. К. Жургенова, г. Алматы.

Ергалиев Куаныш Советулы – к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.

Жакупова Шолпан Серкеновна – к.ф.н., и.о. доцента кафедры иностранных языков, Карагандинский государственный медицинский университет, г. Караганда.

Жумагазина Р. К. – к.ф.н., доцент, Казахский Экономический Университет имени Т. Рыскулова, г. Алматы.

Жумагулов Сагымбай Ботнайулы – д.ф.н., профессор кафедры казахской литературы, Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда.

Жусупов Нартай Куандыкулы – д.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Зейнулина Айман Файзуллоевна – к.ф.н., профессор, зав. кафедрой казахского языка, член - корреспондент РК АПН, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Ибраева Айгерим Тарбиновна – студент 4 курса, историко - филологический факультет, Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.

Ибраева Анар Бауыржановна – к.ф.н., доцент, зав. кафедрой «Английский язык», Казахский гуманитарно-юридический университет, г. Астана.

Кадыров Жамбай Турарович – к.ф.н., доцент, Северо-Казахстанский государственный университет имени М. Козыбаева, г. Петропавловск.

Кадырова Б. М. – к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Карипжанова Г. Т. – к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Карипжанова А. О. – к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Князова К. – магистрант, Университет «Туран-Астана», г. Астана.

Куразова К. И. – магистрант, Университет «Туран-Астана», г. Астана.

Мажит Зура – к.ф.н., доцент кафедры государственного и иностранных языков, Институт дипломатии Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, г. Астана.

Мергалиев Данияр Мергалиевич – к.и.н., Член-корреспондент МАИН (Международная академия информатизации), Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Мукушева Куралай – магистрант, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Нукенов Куаныш Кайратович – студент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Рахимжанов Канат Хисматович – к.ф.н., доцент, профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Рахимов Берик Серикбайулы – д.ф.н., профессор, Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда.

Сарсембаева Айман Берекпаевна – к.ф.н., доцент кафедры государственного и иностранных языков, Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, г. Астана.

Сафаргалиева Айгуль Ыскаккызы – к.п.н., доцент кафедры русского языка, Казахский национальный технический университет имени К. И. Сатпаева.

Сарбалаев Жаксыбай Турсынович – Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Сизов Дмитрий Владимирович – к.ф.н., доцент, кафедра иностранных языков, Карагандинский государственный медицинский Университет, г. Караганда.

Суюнова Г. С. – Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.

Таласпаева Жанар Серкешовна – к.ф.н., доцент, Северо-Казахстанский государственный университет имени М. Козыбаева, г. Петропавловск.

Тлеубердина Гулден Токаткызы – к.ф.н., доцент, Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау.

Токсамбаева А. О. – Семипалатинский государственный университет имени Шакарима, г. Семей.

Шахметова Назира Ахановна – к.ф.н., доцент кафедры русской филологии, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Шамшиден Нурлыбек Айтбайулы – студент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Шинагулова Даметай Нурлановна – студент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Шоманова Гульнара Каирулловна – ст. преподаватель кафедры иностранных языков, Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.

ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ПГУ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА
 («ВЕСТНИК ПГУ», «НАУКА И ТЕХНИКА КАЗАХСТАНА»,
 «КРАЕВЕДЕНИЕ»)

1. В журналы принимаются статьи по всем научным направлениям в 1 экземпляре, набранные на компьютере, напечатанные на одной стороне листа с межстрочным интервалом 1,5, с полями 30 мм со всех сторон листа, электронный носитель со всеми материалами в текстовом редакторе «Microsoft Office Word (97, 2000, 2007, 2010) для WINDOWS».

2. Общий объем статьи, включая аннотацию, литературу, таблицы, рисунки и математические формулы не должен превышать **8-10 страниц**.

3. Статья должна сопровождаться двумя рецензиями доктора или кандидата наук для авторов. Для статей, публикуемых в журнале «Вестник ПГУ» химико-биологической серии, требуется экспертное заключение.

4. Периодичность издания журналов – четыре раза в год (ежеквартально)

Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:

1. УДК по таблицам универсальной десятичной классификации;
2. Инициалы и фамилия (-и) автора (-ов) – на казахском, русском и английском языках, абзац по левому краю;
3. Название статьи – на казахском, русском и английском языках, заглавными буквами жирным шрифтом, абзац по левому краю;
4. Резюме на казахском, русском и английском языках: кегль – 10 пунктов, курсив, отступ слева-справа – 3 см, интервал 1,0 (см. образец);
5. Текст статьи: кегль – 14 пунктов, гарнитура – Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка).
6. Межстрочный интервал 1,5 (полуторный);
7. Список использованной литературы (ссылки и примечания в статье обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Статья и список литературы должны быть оформлены в соответствии с ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003 (см. образец).

На отдельной странице

В бумажном и электронном вариантах приводятся:

– **название статьи, сведения об авторе: Ф.И.О. полностью, ученая степень, ученое звание и место работы на казахском, русском и английском языках (для публикации в разделе «Наши авторы» и «Содержание»);**

– полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, e-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

1. Иллюстрации, перечень рисунков и подрисовочные надписи к ним представляют по тексту статьи. В электронной версии рисунки и иллюстрации представляются в формате TIF или JPG с разрешением не менее 300 dpi.

2. Математические формулы должны быть набраны в Microsoft Equation Editor (каждая формула – один объект).

3. Автор просматривает и визирует грани статьи и несет ответственность за содержание статьи.

4. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

5. Оплата за публикацию в научном журнале составляет **5000 (Пять тысяч) тенге**.

6. Статью (бумажная, электронная версии, оригинал квитанции об оплате) следует направлять по адресу:

140008, Казахстан, г. Павлодар, ул. Ломова, 64, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, Издательство «Кереку», каб. 137.

Тел. 8 (7182) 67-36-69, (внутр. 1147), факс: 8 (7182) 67-37-05.

E-mail: kereky@mail.ru

www.vestnik.psu.kz.

Наши реквизиты:

| | |
|--|--|
| РГП на ПХВ Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова РНН 451800030073 БИН 990140004654 | РГП на ПХВ Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова РНН 451800030073 БИН 990140004654 |
| АО «Цеснабанк» ИИК KZ57998FTB00 00003310 БИК TSESKZK A Кбе 16 Код 16 КНП 861 | АО «Народный Банк Казахстана» ИИК KZ156010241000003308 БИК HSBKZKZKX Кбе 16 Код 16 КНП 861 |

ОБРАЗЕЦ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ

УДК 316:314.3

А. Б. Есимова

СЕМЕЙНО-РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ КАК СОЦИАЛЬНЫЙ КАПИТАЛ В РЕАЛИЗАЦИИ РЕПРОДУКТИВНОГО МАТЕРИАЛА

В настоящей статье автор дает анализ отличительных особенностей репродуктивного поведения женщины сквозь призму семейно-родственных связей.

На современном этапе есть тенденции к стабильному увеличению студентов с нарушениями в состоянии здоровья. В связи с этим появляется необходимость корректировки содержания учебно-тренировочных занятий по физической культуре со студентами, посещающими специальные медицинские группы в.....

Продолжение текста публикуемого материала.

Пример оформления таблиц, рисунков, схем:

Таблица 1 – Суммарный коэффициент рождаемости отдельных национальностей

| | СКР, 1999 г. | СКР, 1999 г. |
|-------|--------------|--------------|
| Всего | 1,80 | 2,22 |

Диаграмма 1 – Показатели репродуктивного поведения





Рисунок 1 – Социальные взаимоотношения

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Эльконин, Д. Б. Психология игры [Текст] : научное издание / Д. Б. Эльконин. – 2-е изд. – М. : Владос, 1999. – 360 с. – Библиогр. : С. 345–354. – Имен. указ. : С. 355–357. – ISBN 5-691-00256-2 (в пер.).

2 Фришман, И. Детский оздоровительный лагерь как воспитательная система [Текст] / И. Фришман // Народное образование. – 2006. – № 3. – С. 77–81.

3 Антология педагогической мысли Казахстана [Текст] : научное издание / сост. К. Б. Жарикбаев, сост. С. К. Калиев. – Алматы : Рауан, 1995. – 512 с. : ил. – ISBN 5625027587.

Место работы автора (-ов):

Международный Казахско-Турецкий университет имени
Х. А. Яссави, г. Туркестан.
Материал поступил в редакцию 22.04.14.

А. Б. Есімова

Отбасылық-туысты қатынастар репродуктивті мінез-құлықты жүзеге асырудағы әлеуметтік капитал ретінде

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.
Материал 22.04.14 редакцияға түсті.

A. B. Yessimova

The family-related networks as social capital for realization of reproductive behaviors

K. A. Yssawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan.
Material received on 22.04.14.

Бұл мақалада автор Қазақстандағы әйелдердің отбасылық-туыстық қатынасы арқылы репродуктивті мінез-құлықты айырмашылықтарын талдайды.

In the given article the author analyzes distinctions of reproductive behavior of married women of Kazakhstan through the prism of the kinship networks.

Теруге 11.09.2014 ж. жіберілді. Басуға 19.09.2014 ж. қол қойылды.
Форматы 70x100 1/16. Кітап-журнал қағазы.
Көлемі шартты 16,3 б.т. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген А. Елемесқызы
Корректорлар: Б.Б. Ракишева, А. Елемесқызы, Ә.Р. Омарова
Тапсырыс № 2404

Сдано в набор 11.09.2014 г. Подписано в печать 19.09.2014 г.
Формат 70x100 1/16. Бумага книжно-журнальная.
Объем 16,3 ч.-изд. л. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка А. Елемесқызы
Корректоры: Б.Б. Ракишева, А. Елемесқызы, А.Р. Омарова
Заказ № 2404

«КЕРЕКУ» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
E-mail: publish@psu.kz
kerekuy@mail.ru